

АБАЙТАНУ

Торғаутова Ш.А.



AUEZOV
UNIVERSITY
1943

АБАЙТАНУ

ОҚУ ҚҰРАЛЫ



ТОРГАУТОВА ШОЛПАН АШИРАЛИЕВНА

05.07.1982 жылы Шымкент қ., «Бадам» МРСХО елді мекенінің тұрғыны, №25 Циолковский атындағы орта мектебінің түлегі. Қ.А.Яссауи атындағы ХҚТУ «Тарих» факультетінің «Дүниежүзі тарих» мамандығы бойынша тарих магистрі, 2007 жылдан бері жоғары санаттағы педагог. 2015 жылдан бері М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің «Ғылыми жұмыс және инновациялар» құрылымындағы «Ғылыми-зерттеу басқармасының» бас маманы, 2020 жылы «Рухани жаңғыру»



орталығының бас менеджері, «Қазақтану» жобасының негізінде «QAZAQSTAN» республикалық ғылыми журналды ашу идеясының авторы, жауапты редакторы, хатшысы. 2021 жылдан бері М.Әуезов атындағы ОҚУ - «Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар» Ғылыми-зерттеу институтының «Тарих және этнология» ғылыми орталығының басшысы, 2023 жылдан бастап «Абайтану» ғылыми орталығының аға оқытушысы қызметін атқаруда. 5 оқу құралдың, 1 хрестоматияның, 2 авторлық құқықтың иесі, 35-н астам ғылыми мақалалардың авторы, 10-н астам республикалық және халықаралық деңгейде ғылыми конференция, форум, семинарлардың концепциясын құрушы, педагогтар мен жас ғалымдарға ғылыми тағлымдама/біліктілікті арттыру курстың авторы, әдіскері, модератор-тренері, Қазақстан халқы Ассамблеясының «Алғыс» төсбелгісінің иегері.

«Абайтану» оқу құралы Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың 2020 жылы 8 қаңтарда жарыққа шыққан «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында қойылған бағыт бағдарын толық айқындайды. Тақырыптар «Абайтану» саласындағы соңғы ғылыми зерттеулердің нәтижелеріне негізделді. 2023 жылы Шолпан Торгаутова ғылыми-зерттеудің нәтижесінде әлі жастар арасында танылмаған 1885 жылғы Абайдың «құрметті қазақ» атағымен жасалған «Қарамола Ережесі» 74 бап орыс тіліне аударып хрестоматия жариялады, оқу құралында баптардың талдамасы жаңадан енгізілді. Тақырыптар ХХІ ғасырдағы Қазақстанның Орталық Азияда Түркі дүниесінің негізі, түпкі ой-сана негіздерінің бірегей құндылығын, жастарға қазақи ұлттық болмысын, әлеуметтік, рухани және ғылыми маңыздылығын көрсетеді. Өскелең ұрпаққа қазақ халқының тарихын, этностық ерекшеліктерін, оркениеттің тереңдігін толық түсіндіреді. Жастардың Қазақстан Республикасы – өз Отанына патриоттық сезіммен, адал еңбекпен даму мен өсуге жетелейді.

«Абайтану» оқу құралы 2024 жылы мерейлі даталардың ішінде Қаныш Сәтпаевтың 125 жылдығы, Жошы Ұлысының құрылуына 800 жыл толуы, Әлкей Марғұланның 120-жылдығы, Абай Құнанбайұлының 2025 жылы атап өтілетін 180 жылдығына арналған еңбек болды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН

АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚПЕН ҚОРҒАЛАТЫН ОБЪЕКТІЛЕРГЕ ҚҰҚЫҚТАРДЫҢ
МЕМЛЕКЕТТІК ТІЗІЛІМГЕ МӘЛІМЕТТЕРДІ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

КУӘЛІК

2024 жылғы «28» маусым № 48008

Автордың (лардың) жөні, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе):
ТОРГАУТОВА ШОЛПАН АШИРАЛИЕВНА

Авторлық құқық объектісі: **құрамдас туынды**

Объектінің атауы: **«АБАЙТАНУ». ОҚУ ҚҰРАЛЫ**

Объектіні жасаған күні: **20.06.2024**



Құжат түпнұсқалығын <http://www.kazpatent.kz/ru> сайтының
"Авторлық құқық" бөлімінде тексеруге болады. <https://copyright.kazpatent.kz>

Подлинность документа возможно проверить на сайте [kazpatent.kz](http://www.kazpatent.kz)
в разделе «Авторское право» <https://copyright.kazpatent.kz>

ЭЦҚ қол қойылды

Е. Оспанов

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О ВНЕСЕНИИ СВЕДЕНИЙ В ГОСУДАРСТВЕННЫЙ РЕЕСТР ПРАВ НА ОБЪЕКТЫ, ОХРАНЯЕМЫЕ АВТОРСКИМ ПРАВОМ

№ 48008 от «28» июня 2024 года

Фамилия, имя, отчество, (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) автора (ов):

ТОРГАУТОВА ШОЛПАН АШИРАЛИЕВНА

Вид объекта авторского права: **составное произведение**

Название объекта: **«АБАЙТАНУ». ОҚУ ҚҰРАЛЫ**

Дата создания объекта: **20.06.2024**



Құжат түпнұсқалығын <http://www.kazpatent.kz/ru> сайтының
"Авторлық құқық" бөлімінде тексеруге болады. <https://copyright.kazpatent.kz>

Подлинность документа возможно проверить на сайте [kazpatent.kz](http://www.kazpatent.kz)
в разделе «Авторское право» <https://copyright.kazpatent.kz>

Подписано ЭЦП

Е. Оспанов

Ш.А. Торғаутова

АБАЙТАНУ

Оқу құралы

*«Global SciCall: фонд новых знаний»
II Ұлттық Жарияланымдар конкурсының қатысушысы*

Алматы
EDP Hub (Идипи Хаб)
2024

Москва
Ай Пи Ар Медиа
2024

ӘӨЖ 929
КБЖ 63.5
Т60

Автор:

Торгаутова Ш.А. — «Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар»
Ғылыми-зерттеу институтының «Тарих және этнология» ғылыми
орталығының басшысы, «Абайтану» ғылыми орталығының аға оқытушысы, тарих магистрі

Рецензенттер:

Өмірзақов С.Д. — «Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар» Ғылыми-зерттеу
институтының «Абайтану» ғылыми орталығының басшысы,
доц., филол. ғылым. канд.;

Буранов А.Қ. — Ә. Науаи атындағы Ташкент Мемлекеттік өзбек
тілі мен әдебиеті университеті «Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар»
кафедрасының доц., филол. ғылым. д-ры;

Ташқараева А. — М.Х. Дулати атындағы
Тараз өңірлік университеті «Филология және гуманитарлық ғылымдар»
факультетінің «Тарих» кафедрасы, тарих ғылым. д-ры;

Қаратабанов Р.Ә. — ҚР ОҚУ-ағарту министрлігі Б. Алтынсарин атындағы
Ұлттық Білім Академиясының вице-президенті

Торгаутова, Шолпан Аширәлиевна.

Т60

Абайтану : оқу құралы / Ш.А. Торгаутова. — Алматы : EDP Hub
(Идипи Хаб) ; Москва : Ай Пи Ар Медиа, 2024. — 280 б. — Мәтін :
электрондық.

ISBN 978-5-4497-3191-3

Абай — Ұлы ақын, философ, ағартушы, заңгер, тарихшы, қазақтың реалистік жаңа жазба әдебиетінің негізін қалаушы. Кеменгер ойшыл Қазақ Елінің ХХІ ғасырдағы дамуына қосқан құндылықтары өзекті, мемлекеттің өркендеуіне сабақтас тұжырымдамалар әділетті, парасатты. Абайдың мұрасы ХХІ ғасырдағы Қазақстанға ұлттық құндылықтарды сақтауға, ұлттың адал және кәсіби өркендеуіне бағытталды. Оқу құралы КеАҚ «М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» «Абайтану» «Қазақстан тарихы» пәнінен оқыту бағытына сәйкес даярланған. Тақырыптар бойынша әдебиеттер мен пайдаланған архив құжаттары, ғылыми-зерттеу жұмыстардың нәтижесі мен талдауы көрсетілген.

«Абайтану» пәнінен оқу құралы Қазақстан Республикасы жоғарғы және техникалық кәсіптік білім беру оқу орындарының жаратылыстану, гуманитарлық және техникалық бағытындағы білім алушыларға, сонымен қатар басқада қосымша кәсіптік білім тыңдаушыларына, гуманитарлы-педагогикалық, филология саласындағы оқытушыларына, орта білім оқу орындарының жоғарғы сыныптарда қолдануға болатын қысқа мағлұмат алғысы келетін барша оқырмандарына арналған.

Оқу электронды басылымы

Ғылыми жұмыс және инновациялар құрылымының «Академиялық ғылымдар» департаменті «Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар» Ғылыми-зерттеу институтының отырысында қаралып, мақұлданған. «Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар» Ғылыми-зерттеу институтының директоры Боранбаев С.Р. Хаттама № «9» 12 маусым 2024 жыл.

М.Әуезов атындағы ОҚУ, Оқу-әдістемелік Кеңесінің шешімімен басылымға ұсынылды.

ОӘК Төрағасы - Қ.Р. Сарықұлов. Хаттама № «6» 20 маусым 2024 жыл.

ISBN 978-5-4497-3191-3

© Торгаутова Ш.А., 2024

© ТОО «EDP Hub» (Идипи Хаб), 2024

© Түпнұсқа-макет, дизайн.

«Ай Пи Ар Медиа» компаниясы ЖШҚ, 2024

Оқу басылымы

Торгаутова Шолпан Аширалиевна

Редактор *Ю.В. Семенова*

Техникалық редактор, компьютерлік орналасу *А.А. Балакирева*

Түзеткіш *А. Жусанбаев*

Мұқаба *Я.А. Кирсанов, С.С. Сизиумова*, фотобанк Freerik

Пайдалануға қол қойылды 15.07.2024. Деректер көлемі 11 Мб.

ТОО «EDP Hub» (Идипи Хаб)

E-mail: edp_hub@mail.kz

«Ай Пи Ар Медиа» компаниясы ЖШҚ

E-mail: sales@iprmedia.ru

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ	5
Тақырып № 1. «Абайтану» пәніне кіріспе	8
Тақырып № 2. «Абайтану» пәннің қалыптасу тарихы	35
Тақырып № 3. Абай өмірі мен шығармашылығындағы нәр алған рухани көздері. Түркі халықтардың классиктермен байланысы	46
Тақырып № 4. Мұхтар Әуезов — Абайтанудың негізін салушы	71
Тақырып № 5. М. Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясы. Абайдың қоғамдық-әлеуметтік көзқарастар	83
Тақырып № 6. Абайдың «Толық адам» ілімі	98
Тақырып № 7. Абайдың дінге қатысты көзқарасы туралы	117
Тақырып № 8. Абайдың паракорлыққа қарсы — ұстанымы	133
Тақырып № 9. Абай шығармашылығының толысқан кемелденген уақыты. Абайдың «Қара сөздері»	145
Тақырып № 10. Абайдың жаратылыстану және педагогика ғылым салаларымен байланысы	160
Тақырып № 11. Абай (Ибрахим) Құнанбайұлының «Қарамола ережесі» 1885 жылғы «Қарапайым қазақтарға арналған кодекс» әзірлеуі	170
Тақырып № 12. Абайдың тарих туралы ойлары	184
Тақырып № 13. Абай және шығыс. Абайдың шығыс үлгісінде жазылған еңбектері	209
Тақырып № 14. Абай — аударма өнерінің бастаушысы	221
Тақырып № 15. Абай шығармалары — ақын заманының шежіресі. Абай шығармаларындағы қазақ қауымының әлеуметтікбейнесі	231
СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТАРЫ	264
«АБАЙТАНУ» ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚТЫҢ ЖӘНЕ ЕМТИХАН СҰРАҚТАРЫ	269
ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	276

АЛҒЫ СӨЗ

«Абайтану» пәнінен жаратылыстану, гуманитарлы-педагогикалық және филология бағытындағы мамандықтардың білім алушылармен студенттерге, магистранттармен докторанттарға арналған Оқу құралы жалпы Қазақстан Республикасы жоғарғы және техникалық кәсіптік білім беру орындарының жаратылыстану, гуманитарлы-педагогикалық және филология бағытындағы мамандықтардың білім алушылармен студенттерге, магистранттармен докторанттарға, сонымен қатар «Абайтану» пәнінен оқу құралы басқада қосымша кәсіптік білім тыңдаушыларына, гуманитарлы-педагогикалық, филология, техникалық және жаратылыстану оқытушыларына, орта білім оқу орындарының жоғарғы сыныптарда қолдануға болатын қысқа мағлұмат алғысы келетін барша оқырмандарына арналған оқу құралы.

Оқу құралында мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың 2020 жылы 8 қаңтарда жарыққа шыққан «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында қойылған бағыт бағдары толық айқындалып, «...Абай Құнанбайұлы ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы, ұлттың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырғаны сөзсіз. Оның өлендері мен қара сөздерінде ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымы, мінезі, жаны, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тауып, кейін Абай әлемі деген бірегей құбылыс ретінде бағаланды» - деп, халықтың ой-өрісін кеңейтіп, рухани тұрғыдан дамуы үшін ұлтымыздың Ұлы перзентінің мерейтойын лайықты атап өтуге баса назар аударды. Абайтану саласын дамытуға және қазақстандық жастар тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтарды сақтау, дәріптеу және ХХІ ғасырда әділетті және кәсіби сапалы өсуіне ықпал беретін сұрақтар мен тақырыптар қарастырылған.

2020 жылы 12 мауысымда М.Әуезов атындағы ОҚМУ-де Торғаутова Ш.А. ұйымдастырған ұлы ақын, ойшыл Абай

Құнанбайұлының 175 жылдығына арналған «Түркі әлемі: Абай Құнанбайұлының көзқарастары және ХХІ ғасырдағы Қазақстан қоғамының жаңғыруы» халықаралық форумында Абай Құнанбайұлының абайтанушы Мекемтас Мырзахметұлының «Абайдың толық адам ілімі» кітабының тұсауы кесіліп «Абайтану» пәніне енгізуге және оқытылатын пәннің тақырыптарын жаңартылуға бағытталған жұмыстың нәтижесінде 15 тақырып қайтадан жаңартылды. «Абайтану» оқу құралында Абайтануға кіріспе, Абайтану пәннің қалыптасы тарихы, Абай өмірі мен шығармашылығында нәр алған рухани көздері, түркі халықтарының классиктермен байланысы, Мұхтар Әуезов — Абайтанудың негізін қалаушы, М. Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясы. Абайдың қоғамдық-әлеуметтік көзқарастары, Абайдың «Толық адам» ілім концепциясының зерделенуі, Абайдың жалпы дінге көзқарасы, паракорлыққа қарсы ұстанымы, жаратылыстану, педагогика, тарих және тілге қатысты ой пікірлері және 2023 жылы жаңадан ғылыми-зерттеудің нәтижесі ретінде оқу үрдісіне қосылған 1885 жылы шыққан «Қарамола Ережесі» немесе қарапайым қазақтарға арналған кодекстің әзірленгені туралы 74 баптың түсініктемесі және практика жүзінде жұмыс жасауға арналған сілтемесімен қоса талдамасы мен толық нұсқасы берілді.

Сонымен қатар, Абайдың шығыс үлгісінде жазылған еңбектері мен орыс демократтардың еңбектерінің аудармалары және қорытынды тақырыпта ақын заманының шежірешісі және қазақ қауымының әлеуметтік бейнесі деп ауқымды талдамалық тақырып қозғалды. Әр тақырыпта фотосуреттер қойылып, тақырып соңында білім алушыға тапсырмалар мен терең зерттеуге арналған жеке өзіндік жұмыс және барлық курс бойынша сынақ пен емтиханға дайындалатын сұрақтар енгізілді. Жаңартылған ақпарат және оқу материалы халықаралық және республикалық деңгейде талқыланып, оның нәтижелері ғылыми журналдарға жарияланып, ұсынылған тұжырымдамасы оқу құралына, яғни оқу үрдісіне енгізілді. Оқу құралы өптеген ғылыми терминдерді тәжірибеде жүйелі түрде тарихи

дереккөздерге негіздей отырып, осы мәселеге тарихнамалық шолу жүргізе отырып, тақырыптың жаңалығына, ғылыми қоғамдастыққа әлі де аз белгілі тарихи фактілерді көрсетуге негізделді. Оқу құралы жас ғалымдардың филология және тарих ғылымы саласындағы қызығушылығын арттыруға өз үлесін қосады, табылған фактілерді болашақта осы кезеңнің тарих сабақтарында қолдануға болады. Жұмыста автордың дереккөздерін зерттеу және түсініктеме беру ойдың тереңдігі мен өзіндік ерекшелігімен ерекшеленеді, алынған зерттеу жұмысының нәтижелері ғылыми бағыттың теориялық негіздемесімен үйлесіп қана қоймай, сонымен бірге қойылған міндеттерге қол жеткізеді.

«Абайтану» оқу құралы кеңінен арналған аудиторияға мақсатталған. Тақырыптың қоғам үшін әлеуметтік-ғылыми және мәдени маңыздылығын көрсетеді, қазіргі өскелең ұрпақты өз халқының тарихына деген қызығушылыққа және өз Отанына патриоттық сезімдерді оятуға жетелейді.

ТАҚЫРЫП № 1. «АБАЙТАНУ» ПӘНІНЕ КІРІСПЕ

1. Кіріспе. Қысқаша өмірбаянына шолу.
2. Абайдың Ұлылығы.
3. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы. 2020 жылғы 08 қаңтар.

1. КІРІСПЕ. ҚЫСҚАША ӨМІРБАЯНЫНА ШОЛУ

(10.08.1845 қазіргі Семей обл., Абай ауд. — 05.07.1904)

Ұлы ақын, композитор, философ, ағартушы, қазақтың реалистік жаңа жазба әдебиетінің негізін қалаушы. Ақынның арғы тегі Орта жүз Тобықты Арғын ішіндегі Олжай батырдан басталады. Олжайдан Айдос, Қайдос, Жігітек есімді 3 ұрпақ тарайды. Бұлардың әрқайсысы кейін бір-бір рулы ел болып кеткен. Айдостың Айпара деген әйелінен: Ырғызбай, Көтібақ, Топай, Торғай, деген 4 ұл туады. Бұлардың әкесі момын, шаруа адамы, ал шешесі өткір тілді, өр мінезді әйел болған.

Сол Айпара балаларына:


Шынжыр балақ, шұбар төс Ырғызбайым,
Тоқпақ жалды торайғыр Көтібағым,
Әрі де кетпес, бері де кетпес Топайым,
Сірә да оңбас торғайым, -

Анасы айтқанындай, шынында, бұлардың ішінде Ырғызбай ортасынан оза шауып, ел басқарған. Ырғызбайдан Үркер, Мырзатай, Жортар, Өскенбай тарайды. Өскенбай шаруаға жайлы, билікке әділ кісі болғандықтан, «Ісің адал болса Өскенбайға бар, арам болса Ералыға бар» деген мәтел сөз қалған.

Өскенбайдың әйелі Зереден Құнанбай туады. Құнанбай 4 әйел алған адам. Оның бәйбішесі Күнкеден — Күдайберді, інісі Құттымұхамбетке айттырылып, қалыңдық кезінде жесір қалған соң өзі алған екінші әйелі: Ұлжаннан — Тәңірберді (Тәкежан), Ибраһим

(Абай), Ысқақ, Оспан, үшінші әйелі Айғыздан — Халиулла, Ысмағұл, Кәмшат туады. Қартайған шағында үйленген ең кіші әйелі Нұрғанымнан ұрпақ жоқ. Абайдың «Атадан алтау, анадан төртеу...» едім дейтіні осыдан.

Болашақ ақын сабырлы мінезімен, кең пейілімен ел анасы атанған «көрі әжесі» Зеренің таусылмайтын мол қазынадай аңыз ертегілерін естіп, абысын-ажынға жайлы, әзіл-қалжыңға шебер, жөн-жөбаға жетік өз анасы Ұлжанның тәрбиесінде өсті. Абай әуелі ауылдағы Ғабитхан молдадан сауатын ашады да, 10 жасқа толған соң 3 жыл Семейдегі Ахмет Риза медресесінде оқиды. Бұл медреседе араб, парсы тілдерінде, негізінен, дін сабағы жүргізілетін еді. Құрбыларынан анағұрлым зейінді бала оқуға бар ықыласымен беріліп, үздік шәкірт атанады. Ол енді дін оқуын ғана місе тұтпай, білімін өз бетінше жетілдіруге ұмтылады. Сөйтіп көптеген шығыс ақындарының шығармаларымен, араб, иран, шағатай (ескі өзбек) тілінде жазылған ертегі, дастан, қиссалармен танысады, Шығыстың Низами, Науаи, Сәғди, Хафиз, Физули сияқты ұлы ғұлама, классик ақындарына бауыр басады.



Медресенің үшінші жылында Абай Семей қаласындағы «Приходская школаға» да қосымша түсіп, орысша сауатын аша бастайды. Бірақ бұл оқуын әрі жалғастыра алмай, небәрі 3 жылдан соң оның мұсылманша да, орысша да оқуы аяқталады. Абайдың басқа балалардан алғырлығын аңғарған Құнанбай оны елге шақырып алып, өз жанына ертіп, әкімшілдік-билік жұмыстарына араластырмақ болады. Сөйтіп 13 жастағы Абай ел ісіне араласады. Абай әке қасында болған жылдарда қазақ даласындағы әлеуметтік өмір қайшылықтарын жан — жақты тани түседі. Патша үкіметінің отаршылық саясаты мен паракор орыс әкімдерінің жергілікті билыстардың арамза әрекеттерін айнытпай танып, көкірегінде жиіркеніш сезімі оянып, соларға қарсы күресуге бел буды, «Елге пайдалы, адамгершілігі бар, әділ басшы болсам ғана жақсы адам боламын» деген тұжырымға бекіді. Осы мақсатпен болыс сайлауына түсіп, жеңіп шығады да, 1875–78 ж. Қоңыр-Көкше еліне болыс болады. Абаймен Семейге саяси жер аударылып келгендер де санасатын. Міне, мұның бәрі патша үкіметі шенеуніктері мен олардың жергілікті кейбір итаршыларының тарапынан қызғаныш пен көре алмаушылық, тіпті саяси күдік туғызды. Ақынның үстінен өсек айту мен жала жабу әрекеттерін күшейтті. Патша үкіметінің әкімшілігі Абайдың соңына шам алып түсіп, аңду орнатты. Тіпті 1903 жылы Семей полицмейстері ақынның және оның балаларының үйіне тінту жүргізді. Жақын туыстары мен балаларының бірінен соң бірінің қазаға ұшырауы, оның үстіне ізіне түсіп қудалауға душар болуы ақынның денсаулығына әсер етті. Абай 1891 жылы өзінің ең жақсы көретін інісі Оспаннан айырылды. 1895 жылы үлкен ұлы Әбдірахман қайтыс болды. 1904 жылғы көктемде оның тағы бір ұлы Мағауия дүниеден өтті. Бұл қайғылы оқиғалар Абайға аса ауыр тиді. Мағауияның өлімінен кейін 40 күн өткенде Абайдың өзі де қайтыс болды. Ақын өзінің талантты шәкірттерін тәрбиелеп өсірді. Абайдың ізбасар шәкірттері **Шәкәрім, Көкбай, Ақылбай, Кәкітай және Мағауия** болды.

Ақынның мол әдеби мұрасы тек бір халықтың ғана емес, бүкіл адамзаттың рухани қазынасы саналады. Қазақстанда ұлы Абайдың есімі көптеген елді мекендер мен көшелерге, Алматы Ұлттық университетіне, Алматы қаласындағы Мемлекеттік академиялық опера және балет театрына берілген. Ұлы ақынның құрметіне Қазақстан мен Ресейде ескерткіштер орнатылған. Қазақстанның жоғары оқу орындарында Абай шығармашылығына арналған халықаралық және республикалық ғылыми конференциялар жыл сайын өткізіліп тұрады. Ұлы ақынның 150 жылдық мерейтойы 1995 жылы дүниежүзілік ЮНЕСКО көлемінде аталып өтті.

2. АБАЙДЫҢ ҰЛЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ

Абайды таныту арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз. Абай әрқашанда біздің ұлттық ұранымыз болуға тиіс. **Н. Назарбаев.**

Абай қазақтың жазба әдебиетінің негізін салған... бүгінгі түсінігіміздегі шын ақын дәрежесіне көтерілген тарихи адам. **Луи Арагон.**

Абай тілінің кеңдігін, өткірлігін қазақ тілінің кеңдігі, өткірлігі деп аңлау керек. Бұл тілдің байлығы, әдемілігі, Абай өлеңдері арқылы ашық көрінеді. **Әбдірахман Сағди.**

«... Біз орыстар Абайды ұлы ақын және туысқан қазақ әдебиетінің негізін қалаушы деп қана емес, орыс халқының ұлы осы деп те қастерлейміз. Және оның жарқын бейнесі, алып тұлғасы алдында зор құрметпен тағзым етеміз. **Л. Леонов.**

... Мен Абайды Ломоносовпен тең қояр едім. Себебі Абай өзінің қажырлы еңбегінің арқасында білімнің биік шыңына шықты, ағарту мен мәдениеттің негізін қалады. Абай қазақ қоғамының арасына жалпы адамзаттық өркениеттің, мәдениеттің ұрығын шашты. Бәрімізге мәлім Абай ғана қазақ халқын орыс әдебиетімен таныстырудың алғашқы бақытына ие болды. Ол бірінші болып Пушкинді Лермонтовты, Крыловты қазақ тілінде сөйлетті. **Феликс Кузнецов.**

Башқұрттар үшін қазақ жазба поэзиясының алғашқы хабаршысы, алғашқы дауысы Абай Құнанбаев болды. Ол біз үшін қазақтың ішкі жан-дүниесін бірінші болып ашты. Оның өлеңдері біздің рухани тұрмысымыздың бір бөлшегіне айналды. Ол сіздің Абай. Ол біздің Абай. Ол адамзаттың Абайы. Абай тек қана ұлттық әдебиеттің ғана емес, бүкіл әлемдік әдебиеттің шыңынан көрінген адам. Ал шындар алыстан көрінеді және өзіне тартып тұрады. Абай интеллектісінің қуаттылығына, жан-дүниесінің кендігі және поэтикалық қиялының шексіздігі мен тереңдігіне еріксіз таң қаласың. Ол Шығыс, батыс және орыс мәдениетімен тығыз байланыста болды.

Мұстай Кәрім.

Абай қазақ халқы үшін теңдесі жоқ ұлы құбылыс. Ол қуатты ақылдың адамы, құдіретті талант иесі, поэзия баһадүрі.

Қайсын Құлиев.

Қазақ ағартушыларының қатарында Абай несімен ерекше? Ең алдымен — адамгершілік, рухани тазару және тәрбие міндеттерін маңдай орынға қойғандығымен. Оны «қазақтың бас ақыны» (А. Байтұрсыновтың сөзі) еткен ақындық дарынның бар күші, ағартушылығының бар қуаты тікелей һәм жанама осы міндетті орындауға бағышталды. Абай өз айналасынан надандықты, рухани мешелдікті, адам табиғатына тән жиіркенішті қылықтарды көп көрді. Рухани азғындықты ауыздықтаудың жолын, жақсылық пен ақыл-сезімнің салтанатын Абай еңбек пен оқудан көрді.

Сергей Кляшторный.

Абай Құнанбаев — өз талантының тереңдігі мен үлкендігіне қарай әр дәуірдің адамы. Ақын, философ, музыкант, ағартушы-ғалым, басқа да көптеген қырларымен ол бізге тұтастықтың қажеттілігін айтады. Өнер мен өмірдің жасанды бөлінуі ол үшін жат. Оның жалпы тақырыбы — махаббат, бақыт, үміт, қайғы. Ұлттың бітім-болмысын Абай Құнанбаевтан артық қорғаушы да, қамқоршы да табылмайды. Абай ұлттың тіл ерекшеліктерін, басқа да көптеген мәдениеттің тілдерімен бір ырғаққа келтірді. Рабиндранат Тагормен бірге ол «даралықтың қымбатталығы — сол арқылы біздің жалпы көпшілікті

тани білуімізде» екендігін түсінді. Пушкин сияқты Абай да ұлттың әдеби дәстүрді тудырушы ретінде әдебиеттің тек өткенді еске сақтау ғана емес, жаңаны тудырушы екендігін айтады. Абай оқу-білімінің адамды басыбайлықтан босату үшін үлкен маңызы бар екенін түсінді. **Федерико Майор.**

Ұлы ақын бізбен мәңгі қоштасқанына бір ғасыр болыпты. Алайда оның бізге қалдырып кеткен асыл мұрасы барған сайын нұр шашуда. Ұлы адам ұлағаты қазақ халқы арасында емес, өзге ұлттарға шапағатын тигізді. Әрине, Абай феномені көрші қытай халқына да белгілі дәрежеде ықпал етті. **Хуан Жунсян.**

Абай қазақ қоғамының түрлі әлеуметтік топтарының өмірін шебер суреттей отырып, ел басшыларының зұлымдық, екіжүзділік, имансыздық қасиетін әшкерелейді. Сондай-ақ, ақын өлеңдерінде қазақтың кедей тұрмысы алдыңғы қатарлы елдердің ауыл шаруашылығындағы, саудадағы, өнеркәсіптегі озық тәжірибесінен өнеге алғанда өсетінін, дұрысталатынын айтады. Мұны біз оның өлеңдерінен қарасөздерінен көреміз. Осы шығармаларында ол еңбек адамын асқақтата жырлайды. Абайдың лирикалық шығармаларынан біз оның қайталанбас қолтаңбасын аңғарамыз. Ол қазақ поэзиясының тақырып ауқымын кеңейтті, әдебиетте жаңа формалар тапты. Ауызекі тіл мен халық ауызәдебиетінің құнарлы байлығын пайдалан отырып, ол қазақ поэзиясының көркемдегіш құралдарын биік дәрежеде жетілдірді, шығарманың ішкі жүйелік құрылымына сәйкес жаңа өлең пішіндерін өмірге әкелді. **Рам Ратан Шарман (Үндістан).**

Отарлау дәуірінде Абай жай ғана қазақ ақыны ретінде қаралды, бірақ оның жан-жақты ойлары бүкіл Түркістанның ақыны, ойшылы екенін, тіпті барлық Шығыс мұсылмандарының ақыны екенін дәлелдеді. Оның философиясы патшалық дәуірде емес, большевиктік кезеңде де бүкіл түріктің жан-дүниесінің бөлігі бола алмады. Тек Қазақстан өз алдына тәуелсіз мемлекет болғаннан кейін оның өсиеттері әлемдік мәдениеттің бөлігіне кірді. **Баймырза Хайт (Германия).**

Біздің бәріміз Абай туралы айтамыз, барлық Түркия Абай туралы айтады, егер білмесе білетін болады. Біз Абай туралы айтқан кезде тек қана сөйлеп қоймаймыз, өзіміз оны зерттейміз. Абай — біздің байлығымыз... егер Абай барлық түркі тілдес халықтардың ақыл-ойында болса, біздің мәдениетіміз Абаймен байыйды. Абай бізге керек, ол қазақтарға да керек, түріктерге де қажет. Егер Абай өлеңдерін оқыса, ол бар ислам әлеміне қажет, ол барлық адамзатқа қажет. Абайдың ойларын барлық әлемдегі адамзат білуі керек. **Намық Кемал Зейбек (Түркия).**

Абайдың даңқы тек Қазақстанмен шектелмей, басқа да көптеген елдер сияқты Қазақстанмен ортақ мәдени мирасқа ие Түркияда да танымал һәм сүйікті. **Танер Себен.**

Түркияның Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі. Абай — 19 ғасырдың нағыз белбаласы. Ал, 19 ғасыр — ұлттық сананың ояну ғасыры. Әлемнің түрлі түкпіріндегі, оның ішінде менің Отаным Венгриядағы тәуелсіздік үшін күрес ғасыры. Жеке адамның, тұтастай халықтардың мәңгілік мәселелер жайлы қасіретті де қасиетті толғанысқа шомған ғасыры. Абай заманы сондай заман. **Миклош Яцкович.**

Венгрияның Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі,
Абай қараңғы қазақ даласындағы жарық жұлдыз,
Түркістан бірлігінің белгісі болды. **Мұстафа Шоқай.**

Абайды оқы, таңырқан, басың шайқа. **Сұлтанмахмұт Торайғыров.**

Ибраһим мырзаның тұрағы қазақ іші болғандықтан, қадірі азырақ білінді. Олай болмағанда данышпан, хәкім философ кісі еді. Қор елде туды да, қорлықпен өтті. **Шәкәрім Құдайбердиев.**

Біз Абайды анық өз заманындағы қазақтың заттық, әлеуметтік және рухани тіршілігінің энциклопедиясын берген дана классик деп толық бағалай аламыз. Абайдың поэзиялық мұрсына қоса қара сөздері беретін әр заманда бағасы жойылмайтын бір үлкен қазына

бар. Ол — Абайдың осы қара сөзді жазған тілі. Өлең сөзінде өзінің барлық шеберлігі, жаңалығы, көркемдік таланты бойынша қазақ тілінің сапасын әдебиет тілінің дәредесіне көтерген ұлы тарихтық еңбегі қандай болса, қара сөздерінің тілімен де Абай осындай еңбекті біздің мәдениет тарихымызға мол сіңірді. Біздің осы күнгі сөйлеп, жазып жүрген әдебиет тіліміздің тарихын жалғыз ғана Абайдан басталады деп кесіп айтпасақ та, сондай сапалы тілді қазақтың жазба әдебиетінде анық биік белге өрлетіп шығарған Абай екені даусыз.

Мұхтар Әуезов.

Абай кітаптары әлемдік әдебиеттен белгілі орын алған кемеңгер ойшыл, адам баласын шындыққа, игілік іске, еркіндікке шақырған ұлы ақын. **Әлкей Марғұлан.**

Абай тек қана поэзия тілін түзіп берген жоқ, жалпы тіліміздің орамдылығын, бейнелеу шеберлігін, сөйлем құрылысындағы әр сөздің өз орнын, сөйлемдегі ой салмағын қайда, қалай қалауын да үйретіп кетті. **Ғабит Мүсірепов.**

Абай — халқының, оның ұлттық өмірінің символы. Оның өлмес творчествосында халық рухының жарқын күші, қайғысы мен қуанышы сақталған. Ол соның бәрін көркем сөздің күшімен бейнелеп, бүкіл адамзат мәдениетінің тарихына қосты. **Серік Қирабаев.**

Абай — әлемнің қай бұрышынан қарасаң да, көзге түспей қалмайтын рухани Алатауымыз. Ол — біздің ар-намысымызға, өмірлік өлшемімізге, ұлттық парасат-пайымымызға айналған асқаралы абызымыз. Пікіріміздің пірі, рухымыздың туы. Абай — қазақ тарихындағы, әсіресе оның рухани тарихындағы аса айшықты, аса айбынды, шын мәніндегі ренессанстық тұлға. Бүгінгі таңда абай мұраларын тек бір халықтың, тек бір мемлекеттің көлмінде ғана емес, дүниежүзілік өркениет ауқымында қарастыру қажеттігін айрықша атап айтар ем. Абайды тануда саясат ықпалынан, уақыт қыспағынан аса алмаған кездеріміз болды. Енді заман өзгерген шақта азат елдің азат ойымен, азат жүрегімен, азат зердесімен Абайды тануға

тиістіміз, Әрбір қазаққа, шама-шарқынша, Абайды тану — мұрат, Абай шыққан биікке талпыну — парыз. **Иманғали Тасмағамбетов.**

Қазақтың бас ақыны Абай (шын аты Ибраһим) Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ... **А. Байтұрсынов.**

Абайдың бүкіл ой-қиялына, әлеуметтік, ақындық ісіне дем беріп, шапағатты нәр алған арнаның бірі — халықтың өзі жасаған, ауыздан-ауызға тараған, баспа жүзінде сақталып келген қазақтың бағзы замандағы халық мәдениетінің бай мұрасы... Абайдың ақындығына рухани дем беріп, азық болған екінші арна — шығыс мәдениетінің тамаша мұрасы, араб-иран және түрік халықтарының классикалық поэзиясы... Үшінші арна — орыс мәдениеті, Европа мәдениеті... **Мұхтар Әуезов.**

Абайдың ұлылығы өз халқының мұқтажы мен болашағын әрі дұрыс, әрі көрегендікпен ұға білуінде жатыр. **Константин Симонов.**

Не нәрсе жайынан жазса да Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады. Нәрсенің сырын, қасиетін біліп жазған соң, сөзінің бәрі де халыққа тіреліп, оқушылардың біліміне сын болып емтихан болып табылады. Оқушы сөзді сынаса, сөз оқушыларды да сынайды. Абай сөзі заманындағы ақындардың сөзінен, оқшау, оладың сөзінен үздік, артық. Ол оқушылық, артықтық басқа ақындардан Абайдың жалғыз сөзінде ғана емес, өзінде де болған... Көп нәрсені Абай сөз қылған, сол сөздерінің бәрін де Абайдың өлеңдері қазақтың басқа ақындарының өлеңінен үздік, артықтығы әр нәрсенің бергі жағын алмай, арғы асылынан қарап сөйлегендіктен. **Ахмет Байтұрсынов.**

... Ғылымсыз, қара халық арасында, сахара қазақтары ішінде жалғыз жұлдыздай болып жанып шығып, тілі, оқушыларын оятатын өлеңдері оны бүкіл атырапқа мәшһүр етті. Шығармалары қазақша жазылды. Мейлінше мол еңбектенумен орыс тілін үйреніп, орыс әдебиетіне еркін жетіліп, достасып алды... Тілі ләззатты, араб, парсы, түрік, қалмық тілдерінен хабардар, тарих, география пәндерінен мағлұматы кең болып, танымы ауқымды еді. Адамшылық ой —

қиялы өте таза, ұлтжанды, елін — жерін сүйген кісі еді. **Міржақып Дулатов.**

...Ол халық тарихының биік шыңына жалғыз — дара шыққан тау ағашы сияқты. Орыс халқы мәдениетінің игі ықпалымен, әсерімен тамашадай байыта отырып, өз халқының ғасырлар бойындағы рухани мәдениетінен оның біздің заманға әкеліп жеткізгендері Абайдың атын мәңгі өшпестей дәріптейді, оның атын қазақтың классикалық мәдениетінің биік шыңының ұшар басына апарып қондырды. **Мұхтар Әуезов.**

...Абайдың қасиеті — ол өткен заманның ақыны емес, бүгінгі заманның ақыны, бүгінгі қазақ ақындарымен іргелес, бағыттас ақын. Абайдың әдебиеттегі өсиеті — шындық, шеберлік, адам баласына ортақ гуманизм, Еліңді, Отаныңды сүю, не артқа тартып жатса, сонымен аянбай алысу. **Ғабит Мүсірепов.**

Абайдың ақындығы екі жүзді қанжардай. Бір жақ жүзі жібектен жұмсақ, күн шуағынан жылы тисе, екінші жүзі алмастай өткір, мұздан суық соғады. Тиген жерін отап кетеді, қырып түседі. Ақын екі жүзін бірдей жұмсайды. **Әбділда Тәжібаев.**

Абай — асқар ойлы кемеңгер. Оның үстінге ел көші қылыштың жүзіндей қырда туғанда дүние игілігі, адам игілігі үшін жар салып, ескіліктің қыруар бөгетіне қарсы шапқан қаһарман батыр. Ел арманы тұңғыықтан тербеп дін, ел басқару, салт-сана сүйіспеншілік мәселелерін өз ұғымына қарай жаңадан пішкен философ. **Темірғали Нұртазин.**

Абай — әлемдік әдебиеттен белгілі орын алған кемеңгер ойшыл, адам баласын шындыққа, игілік іске, еркіндікке шақырған ұлы ақын. Ақынның жазғандары өзінің бейнелі көркемдігімен сәулетті сұлу дүниедей адам көңілін баурап алса, оның мазмұныда жүрекке сәуле түсіргендей, жаңа бір қызықты, қуанышты дүниеге кіргізгендей болады. **Әлкей Марғұлан.**

... Әрбір ұлы ақын тәрізді Абайдың ұлылығы солай қай әдебиеттен үйренсе де жалаң шәкірт боп қалмай, данышпан ұлттық ақын болды. **Зәки Ахметов.**

Абай творчествосының дені — халықтың қамын жеген, демократтық идеядан нәр алған, өмірді сыншыл реализм бағытымен суреттеген шығармалар. **Тұрсынбек Кәкішев.**

Асыл сөзді іздесең, абайды оқы, ерінбе, адалдықты көздесең, жаттап тоқы көңілге **С. Торайғыров.**

Біз бүгін ардақты ақынымыз марқұм Абайдың рухына дұға қылып, қараңғы заманда шырақ жаққан басшымыздың есімі, құрметі, терең мағыналы асыл сөзі атадан балаға, немереден шөбереге үзілмей сақталуын тілейміз. Зәредей шүбә етпейміз, Абайдың өлген күнінен қанша алыстасақ, рухына сонша жақындармыз. Үнемі бұл күйде тұрмас, халық ағарар, өнер-білімге қанар, сол күндері Абай құрметі күннен күнге артылып. Бірінші ақынымыз деп қадірін халқы жиі-жиі зиарат етер, халық — пенен Абай арасы күшті махабатпен жалғасар. Ол күндерді біз көрмеспіз, бірақ біздің рухымыз сезер, қуанар. **Міржақып Дулатов.**

Поэзияда, музыкада, қоғамдық — азаттық ой-пікір саласында өлмес-өшпес шығармалар берген Абай қазақ халқының өткен замандағы өмірін зерттеуші біздің ұрпаққа таңғажайып тұлға болып көрінеді. Ол өз халқының ғасырлар бойғы мәдениетінің таңдаулы нәрін алды және бұл қазынаны орыстың және Батыс Европа мәдениетінің игі әсерімен молықтырды. Абай лебі, Абай үні, Абай тынысы- заман тынысы, халық үні. Бүгін ол үн біздің де үнге қосылып, жаңғырып, жаңа өріс алып тұр.

3. МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ «АБАЙ ЖӘНЕ ХХІ ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН» АТТЫ МАҚАЛАСЫ.

2020 ЖЫЛҒЫ 8 ҚАҢТАР

2020 жылы Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толды. Халқымыздың ұлы перзентінің мерейтойын лайықты атап өту үшін арнайы құрылған комиссия дайындық жұмыстарын бастап кетті. Мемлекет көлемінде және халықаралық деңгейде ауқымды іс-

шаралар ұйымдастыру жоспарланып отыр. Бірақ мұның бәрі той тойлау үшін емес, ой-өрісімізді кеңейтіп, рухани тұрғыдан дамуымыз үшін өткізілмек.



1-сурет. Қасым Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2020 жылы 8 қаңтарда «Абай және XXI Қазақстан» атты мақаласын Қазақстанға таныстыру

Абай Құнанбайұлы ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы, ұлттың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырғаны сөзсіз. Оның өлеңдері мен қара сөздерінде ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымы, мінезі, жаны, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тауып, кейін Абай әлемі деген бірегей құбылыс ретінде бағаланды.

Өткен жылы Абайдың шығармаларынан үзінді оқу эстафетасы өтті. Ләйлім атты оқушы қыз ұсынған бұл елдік шараға мен де қатысып, қолдау көрсеттім. Мектеп оқушыларынан ел азаматтарына, тіпті, әлемдік деңгейдегі танымал тұлғаларға дейін зор қызығушылық танытып, лезде іліп әкеткен бұл бастама бірнеше айға ұласты.

Соның арқасында бүкіл Қазақстан Абай мұрасын тағы бір зерделеп шықты. Бұл — Абайға деген құрмет әрі ұрпақты тәрбиелеудің тиімді тәсілі. Абай жырларын оқу челленджі биыл, ақын мерейтойы тұсында жаңаша жанданады деп сенемін.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қоғамдық сананы қайта

түлетудің маңыздылығы туралы айтты. Ұлттық сананы сақтау және оны заман талабына бейімдеу мемлекеттік маңызы бар мәселеге айналды. Өйткені сананы жаңғырту арқылы ХХІ ғасырда еліміздің тың серпінмен дамуына жол ашамыз.

Осы орайда Абай мұрасының тигізер пайдасы зор деп есептеймін. Ұлы ақынның шығармалары бүгін де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Абайдың ой-тұжырымдары баршамызға қашанда рухани азық бола алады.

Сондықтан ұлтымызды жаңғырту ісінде оның еңбектерін басшылыққа алып, ұтымды пайдалану жайын тағы бір мәрте ой елегінен өткізген жөн.

Мен бұл мақалада Абай сөзінің бүгінгі заманымыз үшін көкейкестілігі, ақын шығармаларынан халқымыз қандай тағылым алуға тиіс екендігі жөнінде жұртшылықпен ой бөліскім келеді.

Ұлттық болмыстың үлгісі. Жаңғыру — өткеннен қол үзіп, тек жаңа құндылықтарға жол ашу деген сөз емес.

Шын мәнінде, бұл — ұлттық мұраларымызды бүгінгі оң үрдістермен үйлестіре дамытуды көздейтін құбылыс. Бұл ретте, біз Абайды айналып өте алмаймыз. Себебі, ұлы ойшыл осыдан бір ғасырдан астам уақыт бұрын ұлтты жаңғыруға, жаңаруға, жаңа өмірге бейім болуға шақырған.

Елбасымыздың: «Заманалар ауысып, дүние дидары өзгерсе де, халқымыздың Абайға көңілі айнымайды, қайта уақыт өткен сайын оның ұлылығының тың қырларын ашып, жаңа сырларына қаныға түседі.

Абай өзінің туған халқымен мәңгі-бақи бірге жасайды, ғасырлар бойы қазақ елін, қазағын биіктерге, асқар асуларға шақыра береді», — деген өнегелі сөзі ақын мұрасының мәңгілік өсиет ретінде бағаланатынын айқын аңғартады.

Абайдың шығармаларына зер салсақ, оның үнемі елдің алға жылжуына, өсіп-өркендеуіне шын ниетімен тілеулес болғанын, осы идеяны барынша дәріптегенін байқаймыз. Ал, ілгерілеудің негізі білім мен ғылымда екенін анық білеміз. Абай қазақтың дамылсыз

оқып-үйренгенін бар жан-тәнімен қалады. «Ғылым таппай мақтанба» деп, білімді игермейінше, биіктердің бағына қоймайтынын айтты. Ол «Біз ғылымды сатып мал іздемек емеспіз», -деп тұжырымдап, керісінше, ел дәулетті болуы үшін ғылымды игеру керектігіне назар аударды. Ұлы Абайдың «Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге» деген өнегелі өсиетін де осы тұрғыдан ұғынуымыз қажет.

Бұл тұжырымдар қазір де аса өзекті. Тіпті бұрынғыдан да зор маңызға ие болып отыр. Себебі, ХХІ ғасырдағы ғылымның мақсаты биікке ұмтылу, алысқа құлаш сермеу екенін көріп отырмыз.

Ал, біздің міндетіміз — осы ілгері көшке ілесіп қана қоймай, алдыңғы қатардан орыналу.

Ол үшін, ең алдымен, білім беру саласын заманға сай дамытуымыз керек. Сол мақсатта ауқымды жұмыстар атқарылғаны мен, отандық білім беру ісінде әлі де олқы тұстар бар. Оны жетілдіру жолдарын сайлау алдындағы бағдарламада және өткен жылғы тамыз конференциясында нақты атап көрсеттім.

«Педагог мәртебесі туралы» заңның қабылдануы — осы бағыттағы игі бастамалардың бірі. Бұл — сапалы білім беру ісін жетілдіруге арналған қадам. Жалпы, кез-келген қоғамда ұстаздың орны бөлек. Мұғалімдер білімді әрі саналы ұрпақ тәрбиелеу ісінде аса маңызды рөл атқарады. Ұстазға құрмет көрсетіп, қадірлеу — бәріміздің міндетіміз. Сондықтан мемлекет мұғалім мамандығының мәртебесін көтеріп, алаңсыз жұмыс істеуіне жағдай жасауы керек.

Абай айрықша дәріптеген игілікті істің бірі — тіл үйрену. Ақын жиырма бесінші қара сөзінде өзге тілдің адамға не беретініне тоқталып: «Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі оныменен бірдейлік дағуа сынақ іреді, аса арсыз дана жалынбайды», – дейді.

Демек, өзімізден озық тұрған жұртпен деңгейлес болу үшін де оның тілін меңгерудің маңызы зор.

Ал қазіргідей жаңа тарихи жағдайда бәріміз ана тіліміздің дамуы мен дәріптелуіне назар аударып, оның мәртебесін арттыруымыз керек. Сонымен қатар, ағылшын тілін үйренуге де басымдық беру қажет. Жастарымыз неғұрлым көптілді меңгерсе, соғұрлым

мүмкіндігі кеңейеді. Бірақ олардың ана тілін білуіне баса мән берген жөн. Өскелең ұрпақ, Абай айтқандай, ғылымды толық игерсе, өз тілін құрметтесе әрі шын мәнінде полиглот болса, ұлтымызға тек игілік әкелері сөзсіз.

Қазір әлем күн сайын емес, сағат сайын өзгеруде. Барлық салада жаңа міндеттер мен тың талаптар қойылуда. Ғылымдағы жаңалықтар адамды алға жетелейді. Ақыл-оймен ғана озатын кезең келді. Заман көшіне ілесіп, ілгері жылжу үшін біз сананың ашықтығын қамтамасыз етуіміз керек. Бұл қадам өркениеттің озық тұстарын ұлттық мүддемен үйлестіре білуді талап етеді. Мұндай кезде өзіміздің таптаурын, жадағай әдеттерімізден бас тартуымыз қажет.

Абайдың кейбір қарекеттерге көңілі толмай, «Терең ой, терең ғылым іздемейді, Өтірік пен өсекті жүндей сабап» деп үнемі сыни көзбен қарауының себебі осында.

Ақын ел-жұртын түрлі өнерді игеруге үгіттеді. Соның бәрі уақыттың талабы екенін ол анық аңғарып, ұлтына ертерек үнқатты. Тіпті қазір айтып жүрген интеллектуалды ұлтқалыптастыру идеясы Абайдан бастауалдыдеуге болады. Ұлы ойшыл әр сөзімен ұлттың өресін өсіруді көздеді.

Сондықтан Абайды терең тануға баса мән бергеніміз жөн. Абайдытану — адамның өзін-өзітануы. Адамның өзін-өзітануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі — кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де — осы. Осыған орай, Абай сөзі ұрпақтың бағыталатын темір қазығына айналуы қажет.

Абай қазақтың әрбаласын ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеуге шақырды. Оның мұрасы — парасатты патриотизмнің мектебі, елдікті қадірлеудің негізі. Сондықтан, азаматтарымыздың көзі ашық болсын десек, Абайды оқудан, ақын өлеңін жаттаудан жалықпаған жөн.

Бізелді, ұлтты Абайша сүюді үйренуіміз керек. Ұлы ақын ұлтының кемшілігін қаттысынаса да, тек бірғанаойды — қазағын, халқын төрге жетелеуді мақсаттұтты.

Абайдың мол мұрасы қазақ ұлтының жаңа сапасын қалыптастыруға қызмет етеді. Оның шығармаларындағы ойтұжырымдар әрбір жастың бойында халқына, елі мен жеріне деген патриоттық сезімді орнықтырады. Сондықтан хакім Абай еңбектерінің нәрін өскелең ұрпақтың санасына сіңіру және өмірлік азығына айналдыру — ұлтты жаңғыртуға жол ашатын маңызды қадамның бірі.

Мемлекетісінің мүдделесі. Біз егемен ел ретінде өсіп-өркендеуіміз үшін мемлекеттілігімізді нығайтуымыз керек.

Заң үстемдігін және қоғамдық тәртіпті сақтау баршаға ортақ міндет екенін ұғынған жөн. Халықтың билікке деген құрметі болмаса — елдігімізге сын. Сондықтан азаматтарға, әсіресе, жастарға мемлекетті сыйлаудың мән-маңызын түсіндіру қажет. Осы ретте тағы да Абайдың мұрасына зейін қойған абзал.

Ұлы ақын өзінің шығармаларында елдік мұратты асқақтатып, ұлт бірлігін биіктетті.

Ол әділетті қоғам құру идеясын көтерген. Демек, Абайдың көзқарастары ХХІ ғасырдағы Қазақстан қоғамы және оның береке-бірлігі үшін аса құнды. Хакім Абайдың ұстанымдары өркениетті мемлекет қағидаларымен үндеседі. Заң үстемдігі, биліктің ашықтығы мен халық алдында есеп беруі жоғары деңгейде болып, мемлекет ісіне азаматтық қоғам өкілдері белсене араласқан жағдайда ғана әділеттілік берікорнығады.

Менің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» атты тұжырымдамама дәл осы әділетті қоғам идеясын дамыту мақсатымен ұсынылды. Билік пен қоғам арасындағы сындарлы диалог мемлекетке деген сенімді нығайта түседі. Үкімет мүшелері, соның ішінде министрлер мен әкімдер мемлекеттік және қоғамдық маңызы бар мәселелерге қатысты шешім қабылдаған кезде азаматтардың ұсыныстары мен тілектерін ескеруі керек. Мұны Абай меңзеген әділетті қоғам қалыптастырудың бірден-бір шарты деп білемін.

Ұлы ақын «Келелі кеңес жоғалды, Ел сыбырды қолға алды» дегенді бекер айтқан жоқ. Елге билік жүргізетіндерге жұрттың көңілі толмайтынын да аңғартады.

«Сыбырдан басқа сыры жоқ, Шаруаға қыры жоқ» замандастарымыз көбеймес үшін билік халыққа әрдайым құлақ түріп отырғаны жөн. Мемлекет пен қоғам өкілдері түйткілді мәселелерді бірге талқылап, шешімін табу мақсатында Ұлттық қоғамдық сенім кеңесін құрдық. Кеңес формальды сипат алып кетпеуі үшін оның мүшелерімен арнайы кездесіп, жұмысын жіті қадағалап отырмын.

Абай шығармаларында меритократия мәселесіне де айрықша мән берілген. Ол адамды мәртебесіне қарай емес, талабы мен еңбегіне қарап бағалаған. Ұлы ақын қазақ жастарына жөн-жоба көрсетіп, бағыт-бағдар берген.

Қазір Қазақстанда саяси жаңғыру үдерісі жүріп жатыр. Елбасының қолдауымен билікке басшылардың жаңа буыны келе бастады. Соған қарамастан, елімізде түбегейлі саяси өзгеріс керек деген ойлар да жиі айтылып жатады. Бірақ бұл мәселе бойынша ұлттық мәмілеге келудің, мемлекет мүмкіндіктерін шынайы бағалаудың және жүктелген міндетке жауапкершілікпен қараудың маңызы зор.

Өзгеріс деп бай балам салатындар еліміздің болашағын байыптамайды, жайғана популистік идеяларға табан тірейді.

Популизм теріс тенденция ретінде дүниежүзілік сипаталды. Әлемнің түкпір-түкпірінде нақты стратегиясы жоқ, тек жалаң ұрандар арқылы билікке жеткісі келетін топтардың дауысы жиі естілуде. Осындай даңғазаға құмар адамдар туралы Абай: «Қу тілменен құтыртып, Кетер бір күн отыртып», – дейді. Расында, бұл — кез-келген елдің дамуын кенже қалдыратын, ұлттың бірегейлігін әлсірететін қауіпті үрдіс.

Бізге, Абай айтқандай, артық мақтанға салыну, өзгені қор, өзімізді зор санау, дау қуу әсте жараспайды. Әр қадамымызды анық басып, әлемде және елімізде болып жатқан оқиғаларды байыппен сараптай білуіміз қажет. Тұрақтылық пен дамуымыздың кепілі болған

татулық пен бірлікті бәрінен жоғары қойған абзал. Мемлекет мүддесін көздесек, әуелі сабақтастық сақталып, төгілген тер мен атқарған еңбектің далаға кетпеуін ойлайық.

Осындай саясат жүргізген кездеғана барлық стратегиялық мақсаттарымызға қол жеткізіп, Қазақстанды озық дамыған мемлекеттердің қатарына қоса аламыз.

Жаңа қоғамның жанашыры. Жаңа Қазақстанның өзегін жаңа қоғам құрайтыны анық. Бұлретте, еңалдымен, ұлтымыздың қадір-қасиетін арттырып, халқымыздың бәсекеге қабілеттілігін жетілдіруге баса мәнберуіміз керек. Сондай-ақ, қоғамның дамуына кедергі келтіретін, береке-бірлігімізге іріткі салатын жағымсыз қасиеттерден арылу қажет.

Бүгінде дүние жүзінің бір қатар интеллектуалдары классикалық капитализм дағдарысқа тап болғанын ескертіп, оның болашағына күмәнмен қарайды.

Себебі әлемде бай мен кедейдің, білімді мен білімсіздің, қала мен ауылдың арасы алшақтап кетті. Бұл үдерістің қарқыны барған сайын күшейіп келеді. Бизнес тек пайда көздесе, білімділер бөлек орта қалыптастырды, әрқайсысы өздері үшін ғана жауапкершілік арқалайтын болды.

Қалалар тез өсіп-өркендеп, шағын елді мекендердің дамуы тұралады.

Ғалымдар мұның барлығы әлеуметтік жауапкершіліктің әлсірегенінен деп есептейді.

Әлеуметтік жауапкершілік қайткенде орнына келеді? Әрине, бұл — оңай шаруа емес. Осы күрделі мәселенің шешімін Абайдың «Толықадам» формуласынан іздеген жөн. «Толық адам» деген сөз ағылшын тіліндегі «A man of integrity» түсінігіне сай келеді. Бұл — тек өте ілкімді, өзіне сенімді, ізгілік пен жақсылыққа ұмтылатын адамдарға ғана тән сипаттама. Қазір тарап жатқан осы ұғымды Абай сонау он тоғызыншы ғасырдың өзінде-ақ түсіндіріп айтты.

Адам өмірі тұтасымен түрлі қарым-қатынастардан құралады. Онсыз адам қоғамнан бөлініп қалмақ. Ал қарым-қатынас міндетті

түрде өзара жауапкершілікті туғызады. Бұл жауапкершілік қара басының қамын биік қоятын өзімшілдік араласқан кезде бұзылады. Сондықтан Абай: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек», – деп адамға нұрлы ақыл мен ыстық қайраттан бөлек жылы жүрек керек екенін айтады.

Осы үш ұғымды ол үнемі бірлікте қарастырады, бірақ алдыңғы екеуі жүрекке бағынуы керек деп есептейді. Бұл-қазақ халқының өмірлік философиясы.

Осындай таным-түсінікпен өмір сүрген халқымыз өзі қиын жағдайда отырып, өзге ұлттарды бауырына басқан. Өзі асқа жарымай қиналса да, бір тілім нанын бөлісіп жеуді парыз санаған. Үнемі үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіп, сүрінгенге сүйеу, жығылғанға демеу бола білген. Осы құндылықтарды дәріптеп, бүгінге жеткізу арқылы халқымыз өзінің ұлт ретінде сақталуы үшін барын салған.

Біз Абайдың «толық адам» тұжырымын қайта зерделеуіміз керек. Бұл бағытта ғалымдарымыз тың зерттеулерді қолға алуы қажет. «Толық адам» концепциясы, шындап келгенде, өміріміздің кез-келген саласының, мемлекетті басқару мен білім жүйесінің, бизнес пен отбасы институттарының негізгі тұғырына айналуы керек деп есептеймін.

Абай шығармашылығына арқау болған тақырыптың бірі — масылдықпен күрес. Ақын үнемі уайымсыз салғырттыққа, ойын-күлкіге салынбай, сергек болуға үндейді. Оны ұдайы еңбек арқылы шындап отыруды құп көреді. Сонымен қатар, орынды әрекеттің уайым-қайғыны жеңетінін дәлелдеп, масылдықпен күрестің психологиялық қырларына терең бойлайды. Қазір біз көп айтып жүрген эмоционалды интеллектіге де сол тұстан азараударды. Мақтан мен масылдық психологиядан арылып, қайрат танып еңбек етуді, талаптанып білім іздеуді насихаттаған.

Абай өлеңдеріндегі «Еңбек етсең ерінбей, Тояды қарның тіленбей», «Тамағы тоқтық, Жұмысы жоқтық, Аздырар адам баласын», «Өзіңе сен, өзіңді алыпшығар, Еңбегің мен ақылың екі жақтап» — деген қазыналы ойлар бәрімізге жақсы таныс. Әрадам осы

түйінді тұжырымдарды санасына берік тоқып, өзінің тынымсыз, адал еңбегімен айналасына үлгі болуы керек.

Халқымыз еңбектің қадірін біледі. Біз ата-аналарымыздың тылдағы ауыр еңбегі жеңіске жетелеген орасан күшке айналғанын ұмытқан жоқпыз. Қазір де қарапайым еңбек адамдарының үлгілі істері жетерлік. Жақында солардың біразы мемлекеттік наградалармен марапатталды.

Еңбастысы, бүгінгідей бейбіт кезеңде әр азамат өзінің еселі еңбегі еліміздің экономикасын ілгерілетуге тікелей ықпал ететінін түсінуі қажет.

Абайды өз заманындағы іскерліктің ұйытқысы, еңбекқорлықтың мотиваторы деуге болады. Ұлы ойшылшығармаларында кәсіптен нәсіп тапқандарды, шаруа қорлыққа үйрену дағдыларын үлгі етеді. Ол тұрмыс сапасын жақсарту үшін еңбек етудің жаңа тәсілдерін меңгеруге шақырады. Сонымен қатар ақын бастамашылдықты, кәсіптегі адалдықты жоғары қояды. Мысалы, өзінің оныншы қара сөзінде «Ерінбей еңбек қылса, түнілмей іздесе, орнын тауып істесе, кім бай болмайды?», – деп тұжырым жасайды.

Абайдың ойынша, табыс табу үшін қол өнер үйрену керек. Себебі «мал жұтайды, өнер жұтамайды» (отыз үшінші қара сөз). Ұлы ақынның бұл ойлары бүгінгі Қазақстан қоғамы үшін де өзектідепсанаймын. Сондықтан біз бүгінгі таңда шикізатқа тәуелділік психологиясынан арылуды, шағын және орта бизнесті барынша өркендетуді негізгі басымдықтың біріретінде белгілеп отырмыз.

Әлемдік мәдениеттің тұлғасы. Қазіргі өркениетті мемлекеттердің барлығы дерлік шоқтығы биік тарихи тұлғаларымен мақтана алады. Олардың қатарында саясаткерлер, мемлекет және қоғам қайраткерлері, қолбасшылар, ақын-жазушылар, өнер және мәдениет майталмандары бар. Қазақ жұрты да біртуар перзенттерден кемде емес. Солардың ішінде Абайдың орны ерекше. Бірақ біз ұлы ойшылымызды жаһан жұртын алайықты деңгейде таныта алмай келеміз.

Мен көп жылғы дипломатиялық қызметімде басқа елдердің саясаткерлерімен, түрлі сала мамандарымен жиі кездестім. Шетелдіктер мен адамзатқа ортақ көптеген түйткілді мәселелер туралы пікір алмасып, ой бөлістім. Жалпы, олар Қазақстанның саяси және экономикалық жетістіктері жөнінде жақсы біледі. Ал, рухани және мәдени құндылықтарымызбен жете таныс емес. Осы орайда «Неге қазақтың бітім-болмысын, мәдениетін Абай арқылы танытпаймыз?», – деген сұрақ туындайды.

Ғұлама Абай — қазақ топырағынан шыққан әлемдік деңгейдегі кеменгер. Ол күллі адамзат баласына ақыл-ойдың жемісін сыйлады. Абайдың ақындық қуатының терең тамырына үнілген зерттеушілеріміз оның қазақ фольклорынан, Шығыс пен Батыстың сөз өнерінен, орыс әдебиетінен, тарихи еңбектерден сарқылмас нәр алғанын айтады. Абайдың асқан ойшылдығы оның діни талғам-танымынан да айқын көрінеді. «Алланың өзі де рас, сөзі де рас, Рас сөз ешуақытта жалған болмас», – дейді ол. Бұл ой-тұжырымға ол Шығыс пен Батыс философтарының еңбектерін терең біліп, зерттеп, зерделеп барып жеткені анық. Ол отыз сегізінші қара сөзінде Аллаға деген көзқарасын толық білдіреді.

Абайдың рухани өресіне баға берген дінтанушы философ ғалымдар оның «кәміл мұсылман» ұғымына ерекше назар аударады. «Кәміл мұсылман» ұғымы тек қазаққа ғана емес, бүкіл мұсылман әлеміне қатысты айтылса керек. Міне, біздің ойшыл Абай, хакім Абай — әлемдік деңгейде осы діни көзқарасы арқылы да биіктей беретін тұлға.

Елордада барлық діннің басын қосып, дәстүрлі жиын өткізіп келе жатқанымызды білесіздер. Мұндай іс-шаралардың мақсаты мен ұлы Абай ұстанымының арасында өзара үйлесімділік бар. Ақынның барша адамзат баласының жан дүниесінің тазалығын сақтауға деген ниеті бәрімізге ой салады.

М. Әуезовтің «Абай жолы» романы арқылы Абай бейнесі көркем образ ретінде әлем әдебиетінде жоғары бағаланғаны белгілі. Бірақ бұл — Абайды танудың бір қыры ғана. Нағыз Абайды, ақын

Абайды тану үшін оның өлендері мен қарасөздерінде айтылған ой-тұжырымдардың мән-маңызы ашылуы керек. Ол әлемнің кең таралған негізгі тілдеріне барлық бояуын сақтай отырып аударылуға тиіс. Бұған біз толық қол жеткізе алдық деп айту қиын. Нағыз ұлт ақындарын өзге тілдерге аудару — оңай шаруа емес. Аудармашы да сол ойшылдың деңгейіндегі талант болуы керек. Біздің абайтанушы ғалымдарымыз, тіл мамандары мен жанашыр азаматтар осы мәселеге ерекше мән бергені жөн.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Абай — қазақ халқының рухани қазынасына өлшеусіз үлес қосқан ғұлама ғана емес, сонымен қатар ол қазақ халқының ел болуы жолында ұлан-ғайыр еңбек еткен данагер.

Абай — әлемдік деңгейдегі ойшылдардың қатарындағы ғажайып тұлға» – деген болатын. Шынында да, дана ақын шығармалары тек қазақтың ғана емес, бүкіл адамзат баласының рухани өмірін жан-жақты байыта алады. Өйткені Абай туындыларының мазмұны жалпыадамзаттық құндылықтарға толы. Оның қара сөздері — әлем халықтарының ортақ қазынасы. Бұл — классикалық үлгідегі өнегелі ойлар шоғыры. Нақыл сөз, ғибратты сөз, ғақлия сөздер деп әрқилы аталғанымен, бұл — ерекше жанр.

Абай өзінің қара сөздерінде адамзат баласына ортақ мұраларды дәріптей отырып, рухани биікке құлаш сермеп, алысқа қанат қаққанын көрсетеді. Оның қара сөздерінің арқауы — кісілік, мәдениет, ізгілік. Хакім Абайдың қара сөздеріне балама еңбек іздесек, француз ойшылы Монтеньнің жазбалары ойға оралады. Десек те, Монтень өз болмысы мен адам тұлғасы жөнінде көбірек ой толғаса, Абай қара сөздерінің басты миссиясы — ойлану, өзгеге ой салу, мақсатты ұстанымға айналдыру. Демек, ұлы ойшылдың қара сөздері — аса құнды еңбек.

Әлемдік мәдениетте Абайды қаншалықты жоғары дәрежеде таныта алсақ, ұлтымыздың да мерейін соншалықты асқақтата түсеміз. Бүгінгі жаһандану дәуірінде, ақпараттық технологиялар заманында Абай сөзі баршаға ой салуға тиіс.

Дүние жүзінде ғылым мен білімнің түрлі салаларын дамытуға зор үлес қосып, бүкіл адамзатқа ортақ ойшыл ретінде танылған тұлғалар баршылық. Мысалы, Қытай дегенде Лао-цзы мен Конфуций, Ресей дегенде Достоевский мен Толстой, Франция дегенде Вольтер мен Руссо бірден ойға келеді. Сол сияқты шетелдіктердің бәрі бірдей Қазақстан дегенде бірден Абайдың есімін атайтындай дәрежеге жетуіміз керек. Өзге жұрт «Қазақ халқы — Абайдың халқы» деп, бізге ілтипат білдіріп отырса, зор мәртебе болары анық.

Абайды қалай дәріптесек те жарасады. Оның ғибратты ғұмыры мен шынайы шығармашылығы — қазақ халқына ғана емес, жаһан жұртына да үлгі-өнеге. Абайдың адам мен қоғам, білім мен ғылым, дін мен дәстүр, табиғат пен қоршаған орта, мемлекет пен билік, тіл мен қарым-қатынас туралы айтқан ой-тұжырымдары ғасырлар өтсе де маңызын жоғалтпайды. Өйткені ақынның мұрасы — бүкіл адамзат баласының рухани азығы.

Қазақ елі барда Абай есімі асқақтай береді. Оның асыл сөздерін рухани байлығымыз ретінде жоғары ұстасақ, туған еліміздің әлем алдындағы абыройы арта берері сөзсіз.

Ең алдымен, Абайды ұлтымыздың мәдени капиталы ретінде насихаттауымыз керек. Өркениетті елдер қазақтың болмыс-бітімін, мәдениеті мен әдебиетін, рухани өресін әлемдік деңгейдегі біртуар перзенттерінің дәрежесімен, танымалдығымен бағалайтынын ұмытпайық. Сондықтан, Абайды жаңа Қазақстанның бренді ретінде әлем жұртшылығына кеңінен таныстыру қажет. Бұл — бүгінгі ұрпақтың қастерлі борышы.

Торгаутова Ш.А. ұйымдастырған Ұлы ақын, ойшыл Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналған «Түркі әлемі: Абай Құнанбайұлының көзқарастары және ХХІ ғасырдағы Қазақстан қоғамының жаңғыруы» атты халықаралық форумында белгілі абайтанушы

Мекемтас Мырзахметұлының «Абайдың толық адам ілімі» кітабын тарих ғылымдарының докторы, профессор М. Әуезов атындағы ректор Дария Қожамжарованың тұсауы кесу сәті



2-сурет. 2020 жылы 12 маусымда М. Өуезов атындағы ОҚМУ

Торқалы тойдың тағылымы. Біз ұлттық сананы жаңғыртамыз және бәсекеге қабілетті ұлт қалыптастырамыз десек, Абайдың шығармаларын мұқият оқуымыз керек. Оның қоғамдағы түрлі үдерістерге қатысты көзқарасы бүгінгі Қазақстан үшін аса пайдалы. Өз заманының ғана емес, қазіргі қоғамның да бейнесін танытқан Абай — елдік мұраттың айнымас темірқазығы.

Әр қазақтың төрінде домбыра тұрсын деген ұғым қалыптасқанын бәріміз жақсы білеміз. Сол сияқты әр шаңырақта Абайдың кітабы мен Мұхтар Өуезовтің «Абай жолы» романы тұруы керек деп санаймын.

Келер ұрпақ Абайдың сара жолын жалғауға тиіс. Бұл — ұлы ақын арманының орындалуы. Сондықтан біз Абайдың ойынан да, тойынан да тағылым алуға тиіспіз.

Биыл Абайдың 175 жылдығына орай халықаралық, республикалық және аймақтық деңгейде 500-ден астам іс-шара ұйымдастырылады. Тамыз айында Семей қаласында ЮНЕСКО-мен бірлесіп өткізілетін «Абай мұрасы және әлемдік руханият» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция ең басты шараға айналады. Сондай-ақ, қазан айында Нұр-Сұлтан қаласында «Абай және рухани жаңғыру мәселелері» деген тақырыпта халықаралық конференция өтеді. Бұл жиындарда Абайдың тұлғасы мен мұрасы жан-жақты зерделеніп, оның шығармашылығын ХХІ ғасырдағы жаңа Қазақстанның игілігіне пайдалануға жол ашылады.

Маңызды жобаның бірі — ұлы ақынның шығармаларын он тілге аударып, басып шығару. Атап айтқанда, Абай еңбектері ағылшын, араб, жапон, испан, итальян, қытай, неміс, орыс, түрік, француз тілдеріне тәржімаланады. Ақынның өмірі, мұрасы, қазақ мәдениетін дамытудағы рөлі туралы бірнеше деректі фильм және «Абай» телесериалы түсіріледі.

Ақын тойынан өнер саласы да тыс қалмайды. Республикалық және халықаралық деңгейде театр және музыка фестивальдері өтеді. Биылғы бәйгелер Абай шығармашылығына арналады. Әдебиет және өнер саласындағы үздік шығармаларға берілетін мемлекеттік сыйлық енді Абай атындағы мемлекеттік сыйлық деп аталатын болады.

Абайдың тұлғасы мен мұрасын ұлықтау шетелдерде де жалғасады. Ресейдегі, Франциядағы, Ұлыбританиядағы және басқа да мемлекеттердегі Қазақстанның елшіліктері жанынан «Абай орталықтарын» құру жоспарланып отыр. Бұл мәдени іс-шараларды ысырапшылдыққа жол бермей ұйымдастыру қажет.

Шығыс Қазақстан облысының Ақшоқы елді мекеніндегі Құнанбай Өскенбайұлы әулетінің қорымы абаттандырылады. Сонымен қатар, Абай тұлғасын жоғары дәрежеде дәріптеу үшін Үкімет мынадай шараларды қолға алуы керек деп есептеймін.

Семей өңірі — қазақ тарихындағы киелі өлкенің бірі. Сондықтан, елдің рухани дамуында ерекше орны бар Семей қаласын тарихи орталық ретінде белгілеген жөн. Ұлы Абай мен Шәкәрімнің, Мұхтар Әуезовтің кіндік қаны тамған өңір айрықша құрметке лайық. Осыған орай, шаһарды әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан кешенді түрде дамытып, ондағы тарихи-мәдени нысандарды жаңа талапқа сай жаңғыртамыз. Үкіметке бұл мәселеге байланысты тиісті шаралар қабылдауды тапсырамын. Мерейтой жылы аясында Абайдың қастерлі мекені — әйгілі Жидебайды абаттандырып, ұлы ақынның рухына тағзым етуге келетін жұртшылыққа қолайлы жағдай жасау қажет. Сонымен қатар, Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейіне ерекше көңіл бөліп, ғылыми-танымдық жұмыстармен айналысатын орталыққа айналдыру керек. Жидебайда музейге арнайы лайықталған «Абай мұрасы» атты

жаңа ғимарат салу қажет. 1918 жылы Семей қаласында Мұхтар Әуезов пен Жүсіпбек Аймауытов негізін қалаған, 1992 жылдан бері қайта шыға бастаған «Абай» журналына мемлекет тарапынан қолдау көрсету керек. Осы және басқа да ауқымды шаралар Ұлы Абайдың рухына тағзым етіп, оның мол мұрасын дәріптеу үшін өткізілмек. Ендеше, бүкіл Қазақстан халқын осы игі бастамаға белсене атсалысуға шақырамын.

* * *

Біз Абайдың 175 жылдық мерейтойына қоғамдық сананы жаңғыртатын, бір ел, тұтас ұлт болып дамуымызға серпін беретін іс-шара ретінде зор мән беріп отырмыз. Бұл тойдың тұсындағы басты мақсатымыз — бүкіл халықтың ұлт ұстазы алдындағы өзіндік бір есеп беруі іспеттес болуға тиіс деп білемін. Абай сыны — ауыр сын, сындарлы сын. Елбасы бастап, ел қостап, биік белестерді бағындырдық. Озық елулікке кіреміз деп мақсат қойдық, ол мақсатқа мерзімінен бұрын жеттік. Озық отыздыққа қосылуды межеледік. Ол межеге де жетеміз. Сол межеге жетуге де бізге Абай мұрасы көмек бере алады. Ендігі мәселе — біз сол Абайдың көмегін түсіне алдық па, зерделей аламыз ба?

Ұлылықтың тойы ұлт алдындағы ұлы міндеттің үдесінен шығудың жолын іздеуге ұмтылдыруға тиіс. Әр азамат осы тойдың алдында еліміз, елдігіміз жөнінде терең ойланса дейміз. Абай бізге нені аманаттады? Абай бізден нені талап етті? Абай бізден нені күтіп еді? Абай елдің қай ісіне сүйініп еді? Сол сүйінген ісінен үйрене алдық па? Абай қазақтың қай ісіне күйініп еді? Сол күйінген ісінен жирене алдық па? Басқасын былай қойғанда, ақын айтқан бес асыл істі жүзеге асырып, бес дұшпанды бойдан қашырып жатырмыз ба деген ойдың төңірегінде толғансақ та талай жайға қаныға аламыз.

Абай мұрасы — біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық. Жалпы, өмірдің қай саласында да Абайдың ақылын алсақ, айтқанын істесек, ел ретінде еңселенеміз, мемлекет ретінде мұратқа жетеміз. Абай арманы – халық

арманы. Халық арманы мен аманатын орындау жолында аянбағанымыз абзал. Абайдың өсиет-өнегесі ХХІ ғасырдағы жана Қазақстанды осындай биіктерге жетелейді.

Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

1. Ұлы Ақынның әдеби мұрасының бүкіл адамзаттың рухани қазынасына айналуының мәні неде?

2. Ұлы Абайдың әдеби мұраларындағы көтерілген құндылықтар қандай?

3. Абайдың тұлғалық рухани дамудағы әсері қандай?

4. 2020 ж., 8 қаңтардағы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласының мәні?

5. Абайдың әлемдік мәдениеттің тұлғасы ретіндегі рөлі?

6. Абай туралы алғаш мақала жазып Абайтану ғылымын бастаушы қаламгерлер туралы?

7. Ә. Бөкейхановпен К. Ысқақовтың Абай туралы мақалалары?

8. Ж. Аймауытовпен М. Әуезовтің «Абайдың өнері һәм қызметі» атты мақаласы.

9. А. Байтұрсыновтың «Қазақтың басақыны» атты мақаласының мән-мазмұны.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Он сегізінші том, зерттеулер мен мақалалар. — Алматы : Жазушы, 1985. — 446 бет.

2. Ақорда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы. 2020 ж. 08.01. Егемен Қазақстан газеті.

3. Мырзахметов М. Абайтану тарихы. — Алматы : Ана тілі, 1994. — 192 бет.

4. Абай энциклопедиясы. — Алматы : Атамұра, 1995.

5. Мырзахметов М. Мұхтар Әуезов және Абайтану проблемалары. — Алматы : Ғылым, 1982. — 296 бет.

6. Мырзахметов М. Абайтану : библиографиялық көрсеткіш. — Алматы : Ғылым, 1988. — 240 бет.

ТАҚЫРЫП № 2.

«АБАЙТАНУ» ПӘННІҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

1. «Абайтану» саласының қалыптасуы – I кезеңі 1889–1934 жж.
2. «Абайтану» пәні — II кезеңі 1934–1961 жж. М. Әуезовтың Абайды әлемге танытуы.
3. «Абайтану» ғылымы III кезең — 1961 ж. — қазіргі уақыты Абай мұрасын зерттеу, дәріптеу

*Қазақ халқына сәуле беріп, алғашқы
атқан жарық жұлдыз — Абай. (М. Дулатов)*

1. «АБАЙТАНУ» САЛАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ — I КЕЗЕҢІ 1889–1934 ЖЖ.

Қазақ әдебиетінің бір саласы — Абайтану. Абайтану ұлы ақынның өмірі мен шығармашылығынан бастап оның ақындығы мен каламгерлігі, философиясы мен қоғамдық ой танымдары, сазгерлік өнері мен аудармалары, өмірлік ұстанымы мен адамзат құбылыстарына әсері зерттеледі. Абайтанудың арғы бастау бұлағы, қайнар көзі жайында айтқанда, алғаш Абай мұрасын зерттеу Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхановтан (1870–1937) бастау алады. «Өлеңдерінен көрініп тұрғандай Абай асқан поэтикалық қуаттың иесі, қазақ халқының мақтанышы болды» - деген Бөкейханов озық пікір білдірген. Географ ғалым П.П. Семенов-Тян-Шанский мен академик В.И. Ламанскийлер құрастыруымен жарық көрген «Россия. Отанымыздың толық географиялық сипаттамасы» (1899–1914) атты көп томдық кітабындағы бір бөлім «Киргизский край» деген атпен Петербургте басылып шыққан 18-томында Ә. Бөкейхановпен бірге жазған тарихшы, этнограф А.Н. Седельников (1876–1919) қазақтың озық өнері мен әдебиеті туралы айта келіп «...Абай қазақтың жаңа


әдебиетінің көш басшысы...» деп орыс ғалымдарының арасында тұңғыш бағалаған. Орыс ғалымы «Россия» журналының 1903 жылы шыққан 18-томында Абай аударған «Татьянаның хаты» ел арасында әнге салып айтып жүргендігі туралы жазады. Абай шығармаларын орыс тіліне алғаш аударма жасап орыс қауымына таныстырған осы — Александр Никитич Седельников. Абайдың көзі тірісінде, орыс оқырман қауымына тұңғыш таныстырған қазақтардан Ә. Бөкейханов болатын.

1909 жылы Петербургте Борагинский баспасынан шыққан Абайдың тұңғыш жинағына Ә. Бөкейханов басшылық жасаған. Бұл жинақ **Мүрсейіт Бікеұлының (1860–1917)** жинап жүрген қолжазбалары арқылы **Кәкітай Ысқақұлы Құнанбаев (1868–1915)** пен Абайдың баласы **Тұрағұлдың (1876–1934)** ерен еңбектерінің арқасында жарық көрген. Алғы сөз орнына Кәкітай Абайдың өмірбаянын жазған. Бұл Абайдың өмірбаянының алғаш тасбаспаға түсуі еді. Аталмыш өлеңдер жинағы Абайды күллі елге танытудың тың сапары болатынды.

Жарық көруінен бірнеше жыл бұрын құрастырылып, аударма өлеңдерін қосқанда жүз қырықтай өлеңдері және «Ескендір» мен «Масғұт» поэмалары басылған. Тұрағұлдың «Әкем Абай туралы» естелік еңбегін М. Әуезовқа жазып берген. Абайұлы Тұрағұл Ұлы Абайдың мұрасын жинау, оны бастыруда құнды дерек көздерін ашқан. Қолжазба нұсқаны қалпына келтіруде Абайтану ғылымына қосқан үлесі зор деп айта аламыз.

1911–1913 жылдар арасында Орда мен Орал қалаларында шығып тұрған «Қазақстан» (редакторы Елеусін Бұйрин) газетінің үшінші санында «Әдебиет таңы» деген мақалада:

Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң әрқалан.
Сен де бір кірпіш, дүниеге



3-сурет. Ел ішінде сақталған Абай кітабы

Кетігін тап та, бар қалан, - дейтін Абай өлеңін «Әдебиетіміздің шыңы!» деп бағалайды. Абай шығармалары «халқымыздың көңілкүйін ашып, сергітеді» деп насихаттайды. Тыңға түрен салған Алаштың біртуар азаматы **Ахмет Байтұрсынов (1873–1938)** өзінің «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласында: «Қазақтың бас ақыны — Абай (шын аты Ибраһи–) Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ.» Абай өлеңдерімен 1903 жылы қолжазба арқылы танысқан Ахмет Байтұрсынов: «Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес, олардың сөзінен басқалығы сонша, әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосаңсып отырасыз. Сөзі аз, мағынасы көп, терең» – деп жоғары бағалаған. Абайға арнаған алғашқы тырнақ алды туындысы 1913 жылы Орынбор қаласында 1913–1918 жылдар арасында А. Байтұрсынов пен М. Дулатовтардың редакторлығымен шығып тұрған «Қазақ» газетінің 39, 41-сандарында және 1914 жылы 64-санында «Абай» журналында А. Байтұрсыновтың бас мақалалары

шықты. Абайдың «Интернатта оқып жүр» (1913) атты өлеңі алғаш жарияланған.

Алаш азаматтарының бірі **Міржақып Дулатов (1885–1935)** ұлы Абайдың қайтыс болғанына 10 жыл толғанына орай 1914 жылы «Қазақ» газетінде жарияланған «Абай» атты мақаласында: «Әдебиетіміздің негізіне қаланған бірінші кірпіш — Абай сөзі, Абай аты — оларға керек» - деп, ақынды қазақ әдеби тілінің негізін салушы және жазба әдебиетіміздің негізін қалаған алғашқы жарық жұлдызға теңейді.

«Қазақ» газетінің 1913 жылғы 28 санында Абай мен Михаэлистің достығы жайлы мақаласында географ Б.Г. Герасимов (1872 — ө.ж.б.) «Құнанбаевпен танысқан және оның аса қабілеттігін байқаған Михаэлис оған баса назар аударды» деп, Абайды Семей кітапханасында көп көріп, көп әңгімелескенін айта келіп, Абай туралы естелік жазған. Қазақ жеріне саяси жер аударылған Е.П. Михаэлис (1841–1913) Абай танымына, батыс әдебиетін қалыптасуына себепші болған. 1914 жылы Мәскеуде жарық көрген «Восточный сборник» атты кітапта Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы мәліметтер беріліп, бірнеше өлеңдеріне қара сөзбен орыс тілінде түсінік берілген.

Иванов Дмитрий Львович (1846–1924) жазушы, ғалым. «По киргизской степи» атты кітабында өзінің ел аралап жүріп А.С. Пушкиннің «Евгений Онегин» романындағы «Татьянаның Онегинге хаты» Абай аудармасында «Амал жоқ қайттым білдірмей» деп басталатын өлеңін әнші Абылай Қарабатыровтың айтып отырғанын есітіп таңданғандығын жазады.

Нәзипа Сағызбайқызы Құлжанованың (1887–1934) — қазақ қыздарынан алғашқы журналист, педагог, әдебиетші жазушы, аудармашы. Өзінің «Әдебиетке көз салу» деген мақаласы «Қазақ» газетінің 1916 жылы 164-санында жарияланған. Қазақ қыздарынан шыққан алғашқы әдебиет зерттеушісі ғалым Н. Құлжанованың осы мақаласының түйіні Абайды қазақ жазба әдебиетінің көшбасшысы деп атады. Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» мен «Жазғытұры» атты

өлеңдерін алғаш орыс тіліне аударып, «Сибирский студент» (1915) газетіне жариялаған Н. Құлжанова еді. 1920–1924 жылдар арасында қазақ халқының әндерін жинаушылар — А.Э. Бимбоэс (1878–1942) пен А.В. Затаевичке (1869–1936) Абай әндерін өзі орындап нотаға түсірткен де Н. Құлжанова болатын.

Альвин Эрнестович Бимбоэс — музыкант, этнограф. — азақтың 100 халық әндерін жинап алған, олардың ішінде Абайдың «Сегіз аяқ», «Татьянаның хаты» әндері бар.

Мағжан Жұмабаев (1893–1938) 1912 жылы Қазан қаласында (Татарстан) шыққан «Шолпан» атты жинағына «Алтын хакім Абайға» атты өлеңі өз орнын тауып ұлы ақынды танытуды өлең өрнегімен бастаған Мағжан ақын болатын.

Шын хакім, сөзің асыл — баға жетпес,
Бір сөзің мың жыл жүрсе дәмі кетпес.
Қарадан хакім болған сендей жанның,
Әлемнің құлағынан әні кетпес. - деген болатын.

Тайыр-Жомартбаевтің (1884–1937) Абайға арнаған «Замандасқа жауап» мақаласын 1913 жылы «Айқап» журналының 9-санында жариялайды.

1918 жылы **Жүсіпбек Аймауытов (1889–1931)** М. Әуезовпен бірлесіп «Абай» журналын шығарды. Журналдың 1-санына Ж. Аймауытов өзінің бас мақаласына Абайдың «Лай суға май бітпес қой өткенге» деп басталатын өлеңінің бір шумағын эпиграф етіп алған. «Қазақтың әдебиетіне жан берген, сөздің сыртын сырлап, ішін түрлеген, өлеңнен өрнек шығарған, ақындық, сыншылдық бірдей дарыған Абай еді» деп жазады. Ж. Аймауытов пен М.Әуезов «Екеу» деген бүркеншік атпен журналдың 2-санында «Абайдың өмірі мен қызметі», 3-санында «Абайдан кейінгі ақындар» деген мақалалары жарияланды.

Ал, мемлекет және қоғам қайраткер **Ілияс Қабылов (1904–1938)**, болса Абай шығармаларының мазмұнын тап ретінде

жойылуға бет алған байлардың идеологиясы деп танығандықтан: «...в кратчайший срок необходимо мобилизовать все культурные силы партийно- советской общественности Казахстана против учения Абая», деп ұлы ақын мұрасын тұтастай мұра ретінде терістеу жолына түсті. Бұл тұрпайы социологиялық бағытқа орталықтағы Мәскеулік идеологтар да дем беріп, олардан да асыра сілтеп жатты. Мысалы, әдебиет әлеміндегі ой танымды қорыта отырып байлам жасайтын Мәскеудегі «Әдебиет энциклопедиясында» (Москва, 1931. Т. 5, 19 бет) жарияланған ғалым Аршуринидің мақаласында: «Абай ведет борьбу против возникающих новых общественных отношений, идеализируя прошлое казахского народа. Скоро, однако, приспособился к новым экономическим условиям и стал идеологом рождающихся казахской буржуазий», — деп Абайды және оның жолындағы ақын жазушылардың шығармаларындағы негізгі сарындары индивидуалистік, ұлтшылдық, панисламистік бағыт-бағдарда деген байламға келді.

Шәкәрім Құдайбердіұлы (1858–1931) Абайдың інісі әрі замандасы, ақындық дәстүрін жалғастырушы шәкірті. Құнанбайдың бәйбішесі Күнкеден туған Құдайберді, Құдайбердінің бәйбішесі Дәметкеннен Шәкәрім туған.

Шәкәрім өзінің алғашқы шығармаларының бірі «Жастарға» (1879) атты өлеңінде ұлы Абайды бағыт сілтеуші:

Кел, жастар, біз бір түрлі жол табалық,

Арам айла, зорлықсыз мал табалық.

Өшпес өмір, таусылмас мал берерлік

Бір білімді данышпан жан табалық. — деп, келеді де «Жалыналық Абайға, жүр, баралық» дейтіні Абайды бағыт сілтеуші ретінде ұлықтаудан келіп туған түйін.

«Абайдың көп өлеңдері ұшты-күйді жоғалып кеткен» дегендей сөздер 1914 жылы жарияланған Нұқ Рамазанов мақаласында айтылған, онан кейін де айтылып келеді.

2. «АБАЙТАНУ» ПӘНІ — II КЕЗЕҢІ 1934–1961 ЖЖ.

М. ӘУЕЗОВТЫҢ АБАЙДЫ ӘЛЕМГЕ ТАНЫТУЫ

Абайтануды дербес ғылым саласы дәрежесіне көтерген Мұхтар Әуезов (1897–1861) болды. 40–50 жылдарда Абай өмірі мен шығармашылығын зерттеу ісі кең көлемде жүргізіліп, жаңа белеске көтерілді. Абай шығармашылығына қайтадан жүйелі, дәйекті түрдегі дұрыс көзқарастың қалыптаса бастағанын 1933 жылы М. Әуезов бастырған жинақтан және 1934 жылы жарық көрген І. Жансүгіров, Қ. Жұбанов секілді белгілі әдебиет, ғылым қайраткерлерінің мақалаларынан байқауға болады. «Жүсіпбек пен Мұхтарды жоқ қылу осы күнгі қазақ әдебиетінің бір қолы мен бір аяғын кесіп тастаумен бір»-деген болатын. 1939 жылы М. Әуезов төте жазумен жазған «Абай» трагедиясының кейіпкерлері өмірде болған адамдар, олардың есімдері де сол қалпында алған.



4, 5-сурет. Мұхтар Омарханұл — Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы

Қазақ әдебиеті тарихында жоғары оқу орындарында арнайы «Абайтану» курсдеріс оқу дәстүрі тұңғыш рет 1942 жылы Киров

атындағы Қазақ мемлекеттік университеті қабырғасында жүргізілсе, оны Мұхтар Әуезов бастады. М. Әуезов бұл мәселеге алдын ала ұзақ жылдар бойы ұлы ақын мұрасы жайында ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізді. 1918 жылдан бастап Абай мұрасы жайындағы мақалалары баспасөзде жарияланысымен-ақ оқырмандар назарын өзіне тарта бастады. Бұл, әсіресе, «Абай» журналында редактор болған жылдарында Абай мұрасы туралы мақалалар жазумен бірге ақын шығармаларынан үзінділер де жариялап, оқырман қауымға кең тұрғыдан таныстырып насихаттаумен айналысты.


М.Әуезовтің ғылыми творчестволық өмір жолында жиырма жылға жуық үзіліссіз арнайы курс оқудан келіп туындаған **«Абай Құнанбаев»** — ғылыми монографиясы болса, шығармашылық өміріндегі екінші жетістігі Абай туралы әр түрлі жанр түрінде жазылған көркем туындылары мен **«Абай жолы»** эпопеясында жатты. Өзінің Абай туралы ғылыми творчестволық ізденістері мен жазған ғылыми еңбектерінде осы екі саланы қатар ұстанып, негізгі айтылар ойларының желісін осы тұрғыдан өрбітіп отырған.

М. Әуезов 1924 ж., Семей қаласында өткен әдеби кеште **«Абайдың қазақ әдебиетіндегі тарихи орны»** туралы жасаған баяндамасы кезінде автордың қолында Абайдың ғылыми өмір баянының тұңғыш жазылған нұсқасы, ол қолжазба 1934 ж., тұңғыш рет кешігіп барып жарияланған толық жинағында басылды. Міне, осы кезден бастап **М. Әуезовті әдеби жұртшылық абайтанудың негізін салушы ғалым ретінде тани бастаған кезең басталды.** Абай мұрасын жиырма жылдан астам ұзақ жылдар бойы үзіліссіз зерттеу нәтижесінде қазақ әдебиетінің күрделі саласы ретінде **«Абайтану»** пәні қалыптасып өмірге келді.

3. «АБАЙТАНУ» ҒЫЛЫМЫ ІІІ КЕЗЕҢ 1961 Ж. — ҚАЗІРГІ УАҚЫТЫ АБАЙ — ҰРАСЫН ЗЕРТТЕУ, ДӘРІПТЕУ

XX ғ. 50-ші жылдардан бастап абайтану саласында М. Әуезов Абайдың әдеби мұрасының зерттелу жайы туралы күрделі зерттеу

тақырыбының жандануына түрткі салып, ғылыми тұрғыдан пікір көтерді. Қазақ әдебиетінің зерттелу жағдайында абайтанушы ғалым көтерген бұл аталмыш зерттеу нысанасы Абайдың әдеби мұрасының зерттелу жайы деген тақырыпта зерттеулер жүргізілу қажеттілігі С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев, Е. Смайылов, Ә. Жиреншиндер тарапынан да қолдау таба бастады. М. Әуезов пен Қ. Жұмалиевтің ұсынуымен осы тақырыпта 1965 жылы М. Мырзахметұлы тарапынан «Абай Құнанбаевтың әдеби мұрасының зерттелу жайы» деп аталатын кандидаттық диссертациясы қорғалды.



6, 7-сурет. Абайтанушы Меке–тас Мырзахметұлының 1994 жылы жарыққа шыққан «Абай және шығыс» және «Абайтану таңдамалы еңбектер» XXXV томнан XXI томы

Профессор **Тұрсынбек Кәкішов** қазақ әдебиеті сынының тарихын зерттеуге кірісіп, онда абайтану тарихын жалғастыра зерттеудің нәтижесінде «Оңаша отау» (1982 ж.) монографиясы басылым көрді.

Қазақ әдебиетінің аса қуатты арнасына айналған абайтанудың ғылыми тұрғыдан зерттелу кезеңін үш салаға бөле қараудың қажеттілігі туды:

Бірінші кезеңі абайтанудың алғашқы дәуірі ресми түрде баспасөз бетінде 1889 жылдан басталып 1934 жылмен аяқталады.

Екінші кезеңі 1934 жыл мен 1961 жыл аралығындағы абайтанудың М. Әуезов бастаған соны танымдардың заманымен аяқталады.

Үшінші кезең 1961 жылдан кейінгі Абай мұрасын тереңдей танып зерттеу дәуірімен жалғасады. Яғни ұлы ақын мұрасы жолында абайтану мен абайтанудың тарихы деп аталатын екі ғылыми арнаның пайда болуын көрсетеді.

Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

1. Абайтану саласы қалай қалыптаса бастады?
2. Абай мұрасын зерттеу туралы Алихан Нұрмухамедұлы Бөкейханов қай уақыттарда бастау алды?
3. Алаш азаматтарының Абайға деген ойлары?
4. 1934–1961 жж. М. Әуезовтың Абайды әлемге танытуы?
5. Жалпы Абай өзінің жазған шығармаларында не нәрсені меңзеген?
6. Абай өмір сүрген заманның тарихи-әлеуметтік сипаты?
7. Ж. Аймауытовпен М. Әуезовтің «Абайдың өнері һәм қызметі» атты мақаласы?
8. «Иузи рәушан», «Көзімнің қарасы» және «Жігіт сөзі», «Қыз сөзі», «Қызарып, сұрланып» өлеңдерінің мән-мазмұны мен ерекшеліктері?
9. Абайдың ел ісіне араласу барысында тапқан, ұстанған жолы?
10. «Иузи рәушан», «Көзімнің қарасы» және «Жігіт сөзі», «Қыз сөзі», «Қызарып, сұрланып» өлеңдерінің мән-мазмұны мен ерекшеліктері

Әдебиеттер тізімі:

1. *Оразалиев С.* Абайтану сабақтары. — Шымкент, 2012.
2. *Әуезов М.* Жиырма томдық шығармалар жинағы. Он сегізінші том, зерттеулер мен мақалалар. — Алматы : Жазушы, 1985. — 446 бет.
3. *Мырзахметов М.* Абайтану тарихы. — Алматы : Ана тілі, 1994. — 192 бет.
4. *Мырзахметов М.* Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары. — Алматы : Ғылым, 1982. — 296 бет.
5. *Мырзахметов М.* Абайтану : библиографиялық көрсеткіш. — Алматы : Ғылым, 1988. — 240 бет.

ТАҚЫРЫП № 3.

АБАЙ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ НӘР АЛҒАН РУХАНИ КӨЗДЕРІ. ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРДЫҢ КЛАССИКТЕРМЕН БАЙЛАНЫСЫ

1. Абай өмірі мен мұрасы.
2. Еуропа мәдениетінің Абайға әсері.
3. Абайдың Түркі халықтары ақындарына ықпалы

*Жылдың төрт мезгіліне арналған тамаша жырлары оны
Еуропаның атақты ақындарының қатарына қосар еді.*

(Ә. Бөкейханов)

1. АБАЙ ӨМІРІ МЕН МҰРАСЫ

Ұлы Абай үш бұлақтан нәр алғаны белгілі. Алғашқысы ана сүтімен бойына сіңген қазақ халқының ертеден жинақталып қалыптасқан ауыз әдебиеті үлгілері болса, екіншісі шығыстың рухани қазына көздерінен алған араб, парсы, түркі тілдеріндегі шығыс жұлдыздарының мұралары болатын. Ал, үшінші Абайдың батыстан алған мұраларына байланыстыра ақыл-ой жүйесін, мәдениетін, әдебиетін сараптай отырып өзіндік ой елегінен өткізу арқылы, қазақ қоғамының қажетіне, рухани өсуіне жаратқандығын қарастырамыз. Яғни, а) қазақ елінің рухани ой-қазынасы, ә) мұсылмандық шығыстың рухани қазына көздері, б) батыстық классикалық әдеби-мәдени әлемі. Абайдың туған жерінің, елінің жаратылысы Еуропа мен Азияны, Батыс пен Шығысты жалғастырушы көпір болуы табиғи құбылыс болды. Абай Еуропаны орыс тілі арқылы әлем мәдениетінің үлгілерімен танысқан ақын.

1.1. Абай өмірбаяны

Абайдың бірегей биографы Мұхтар Әуезов. Ол 4 жасынан бастап, Әуез атасымен Абайдың ақын шәкірттерімен тікелей араласып, ақын жайлы дерек мағлұматқа жастай қанып біліп өсуіне тірі архив иелерінің әсері де айтарлықтай болған. Әсіресе, Абайдың ақын шәкірті Көкбай мен Шәкәрімнің Абай өмірі мен жасаған ортасы, ақындық жолдағы рухани ізденістері туралы құнарлы әңгіме деректері жәрдемге келгенін биографтың «...Менің жұмысым жинастыру сияқты. Әуелі оның өмірін зерттедім... Көптеген деректер тобын жинастырдым. Көкбаймен, атаммен, Ділдәмен, ақынның достары, жауларымен жеке-жеке кездестім... Көкбай, Ділдә, Әйгерім, Нұрғаным... оларды көрдім, әңгімелестім» (ЛММА архиві, 398-папкі, 27 бет), - деп тебірене отырып баяндайтыны бар.

Абайдың ғылыми өмірбаянын М. Әуезов 1924, 1940, 1944, 1951 жылдары, яғни төрт рет қайта толықтырып жазған нұсқаларынан оқу арқылы меңгереміз. Бұған қоса ХХ ғасырдың ұлы жазушысы атанған Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясын оқу арқылы да таным нанымдымызды кеңейтіп тереңдете түсеміз.

Абайдың әдеби мұрасын өз деңгейінде тереңірек танып ұғынуымыз үшін, алдымен Абай өмір сүрген, ұлы ақынды қоғам қайраткері етіп қалыптастырған отбасы тәрбиесі мен сол заманның саяси-әлеуметтік болмысын, қоғамдық ортасын жете танып білудің мәні айрықша.

Абайдың өзі ғұмыр кешкен заманы мен оның атасы Өскенбай мен әкесі Құнанбайдың заманын салыстыра қарап, сын көзімен қарағанда көптеген саяси-әлеуметтік мәселелердің астарлы сыры ашыла түседі.

Абайдың атасы Өскенбай Ырғызбайұлы (1773–1850) тобықты руының атақты биі болған. Өскенбай заманы тәуелсіз қазақ хандығы мен Ресей империясының отаршылдық заманында өмір сүрген. Құнанбай әкесі Өскенбайға 1851 жылы ас бергенде 6 жасар Абай әжесімен бірге сол асқа барған еді. Бала Абай жастайынан атасы

Өскенбай заманын, онда болып өткен түрлі оқиғалар мен ру таласын, саяси-әлеуметтік мәселелерді сезініп өссе, олар жайлы тарихи әңгімелерді ел аузынан естіп, көкірегіне түйіп өсті. Өйткені ол заман әлі де болса қазақтың көшпелі өмірі мен әдет-ғұрпын, ұлттық салт-санасы, дүниетанымы сол қаз-қалпында сақталып, өзгеріссіз тұрған кезең еді.



8-сурет. Абайдың әкесі Құнанбай жанында анасы Ұлжан

Өскенбай заманында-ақ біртұтас қазақ халқын отаршылдар үш жікке бөліп ажыратып жіберген кезең туған еді. Ресей патшалығы Кіші жүз қазақтарын Орынборға қаратып, ел билеу жүйесінің негізін сұлтан правительдерге билетіп, билік басына тек қана төрелерді көтеріп жатты. Өйткені олар патша билігіне адал беріле қызмет етті. Олар саяси жағынан сенімді әлеуметтік топ болды.

Орта жүзде биліктің аға сұлтандық түрі орнықты. Әуелі аға сұлтандарды төрелерден қойғанымен оларды Кенесары көтерілісінен 1837–1847 кейін саяси жағынан сенімнен ажыралуы себепті, аға сұлтандыққа дала қазақтары келе бастады. Құнанбайдың аға сұлтан болуына да осы жағдай себеп болғандықтан қара халық Құнанбайды «Қарадан шығып хан болған, айырдан шығып нар болған» деп

мадақтауында мән-мағына бар еді. Билік жүйесінде сұлтан правитель мен аға сұлтандық билік отаршылдық саясатты жүзеге асыруы себепті оларды «ұзын арқан кең тұсау» саясаты шеңберінде ұстап келді.

Ал, Ұлы жүзді Қоқан хандығы отарлап, бұл өлкеде ел билеу жүйесін де билік етуге ру (тайпа) өкілдері қойылды. Үш өлкеде үш түрлі жағдай қалыптасты. Осы өзіндік қайталанбас саяси-әлеуметтік ерекшелігі бар жағдай әдебиетте өз көрінісін беріп жатты. Мысалы, сұлтан-правительдер билігіне қарсы Махамбет бастаған ақындар тобы шықса, аға сұлтандық биліктің өз халқына қарсы сатқындық әрекетін Дулат бастаған ақындар тобы әшкерелеп жатты. Поэзияда тұңғыш рет сұлтан правительдер мен аға сұлтан образы жасалуы арқылы әдебиетте антиколониялық қуатты сарын дүниеге келді. Ал оңтүстік өлкеде датқалар образы жасалып, олардың сатқындық қылығын Сүйінбай бастаған айтыс ақындары шаңын қағып жатты.

1867 жылы Ресей патшалығы бүкіл Түркістан халқы жайлаған ұлан байтақ өлкені толық жаулап, Қытаймен екі арадағы шекараны бекітіп алған соң, ел билеу жүйесіндегі «ұзын арқан кең тұсау» саясатын өзгертіп, бүкіл түрік халықтары жайлаған жердегі ел билеу жүйесін патшалық ел билеу жүйесіне сәйкес ел билеудің территориялық принципін негізделген «жабайыларды жабайылардың қолымен тұншықтыру» саясатын ұстанды. Енді қазақ арасындағы билік қазақтардың ауылдық болыстық билік шеңберінен аспайтын, одан жоғары билік сатысына бірде бір қазақ атқамінерлерінің қолы жетпейтін принцип ұстанды. Үкімет қазақ халқының рухани әлеміне де қол сұғып, миссионерлік саясатын ашық жүргізе бастауы болыстық билік тұсында күшейді.

Міне, ұлы ақын Абайдың 13 жастан өмірінің соңғы күніне дейінгі өмір жолы аға сұлтандық билік жүйесінің соңы мен елді ала тайдай бүлдірген болыстық биліктің заманында өтіп жатты. Сондықтан да Құнанбайды терең танып білмейінше, Абайды жете танып білудің өзі қиынға соқпақ. Құнанбай Абайды 13 жасынан бастап ел билеу жұмысына баулып, ел өмірімен, халықтың тұрмыс

болмысымен мидай араластырып жіберді. Абай осы ортада ер жетіп, отбасы тәрбиесі мен халық өмірін танып білу жолы мен қалыптаса бастады.




9, 10-сурет. Қазақ жерлерін — христиан миссионерлермен отарлау саясатының зардабы әскерлер мен миссионерлердің келуі

1.2. Әдеби ортасы

Осы кезден бастап қазақы ортада Абайдың алғашқы әдеби ортасының қалыптасу жолындағы рухани құбылысын байқалды. Ел

билеу жолындағы әкесінің тапсырмаларын орындай жүріп, елдің әдет-ғұрып, салт-дәстүрі мен әңгімешіл қарттарымен сырласа жүріп, халқының рухани қазынасына байыды. Аты шыққан замандас ақындары Дулат, Шортанбай, Шөже, Балта, Тәттімбет, Қазақбай, Жанақ, Түбек, Біржан, т.б. ақындардың алдын көріп, Сабырбай ақынмен сыр шертіп сырласуы Абайдың әдеби ортасының алғашқы бастау көздеріне жатпақ. Осы ортада жүріп, өзінің тұңғыш ақындық талпынысы Абайдағы бойына біткен ақындық өнердің бүр жара бастаған кезеңін оның бозбала шағындағы экспроматты өлеңдері мен құрбыларымен сөз қағыстыру өнеріне төселе түскен қалпын танылады. Бала Абайдың атақты Барластың (Дулат) ақындық жырын тыңдап, рухани жан дүниесі әсерге бөленуінен Дулаттың «Айтушым судай төгілген, Тыңдаушым бордай егілген» тыңдаушысы жас Абайға бата береді. Байкөкше ақыннан ақындық шабыттың келу сырын ұғынса, айтыс ақындары өнерінен сөз кестесін тоқудағы ақындық психологиялық шеберліктің тылсым сырын сезініп толыса түседі.



11-сурет. Абайдың әдеби ортасының алғашқы бастау көздерін ашқан XIX ғасырдың ақын, жыршылар

Медреседе оқыған жылдары мен әкесінің ел билеу жұмыстарымен айналысқан бозбала Абай жігіттік шағында Шығыстың классик ақындарын оқып, ақындық рухани қазынасы да күн асқан сайын нәрленіп қорлана береді. Ауыл кәриелерінен, ел ақсақалдарынан да әңгіме үстінде шешен, тапқыр сөйлеудің сырын танып, сөз өнерінің тыңдаушыға әсер ету қуатынан сабақ алып, көркем сөздің қоғамдық ойдағы алар орнына мән бере бастайды. Бұлардың бәрі де Абай мұрасының рухани көздері немесе өзгеден алған рухани нәрлеріне жатады.

Абайдың Шығыс пен Батыстан яғни екі жақтан алған рухани бұйым белгілері де Абайдың әдеби ортасына жатады. Осы екі салаға қоса Абайдың қазақи қалпын танып білмейінше, кетпен тұяқ кеменгер ақынның ұлттық, халықтық, ақындық өнер болмысындағы ерекшелігін танып біле алмаймыз. Өйткені Абайдың өзі күнделікті іздену үстінде нәр тартып, тікелей араласқан, танысып біліскен, шығармаларымен бала жастан қанығып, жаттап өскен әдеби ортасы абайтану саласында айрықша мәнге ие болды. Абай араласқан қазақи әдеби ортасының аумағы Түбек ақынның Алатауды жайлаған Сүйінбай, Жамбылдармен айтысып жүруі әдеби ортаның географиялық кең өрісін де кеңейтті. Абайдың әдеби ортасының екінші басқышы Абайдың «өзгеге берген нәрі» немесе оның ақындық дәстүрі деген ұғымды қамтиды. Бұл ұғым 1934 жылдан бастап бермен қарай «Абайдың ақындық мектебі» деген мәселені кең тұрғыдан сөз етіліп, осы саладағы ғылыми зерттеу жұмыстарының мазмұнымен анықталады. Абайдың ақындық дәстүрін дамыта жалғастырушылар, алдымен, Абайдың ақын шәкірттері деп аталатын Ақылбай, Мағауия, Көкбай, Шәкәрім, Әріп, Әсет т.б. ақындар шығармалары арқылы әдебиет көшінің басы қазақи, тарихи, философиялық лирикадан батысқа бұрылып, реалистік, романтикалық сюжетті поэмалар пайда болды. Шәкірт ақындары Абайдың ақындық дәстүрін жалғастыра дамытудың үстіне Абай мұрасының ел ішіне таралып, танылуы жағынан да насихатшысы болған. Олар Абай мұрасын жатқа алып, әнге қосып айтумен бірге Абай өлеңдерін қолмен көшіріп, ел ішіне

жайылуына қызу атсалысқан әрекетін көреміз. Абайдың ақындық мектебін М. Әуезов кең мағынада алып қарастырғанда, Абайдың ақын шәкірттерінен кейін қазақ әдебиетінің ХХ ғасыр басындағы ояну дәуіріндегі әдебиет өкілдерін меңзейді. Бұлар — С. Дөнентаев, С. Тор-йғыров, М.Жұмабаев, т.б. ақындар.

Абай дүниеден өткен соң әдебиет майданына келген ақындардың талантты тобын Абайдың ақындық дәстүрін дамытушылар деп танымыз.

2. ЕУРОПА МӘДЕНИЕТІНІҢ АБАЙҒА ӘСЕРІ

2.1. Абай мұрасы және кітапханасы

Батыс мәдениеті мен Шығыс мәдениетіне қатысын айрықша екшеп талдауында: «...Абайда Батыстан кірген белгіден гөрі Шығыс белгісі басымырақ, нығырақ. Батысқа келгенде ол арқасын шығысқа, ақылмен қорытып алған мұсылмандыққа нық тіреп алып келеді» дейтін терең ғылыми ой байламын береді. Осылайша ғылыми тұрғыдан сарапталған ой байламдары 1938 жыл мен 1961 жылдар аралығында табиғи бастапқы қалпы бұзылып өзгеріске түсті. Оның себебі 1938 жылы БК (Б) П ОҚ барлық жерде орыс тілін міндетті түрде оқыту қаулысы мен 1945 жылы ҰОС аяқталуына байланысты И. Сталиннің орыс халқының ролі туралы сөз сөйлеуі және КПСС ОК 1949 жылы космополитизм туралы саяси-идеологиялық мақсат көздеген қаулысына байланысты болды. Кеңестік тоталитарлық идеологияның саяси-идеологиялық талабы қоғамдық ғылымдар мен әдебиет, өнер саласында батыс пен шығысқа бас июшілерді яғни космополиттерді талқандау науқаны қатты қарқынмен жүргізілді. Барлық Одақтас республикаларда мыңдаған көрнекті әдебиет пен өнер қайраткерлері жазаланып, қуғындалып жатты, аяусыз жазаланып қуғындауға ұшырады. Абай мұрасының рухани нәр алған бір саласы яғни Абай мұрасының Шығысқа қатысы түгелдей терістеліп жатты. Мұны профессор Қ. Бейсембиевтің

«Мировоззрение Абая Кунанбаева» (1956 г.) деп аталатын монографиясында ашық көрініс берді. Абай мұрасының рухани нәр алған өнікті рухани бұлақ көздері қазақ халқының рухани ой-қазынасы мен мұсылмандық рухани әлемі мүлде ғылыми зерттеу нысанасынан тыс қалды. Яғни Абай мұрасының шығысқа қатысы 1963-ші жылға дейін зерттеу нысанасына алынбай қозғаусыз жатты. Кеңестік дәуірде Абай мұрасының шығыстық ой-қазынасына қарым-қатынасы абайтану саласындағы 1963-ші жылдан бастап там-тұмдап ғылыми зерттеу нысанасына алынып, алғаш рет қозғалысқа түсе бастады. Тек 1965 жылы М.Мырзахметұлы «Абайдың әдеби мұрасының зерттелу жайы» деген тақырыпқа кандидаттық диссертациясы қорғады, 1994 жылы «Абайтану тарихы» монографиясы басылды, 1982 жылы «Ғылым» баспасынан жарияланған «Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары» атты ғылыми зерттеу монографиясы жарияланды.

Қазақ әдебиетін зерттелу саласында айрықша мол зерттелген арнасы Абайдың әдеби мұрасы молынан рухани нәр тартқан саласы – мұсылмандық шығыстың немесе Абай мұрасының шығысқа қарым-қатынасын айқындауда аса күрделі де қиын арна. Абай орыс класиктерінен жасаған аудармаларына жанама түрде болса да, мол дерек көздерін таба аламыз.



12-сурет. Абай Семей қаласындағы кітапханада. Миниатюра

«Ғылымды іздеп, дүниені көздеп, екі жаққа үнілдім» деген Абайдың Шығыстың рухани әлеміне бойлай енуінің сырын танып, мәнін білу жолындағы іс-қимылы жайында сөз еткенде, осы ұрымтал мәселенің яғни Абайдың ақындық кітапханасының сыры мен көлеміне сүйенбей Абайдың Шығыстық рухани қазынасына қарым-қатынасын ашып, танып білу мүмкіндік бар. Абай дүниетанымы жайлы соңғы жылдардағы нысанасыз ғылыми зерттеу еңбектері осы кемшілікті нақтылы түрде көрсетіп отыр (Д. Омаров, Т. Жұртбаев, Қ. Жүкешов еңбектері).

Абайдың ақындық кітапханасының көлемі мен жайы туралы мәселені пайдалану үшін екі түрлі әдіс-тәсілді қолдану жөн деп білеміз:

а) Абайдың өз шығармаларында арнайы сілтеме жасай отырып беретін ең сенімді дерек көздері — кейбір туынды нанымдары мен кісі аттары болып табылады. Осылар арқылы ең сенімді дерек көздеріне молығып, көп мәселенің сырын ашып, мәнін білуге бастап отырады. Мысал ретінде алар болсақ, Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде: «Мұны жазған білген құл — Ғұламаһи Дауани...» деген өлең жолындағы Ғұламаһи Дауани — ирандық ғұлама ғалым Мұқаммед ибн Асат Жалаладдин ад Дауанидың (1427–1501) лақап аты екенін кешігіп барып біліп отырмыз. Ғұламаһи Дауани жазған «Жалали этикасы» еңбегін Абай оқып пайдаланған, айта берсек, бұл дерек көздері Гиессаддин Хондамирдің «Жақсылықтар» («Макорым-ул-ахлақ») атты шығармасында атап өтетіні бар. Парсы тілін өзінше оқып меңгерген жас ғалым С. Оразалиев Абай мен Ғұламаһи Дауани арасындағы шығармашылық байланысты ашу, танып білу арқылы «Абай — Дауани» деген монографиясында мол деректер көзімен таныстырды.

Абайдың толық адам ілімімен тікелей ұштасып 1069 жылы Шу өзені бойында жазылған Жүсіп Хас Хаджиптің атақты «Құтадығу білік» дастанындағы жәуанмәртлік ілімінің төрт негізіне айналған аталы ұғымдарға бастайды.

Жәуанмәртлік ілімінің жұрт таныған төрт түрлі негізі (әділет, ақыл, дәулет, қанағат) дастандағы басты төрт кейіпкер: Күнтуды (әділет), Айтолды (дәулет немесе қайрат), Өзғырмыш (ақыл), Одғұрмыш (қанағат) арқылы баяндалып суреттелуі бізді тағы да Абайда айтылған «жәуанмәртлік» ілімімен ұштастырумен бірге Абайдағы «Толық адам» ілімі мен Шәкәрімде «Ар» ғылымымен бізді тікелей байланысқа алып келеді.

Абай мұрасындағы кейбір жанама түрде айтылса да, олардың түп төркіні Ибн Халдуның «Әл-Мухтидия» (кіріспе), Хусаин Воиз-Кашафидың «Музкин этикасы», Әл-Фарабидың «Ізгі қала тұрғындары», Наршаһидың «Бұхара тарихы», Ясауидың шығармаларындағы «Хал ілімі» жазған өлең теориясы мен терең танысуға болады. Міне, осы әдіс-тәсіл арқылы Абайдың ақындық кітапханасының көлемін зерттеу, іздену ғылыми талдау арқылы жыл өткен сайын толықтыра берілмек;

ә) «Орыстың ғылымы, өнері — дүниенің кілті» екендігіне көзі жетіп мәдениетін, әдебиетін меңгеруі, туған халқының өркениетіне білім-ғылымның қадір-қасиетін арттыруға сара жол ашты.

Балаң жас Абай Семейге келген бойда-ақ кітапхана қорын бірнеше рет шәкірт көзімен ақтарып шықты. Ұлы Абай кемелденген шағы 40 жасында Семей кітапханасының тұрақты оқырманы болып: америкалық К.И. Льюистің, француз И. Тэннің, және ағылшын философтары Д.С. Милльдің, Г. Спенсердің, Э.Б. (Тайлор) Тэйлордың, Ч.Р. Дарвиннің, Т.Г. Гекслидің шығармаларымен танысқан. Осы көріністі жіті бақылаған солтүстік америкалық саяхатшы жазушы, көсем сөз зергері, зерттеуші Джордж Кеннан (1845–1924) естеліктерінде 1865–1868 жылдары орыс-американ телеграф қоғамының тапсырмасымен Сібір өңірі (Беринг бұғазына дейін) мен Ертіс бойы және Қап тауында болған. Семейге 1885 жылы қыс айларында келген Кеннан, Абаймен кітапханада кездеседі. Кеннан өзінің «Сібір және жер аудару» (1890–1891) (орыс тілінде 1906) атты кітабында қазақ жеріне айдалған Ресей азаттық қозғалысы қайраткерлеріне қарсылық танытқан билік, әрекеттің барлығын жер

аудару тәсілдерімен тұншықтырып отырғандығы, саяси сүргіндермен кездесулерінде сотсыз, тергеусіз жіберілген азаттық қозғалысының қайраткерлерімен жүздескендігі айтылған. Осы еңбекте Абай туралы құнды деректер келтіреді.

Абайдың кемелденген шағы «Еуропаны коммунизм елесі» кезіп жүрген Ресейдегі алғашқы төңкерісіне дайындық кезең болатын. Аса қауіп күткен патшалы билік, көзі ашық көкірегі ояу өзіндік жаңашыл ұстанымы бар азаматтарын «халық еркі» ұйымын құрғаны, «Жас ұрпаққа» атты үндеуді таратқаны, студенттік толқуларды ұйымдастырып қатысқаны, «жасырын ұйым құрушылар» деген аттарды жауып, қысқасы қит етсе төндіріп Қап тауы етектеріне, Сібірге және қазақ сахарасына жер аударып отырды.

Еуропаға алғаш рет Абайды танытқан осы Джордж Кеннан: «Семейде Д.С. Милль мен Дрэперді оқуға қабілетті қырғыз (қазақ) барын көрдім - дей келіп, - Бірінші рет кездескенімізде ол менен индукция мен дедукцияның айырмашылығын түсіндіруді өтінуімен таң қалдырды» деген болатын.

Индукция мен дедукция – философиялық ұғым б.д.д. IV ғасырда өмір сүрген ежелгі грек философы Аристотельдің «Аналитикасында» баяндалған. Оның негізгі идеялық тұжырымы танымның ақиқаттылығы, танымдық тәсілдер мен әдістердің дұрыс жүйесін қалыптастыру. Индукция — ойлау арқылы арманға, жекеден жалпыға, белгіліден белгісізге қарай бағыттау әдісі. Дедукция ұғымы — жалпыдан жекеге, жекені жалпыдан бөліп шығарудың тәсілі. Ұлы Абай бұл категорияларды босқа сұрамағаны белгілі шығармаларында шындықтың даму заңдылықтарын логикалық тұрғыда ой қорытудың ұстанымы деп белгілеген.

XIX ғасырдың 80-жылдарында патша өкіметі үшін Семей, азаттық үшін-күрескен ел елеулілері жер аударылатын орынға айналғанын: Ф.М. Достоевский, П.П. Семенов-Тянь-Шанский — Г.Н. Потанин, Н.М. Пржевальский, А. Гумбольдт, П.С. Паллас т.б. айтулы қоғам қайраткерлері қазақ сахарасында болғандығын тарих растайды. Қазақстанда жаңа дәуірге бейімделген ағарту-мәдениет

орындарын ұйымдастыруға атсалысқан да осы саяси жер аударылғандар еді. Қазақтың біртуар ойшылдары Шоқан мен Абай осында көрнекті өкілдерімен таныстығы достыққа ұласқан қасиетті жер Семей елді мекені болатын.

Жергілікті судья П.Е. Маковецкий Семейге жер аударылып келгендерге қазақтарды толық үйреніп шығу жолында салт-дәстүр заңдылық құқығын зерттеуді поляк С.С. Гросс пен орыс А.Л. Блектерге алғаш бағыт берді. Олар ел аралап зерттеу жүргізу барысында Абайдың көп көмегі тиген болатын. Мәселен, Гросс Абай ауылын аралап көптеген құнды деректер жинап Абаймен кеңесіп отырған. М. Әуезов Абайдың озық ойлы көзқарастары қалыптасуына зор ықпалын тигізген адамдардың бірі ретінде Блек пен Гроссты ерекше атайды. Олар заң маманы ретінде 1886 жылы «Қырғыздардың заң жөніндегі әдет-ғұрыптарын үйренуге арналған материалдар» деген кітап шығарған. Кітапта Абай туралы оң пікірлер барлығымен құнды.

1876–1878 жылдары Қоңыр-Көкше еліне Абай болыс болады. Ар жолындағы Абай ел ішінде әділдік таразысын тең ұстап, қорғансыздарға пана болуға тырысты. Ұрлық жасағандарды ашықтан-ашық әшкере етті. Бір топ шонжарлар ақын үстінен «Абай барымта алды, ауыл шауып, әйел қорлады» деген жала, судья П.В. Маковецкий тарапынан расталмай Абай ақталып шықты.

Михаэлис Евгений Петрович (1841–1913) Абаймен 1870 жылдары Семей кітапханасында танысады. Михаэлиспен достасуы ақынның дүниеге көзқарасының қалыптасуына өте көп әсері болды. М. Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясында Михаэлисті Михайлов деген кейіпкер арқылы бейнелейді. Михаэлис Абайды Еуропаның саяси дамуымен, мәдениетімен, сонымен қатар Ресейдің ішкі саяси жағдайын, орыс әдебиетінің озық ойлы өкілдерінің шығармаларымен таныстырды.

Е.П. Михаэлис Абай ауылында жазда қонақта болып, қыста хат жазысып тұрған. Сібірден мерзімі жетпей қашқан саяси тұтқындар отанына оралар жолда Абай ауылында тынығып, әлденіп, барлау

жасап барып жолға шығатын болған. Абайдың болыс болған жылдарында ауыл тұрғыны Үзікбай Бөрібаевтың «Таймаккөл» деген жерімді Абай тартып алды» деген жалған арыз бойынша тергеуде жүргенде Е.П. Михаэлистің көмегімен шешілген.

М.Е. Салтыков-Щедрин (1826–1889) орыстың сатирик қаламгері. Ұлы Абайдың Салтыков-Щедрин шығармашылығымен таныс екендігін «Интернатта оқып жүр» өлеңінде:

Ойында жоқ бірінің
Салтыков пен Толстой,
Я тілмаш, я адвокат
Болсам деген бәрінде ой.

Ақын қазақ жастарының оқып, білім алып, пайдалы, әлеуметтік іспен айналыспай, жұрт үстінен пайдаланып босқа сабылып жүрмекке табылатынына өкінішпен қарайды. Салтыковтай сөз зергерлерін еліне таныстыру жолында, одан үлгі алуға жастарды шақырған.

Салтыков-Щедриннің сатирасы Абайдың «Болыс болдым мінеки», «Мәз болады болысын» өлеңдерінде айнымай сақталған деп айта аламыз. Салтыков-Щедриннің патша шенеуніктерін әшкерелеу тәсілін, олардың екіжүлігін, сыбайластыққа бейім тұратындығын осы өлеңнен көруге болады. М.Е. Салтыков-Щедрин шенеуніктер мен помещиктердің типтік бейнесін жасаса, қазақ ақыны сахарадағы ел басқарып жүрген дөкейлердің дөң мінездерін әжуалайды.

Семей кітапханасында жүрген Абай Еуропаның Гете, Байрон, Шекспир, Гейне, Шиллер, Мицкевич, сияқты ақындарымен, Бальзак, Дюма сынды жазушыларымен, Спенсер, Спиноза, Декарт, Милль, Льюис, Дарвин, Дреперлердің еңбектерімен танысты. Есімі аталған әлем жұртшылығына белгілі классиктердің кейбір өлеңдерін Абай Құнанбайұлы алғаш рет қазақ тіліне аударды. «Ақынның достарының айтуы бойынша Абай Батыс философиясымен де қызыққан көрінеді мысалы, Спиноза мен Спенсерді оқығаны, Дарвин жайын сұрастырғаны мәлім» деген болатыны М. Әуезов.

Немістің ұлы классик ақыны, драматургі, ағартушы И.Ф. Шиллердің (1759–1805) шығарамларымен Жуковский, Тютчев, Фет және Лермонтов аудармалары арқылы таныс болған Абай, Лермонтовтың «Дитя в люльке» атты аудармасын Абай «Кең жайлау — жалғыз бесік жас балаға» деп, өлеңнің түпкі мағынасын сақтай отырып, қазақтың ұғымына сай «кең жайлауға» алып шығып еркін аударма жасаған.

Немістің Ұлы ақыны, драматургі, жазушы, философы И.В. Гетенің «Бақташының түнгі әні» өлеңін Лермонтовтың «Горные вершины» аудармасы арқылы Абай «Қараңғы түнде тау қалқып» атты өлеңіне ән жазып қазақ даласыда қалықтатты.

Ағылшынның ұлы ақыны — Г. Байронмен (1788–1824) Абай Лермонтов арқылы таныса отырып, «Еврей сазы», Лермонтовта «Еврейская мелодия», ал, Абайда «Көңлім менің қараңғы» деп аталады. Абай ұлттық езгіні, халықтың қайғысын, ішкі сезімін қиналғандарға сүйеніш идеясымен байланыстырған. Қазақ халқының отарлық езгі басқан салмақты бостандық таңы серпілтер деген сенімді елес бейнеленген.

Поляктың ұлы ақыны А. Мицкевичтің (1798–1855) «В альбом С.Б.» атты өлеңін «Тұтқындағы поляк жандаралының сөзі» деген тақырып қойып «Дүрілдеген найзағай» деп басталатын өлеңін Абай мағынасын сақтап еркін аударма жасаған. Төңкерісшіл ақынның туындысын шығыста алғаш аударған Абай ХІХ ғасырда қазақ жұртшылығына танытты. «Тұтқындағы поляк жандаралының сөзі» бұл бір өлең емес бірнеше өлеңдерді Абай аударып осылай жалпы тақырып қойған сияқты, алайда ол бізге жетпегені болуы да мүмкін. Қазақ ақынының поляк тілін білетіні жөнінде дерек жоқ, орыс ақындарының қай аудармасын пайдаланғаны да белгісіз.

«Абай орыс жазушыларының әсіресе Белинскийдің, Пушкиннің, Лермонтовтың, Толстойдың, Салтыков-Щедриннің шығармаларын оқып, реалистік өмір шындығын жаңаша жырлауды үйренді» - деген болатын абайтанушы ғалым Ә. Жиреншин. Орыс ақындары Пушкин,

Лермонтовтың өлеңдерін, Крыловтың мысалдарын аударып, қазақ халқына Еуропаның озық мәдениетін ұсынды.

Ұлы ақын тілдерден екінші тілге аударудағы мақсаты, шығармалардың түпкі маңызын жоймай, өз елінің талғам таразысын ескерген халде халықтық ұғымға сай етіп аудару. Пушкиннің «Евгений Онегин» қазақ сахарасының төл туындысы, Татьяна қазақтың қара домалақ қызындай әсер қалдыратыны, Татьянаның хаты қазақ жастары арасында ән болып шалқығанынан байқуға болады.

Крыловтың «Бұлбұл мен есек», «Жарлы мен бай», «Шегіртке мен құмырсқа» т.б. көптеген мысалдарын өз тілінде Абайдан естіді. Лермонтовтың «Теректің сыйы», «Желкен», «Қайтсе жеңіл болады жұрт билемек», «Күлімсіреп аспан тұр» мұндай тізімді тізе беруге болар еді. Абайдың сүйікті ақыны Лермонтовтан көп аударған, жоғарыда айтқанымыздай Еуропаның классик ақындарының өлеңдерінің басым көпшілігін осы Лермонтов арқылы қазақшалады. Абайдың аудармашылық шеберлігін жан-жақты зерттеген академик ғалым, З. Ахметов «Абай және Лермонтов» атты монографиясында түбегейлі талданған.

Орыстың көрнекті жазушысы, ақын (тегі литван) И.А. Буниннің (1870–1953) бірнеше прозалық шығармаларымен таныс Абай 1893 жылдары «Не пугай меня грозой» атты өлеңін «Қорқытпа мені дауылдан» деген атпен мазмұндай еркін аударма жасаған. Абайдан кейін ақын Ғ. Қайырбеков Буниннің көптеген өлеңдерін қазақ тіліне аударды. Бунин большевиктер билігін мойындамай 1920 жылы Ресейден Францияға қоныс аударып сонда дүние салғандығы тарихтан белгілі.

Абайдың 37-қара сөзінде елі үшін қандай қиындықтан болса да бас тартпаған ержүрек француз қызы Жанна Д, Аркті (1412–1431) «Оны отқа жаққан кім?» - деп сұрақ қойып, ұлы ақынның өзі «Ол — көп, ендеше көпте ақыл жоқ» деп жауап береді. Ағылшын басқыншылығымен 100 жылдық азаттық күресін басқарған Жанна Д, Аркті жау 19 жасында өртеп жібергенін білеміз.

Ұлы ақын өзінің шығармашылық кемеліне шыққан кезде орыс әдебиеті арқылы батыс әдебиетімен сусындап, оны қазақ жұртшылығына таныстыруда басқа аудармашылардан ерекше дараланып тұратын тұстарына тоқталдық. Кеңес дәуірін-е түбегейлі зерттелген Абайдың Еуропамен ара қатынасы туралы біршама айттық. Абай қазақ даласына жаңа өркениеттің келе жатқанын ақындық сезімталдықпен ерте болжам жасағанына, тағы да бір көз жеткізу мақсатымыз болатын және сахарада жүрген Абай аударма мәдениетінің ең жоғарғы үлгісін ұсынғанын айтқымыз келді.

*Абайды таныту арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз.
(Н. Назарбаев)*

3. АБАЙДЫҢ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ АҚЫНДАРЫНА ЫҚПАЛЫ

Түбі бір түркі халықтарының ежелден-ақ рухани қазна көздеріндегі ортақтастық тілі мен әдебиеті, мәдениеті мен тарихы және салт дәстүр, тұрмыс тіршілігінен көруге болады.

Б.д.д. IV–II ғасырларда пайда болған «Авеста» төл шығармамыз екендігі анықталып отыр. Бұл кітапты айтып отырудағы мақсатымыз, түркі халықтарының руханият дүниесімен тікелей байланыстылығында жатыр.

Түркі тілдес халықтарда ортақ фольклорлық мұралар олардың шығу тегі бір-бірлерімен жақын халықтар арасындағы тарихи байланыстары батырлық дастандардан «Көроғлы», «Нарт», «Олонхо», «Манас», «Ноғайлы жырлары», «Алпамыс», «Қозы Көрпеш Баян Сұлу» т.б. жырлары бірқатар түркі халықтарында бірнеше нұсқаларда жырланып жүр.

Түркі тілдес халықтарының эпикалық шығармаларының көпшілігі әр түрлі тілді айтылғанымен олардың мазмұны бір болып келеді. «Алпамыс» «Көроғлы», «Едіге» батырлық дастандарда «Қорқыт ата» жырындағы 12 жырдың сюжеттері бар екендігі белгілі. VIII–IX ғасырлардағы парсы тілі түркі халқының дамуына үлкен

тоқырау заманын алып келді. Түркі тілінде жазу ғана емес сөйлеуге тыйым салынды, бұл қоғамды әзірбайжанның классик ақыны Низами «зындан» деп атаған болатын. Сол кезде Низами Ганжауидің «Хамсасын» түркі тілінде жазуы батыл ерлігі еді.

Әзірбайжандар үшін Абай тосын емес. Абай өзінің «Ескендір» дастанын жазарда сюжетті Низамидің «Ескендір-намасынан» алғандығын байқау қиын емес Низамиде Ескендір алыс жерде зәмзәм суына (тіршілік суы) тап болса, Абайдың «Ескендір» дастанында осы көріністі шындыққа жақындата, сулы жерде ел боларын біліп өрлей жүрген Ескендір бір қорғанға кезігеді. Низамиде асыл тас, Абайда адамның қаңқа бас сүйегін алдырады. Шығыс шайырларында Ескендір көп жырланды, Абай оның бір қатарын оқығанмен Низамидің нұсқасын тәрбиелік мәніне қарай тандаған.

Әзірбайжан мен қазақ халықтарының қаламгерлер арасындағы байланыстарының ауқымы кең екендігі 1970 жылы *Навруз Ганджали* Абайдың «Ескендірін», *Ғысым Тасымзаде* «Масғұтын», *Алекпер Зиятай* «Әзімнің әңгімесін». *Әзірбайжан тіліне аударды. Профессор А.А. Гаджиев «Советтік шығыс әдебиетіндегі реализм» атты кітабында: «Абай шығармаларының поэтикалық қызметін, азартыушылық реализмді қалыптастырды» деп жоғары баға қояды. Абай өлеңдерін Әзірбайжанның бірнеше ақындары аударды.*



13-сурет. Ескендір (Александр Македонский)

Түрік (Түркия) халқымен мәдени байланысы даңғыл жолдың ашылуы әдебиетте де жемісін берді. Шынжаңда туылып, Түркияда қызмет етіп жүрген аудармашы филология ғылымының докторы, профессор қандасымыз *Зеинеш Ысмайлов 1995 жылы Абай өлеңдері мен қара сөздерінің жинаған Әли Аббас Шынармен (түрік ғалымы) бірге түрік тіліне аударып бастырып шығарды. 1996 жылы Жамбылдың өлеңдерімен М. Әуезовтің 100 жылдығына орай «Абай жолы» эпопеясының аударды.*

Өзбек пен қазақ халықтары іргелес жатқандықтан мәдени, әдеби ортасы бір болып тарих танымды да бүгінгі күні өз жемісін беріп отыр деп ойлаймыз. *Абайға етене жақын заманы алыс болса да Алишер Науаимен бір ұстанымда шығармалар жазды. Өзінің;*


Физули, Шамси, Сайхали,
Науаи, Сағди, Фердауси,
Қожа Хафиз бу хаммаси
Мәдени бер, шағри фариад.

өлеңінде Науаиды жеті жұлдыздардың бірі ретінде санамалап өтуі көп нәрсені аңғартса керек. Әлішер Науаидың ғазалдары да, дастандары да Абайдың терең тексеріп оқыған шығармалары екендігінде дау жоқ. Абай «Әлифби» өлеңінде араб әріпінің сұлу иірімдерімен белгісіз бойжеткеннің бейнесін суреттейді. Абай бұл өлеңінде алфавиттік жүйе сақтаған болса, Науаида алфавиттік ретті әр тармақтың соңынан шығарады. Қос шайыр да өлеңдерін аяқтай келе арабтың әріпінен басқа асты-үсті (забар, зир) белгілерді қыздың көркіне теңеп әсерелей. Науаи:

Таңғажайып перизатым,
Нұр жүзінде қап — қара мең.
Ақ қағазға жазған хатқа
Қол қойған ноқатпен тең, - десе,

Абай өзінің «Әліпби» өлеңінде: «Мәт» — қасың, «тәштит» — кірпік, «сөкін» — көзің дей келе, сұлу қыздың көркін араб әріпіндегі астылы — үстілі белгілерімен асыл сөздің құдіретімен сызған.

Абай өлеңдерімен поэмаларын өзбек оқырмандарына таныстыруда Міртемір (1910–1978) ерекше еңбек етті. Алғаш 1945 жылы «Абай өлеңдері» атты жинағын жарыққа шығарды. Бұл өзбек тіліндегі жинаққа Абайдың 33 өлеңімен «Масғұт» (өзбек ақыны Ұйғынмен бірге) дастанын аударып бастырады.



14-сурет. Масғұт поэмасына миниатюра

Қазақ — қарақалпақ тілдері түркі тілдес халықтардың ішіндегі ең жақын тілдердің бірі. Тек тілі ғана емес руханият жазба жәдігерлері жағынан да, ауыз әдебиеті үлгілеріндегі кейіпкерлердің бір болып келуі, жырлау дәстүрлерінің ұқсастығы да сөзімізге дәлел бола алады. Екі халықта да айтыс, терме, күй жанрларының бүгінге дейін өз мінін жоғалтпай келуі етене жақын екендігін көрсетсе керек — Мысалы: *Қарақалпақтың «Қырық қыз» эпикалық дастанындағы батыр қыз бейнесі Гүлайымның Түркістаннан шығуы, Хорезімнің батыры Арыстанға гашық болуы Шыршық өзенінің аталуы халықтар арасындағы байланыстарын білдірсе керек. Екінші бір дастан «Мақпал» жырында Сырдың бойында мекендеген Мақпал*

есімді қызға Сегіз деген жігіт зашық болып қалады. Елді мекенге жұт болып Сегіз Арқаға малдарын айдап кеткенде, қарақалпақ елінің қыз таңдап жүрген батыры Жабы деген жігіт Мақпалды көріп, әкесіне қалың малды төлеп алып кете барады. Соңынан қуған Сегіз, Жабы екеуі алысып Сегіз Жабыны жығады. Мақпалды алған Сегіз, Жабыға өзінің қарындасын беріп мәңгі дос болып кетеді. Бұл дастан екі халықта да жырланады.

Қарақалпақ әдебиетінің саңлақ ақындары Бердақ (1827–1900) «Айдос би» дастанын қазақша жазса, Әжінияз Қосымбай ұлы (1824–1874) бір қатар өлең — жырларын қазақша жазғандығынан Абайды түп нұсқада оқыған деп түсіну қиын емес.

Ант ішіп күнде берген жаны құрсын,
Арын сатып тіленген малы құрсын.
Қысқа күнде қырық жерге қойма қойып

Қу тілмен қулық сауған зақы құрсын, - деп қазақ — қарақалпақты басқару жүйесінің өзгеруі өзге халықтың ұлықтары мен өз елінің атқамінерлерінің жеке мүддесі үшін жасаған әрекетін қарақалпақ ақыны Әжінияздың «Ала құс» өлеңімен әшкерелейді.

Аспанда жүр ала-ала көрініп
Жерге түссе құйрығынан сүрініп
Елге ауыр түссе керек салмағы

Сондай беймаза ала құс — деген сатира жанырында бұл жазылған өлеңі бейнелі түрде ала құс арқылы ел арасындаға алалықты жаңа басқарудың қонымсыздығын айтып отыр. Абай үстемтап өкілдерінің зорлықшыл әрекетін «Болыс болдым мінеки», «Мәз болады болысын» т.б. өлеңдерінде батыл, астарламай тура табиғи қалпымен жеткізген.

Болыс болдым мінеки
Бар малымды шығындап.

Сөйтсе дағы елімді

Ұстай алмадым мығымдап — Абай өлеңінде өз пікірін болыстың монологы арқылы берсе, Әжінияз астарлай «ала құсты» бейнелі түрде беріп отыр.

Қарақалпақ негізін салушылардың бірі аудармашы Абатд Әлиев (1915) қарақалпақ тілінде 1990 жылы шыққан жинағына Абайдың 32 қара сөзін аударып ендірген. С. Бекмұратов (1910) қарақалпақ ақыны әрі аудармашы, Абайдың бірнеше өлеңдерін аударып 1925 жылғы мектеп оқулығына ендірсе, 1955 жылы Нүкісте жарық көрген «Абай Құнанбаев» атты кітабына толық аудармалары қамтылған. Осы жылы ақын, аудармашы, зерттеуші ғалым Б. Исмайлов (1926–1985) өзі аударған Абай өлеңдерін 9-класқа арналған «қарақалпақ әдебиеті» оқулығына ендірді Т. Жұмамұрадов (1915–1990) ақын драммашы: «Қазақ досым» атты өлеңінде Абай. Жамбыл. М. Әуезов, С. Мұқанов сынды зиялылар туралы сөз етеді «Абай ескерткіштеріне» деген жыр толғауы қазақтың бір туар ақынын ұстазым деп тәу етуі халыққа әрі Абайға деген құрмет деп түсінуіміз керек.

Қырғыз бен қазақтың төскейде малы, төсекте басы қосылған түбі бір түркі халықтар арасындағы ең жақын екендігі, ес білмеген ескі заманнан белгілі. Туысқандығы жарасқан рухани қазына көздері бүгінгі әдебиеті мен мәдениетті, өнері мен тарихы бірге дамып келе жатқаны белгілі. Абай шығармашылығының қырғыз ақындарына еткен әсері мол екендігі қазіргі қырғыз әдебиетінің даму барысында айқындалып отырғандай. Адамзаттың Манасына айналған қырғыздың эпостық дастанын алғаш 1856 жылы қашқарлықтардың аузынан жазып алып келген Шоқан болса, М. Әуезов шовинизм шырмауынан шешімін тауып шық жұқтырмай тап — таза күйінде алып шығып берді. Абайдың замандасы қырғыз халық ақыны Тоғолоқ Молдо (1860–1942) мысал жанры бойынша жаңашыл ақын әрі жыршы. «Түлкі мен тырна», «Есек пен бұлбұл», атты мысал өлеңдерінде, «Құстардың әңгімесі» (1908) атты поэмасында элементтік өмір қайшылықтарын образды түрде астарлай ұғыммен

суреттеуі Абай аудармаларындағы сатира мен үндес жатқандығын байқау қиын емес кейіннен бірнеше шығармалары жаңа өмірге бейімделген. Өлеңдерінің дені Абайдың сегіз тармақтан тұратын «Сегіз аяқ» өлең үлгісінде жазылған.

Абай үлгісінде жазған қырғыз елінің халық ақыны Аалы Тоқомбаев (1904–1988) Абай өлеңдері мен поэмалары қырғыз тіліне аударып 1954 жылы қазақ елінің ұлы ақыны деген атпен жинақ етіп жариялады. Абайдың «Бойы бұлған» А. Тоқомбаевтың «Тұтқын Марак» өлеңдерінде идеялық жақындастықтары бар екендігі байқалады. Абайдың 54 өлеңін және «Ескендір» дастанын аударып, алғаш 1954 жылы Бішкекте «Абай жырлары» деген атпен жеке кітап етіп шығарды.

Татар халқымен қазақтардың бір тұтас ел екендігі тілдік жақындығынан-ақ мен мұндалап тұрады, Ғабдолла Тоқай татар халқының ұлы ақыны қазақ жерінде өсіп ер жетіп, Орал өңірін өзінің отаны есебінде көп жырлаған ақын. Ғ. Ибрагимов (1887–1938) қазақ ауылында мұғалімдік қызметін атқарған қазақ тілін толық игерген Ғ. Ибрагимов «Қазақ қызы» романын жазды. 1923–24 жылдар арасында Түркістан АССР-інде шығып тұрған «Сана» журналының 5 санында Абай шығармашылығы туралы және қазақ халқының бай ауыз әдебиетінің рухани қазынасы туралы басылған. Ш. Бабич, Ғ. Баширов, М. Ғайнуллин, С. Хақим т.б. татардың ақын жазушылары мен зерттеуші ғалымдарының шығармашылығына Абайдың ықпалы болған деп айта аламыз.

Түркімен тіліне Абай шығармалары 50 жылдардан аударыла бастады Абайдың қайтыс болуына байланысты 1954 жылы 50 жылдығына орай түркімен ақындары М. Сейдов К. Эзизов, С. Ураев, А. Баймурадов, А. Оразтағанов Абай шығармашылығын түркімен оқырмандарына таныстырды. А. Баймұратов өзінің 1974 жылы жазылған «Поэзиямыздағы Абай дәстүрінің жалғасуы» деген мақаласында, Абай поэзиясынан үлгі алған түркімен ақындарының шығармашылықтарын сөз етеді. Түркімен әебиетінің

заңғар жазушысы Б. Кербабаев (1894–1974) Абай мұрасын жоғары бағалаған.

Ұйғырдың елді мекені көршілес Қытайдағы Шынжан өлкесі, туын тіккен отаны болып саналады. XV ғасырдан Жетісуға аударып бүгінде Алматы аймағына орналасқан. Абайдың «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» деген еңбегінде ұйғыр тарихы туралы да мәліметтер айтады.

Абай өлеңдерін 1930 жылдардан ақ ұйғыр тіліне аударма жасап жүрген И. Саттаров «Бойы бұлған» өлең үлгісін ұйғыр поэзиясына қалыптастырды. Ұйғырдың бір қатар классик ақындары Абай лирикасы мен қара сөздерін және поэмаларын аударып ұйғыр оқырмандарына жеткізді.

Д. Ясенов (1938 ж.т.) І. Жансүгіров атындағы сыйлықтың иегері Абай өлеңдері поэмаларын аударып 1972 жылы «Көзімнің қарачуғи» («Көзімнің қарасы») деген атпен кітабы жарық көрді.

Башқұрт әдебиетін негізін салушы халық ақыны Сәйфи Құдаш (1894 ж.т.) Абай туралы мақалаларына қосып, зерттеу еңбектерінде Абай өлеңдерінен үзінділер келтіріп отырған Абайды ұстаз санағандығы 1966 жылы қазақ тілінде аударылған «Жастықшақтың ізімен» естелік кітабынан көруге болады. Абайды ұлы ақын деп бағалаған. Башқұрт ақыны Ш. Бабич (1895–1969) 1913 жылы «*Мен Құнанбаев жырларынан керім әсемдікті, абзал сұлулықты көрем де, рахат сезімге бөленем*» - деген екен.

Шығыс пен батысты төл емген қазақтың ұлы ақыны Абай өзінен алдыңғы ойшылдардан алған білім нәрін кейінгі келе жатқан ұрпаққа сарқи берді. Абайды ұстаз тұтқан түркі халықтарының ақындары «Солай жазсам деп арман еткен».

Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

1. «Абай жолы» роман-эпопеясын жазу жолындағы М. Әуезовтың басты көңіл бөлген дүниелері?

2. Абайдың алғашқы әдеби ортасының Абайдың рухани қалыптасуына әсері?

3. М. Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясының жазуының басты мақсаты?

4. Абайдың ақын шәкірттерінің Абай мұраларының жалғастыру және дамытудағы рөлі?

5. Абай шығармаларының Батыс және Шығыс әдебиетіне таралуы?

Әдебиеттер тізімі:

1. *Кеннан Дж.* Сібір және жер аудару. — Петербург, 1906. — 254 б.

2. *Әуезов М.О.* Абай Құнанбаев. — Алматы : Ғылым, 1967. — 213 б.

3. Абай шығармаларының бір томдық толық жинағы. — Алматы : Жазушы, 1961. — 578 б.

4. *Жиреншин Ә.* Абай и его русские друзья. — Алматы : Ғылым, 1949. — 126 б.

5. Абайдың дүниетанымы мен философиясы / жауапты редактор Ә. Нысанбаев. — Алматы : Ғылым, 1995. — 182 бет.

6. *Аманжолов К., Рахметов Қ.* Түркі халықтарының тарихы. — Алматы : Білім, 1996. — 286 бет.

7. Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. — Алматы : Қазақстан, 1992. — 177 бет.

8. Қожа Ахмет Иасауи. Диуани хикмет. — Алматы : Мұраттас, 1993. — 321 бет.

9. Яссауи тағлымы. — Түркістан : Мұра, 1996. — 218 бет.

10. *Сәтбаева Ш.* Әдеби байланыстар. — Алматы : Жазушы, 1974. — 216 бет.

11. *Намық К.З.* Қожа Ахмет Иасауи жолы және таңдамалы хикметтер. Аударған Досай Кенжетай Тұрсынбайұлы. — Анкара : Бойут-Таң, 2003. — 256 бет.

12. *Дәуітұлы С.* «Диуани Хикмет» хақында. — Алматы : Қазақстан, 1998. — 168 бет.

ТАҚЫРЫП № 4.

МҰХТАР ӘУЕЗОВ — АБАЙТАНУДЫҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ

1. Абай өмірі мен мұрасын тануды бастаушы (1933–1961).

2. М. Әуезов танымындағы Абайтанудың 8 бағыттары мен мазмұны.

1. АБАЙ ӨМІРІ МЕН МҰРАСЫН ТАНУДЫ БАСТАУШЫ (1933–1961)

Абайдың тұңғыш толық шығармалар жинағы мен Абайдың ғылыми өмір баянының қоса жариялануы М. Әуезовтің Абайтану саласының негізін қалаған тарихи еңбегі ретінде қабылданды. Абай мұрасы жаында М. Әуезовтің «Абай» журналы мен «Шолпан» журналында жарияланған зерттеулік мақалалары мен «Әдебиет тарихы» кітабында ендігі жерде Абай мұрасын зерттеумен айналысу қажеттілігі жайындағы ескерме пікірімен-ақ сол кезеңде Абай мұрасының бірегей білгірі деген пікір қоғамдық ойда қалыптасып та қалған еді. Әсіресе, М. Әуезовтің ғылыми теориялық деңгейі биік жатқан бірегей мақаласы «Абай ақындығының айналасы» деп аталатын зерттеу мақаласы 1934 жылы «Әдебиет майданы» журналында жариялануы абайтану саласының келешек бағыт бағдарын айқындаған, көптеген күрделі проблемалардың өзекті желісін тартқан еңбек болып шықты.

М. Әуезов Абай мұрасын ғылыми тұрғыдан танып білу жолына саналы түрде алдына ұлы мақсат қоя отырып кірісуі, негізінен, Абай туралы роман жазуды қолға алған жылдарынан басталады. Абайтану саласында жүргізілген ғылыми творчестволық ізденістерінің бәрі де осы сегіз түрлі проблема шеңберінде жүргізіліп отырғаны бүгінде толығымен айқындалып отыр.



15-сурет. Мұхтар Әуезов

2. М. ӘУЕЗОВ ТАНЫМЫНДАҒЫ АБАЙТАНУДЫҢ 8 БАҒЫТТАРЫ МЕН МАЗМҰНЫ

Алдымен қолға алған зерттеу нысанасының өзекті мәселесі:

1. Абайдың ғылыми өмірбаянын табиғи қалпына келтіру арқылы ұлы туындысы «Абай жолы» эпопеясына өмірбаяндық деректер негізін арқау етіп өру жолын ұстанды. Абай мұрасын танып бағалау жолында ақын мұрасының саяси әлеуметтік болмысын ашу үшін де өмірбаяндық деректерсіз қадам басу қиын болатын. Абай өмірбаянын ғылыми тұрғыдан бастапқы қалпына келтірудің маңызы елеулі буын болып саналғандықтан, биограф жыл өткен сайын Абайдың ғылыми өмірбаянын соны дерек мағлұмат көздерімен толықтырып қайта қайта жаңғыртып жазуды алдына арнайы мақсат етіп қойды. Бұл белсенді әрекет бір жағынан Абай мұрасының сырын тереңдеп тануға бастаса, екінші жағынан, «Абай жолы» эпопеясын жазу жолында образдар жүйесін айқындап, тарихи кейіпкерлердің бейнесін тарихи өмір шындығымен ұштастыра отырып суреттеуге бастайтын.

2. Абай шығармалары мен Абай өмір баянында ұшырасатын антропонимдер, елді мекен жер аттары мен ру, тайпа атаулары, билік атаулары эпопеяның сюжеттік желісінде мольнан қолданыс тауып отырды. Бұл аталымдардың құрамы Абайдың ғылыми өмір баяны жазылған сайын саяси-әлеуметтік жағдайдың талап тілектеріне орай екшеліп, өңделіп, жаңа дерек көздерімен толысып отырды. Бұл өзгерістерді М. Әуезов жазған Абай өмірбаянының 1933 жылы жарияланған тұңғыш басылымы мен 1940 жылы жазылған екінші нұсқасы мен 1944 жылы жазылған, бірақ көп жылдар бойы жарияланбай келген нұсқасымен және соңғы рет 1950 жылы жарияланып көп жылдар бойы қайта қайта басылым көріп келе жатқан соңғы рет жазылған нұсқасымен қатар қойып салыстыра қарағанда, көп мәселенің сыры ашылып, не себепті жазушының Абай өмір баянын төрт рет қайта жазуының себебі де айқындала түседі.



16-сурет. Мұхтар Әуезов «Абай жолы» роман — эпопеясын жазу үстінде

3. Абай өмірбаянын жазумен ұзақ жылдар бойы айналысумен бірге Абай мұрасының текстологиялық жағына да айрықша назар аударып, ақын шығармаларының конондық текстін жасауға ұмтылды. М. Әуезовтің Абай шығармаларының текстологиясы жөніндегі ізденістерінің мол көрініс берген кезеңі,

әсіресе, 1933 жылғы Абайдың тұңғыш толық жинағында анық байқалды. Бұрын соңды Абай басылымдарында ұшыраспайтын көптеген өлеңдер мен өлең жолдары тыңнан қосылып отырды. Абай басылымдарының басында болған М. Әуезов әр басылым сайын ақын шығармаларының текстологиялық қалпын қалыптастырып, тұрақты конондық тексін қалыптастыру жолында толассыз ізденді. Іздену нәтижелері әр басылым сайын молайып, соны жаңалықтар мен тың өлең жолдарымен толығып отырғанын нақтылы мысалмен атап өтер болсақ, Абай өлеңдерінің саны 148 өлеңнен 230 өлеңге дейін жетті яғни Абай өлеңдеріне жаңадан 82 өлең немесе 2 096 өлең жолы қосылған. Бұл Абай өлеңдерінің үштен біріндей жаңадан қосылған туындылар болды.

Абай шығармаларының текстологиялық жағынан сапасы артып, өлең жолдарының саны молаюмен қатар өлең өрнектері де жаңғырып өзінің табиғи қалпына түсуі, әрине, зор ізденістердің нәтижесі еді.

4. М. Әуезов Абайдың ақын шығармаларының ішкі қалпын жаңғырту жолында да айтарлықтай жетістіктерге қолы жетті. Зерттеуші ғалым алдымен Абай өлеңдерінің «қалың елі қазағынын» арасында танылу, таралу жолына көңіл бөле бастады. Абай өлеңдері әу баста біреуден біреу жаттап алып, әнге қосып айту арқылы ауызша түрде таралған. Кейбір өлеңдері осындай ауызша таралу түрінен баспа сөз бетіне түсу арқылы да насихатталып жатты. Ақын туындыларының қолжазба көшірмелері түрінде де таралғаны мәлім. Көбінесе, қолжазба көшірмелер ақын өлеңдерінің текстологиялық жағынан түп нұсқа болмысын сақтауда орны бөлекше құбылыс болды. Міне, ақын туындыларының әр қилы жолмен таралып, негізгі құяр арнасы баспасөзде жариялануы шешуші орынға шықты.

5. Ақын дүниетанымының қалыптасу жолында әр түрлі саладағы ой пікірлерінің эволюциялық даму қалыптасу жолын ғылыми тұрғыдан танып білуде, әрине, Абай шығармаларының

жазылу мерзімін анықтау мәселесі жазушының ақын мұрасын ғылыми творчестволық тұрғыдағы ізденістерінде хронологиялық жүйені ұстануға әкелді. Абай шығармаларының жазылу мерзімін анықтау ісі Абайдың ақын шәкірттерінің ықпалымен 1907 жыл мен 1927 жылы жүргізілген еді. Бірақ ол жылдарда ақын шығармаларының жазылу мерзімін анықтаудың негізі салынғанмен көптеген өлеңдердің жазылу уақыты толық анықталмай біршама кемшіліктерге жол берілді. М. Әуезов өз зерттеулерінде осы кемшін жайларды толықтырып, ақын шығармаларының жазылу мерзімін анықтауда толассыз ізденіп, бір ізге түсіріп кетті. Мұндағы басты мақсаты Абайдың ой танымы мен ақындық өнердегі қол жеткен шеберліктің эволюциялық даму жолдарындағы сапалық дамудың табиғатын ғылыми негізде айқындап білуге тірелетін. Неғұрлым Абай шығармаларының жазылу мерзімін дәл анықтаған сайын ақын дүниетанымындағы құбылыстың сырын танып білу жазушыға «Абай жолын» жазуға да ғылыми зор тірек боларын, өйткені ақын мұрасында әр жылдар кезеңіне орай бой көтеріп отырған ой танымдардың табиғи қалпын табуға адастырмай апарар бағыт бағдар беретінін білуден туған еді.

6. Абай мұрасын танып білуде зерделі зерттеуші ақын шығармаларында тілге алынатын арнау өлеңдерге ерекше мән бере қараған. Өйткені арнау өлең нысанасына алынған кісілерді жан жақты терең танып білу арқылы сол заманда орын алған саяси-әлеуметтік мәселелер мен Абай бастан кешкен өмір шындығын ұштастыра отырып көркемдік тәсілмен ашуға қолы жеткен. Бірақ арнау өлеңдер Мүрсейіт Бікеұлының қолжазба көшірмесінде де, тұңғыш толық жинақ басылым көргенге дейінгі Абай басылымдарында да толық мағлұмат берілмеген еді. Міне, осы себепті зерттеуші Абай өмір баянын жазу үстінде, әсіресе, «Абай жолы» эпопеясына даярлық алдында бұл қиындық алдынан шыққан.

Бұл кедергіні аттап өтуге болмайтынын ескере отырып «Абайдың ақындық мұрасында өмірбаяндық деректер жоқтың қасы.



17-сурет. Мұхтар Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясын жазу кезінде қазақ қоғамындағы әйелдің рөлі мен маңызыдылығына назар аудару барысында қазақ қыздармен сұхбаттасу сәті

Оның өлеңдерінен көптеген адамдар мен жеке кісілерге байланысты деректер өшірілген. «Тоғжан туралы» өлең де жоғалған. *«Арнау өлеңдерді мен өзім жинастырып көптеген кісі аттарын қалпына келтірдім»*, - деп Абай өмірбаянын төрт рет қайта жазып толықтыра түскенде, арнау өлеңдері арналған кісі аттарын да толығынан анықтап шығады. Осы қолы жеткен тарихи дерек көздерін, әсіресе, «Абай жолы» эпопеясында шеберлікпен қиыстырып пайдалана білгені Әбсәмет туралы Абайдағы:

Әбсәмет жиенің,

Ол сенің біреуің, – деген өлең жолындағы Әбсәметті эпопеядағы Әбіш ауырып жатқан кезеңмен байланыстырып суреттеуінен көреміз. Арнау өлең арналған кісілердің бәрі де Абай өмір баянын жазу мен эпопеяны жазуға даярланған тұста толығымен анықталған болатын.

7. М. Әуезов Абай өлеңдерінің өрнек үлгісін бастапқы табиғи қалпына келтіру жолында атқарған ізденістері де, ақын шығармаларының текстологиялық жағынан жетілдіру жолындағы ізденістері де абайтану тарихында өзіндік орны бар құбылыс. Бұл саладағы алғашқы ізденістер 1916, 1922 жылдардағы Орынбор, Қазан, Ташкент басылымдарында басталса да, жетер шегіне жетпеген еді.



18-сурет. Қазақстанның XX ғасырдың I жартысындағы Қазақ зиялылары. «Алаш» қозғалысының белсенділері Ж. Аймауытов, Ә. Марғұлан, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Х. Досмухамедов, М. Дулатов, М. Әуезов представителіей движения «Алаш»

Абай басылымдарының 1933, 1940, 1945, 1957 жылдардағы толық жинақтарын баспаға даярлауға тікелей атсалысқан М. Әуезов Абай өлеңдерінің өрнек үлгісін толығымен табиғи қалпына келтіре алды. Әрине, бұл үшін өлең табиғатын терең танып білумен бірге, өлең құрылысы туралы теориялық терең танымы да қажет еді. Осы ерекшелік М. Әуезов те толығымен табылды. Абай өлең құрылысындағы өлең өрнектерін қалпына келтіруде алғашқы толық жинақта М. Әуезовтің өзі де кемшіліктерге жол беріп алды. Бірақ толассыз ізденіп Абай өлең құрылысының ерекшеліктеріне қаныққан сайын ол кемшіліктерін жетілдіріп отырды. Мысалы, алғашқы толық жинақта өлең өрнегі жағынан өте күрделі Абайдың «Қатыны мен

Масақбай», «Сен мені не етесің» өлеңдерінің бастапқы табиғи қалпын сақтай алмаса, соңғы басылымдарда оны толық табиғи қалпына түсіріп, қалыптастырған әрекетін көреміз.

Абай өлең құрылысындағы өлең өрнектеріндегі ерекшелікті тани алмай зерттеушілердің қиыншылыққа ұшырауын жиырмасыншы жылдардың абайтанушылар ішінде атап көрсеткен еді. Осы қиыншылықтан да абайтанушы ғалымдарды құтқарған М. Әуезовтің осы саладағы ізденістерінің нәтижесі еді. Абай шығармаларын текстологиялық жағынан ұзақ жылдар бойы үзіліссіз зерттеген ғалым ақын шығармаларындағы сөз өзгерістерін табиғи қалпына келтіру жолында да зор ізденістер жасай білді. Абай өлең жолдарындағы сөздердің алмасып бөгде мағына алып кеткен тұстарын қалпына келтірді. Орынсыз кіріккен бөгде сөздерден арылтып табиғи қалпына салды. Осы арқылы жалпы Абай шығармаларының текстологиялық жағынан жетілдіру жолындағы ізденістері Абай шығармаларының канондық текстің қалыптастыра алды деп батыл байлам жасай аламыз.

8. Абай мұрасының рухани нәр алған көздері жайлы танымды да абайтану саласында М. Әуезов ендірі. О баста негізі дұрыс салынған бұл өзекті де бағыт бағдары дұрыс таным Абай мұрасының нәр алған көздері мен дүниетанымының қалыптасу процесіндегі шешуші орында қазақ елінің тума мәдени-рухани қазынасы тұрса, М. Әуезовтің айтуынша, екінші орында мұсылмандық шығыстың рухани ой қазыналарының терең іздері жатқанын да ғылыми тұрғыдан болжай білді. Ал, орыс және Европалық ой қазыналары Абай дүниетанымының әлеміне үшінші кезекте яғни Абай дүниетанымының қалыптасып қалған тұсында араласты деген ойды меңзеген болды. Осы мәселе жайында абайтану саласында кеңестік идеология үстемдік еткен тұста бұл саланы шешуші орынға қойып қарастыруы себепті де пікір таластың ең мол орын тепкен тұсына айналды.

Осы күрделі мәселеге орай Абай мұрасының Шығысқа қатысы жайындағы мәселе біртіндеп көтерілсе де, Мәскеудегі Орталық

Комитеттің 1949 жылы қабылдаған «космополитизм» туралы қаулысынан кейін бұл тақырыпқа зерттеу жұмыстары жүргізілмеді, яғни бұл тақырыпқа тиым салынды. Соның өзінде де М. Әуезов Абай мұрасының шығысқа қатысы туралы ой танымдарын жария түрде айтпаса да, уақытқа, жағдайға қарай жарияланбаған тезистерінде із қалдырып отырды. М. Әуезов тезистері Абай мұрасының соңғы жылдардағы шығысқа қатысы жөніндегі зерттеулерге адастырмас бағыт бағдар беруімен де абайтану саласында ерекше дараланып тұрады. Ғалымның Абайдың әдеби ортасы туралы ой танымдары абайтану саласында ғылыми зерттеулерінің нысанасына айналса, жазушының «Абай жолы» эпопеясының сюжеттік желісінде молынан орын алды.

Яғни жазушының өзі арнайы түрде атап өткеніндей: *«Мен шама келгенше, ғылым жолымен өмірін, ақындығын зерттемекпін. Ал, шығармалық еңбектерімнен пьеса, роман туралы да өз ойым ақынды ғылымдық зерттеумен негізі бір деймін»* (ЛММА архиві, 249 папкі, 7 бет) деп ғылыми-творчестволық зерттеулерінің негізі бір екендігін қадай айтатыны бар. «Абай жолы» творчестволық тұлғаға арналған туынды болғандықтан, ол басқа тарихи романдардан өзіндік ерекшелігімен дараланатын шығарма болып қалыптасты.

Абайтанудың негізін қалаған М. Әуезовтің ұлы ақын мұрасы жолындағы орасан зор ғылымдық творчестволық ізденістерімен қатар басқа ғалымдар да айтарлықтай бұл салада елеулі үлестерін қосып жатты. Алғашқы диссертациялық зерттеу еңбектері де осы тұста туындап жатты. Әдебиеттен алғаш рет проф. Қажым Жұмалиев «Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі» деп аталатын докторлық диссертациясын қорғауы абайтану саласында елеулі мәні бар құбылысқа айналды. Абайтанудың М. Әуезов дәуірінде С. Мұқанов, М.С. Ильченко, Қ. Бейсембиев, Қ. Мұқаметханов, Ә. Жиреншин, З. Ахметов, Полибина, М. Фетисов т.б. абайтанудың әр түрлі саласынан ғылыми монографияларын жариялап үлгерді. Абайтанудың ғылыми деңгейін көтерген зерттеу еңбектері дүниеге келді.

Бірақ бұл ғылыми зерттеу жұмыстарының бәрі де сол тұстағы кеңестік жүйенің таптық идеологиясы қойған тегеуірінді талабының шеңберінен шыға алмады. Осы себепті зерттеу жұмыстарының дені Абай мен орыс әдебиетінің қарым қатысы туралы мәселеге арналған тақырыптарға қарай ойысуы уақыт пен заман талабы болды.

Абайтану саласындағы бүгінгі күнде орын алып отырған бір ерекшелік ұлы ақын мұрасын зерттеуде сала салаға жіктей отырып зерттеу бағыты анық белгі беруде. Әрине, зерттеуші жас ғалымдар Абай мұрасын сала салаға жіктей қарастырғанда, М. Әуезов ұстанып келген сегіз түрлі тақырыптық дәстүрдің ықпалында бола отырып, сол дәстүрдің бүгінгі жалғасын өз зерттеулерінде дамытып отыр дей аламыз.

Абайтану саласында М. Әуезов дәуірінен кейінгі орын алған елеулі түрдегі өзгерістің Абай мұрасының шығысқа қатысын зерттеу саласында болғандығы анықталып отыр. Абай мұрасының шығысқа қатысының зерттелу жолына назар аударсақ, о баста тәп тәуір басталған бастама пікірлердің болғандығына қарамай, бұл саланың жербауырлап қалуының екі түрлі себебі болғандығын аңғарамыз. Біріншіден, бұл саланың абайтануда алар орны, мән мағынасы айтарлықтай болса да, өз деңгейінде дами алмауындағы себебі бұл кезеңде шығыс тілдерін терең меңгерген мамандардың болмауынан кешеуілдеп қалды. Екіншіден, 20–30 жылдардағы қоғам өмірінде болып өткен саяси әлеуметтік дауылдардың яғни барлық саладағы күштеу саясатының салдарынан көпке дейін ес жия алмаған қоғамдық ой санадағы дағдарыстар мен бірге, әсіресе, 1949 жылғы КПСС ОК космополитизм туралы қабылданған арнаулы қаулысы бұл саладағы жұмыстарды біржолата тұқыртып тоқтатып тастады. Міне, осы жағдайларға байланысты ғалымдар бұл саланың қажет екендігін білсе де, тиым салынған тақырыпқа баруға мүмкіндіктері болмады.



19-сурет. Мұхтар Әуезов Ленинградта

КПСС XX съзінен кейін жеке басқа табыну қатты сыналып, қоғамдық ойға қозғау түскен кезден кейін ғана, Абай мұрасының шығысқа қатысы туралы мәселеге Қазақстанда ғалымдар артына үрке қарай отырып там тұмдап болса да пікір тудыра бастады. **1965 жылы** ҚазПИ дің ғылыми кеңесінде «Абай Құнанбаевтың әдеби мұрасының зерттелу жайы» тақырыпта Абай мұрасының рухани нәр алған бұлағы Шығыстық арнасы жөніндегі мәселе өткір қойылып, қызу пікір таласына ұласты. Яғни тиым салынған салаға қозғау түсті, алғаш рет ресми түрде көтерілді. **1989 жылы** М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында Абайдың исламиятқа қатысы мен адамгершілік мұраттары жөнінде жаңа танымдағы ой пікірлер ғылыми жағынан белгілі бір жүйеге түсіріліп, байсалды түрде баяндалды. С. Оразалиевтің «Абай және Дауани», М. Әліпхановтың «Кісілік кілті» және С. Ғаббасов пен Ә. Көшербаеваның докторлық диссертациялары мен философтардың жаңа зерттеу еңбектері бұл саладағы танымды тереңдете түсті. Абайтану тарихының жүз жылдан астам даму жолына назар салсақ, әр кезеңнің тарих сахнасына келген жаңа ұрпақтары Абайды танып білуге, бағалауға өз үлесін қосып келе жатқан рухани көш тізбегін

көреміз. Абайтанудың М. Әуезов дәуірінен кейінгі ұрпақ өкілдері де Абай мұрасын өзінше танып бағалаған еңбектері молынан жарияланыпты. Ал, ендігі кезек яғни Абайды тереңнен танып бағалау, өзінше пікір толғау кезегі Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін жариялаған заманда дүниеге келген жаңа буын жас толқын ұрпақтың иығына түсері анық.

Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

1. Мұхтар Әуезов Абайтанудың негізін салудағы рөлі?
2. М. Әуезовтің ғылыми теориялық деңгейі биік жатқан бірегей мақаласы «Абай ақындығының айналасы» деп аталатын зерттеу мақаласы 1934 жылы «Әдебиет майданы» журналында жариялануы абайтану саласының қандай жақтарын көрсеткен?
3. Қазақ жазушысы М. Әуезовтың «Абай жолы» роман эпопеясының қазақ әдебиетіндегі рөлі қандай?
4. Абай мұрасын танып білуде зерделі зерттеуші ақын шығармаларында тілге алынатын арнау өлеңдерге ерекше мәнін атап өткен ғалымдар?
5. Ғалымның Абайдың әдеби ортасы туралы ой танымдары абайтану саласында ғылыми зерттеулерінің нысанасына айналса, жазушының «Абай жолы» эпопеясының сюжеттік желісінде молынан орын алды ма?
6. М. Әуезов Абайдың ақын шығармаларының ішкі қалпын жаңғырту жолында қандай жетістіктері бар?

Әдебиеттер тізімі:

1. *Әуезов М.О.* Абай жолы. 12 томдық. 4 т. — 1968. — 137 бет.
2. *Әуезов М.О.* Абай жолы. 1-кітап. — 1997. — 286 бет.
3. *Әуезов М.О.* Абай Құнанбаев. — Алматы : Ғылым, 1967. — 213 б.
4. Абай шығармаларының бір томдық толық жинағы. — Алматы : Жазушы, 1961. — 578 б.
5. Абайдың дүниетанымы мен философиясы / жауапты редактор Ә. Нысанбаев. — Алматы : Ғылым, 1995. — 182 бет.

ТАҚЫРЫП № 5.

М. ӘУЕЗОВТЫҢ «АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАН-ЭПОПЕЯСЫ. АБАЙДЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-ӘЛЕУМЕТТІК КӨЗҚАРАСТАРЫ

1. М. Әуезов «Абай жолы» эпопеясына бастапқы талдама
2. «Абай жолы» эпопеясына бұқара халық тынысы мен әлем әдебиетіндегі орны

*«Абай жолы» ХХ ғасырдың ең үздік шығармаларының бірі.
(Луи Арагон)*

1. М. ӘУЕЗОВ «АБАЙ ЖОЛЫ» ЭПОПЕЯСЫНЫҢ ЖАЗЫЛУЫ, БҰҚАРА ХАЛЫҚ ТЫНЫСЫ МЕН ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ОРНЫ

«Эпопея» — грек тіліне аударғанда — жарату, тудыру, жазу деген ұғымға сай келеді. Эпопея екі түрге бөлінеді: бірі — көне тарихи дәуірдің типтік оқиғаларын кең көлемде баяндайтын поэзиялық немесе прозалық шығармалар оларға «Шаһнама», «Манас» т.б. жатса, екінші — кейінгі дәуірдің еншісіндегі тарихи кезеңді жан-жақты суреттейтін роман жанрында кездесетін еңбектер. Оған қазақ әдебиеті тарихында М. Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясын атауға болады. Жазушы өзінің осы еңбегінде қазақ халқының тілі мен ділін, өнері мен мәдениетін, тарихи болмысы мен дүние танымы, әдеп-ғұрпы мен ұлттық дәстүрін барлық қырынан жан-жақты ашып көрсеткен.


М. Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясын 1942 жылы 1-кітабын, 1947 жылы 2-кітабын, 1952 жылы 3-кітабын, 1956 жылы 4-кітабын жарыққа шығарды. Алғашқы екі кітабы үшін авторға 1949 жылы КСРО Мемлекеттік сыйлығы берілді. Төрт томдық роман-эпопеясы үшін 1959 жылы кеңес кезіндегі ең жоғарғы сыйлық Лениндік сыйлықпен марапатталады.

Дегенмен де, «Абай жолы» еңбегіне теріс баға бергендер де табылғандығын айта кетуіміз керек. Құнанбайды И. Грозный мен І Петр патшалардың, Абайды коммунистердің көсемі В.И. Лениннің деңгейіне көтеріп жіберген деген пікірлер батыстық пиғылдың жетегінде екендігі өзінен өзі белгілі. Түбінде ту етіп ұстаған тұлғаларының қатарында орыстан басқа ұлт өкілдерінің болуын қаламайтын шовинистік пиғыл тұрды.

«Абай жолы» 1-кітабының басында қаладан аулына асығып келе жатқан бала шәкірт пен 4-кітаптың аяғында жарық дүниеден өтіп бара жатқан ұлы ақынның екі арадағы қырық бес жыл Абайдың адам, азамат, ақын ретінде жаңаруымен қоғам қайраткері ретінде де көрінеді. 1-кітапта Абай азамат ретінде қалыптасады. 2-кітаптан бастап Абай өнер адамы — шын мәніндегі азамат ақын болып көрінеді. Абай ақындығының арғы жағы өзінің туған топырағындағы төл халықтық әдебиеті ертегімен өсірген Зере, жырмен аузына түкірген Барлас, Байкөкше, ақын Шөже, медет берген шығыстың жеті жұлдызы, орыс достарымен қатар классиктері эпопеяда Абайға рухани серік болады. Абайдың өмір жолын, шығармашылық өнерінің өзгешелігін, қыр-сырларын, сол дәуірді, сол ортаны қоғамдық қарым-қатынастарды терең түсініу үшін М. Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясының баға жетпес танымдық мәні бар, ұлт руханиятының көш басына шықты.

Роман-эпопеяның тек қазақ әдебиетінің тарихында ғана орын алмай бүкіл дүние жүзінде бағаланғанын бүгінде көз көрді. Әлемдік деңгейде берілген баға шын мәнінде «XX ғасырдың ең үздік шығармаларының бірі» (француз жазушысы Луи Арагон). «Бұл тамаша эпопея бізге тұтас бір әлемді сыйға тартты» (орыс жазушысы Н. Тихонов), «Өзім қалай қазақ болып кеткенімді білмей қалдым» (орыс жазушысы К.А. Федин), «Шынында, бұл қазақтар — неткен ғажайып халық!» деп тамсаныпты бір кеменгер, «Абайдай шығарма бұл тұсқа дейін қазақ әдебиетінде болған емес» (Ғ. Мүсірепов), «Өз басым өзге елге сапарға шығып, өзге жұрттың табалдырығын аттай қалсам, әрқашан қасиет тұтып, өзіммен бірге қастерлеп ала жүретін

екі түрлі асылым бар: бірі — «Манас», бірі — Мұхтар Әуезов» (Қырғыз жазушысы Ш. Айтматов).



20-сурет. Шәкәрім Құдайбердіұлының жасаған Тобықты рудың шежіресі

Әлемнің 116 тіліне аударылған М.Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясын 200 томдық «Әлем әдебиеті кітапханасы» сериясында 134–135 том болып тұр. Бір ғана мысал Мәскеу мен Санкт-Петербургтің өзінде «Абай жолы» роман-эпопеясы 17 рет басылып жарық көріпті.

«Абай жолы» қазақ өмірінің айнасы, ол төрт том арқылы бүкіл дүние жүзіне қазақтың кім екенін танытты. Заңғар жазушы әрбір қазақтың бойында ұлттық мақтаныш сезімін оятады, туған жерге, ана тілімізге деген құштарлықты, отансүйгіштік сезімін оятып, елдің ертеңгі күніне сенімімізді арттырады.

2. «АБАЙ ЖОЛЫ» ЭПОПЕЯСЫНА БҰҚАРА ХАЛЫҚ ТЫНЫСЫ МЕН ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ОРНЫ

М. Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясында өнер адамдарын жаңа қырынан тану бүгінгі күннің талабы болса, кітапта көрсетілгендей Қашқынбай аты — Қамысбай, Шәкәрім аты — Шұбар, Сабырбай аты — Қадырбай, Жанақ аты — Садақ, Дулат аты — Барлас, Түбек аты — Шүмек болып кездесетін протиптерінің есімдері өзгеріп берілген. Өз есімімен елге белгілі тұлғалар ақын Шөже, Біржан сал, Байкөкше Балғынбайұлы сияқты ақын-жыршылардың қазақ әдебиеті тарихындағы орындарын біздің дәріс сабағымызда саралап өтеміз. Олардың да «Абай жолында» көркем бейнелерін суреттелуі шынайы өмірдегі бейнелерімен зерттелді деп айта алмаймыз. Өйткені, автордың дәуірі ұлт әдебиетінің екі бүйірінен қысып тұрған заман еді. Мәселен роман-эпопеяда кездесетін Шұбар бейнесінің өмірдегі сом тұлғасы данышпан ақын Шәкәрім екенін автор жақсы білді, бірақ империяның тезіне салған қазақтың біртуар ұлы Шәкәрімді Шұбар есімімен жұтаң бейнемен суреттеді, оның түпкі себебін дәйекті түрде айқындап түсіндіру біздің міндетіміз. Сонымен қатар Құнанбайдың жаңаша бейнесін яғни елге еткен еңбегін шынайы дерек көздері арқылы жан-жақты қарастыру бүгінгі күннің талабы.

Эпопеядағы типтік бейнелер Құнанбай мен Абай екі дәуірдің кейіпкерлері арасындағы қарама-қайшылықтар қоғамдық кезеңнің орын алмасуы және олардың бірін-бірі жоққа шығарып ескіні жаңа жеңіп отыратын пәлсапалық заңдылыққа М.Әуезовтың сүйенуі шартты. Заңғар жазушының айтуы бойынша *«...қазақ даласында күні өтіп бара жатқан, бірақ тамыры әлі де тереңдегі ескіні Құнанбай образына жинақтадым. Ал, оның баласы Абай бойында енді туып келе жатқан жаңа бар. Сондықтан, ақын Абайдың қалыптасуын көрсету арқылы үлкен қоғамдық шындықты — ескі мен жаңаның диалектикалық қарама-қарсылығын, күрес нәтижесінде ескіні жаңа жеңуін ашуға тиіс*

болдым». Мұның барлығы қазақ халқының ұлы ойшылы Абай айналасына топтап өмір шындығына терең бойлайды. XIX ғасырдағы қазақ халқының қоғам өзгерістерін жаңа мен ескінің күресін бүгінгі заманның мүдделерімен үйлестіріп бере білген жазушы. Автор Құнанбайды жөн-жосықсыз қараламай, Абайды асқақтата дәріптемейді қоғамның даму сатысымен ескі мен жаңаның ара жігін ашып жаңаша сипат беруді мақсат тұтқан.



21-сурет. Мұхтар Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясындағы кейіпкерлердің бейнесі. Миниатюра

Құнанбай бейнесінің шығармада бейнеленуі өмірде болған Құнанбайға қарағанда тоталитарлық жүйенің қалыпымен ұнамды тұстары кемшін кездеседі. Мәселен, Құнанбайдың Қодар мен Қамқаға байланысты үкімін дұрыс емес деп келгеніміз рас. Жорға

Жұмабайды Семейге екі түрлі себеппен жіберіп еді, соның бірі мешіт-медреседен Қодар мен Қамқа «ісіне» Шарифат не бұйырады сұратты. Өлім жазасы! Құнанбай үкімді орындаушы ғана. Ол жеке басқа табынған жоқ ат аяғы жетер жердегі қырық рулы қаймана қазақты жинады. Бүгінгі тәуелсіз ұғым таразысына салар болсақ, ата мен келіннің арасындағы байланыс ел арасына өсек күйінде тарқады. Құнанбай дәл өсек күйінде қалдыра салуына да болар еді, жоқ олай етпеді, өйткені, қазақ дәстүрінде жоқ салтты өскелең ұрпақтың санасынан Қодар мен Қамқаны өлтіру арқылы бүтіндей шығарып тастады. Осы бір ғана көріністен Құнанбайды — ақыл иесі, ойшыл, көреген, дала философы, ұлт жанашыры, қайсар, тапқыр, ел басшысы екендігі өзінен өзі айқындала түседі.



22-сурет. Ортада аға сұлтандар — Құнанбай Өскенбайұлы мен Шыңғыс Уәлиханұлы. Омбы

Құнанбайдың екінші бір ерекшелігі бес парыздың бірі қажылыққа барып өз қаражатына Меккеде ғибадат орны деп мұсылмандар аялдайтын орын салдыруы көп нәрсені аңғартса керек. Өйткені, Әлемдегі мұсылман қауым бұл тәкияны кім салдырған деген сұраққа; әрине, Құнанбай. Құнанбай кім? Ол қазақ. Сөйтіп бүкіл мұсылман халқына қазақты таныстырып кеткен жоқ па. Бұл әрекетті

елінің жанашыры, халқын шексіз сүйетіндігінің белгісі деп ұққанымыз жөн.



23-сурет. 1849–1852 жж. Құнанбай Өскенбайұлы қажының Қарқаралы қаласында салдырған мешіті

Әр елдің, әр ұлттың рухын көтеретін данасы мен дарасы болады. Қазақ халқының дарасы да, данасы да Абай. Енді әке мен бала арасындағы рухани байланыстардың көзін аршу міндеті тұр Абай қазақтың бас ақыны. Қазақтың әдебиетіне жан, күш берген, сөздің сыртынан сырлап, ішін түрлеген, ақын, сыншыл, дарын Абай еді. Ой мен сөздің ұштасуы осы болар, оның Мұхтар Әуезовтың «Абай жатқан дария, мен одан шөміштеп алдым»- деп айтады. Абайды танытқан Әуезов, ал Әуезовты танытқан «Абай жолы» роман-эпопеясы.

Абай арқылы өткен ғасырдың екінші жартысындағы және жиырмамыншы ғасырдың басындағы бүкіл қазақ халқының тіршілігін, оның көп бұралаң тағдырын, ой-арманын, мақсат-мүддесін, күрес-тартысын қамтиды. Абай тұлғасын, сол ортаны, Абайдың ақындық, азаматтық тұлғасын, ақындық жолын таныту

арқылы Абайтанудың өрістеп дамуына зор ықпалы болды деп айтуға болады.

«Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өсіп, мыңмен
жалғыз алысып», туған елінің қамын қазыла
ойлап, асыл ой қалдырған данышпан ақын.

(Әбілев Дихан-баба)

Қоғам — көптің, топтың-дүрмектің әлемі. Бұл әлемнің дертті екенін адам өзінің ішкі әлеміне үңіліп, барып, таниды. Өзінің ішіне үңілмеген, дертіне құлақ түрмеген адам, өзін қоршаған ортаны тани алмайды. Абай туған халқын барынша сүйгендіктен оның әлеуметтік өміріндегі кемшілігін мінеп, жоюға күш салды. Өз мінін көре алмаған халықтың өркениетке ұмтылмайтынын түсінді. Сондықтан, ол кертартпа салт-дәстүрлерге қатал да батыл қарсы күресті, әлеуметтік өмірдің жаңа да озық өлшемдерін уағыздады елді бірлікке, татулыққа шақырды — «Сегіз аяқ» өлеңінің әлеуметтікең күшті сарыны.

Бірінді, қазақ, бірінді дос

Көрмесең істің бәрі бос-деген үлкен қоғамдық мәні бар терең мағыналы түйінді ойын ерекше тебіреніспен айтады.

Әлеумет — жамағат, бұқара, қауым, жұрт мағынасында қолданылатын ұғым. Отбасы, ағайын, туыстан бастап айнала қоршаған ортаның мәдениеті, оқуы, өнері, салт-дәтүрі, тілі, діні, жалпы алғанда жамағаттың дүниетанымы тақылеттес көріністерді ішіне алатын белгілі бір қоғамдағы мемлекеттің өзіндік саясатын қамтитын ортақ құрылым.

Абай әлеуметтік тыныс-тіршілікке мүлде жаңа міндет жүктеді. Ол әлеуметтік ақиқатты іздеді, бірақ бүгінге дейін шыңына шыққан әділетті әлеуметтік-қоғам болған емес. Сонда да болса ел арасынан шыққан біртуар тұлғалар Аристотель, Әл-Фарабиден бастап сол әділетті қоғамға барар жолды көрсеткенмен әлеуметтік теңсіздіктің ізін жоғалта алмай келді. Абай «сөз түзелді, тыңдаушы,

сен де түзел» деп айта отырып, тыңдаушы мен оқырман қауымының көркемдік-идеялық, эстетикалық талғамы өсуін талап етті, мұны өмірдің де, өнердің де қажеттілігі деп санады.

XIX ғасырдың 60-жылдардағы қазақ арасына патшаның ендірген сайлау тәсілі, жағымпаздық пен екіжүзділіктің түр-түрін көрсетті. Ақын бүкіл дәуірдің болмысын айқын аңғартып, аса маңызды әлеуметтік мәселелерді терең толғайды. Осы кең мағынасында Абайдың барлық шығармасынан заман шындығын, сан алуан өмір құбылыстарының кескін-бейнесін айқын көре аламыз.

Абай халық туралы сөйлегенде, ел жайын қозғағанда кейде «қазақ», «халық» көбінесе «ел», «жұрт», «бұқара» деген сөздерді қолданады. Осы сөздердің нақтылы мағынасы ылғи бірдей болмай, айтылатын ойдың орайына қарай әр түрлі мағынада ақын шебер қолданады. Ел, жұрт деген ұғымдарды қалың ел, қазақ жұрты, халық деген кең мағынасында алып, бүкіл халықты тұтас алып мінездеу үшін де қолданады. Мысалы, «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», - деп басталатын өлеңді еске түсірсек жеткілікті. Ақын бейнесінің өзгешелігі алдымен оның халықтың өмірін, тағдырын қалай түсіне білетініне байланысты. Ақын өзі жеке басын айтқан болып ел жайын толғайды, бүкіл халық, адамзат тағдырын ойлап толғанады.

Абайдың адам мен қоғам жайындағы ұстанымы, қазақ топырағындағы қазіргі тілмен айтқанда жаңа инновацияның алғашқы қадымы еді. Абай адамды қоғамдық өмірдің жемісі, нәтижесі ретінде қарады, оның қимыл-әрекетін, өмір сүру деңгейін, адамгершілік келбетін әлеуметтік тұрмыспен байланыстырады.

Еңбек ету, өнер үйренуді уағыздайтын пікірлерімен ұштастыра, жар сүю, үй болу мәселесін қоғамшыл болуды әсіресе «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» атты өлеңінде көбірек толғайды. Ақынның әлеуметтік-қоғам өкілдерін сипаттаудағы сыншылдық пікірлері де, жастарға айтқан ғибратты ойлары, ақыл-кеңестері үлкен адамгершілік мақсат-мұратқа жетуге ынталандыру ниетінен туған. Олардың жағымсыз мінез, жаман

әдеттерін әжуалайтын Абай адалдық, жігерлілік, еңбек сүйгіштік, әділеттілік сезімі, ой тереңдігі секілді қасиеттерді үлгі етуге үндейді.

Өскелең ұрпақ тәрбиесі мен білім беру мәселесіндегі адамзаттық сана адамның тәрбиесіндегі негізгі ұстыны «парасатты қоғам өзінің мұратына сай адам тәрбиелеуді басты мәселе ретінде қарайды» (Әл-Фараби) десек халықтың жетілу деңгейіне қарай мемлекет те қоғам да әлемдегі өз орнына лайық бола алады.

Өнер-білімсіз қоғамның пайдалы азаматы болудың мүмкін емес екендігін, терең түсінген Абай: «Ақыл — ардың сақтаушысы» деп қарап, адамгершілік мәселелерін жоғары бағалап, ар тазалығы үшін күресуді дәріптеген ұлы ағартушы —

Ынсап, ұят, ар-намыс, сабыр талап,
Бұларды керек қылмас ешкім қалап...

Тереңой, терең ғылым іздемейді,

Өтірік пен өсекті жүндей сабап, — деп кейбір жастардың іс-әрекетін қатты сынға алады. Абай қазақ қоғамындағы жас ұрпақтарды тәрбиелеуге байланысты ойларын бірнеше өлеңдерінде, мәселен: «Жігіттер, ойынарзан, күлкіқымбат», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» айқын білдіреді. Ол халықтың артта қалушылығын, надандығын мінеп, әдебиет пен ағарту халыққа қызмет етуі, жалқаулыққа, ымырашылдыққа қарсы күрес жүргізуі қажет екендігін көрсетеді.

Ұлы ағартушы өз айналасын қоршаған әділетсіздік қазақ халқын аздырып бара жатқанын жас ұрпақты тәрбиелеуге теріс ықпалын тигізетіндігін байқап, халықты, әсіресе, жастарды, адамгершілікке тәрбиелеуге ерекше көңіл аударды.

Ал жастар бойына дарытуға тиісті жоғары адамгершілік қасиеттер ретінде туған елге деген сүйіспеншілік пен ерлік, табандылық пен адалдық, парасаттылық пен сыпайылық, адамдарға қайырымдылықпен қарау, еңбексүйгіштік, жарқын өмірге ұмтылушылық т.б. атап айтты. 1886 жылғы бір өлеңінде ақын:

Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман,

Шошимын кейінгі жас балалардан – деп, Абайды шошытқан нәрсе осы қоғамның өз ұрпақтарына беретін ғибрат-өнегесінің болмауы. «Интернатта оқып жүр» деген өлеңінде Абай қоғамдық сананың айнасын, педагогика-психологиялық ахуалын айнытпай мүсірген. Осы сана әлі күнге дейін қоғамдық болмысымыздың кескінін өзгертпей келеді.

Жалпы адамзат тарихында адамның санасы сол қалпында қалып, тек миы жетіліп, техникасы дамыды. Ақын шығармаларын туғызған заман, қоғамдық орта, әлеуметтік жағдаймен байланыстыра қарау, бүгінгі заман талабы. Абай мұрасының өміршеңдігін, заман озған сайын маңызды әсері қаншалықты күшейе түскенін, озық ойлы мұраттарымен сәйкес айқынырақ танимыз. Абайдың өмірді, адамды суреттеуі барынша шыншыл да терең. **Қандай құбылысты сөз етсе де, ол оның қоғамдық-әлеуметтік тамырын, маңызын айқындап, адам үшін, қоғам үшін пайдалы немесе зиянды жақтарын ашып айтады.**

Абайдың білімін тереңдетіп, ғылымды игеруге, орыс зиялыларының шығармаларын жүйелі түрде оқып, тереңірек білуге кіріскен уақыты жасы отыздан асқан кезі болатын. Осы кезде ол **Семейге жер аударылып келген орыстың қоғам қайраткерлері Е.П. Михаэлиспен танысады.** Михаэлис Петербургте патшаға қарсы 1860 жылдары студенттердің қозғалысын ұйымдастырушылардың бірі болғаны үшін біраз жылдар айдауда Сібірде жүріп, кейінірек 1869 жылы Семейге келіп орналасқан. Тұтастай алып қарағанда Абайдың қоғамдық-әлеуметтік және саяси көзқарастары орыс халқы арқылы түйгені көп екені анық. «Орысша оқу керек ...тілін, оқуын, ғылымын білмек керек» (25-қара сөз) дегені де содан.



24-сурет. Абай және орыс ойшылы, әрі досы — Михаэлис

Шығыс халықтарының әдеби нұсқаларына құштарлық, ынта-ықылас та көбеймесе азайған жоқ. Алайда Шығыстан келген сюжеттер көптен таныс, үйреншікті дүние секілді болса да, орыс әдебиетінің шығармалары мүлде жаңа құбылыс еді. Қазақ елі мен көршілес орыс халқының арасында мәдени ауыс-түйіс бұрыннан орын алған еді десек те, орыс әдебиетінің қазақ мәдениетіне үлкен жаңа арна болып қосылуы осы кезде басталды. Орыс әдебиетін білуге, оны еркін игеруге ұмтылған Абай орыс ақын-жазушыларының шығармаларын тек қана өнерпаздықтың, көркемдік шеберліктің үлгісі деп қараған жоқ, айналадағы қоғамдық өмірді терең танып-түсінудің таптырмас құралы деп санады. Орыс жазушыларының шығармалары Ресейдің тарихынан, орыс халқының өмірінен хабардар болу үшін ғана емес, қазақ даласында әкімшілік жүргізіп отырған патша үкіметінің саясатын:

Орыс сияз қылдырса,
Болыс елін қармайды.
Қу старшын, аш билер
Аз жүрегін қармайды.

Ол саясатты жүзеге асырып отырған ұлықтардың озбырлық іс-әрекеттерін ашып салады. Параның күшімен болыстыққа сайланғандарды, оның шашбауын көтеруші жағымпаздарды, ел берекетін кетіргіш пысықайларды:

Орыс айтты: өзіңе ерік берем деп,
Кімді сүйіп сайласаң, бек көрем деп.

Бұл тек сайлау кезінде емес, басқа кезде де «Аямай бірін бірі жүр ғой аңдып» күндеп, бірінің үстінен жоғарғы жаққа шағым, арыз жазып жүрген шенқұмарларды:

Атаны бала аңдиды, ағаны іні, Ит қорлық немене екен сүйткен күні — деген, ұлы ақын өзінің қазағының мінездерін сын тұзағына іліп, келемеж тізесімен илеп, ажуамен түйреп сықақ дейтін найзасымен шаншиды.

Абай шығармашылығы әр түрлі адамдардың мінез-құлқы мен ішкі дүниесін ашып көрсетуге шеберлігі жағынан алғанда үздік шығармалары аз емес «Бөтен елде бар болса», «Сабырсыз, арсыз, еріншек» т.б. өлеңдеін атауға болар еді. Кедейлік қазаққа үстем болып тұрғанын күйіне айтып, кәсіптің түр-түрін игеруге келгенде енжарлық танытатыны.

Еңбек жоқ, харекет жоқ, қазақ кедей,
Тамақ аңдып қайтеді тентіремей? – деп, түйеді.

Қажет деген жерінде ақын сөз тигізетін адамдар тобын саралап, бөліп айтады. Мысалы: «Ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді» дегені өңкей қыртың, мылжың адамдарға қатысты болса, «Бас-басына би болған өңкей қиқым» дегені елдің сиқын бұзып жүрген, ұлыққа, мансабы жоғары болыстарға қатысты сөздері бүгінгі біз өмір сүріп отырған қоғамның қамын жеп толғанған ақынның жүрегінің түкпірінен шыққандай сезіледі. Абай қоғамның да, тарихтың да,

уақытты алға жетелеуші де, қоғамдық дамудың да ешқайсысы санаспай тұра алмайтын негізгі шешуші тұлға – адам деп ұқты.

Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

1. «Эпопея» сөздің шығу тарихы?
2. М. Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясының 4 кітаптың шыққан жылдары?
3. М. Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясында өнер адамдары, ақын-жыршылары?
4. Әлеумет — жамағат, бұқара, қауым, жұрт мағынасында қолданылатын ұғым?
5. Абай әлеуметтік тыныс-тіршілікке мүлде жаңа міндет жүктеу?
6. «Сегіз аяқ» өлеңінің түпкі ойы?
7. «Жігіттер, ойынарзан, күлкі қымбат» әлеуметтік мәні неде?
8. «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңінің насихатамалық маңыздылығы?
9. «Интернатта оқып жүр» өлеңінің мән-мағынасы?
10. «Бас-басына би болған өңкей қықым» деген ұғымның мағынасы?

Әдебиеттер тізімі:

1. «Абай» : журналы. — 1997. — № 2–3.
2. Әуезов М.О. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Он сегізінші том, зерттеулер мен мақалалар. — Алматы : Жазушы, 1985.
3. Сапаралы Б. Құнанбай қажы. — Алматы : Ер-Дәулет, 1995. — 288 бет.
4. Жұртбай Т. Құнанбай. — Алматы : Алаш, 2004. — 400 бет.
5. Жолдасқызы А. М.О. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Құнанбай бейнесі : оқу құралы. — Астана : Сарыарқа, 2008. — 184 бет.
6. Әуезов М. Абай жолы : роман-эпопея. Төрт кітап. — Алматы : Жазушы, 2002.

7. *Салғараұлы Қ.* Таным баспалдақтары. — Алматы : Қазақстан, 1993. — 120 бет.

8. *Әуезов М.О.* Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер / жалпы редакциясын Ы.Т. Дүйсенбаев. — Алматы : Ғылым, 1967. — 390 бет.

9. *Жүнісов С.* Мұхтар Әуезовтың Абайтану туралы лекциясынан студент Сәкен жүнісовтың конспектісі : көмекші оқу құралы. — Алматы : Санат, 1996. — 80 бет.

10. *Қоңыратбаев Ә., Қоңыратбаев Т.* Көне мәдениет жазбалары. Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. — Алматы : Изд-во Қазақ университеті, 1991. — 400 бет.

11. *Мырзахметұлы Мекемтас.* Тараз. Ой толғаныстары. — Түркістан : Тұран, 2005. — 238 бет.

ТАҚЫРЫП № 6. АБАЙДЫҢ «ТОЛЫҚ АДАМ» ІЛІМІ

1. Кемел адам туралы ілімнің шығу, даму тарихы. Абайдың «Толық адам» туралы ілімі.

2. Абайдағы жүрек культі — толық адамның елеулі сипаты. Абай шығармасындағы «Толық адам» идеясының эволюциялық-хронологиялық даму жолы.

3. Абайдағы иманигүл (үш сүю) — Толық адам ілімінің темірқазығы.

4. Толық адам ілімінің даму жолы.

*Абай «...адамгершілікті моральдық философияда
барлық жайдан жоғары қояды»*

М. Әуезов

1. КЕМЕЛ АДАМ ТУРАЛЫ ІЛІМНІҢ ШЫҒУ, ДАМУ ТАРИХЫ.

АБАЙДЫҢ «ТОЛЫҚ АДАМ» ТУРАЛЫ ІЛІМІ

Исламға дейінгі Тұран жерінде тәңірлік дүниетаным негізіндегі түркі әлеміндегі ой-сананың абызы — *Қорқыт*. Қорқыт абыздың сол заманның басты идеологы ретінде түрік қауымын ізгі жолға салудың басты құралы ретінде ұлыстық, елдік дәстүрдің күшінде жатты. Халықтың ғасырлар бойы ұстанған ата-бабалардан қалған тұрмыстық дәстүр, атадан қалған салт-санасы, әдет-ғұрпы, дүниетанымы қауымды ізгілік, кісілік тұрғыдан тәрбиелеудің бірегей тірегіне айналған құбылысты көреміз.



25-сурет. Абыз Қорқыт

Ал, VIII–IX ғасырда исламият әлеміне енген түрік халықтарының мінез-құлықтары ой-танымы исламдық жолға салу әрекеті Әл-Фараби ұстанған моральдық-этикалық ілімінде парасатты адам (инани фазыл) туралы танымында жатты. Әл-Фараби түрік әлемінде өз танымының негізі ретінде жүрекке шешуші мән беруі — түрік халықтары поэзиясында жүрек культін жырлаудың дәстүрін орнықтырды. Әл-Фараби этикалық трактатында адам тәнінің патшасы ретінде жүрекке шешуші мән беруі — Абай негізін қалаған толық адам ілімінің түп төркіні қайда жатқанын әрі қайдан рухани нәр тартатынын сілтеуімен де құнды дерек көзіне айналуда.

Әл-Фараби, Жүсіп Хас Хаджиб шығармаларында сөз болатын ар түзейтін ілім негіздерінің бәрі де әр қайсысы өз заманына сай тарихи жағдайға, уақыт талабына байланысты қоғамның рухани қажеттілігіне орай пайда болған дәстүрлі жалғасы бар, қайталанбас рухани құбылыстар болатын.



26, 27-сурет. Қожа Ахмет Ясаун, Мəшқур Жүсіп Көпейұлы

Абайдың заманындасы оқымысты ақын Мəшқур Жүсіп те: Хал ілім мен Қал білімінен хабары мол әрі оны жіті танып білуі себепті «Хал» ілімі мен «Қал» білімінің айырмасын кейінгі ұрпақ танып білсін дегендей, пендеден пенде сабақ алып, көзбен көріп, ілімінің ұстанымы. Тілмен оқылатын оқуды «ғылым қал» дейді.

Хал ілімі — сопылық дүннетаным. Иасауи хал ілімін «дафтару саны» дейді. Бұл ілім Теккеде беріледі. Арнайы «дидар талаптарға» үйретілуі тиіс.



28-сурет. Шығыс суретшілердің пікірінше Сопылық ілімді таратуы

Жалпыға бірдей үйрету қал ілімі хал іліміне етудің бірінші әрі міндетті шарты. Қал ілімі жалпыға бірдей медреседе беріледі. Қал ілімі сөз білімі деген мағынаны білдірсе, хал ілімі адамның ақиқатты сезіну сезімдерін қамтиды.

Негізінен ладунни ілім мен хал ілімдері бір. Көңілден көңіл сабақ алатын бір жол бар, оны «ғылым хал» дейді, - деп ол ғылымдардың өзара жігін көрсетіп, Ясауи негізін салған «Хал» ілімінен хабар беретіні бар. Ал, оны «хал» ілімі қазан төңкерісне дейін Түркістан медреселерінде арнайы курс ретінде оқылып келгенін ақын Мәди Меркішұлы (1865–1924)

Үйрендім елден хал ілімін,

Ұстадым аз-маз хал ілімін.

Көп алмадым аз алдым,

Әпендім Шажыбал ілімін, – деп медресе мударисі Шажыбал заманында **А. Ясауидің хал ілімін оқып үйренгенін** әрі сол жолды өз өмірінде ұстанып өтуін хабарлауында мән-мағына жатыр. Мәди «Бірі едім жарлының» кітабында:

Әубәкір, Разах, Фараби,

Әбдуғали Сина, Араби.

Ғұлама мұндай көп болған,

Хикметтер ашқан шараби.

Европа өнері исламнан

Үйренді десем сенбейді, - деп евроцентристік көзқарасты әшкерелеп, алғаш рет қазақ әдебиеті тарихында Әл-Фарабиді таныстыруы — өз заманы үшін елеулі жаңалық.

Жәуанмәртлік (хал) ілімін Осман империясына жайып таратқан Сырдариялық қыпшақ руынан шыққан Шамс Табризи (XIII ғ.) болатын. Кейбір деректерде оны Шамс Тарази деп те көрсетеді. Шамс Табризи Түркияның Кони қаласына барып, Жалаладдин Румимен (1207–1243) кездесіп, оның дүниетанымын бір ай ішінде түбірімен өзгертіп жіберген ұстазы Шамс Табризиге, оның хал (жәуанмәртлік) іліміне құлай берілуіне әсер етеді. Оның бүкіл

шығармаларында жәуанмәртлік ілімінің негіздері мен кісілік мақсаттары үзбей желілі түрде насихатталып, оқырмандар санасына өзі ұстанған ілімін сіңіруді мақсат етті.

М. Әуезов Абайдың жәуанмәртлік ілімімен таныстығы медреседегі шәкірттік кезінен басталғанын «Абай жолы» эпопеясының алғашқы кітабында суреттеп баяндайтыны бар. Роман желісінде бала Абай Қарқаралыдағы жиынға келген Бөжей тобына сәлем бергенде, сәлемін құп алған Бөжейге разы болып: «Бұл ой Абайға алғаш келген ой еді де... және тіпті, өз ойы сияқты көрінді. Анығында «ақыл, қайрат» «ақыл мен бақыт, байлық» дегендерінің өзара дауы, таласы деген парсы, түрік тіліндегі кітаптардан былтырлары бір оқыған нақыл әңгімесі бар. Қазір де Абай соны өмірден тапқанына да дән разы... Өз ақылымен тапты... Тапты да: осының бәрі бір жерден бір кеудеде, бір адамның ішінде болмағы ләзім». (М. Әуезов. 50 томдық толық жинағы. Алматы. 2005, 22 том. 125 бет), — деп жазуына қарағанда, жәуанмәртлік ілімінің негіздері арнайы өзекті желі тартып жиналатын Жүсіп Қас Хаджиб Баласағұнидің (XI ғ.) «Құтты білік» (1069 ж.) дастаны мен парсы тілінде жазылған «Кабус наме» (XII ғ.) кітабын дәл меңзеп тұр.

М. Әуезов заманында шығыстың бұл рухани қазына көздерін ашық айтып, сілтеме жасауына, насихаттауына мүмкіндік жоқ еді. Бірақ М. Әуезов романда көркемдік тәсілге сүйене отырып, есің болса ішің білер дегендей ыммен беріп, жол тауып кетіп отыр.

Абай жәуанмәртлік ілім негіздерімен терең таныс екені 38 қара сөзінде сілтеме жасап берілетін жәуанмәртлік ілімін терең бойлай талдап, сыншыл ой-пікір айтуымен-ақ мәселенің түп төркіні қайда жатқанын ашық сездіріп отыр.

Абай өзіне дейінгі Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұни, Ясауилердің және Румидің кемел адам жайлы ой танымдары мен кісілік идеясымен тек таныс болып, осы ілім саласында толассыз ізденіске түсіп, өзі негізін қалаған толық адам ілімін қалыптастырудағы басты мақсаты.

М. Әуезовтың сөзімен айтқанда: «...ұстаздық, әлеуметтік талабының түп мақсаты жеке адамды жамандықтан арылтып, сол

арқылы заманындағы қауым-қоғамын және халқын түзетіп өзгертпек болады». Абай бір кездері әлеуметтік, қоғамдық күрес жолына белсене араласқанда:

Өзімді өзім зор тұтып,


Өзгертпек едім заманды, - дейтін өршілдік әрекетінен де көреміз.

Абайдағы «Толық адам» туралы ойы «Ғылым таппай мақтанба» (1886) өлеңінен бастау алып, жыл өткен сайын қоюлана, күрделене түсетіні бар. Гуманист атаулы ғалымдардың бәрі де бұл дүниедегі асылдың асылы, ең бағалысы адам деп қарайды. Сол адамның бойындағы қалыптасатын мінез-құлықтың ең басты сипаты неден тұрмақ деген сұраққа әр заман ойшылдары өзі жасаған заман талабына орай жауап беруге ұмтылған. Бұған исламият әлемінде, әсіресе, Түркістан өлкесінде бұл өзекті мәселеге әл-Фараби бастаған XI ғасырдағы Жүсіп Қас Хаджиб, XII–XIII ғ. А. Ясауи, Ш. Табризи (Тарази), Ж. Руми жалғастырған **«жәуанмәртлік»**, **«хал ілімі»**, **«камили инсани»** жайындағы ой-толғаныстары танымдары өз үлестерін қосып жатты. Ал XIX ғасырдың екінші жартысында Абай бұл мәселеге айрықша назар аударып, өзіне дейінгі ойшылдар дәстүрін жалғастырып дамытып, толық адам туралы ілімнің негізін салды.



29-сурет. Ағартушы Абай

XX ғасыр басында Абайдың өз шәкірті Шәкәрім ар ғылым арқылы жалғастыра дамытты. Абай мен Шәкәрімнің әдеби мұрасындағы елеулі түрде бірегей көрініс берген ар түзейтін «Толық адам ілімі» де олар ғұмыр кешкен қоғамдық санадағы, әсіресе, әлеуметтік саяси жағдай, яғни Ресей бодандығы құлдығынан азып-тозып бара жатқан халқын кісілік жолға салу, болашақ жастарды рухани жағынан іштей түлеп тазартудың мақсатынан туындады. Өйткені Абай мен Шәкәрім отаршылдық саясаттан қазақ елінің ой-танымы, әдет-ғұрпы, салт-санасы нілдей бұзылып, рухани жағынан азғындауы себебін жете танып білді. Ел билеудің отаршылдық жүйесі ендірген болыстық түрі — жабайыларды жабайылардың қолымен тұншықтыру саясаты қазақ елін іштей ірітіп, рухани жағынан азғындап кеселге ұшыраған қалшынан арылтудың жолын толық адам ілімінен тауып, сол арқылы рухани тұйыққа қамалған елін кісілік рухани рухпен тазартудың емі ретінде қарады.



30-сурет. Шәкәрім Құдайбердіұлы, зерттеулері

Абайдың толық адам туралы ілімін дәстүр ретінде жалғастыра дамытып, ол ілімінің негізін ар ғылымы ретінде танып, «Ар ғылымы оқылса» деп армандайды. Өзінің «Үш анық» деп аталатын

философиялық трактатында Шәкәрім ұждан мәселесіне айрықша назар аударған. Ұжданды адам жанының тілегі ретінде таныстырады *Себебі жан жоғалмайтын, өлмейтін, бұзылмайтын қайта уақыт өткен сайын нәрленіп нұрлана жоғарлайтын, іштей түлеп толысатын рухани құбылыс болғандықтан, адам жанын танып білу, сырын ашу жантану ілімінің зерттеу нысанасына алынуы керек.*

Сопы қажы Абдолла Ансаридің «шариғат — тән», «тариқат — жүрек», «ақиқат — жан» деп анықтама беруінде көп нәрсенің сыры жатыр. Ақиқатты (жанды) іздеген Шәкәрімнің түп иені:

Жан де, мейлі бір мән де,
Сол қуатпен бол таныс

Дүниені сол жаратқан, - деп терең философиялық ой толғанысында *жантану* іліміне айрықша мән-мағына беруінде Шәкәрім дүниетанымының өзекті желісі (ядросы) жатыр. Ар ғылымы жайында Шәкәрім дүниетанымының өзекті желісі мен шешуші түрдегі ой қортындысы — ұжданға байланысты болуы себепті: «...адамдағы ынсап, әділет, мейір — үшеуі қосылып ұждан деген ұғым шығады... бұған нана алмаған адамның жүрегін ешбір ғылым, өнер, ешбір заң тазарта алмайды... ұжданы сол жанның азығы екеніне ақылмен сынап істесе, оның жүрегін ешнәрсе қарайта алмайды... Адамзат ұлын бір бауырдай қылып, екі өмірде де жақсылықпен өмір сүргізетін жалғыз жол осы мұсылман жолы сияқты» (Үш анық. Алматы. 1991, 5–9 бет) деп өз ой байламын жасайды.

Адам болу туралы ой танымын **«Ғылым таппай мақтанба»** өлеңінде көп нәрсенің төркінінен хабар беруі себепті М. Әуезов ол өлеңді «Абайдың, әсіресе, көп ой қорытып айтқан мағыналы және програмдық бір өлеңі», - деп ерекше мән бере бағалауында үлкен сыр жатыр. Абайдың

Бес нәрседен қашық бол,

Бес нәрсеге асық бол,

Адам болам десеңіз, - деп адам бойындағы мінез-құлқындағы қарама-қарсы ұғымдардың сырын 7-қара сөзінде айтылатын «жанның тамағы»дейтін пәлсапалық (философиялық) мағынасы бар ұғыммен салыстыра отырып сырын ашсақ, көп мәселенің тамыры жатыр. Осы өлеңде ерекше мән бере аталатын Шығыстың озық ойлы Ғұламаһи Дауанидің (XV ғ.) атақты шәкірті Жүсіп Қарабағи (XVIII ғ.) «Рисаласында» «жанның азығы» деген ұғымды еске (память) байланысты қарап талдайтыны бар. Автор «жанның азығы» (духовная пища) деген ұғымды екіге бөліп: бірінші жанның пайдалы азығы (шын сенім, жомарттық, ғылыми түсінік, шүкіршілік) екіншісі — жанның зиянды азығы (күншілдік, жалған сенім, күпірлік) деп атайды.

Абай танымындағы «жанның тамағы» да жан қуаты арқылы біртіндеп қорланатын рухани байлықты меңзейді. Өйткені Абай «...құмарланып жиған қазынамызды көбейтсек керек, бұл жанның тамағы еді», - деп көрсетуі арқылы әрбір талапкер жас өзінің дүниетанымының қалыптасу жолында жанның пайдалы тамағымен сусындауға саналы түрде бет бұрса ғана толық адам жолына түсе алмақ, болмаса жоқ.

Ақынның «бес нәрседен қашық бол» деп таңбалап отырғаны адамды аздыратын жанның зиянды тамақтары болып шығады. Адам болу туралы ойлар, әсіресе, ақынның қарасөздерінде молырақ таратылған. Ондағы «адам болу, адам, жарым адам, толық адам, адамның адамдығы, адамшылық, адамшылығының кәмалаттығы, пенделіктің кәмалаттығы, инсанияттың кәмаләттығы т.б. терминдік мәні бар сөздердің бәрі де толық адам жайлы пікірлерімен сабақтасып жатады.

2. АБАЙДАҒЫ ЖҮРЕК КУЛЬТІ — ТОЛЫҚ АДАМНЫҢ ЕЛЕУЛІ СИПАТЫ

Мұсылмандық шығыс поэзиясында құстың қос қанатындай қанат қағып келе жатқан жүректі мадақтау (жүрек култі) мен ақылдың култін дәріптеу көрінісі айқын аңғарылып тұрады. Осы тұрғыдан келіп классикалық сопылық поэзияда *имани ақыл* (ибн Сина) мен *иманигүл* (Абайда) танымы ғасырлар бойы жырланып үзеңгі қағысып келеді.

Абайдың жүрек туралы танымы бізде поэтикалық тіл тұрғысынан зерттелсе де (проф. Қ. Жұмалиев), бірақ гуманистік болмысына мән берілмей келгенін Абай «...Біздің қазақтың жүректі кісі дегені — батыр кісі дегені. Одан басқа жүректің қасиеттерін анықтап біле алмайды», - деп тыңдаушыларының жүрек табиғатын тану өрісі төмендігіне реніш білдіретіні бар.

Абай жүректі – рахым, шапағаттың қайнар көзінің баламасы ретінде қарайды. 1886 жылдан бастап жүректің сырына үңіліп, ол жайлы таным түсініктерін жыл өткен сайын тереңдетіп, шығармаларында жүйелі түрде насихаттап таратып отырады. Осы ерекшелікті сезген М. Әуезов Абайтанудан 1943 жылы оқыған дәрісінде: «17-сөзі Адамның адамгершілігі неден құралады дегенде: қайрат, ақыл, жүрек үшеуін айтып, ғылымға жүгіндіреді. *Абай жүрекке бірінші орын береді. Бірінші жүректің сезгіштігі. Мұның өзі көрегендік. Олай болса ақыл байқағанды жүрек сезеді. Абай өлеңінде де, қара сөзінде де шабыттың адамы, сондықтан жүрек сезімі күшті*» (ЛММА архиві, 331 папкі, 173 бет), – деп Абайдағы жүрек мәселесіне ерекше мән береді.

Абайдағы жүректің орны жайлы ой толғаныстарын оның «Әуелде бір суық мұз ақыл зерек» (1884), «Кейде есер көңіл құрғырын» (1890), «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа» (1896), «Алла деген сөз жеңіл» (1896) деген өлеңдері мен «Менің сырым, жігіттер, емес оңай» (1897), «Жүректе көп қазына бар, бәрі жақсы» (1899) деген аудармаларында тұжырымдап берген болатын.

Абай ақыл, қайрат, жүректің бірлігі мен жүректің шешуші орнына мән бере қарауы себепті

Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,

Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек, –деп ғылымға сілтеуінің өзіндік мәні бар нәрсе. Өйткені өз ортасының надандық жат қылықтарын қатты сынға алған ақын оларға адамзат баласының бойындағы үш асыл қасиетті меңгеруге үндеп:

Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек, – деп ой байлам жасағанда, анықтауыш сөз ретіндегі үш сөзге (ыстық, нұрлы, жылы) ерекше мән-мағына беруінде терең таным іздері жатыр.

Өлең жолындағы жүрекке орай айтылатын «жылы жүрек» сөзі терең гуманистік ұғымның салмағын көрсетіп тұр. Бұлардың түп төркіні көне заманнан келе жатқан мешаюндық (перепатетиктік) пәлсапаның танымдарынан нәр алған дерек көздеріне негізделеді. Мысалы эль-Фараби бабамыз «...жүрек — ішкі табиғи жылылықтың көзі. Басқа мүшелерге жылылық нақ осыдан тарайды, олар осыдан нәр алып отырады» (әл Фараби. Философиялық трактаттар. Алматы, 1973, 200 бет), — дегені Абай айтып отырған «жылы жүректің» мағыналық төркінін көрсетіп тұр.

17-қара сөзінде жүректі адам денесінің патшасы ретінде көрсете отырып, оны бүкіл әділет, рахым, шафағат, ар-ұяттың қайнар көзі, ұлы мекені деген танымда ұқтырады. Осы ойын тереңірек ұғындыруға ұмытылған Абай «осы үшеуің басыңды қос, оның ішінде жүрекке билет деп ұқтырып айтушының аты ғылым екен... Үшеуің ала болсаң мен жүректі жақтадым..., деп кітаптың айтқаны осы», — деп ғылым атынан көрсеткені мен жүрек жайлы ой танымы ақынның тума өз пікірі екендігін оның барлық туындыларының рухы айғақтайды.

Мысалы «Алла деген сөз жеңіл» өлеңінде хауасты түсіндіріп танытуда мұтақәалимин, мантикиндердің өзі жауап бере алмауы себепті, Абай оларды «Бекер басқа ездур», — деп қарап, оған дұрыс

жауапты жүрек қана бере алады деп өзіндік ой байламын жасаған. Мұндағы Абай ой-танымының нәр тартатын түп төркіні әл Фараби мен ибн Сина еңбектерінде жатқанын *әл-Фарабидің «Жүрек басты мүше, мұны тәннің ешқандай мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді, бірақ мұның үстемдігі бірінші емес екінші, өйткені ол барлық басқа мүшелерді билейтін болса, оның өзін жүрек билейді»*, - деген сөзі айғақтап тұр.

Өз шығармаларында Абай жан сыры, оны танып білу жөнінде өзіне дейінгі көне деректер мен өз тұсындағы ой танымдарды сыншыл ой елегінен өткізеді. Осы арқылы өзіндік қайталанбас ой танымдарын уақыт талабына байланысты соны таным тұрғысынан қалыптастырады. Абайда іргелі түрде сөз болатын жантану ілімі туралы көзқарасы Шәкәрім шығармаларында жалғасын тауып, ұстаз дәстүрін дамыта білді.

Әл Фарабиден бастау алатын адамның өзін өзі тануы туралы көзқарастың жүйелеуінше «өсімдік жаны», «хайуан жаны», «адам жаны» деп сараланады. Осылардың ішінде адам жанының сырын танып білу жолында айтылатын ішкі, сыртқы сезім мүшелері арнайы сөз болып, кеңінен таратылады. Бірақ сол сезімдердің ішінде мешаюн мектебіндегілердің бәрі де адам денесінің патшасы жүрекке шешуші орын береді, поэзияда жүрек культі мадақталып жырланады. Бұлар ақыл-сананың пайда болар орнын да жүрекке байланысты құбылыс ретінде таныса, осыны Абай *17-қара сөзінде «қан менен тарайды, жан менде мекен қылады... әділет, нысап, ұят, рақым, мейірбанишылық дейтұғын нәрселердің бәрі менен шығады»*, – деп аңғартады. Абай жүрек атынан айттырып отырған жан сыры туралы ұғымын ақынның философиялық лирикаларында жиі айта беретін *«ақыл мен жан — мен өзім» хауас — түйсік пен сезім, жәуанмәртлік — жомарттылық* және қара сөздерінде молырақ таратылатын *«жан қуаты, жан құмары, жанның тамағы, жанның жибили қуаты»* деп аталатын терминдік танымы терең аталы ұғымдармен сабақтастыра қарауды талап етеді.


Қорыта айтқанда, толық адам ілімінің өзекті желісіне орай Абайда жүрек культін көтере жыр етуі әділет пен рахыммен тікелей

байланыста жатқан рухани құбылыс ретінде танып білу — міндетімізге айналды.

3. АБАЙДАҒЫ ИМАНИГҮЛ (ҮШ СҮЮ) — ТОЛЫҚ АДАМ ІЛІМІНІҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

М. Әуезов Абайдың исламиятқа қатысын анықтауда ұстанар екінші тезисі «Абайдың діні — ақылдың, адамгершіліктің діні» деген танымды ұстанады. Осы тұрғыдан келіп өзекті ой желісін /1902 жылы жазылған «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деген өлеңін талдау үстінде аша түскен. Өз ой танымын тарату үстінде 27, 38 қара сөзде ерекше мән бере қараған Абай исламияттың кейбір түбірлі ұғымдарын сыншыл ақыл тезіне салып, олардың өзіндік сыншылдық таным тұрғысынан келіп оны адамгершіліктің дініне айналдырады. Бұл әрекетіне Абай танымындағы иманигүл немесе үш сүю мәселесі айғақ бола алады.

Абайда желілі түрде таратып сөз ететін **иманигүл (үш сүю)**, жәуанмәртлік, толық адам сияқты аса күрделі ой желілері тәңірге, оның сипаттары мен өзі таратуды мақсат тұтқан адамгершіліктің негіздері туралы ой толғаныстары М. Әуезов тұжырымының ең өзекті де елулі желілерін қамтитын басты ұғымдарға жатады.



31-сурет. Абай Құнанбайұлы және Мұхтар Әуезов

М. Әуезов Абайдың «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңіндегі мораль философиясына соғатын үш сүю (иманигүл) деп аталатын ақын танымының мағынасы терең өзекті желілеріне айрықша назар аударады. Абай айтқан үш сүю жайлы ой байламдарын анықтау арқылы ішкі наным мен адамшылық жолындағы насихаты мен мораль философиясы жөніндегі танымы түгелге жуық ашылып, өз көрінісін бере алған деп қарайды. *Себебі осы өлеңдегі үш сүюде алға қойылған бастапқы пікір:*

Махаббат пен жаратқан адамзатты,

Сен де сүй ол алланы жаннан тәтті, – деп жаратушы түп иесін, жаралған пендесінің махаббатпен сүюі қажет дейтін **бірінші сүюді** көреміз. **Екінші сүю** — ақын шығармаларында желілі түрде таратылатынбасты ой желісі «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» айдар тағып, ерекше бөліп көрсетуінде жатыр. **Үшінші сүю** — «Және сүй хақ жолы деп әділетті» деп 38 сөзінде Алланың бойындағы 8 сипаттан күдірет пен ғылымды біріктіріп алатын ғақылға (ақылға) Абай нақылия, ғақлия дәлелдерге сүйене отырып ұсынатын гәділетке (әділетке) ерекше мән беретін үшінші сүюді көреміз. Абай танымындағы әділетті, яғни үшінші сүюді М. Әуезовтің мұсылмандық танымдағы әділеттен өзгешелеу жатады деп ескертуі көп нәрсені аңғартады.

«Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деген өлеңіне дейін-ақ үш сүю мәселесі жанама әрі тікелей аталып сөз етілген болатын. Бірінші, екінші сүю 27-қара сөз бен «Алла деген сөз жеңіл» өлеңінде нақтырақ әрі жанама түрде таратылады. Бірінші сүю Абайға дейін көне дәуір ойшылдары мен сопылық поэзияда молынан қамтылып жырланған көпшілікке танымалы ұғым еді. Абай «Алла деген сөз жеңіл» (1896) өлеңінде нақтырақ, әрі тереңірек мән беріп махаббатпен жаратқан түп иеге жауап ретінде пенделері де махаббатпен сүю керектігін:

Жүректің ақыл суаты,

Махаббат қылса тәнірі үшін, - деп бірінші сүю туралы ойларын осымен шегереді, одан ары бұл мәселе туралы тоқталмайды. Бірақ екінші, үшінші сүю туралы өз ой пікірлері туралы өлеңдері мен қара сөздерінде желілеп, үздіксіз насихаттаумен болады.

Осы үш сүю болады иманигүл,

Иманның асыл үш деп сен тақиқ біл.

Ойлан дағы үшеуін таратып бақ,

Басты байла жолына малың түгіл, - деп Абай қазақ қауымының рухани жағынан іштей тазарып ұстанар рухани жолының сенімді бағыт-бағдарын нұсқайды. Өйткені абайтанудың бірегей білгірі М. Әуезов «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңінде ақынның ішкі наным, дүниетанымы, адамшылық жолындағы үгіті мен мораль философиясы жайлы танымы толық түрде айтылған деп біледі.

3. ТОЛЫҚ АДАМ ІЛІМІНІҢ ДАМУ ЖОЛЫ

Абай өзі негізін салып қалыптастырған толық адам ілімін осы мақсат тұрғысынан өзінің идеялық күрес құралына айналдырғаны оның шығармалар желісінде осы гуманистік идеяны молынан насихаттап, жүйелі түрде қызу таратып жатуында көп мәселенің астарлы сырлары жатыр. Өйткені *Абай туындыларында жиі ұшырасатын «пенде, адам, жарым адам, толық адам, суық ақыл, нұрлы ақыл, хауас, үш сүю, пенделіктің кәмалаттығы, инсанияттың кәмалаттығы, кәмалат газамат»* деп аталатын терминдік мағынасы терең ұғымдардың бәрі де тікелей кейде жанама түрде толық адам ілімімен сабақтасып ұштасып жатуы жәй нәрсе емес. Өйткені бұларды жете танып, зерттей отырып танып білмесең, толық адам ұғымының табиғатын жете меңгеруге мүмкіндік бола бермейді.

Абайдың «толық адам» туралы ілімінің өзегі — ақыл, әділет, рахым деген терең ғылыми мағына беретін, тереңіне құрық бойлай бермейтін ой-пікірлерінің мән-мағынасы аса зор күрделі

мәселелер. Бұлардың түп төркіні Абай қара сөздері мен философиялық лирикасындағы Алланы тану мен жантану жолындағы ой ағысының тарту күші зор ой иірімдерінде жатыр.


Абайдағы толық адам ілімінің өзегіне (ядросына) айналған мәні мен мағынасы аса зор этикалық танымдағы ақыл, әділет, рахым, қайрат деп аталатын мағынасын ізденіп барып, жүйеге түсіріп алмақ керек. Болмаса ұстатпайтын терминдік мағынасы көп қатпарлы аталымдардан құралып, толық адам ілімінің қаңқасын құрайтын киелі ұғымдардан құралады.

Бүкіл түрік халықтарының жерін отарлаған Ресей империясының да олардан айырмасы жоқ болатын.



32-сурет. Абайтанушы — филология ғылымдарының докторы,
профессор Мекемтас Мырзахметұлы

Мысалы, отарланған қазақ елін қан-қақсатып, «жабайыларды жабайылылардың» қолымен тұншықтырудың ел билеудегі болыстық жүйесін ендіріп, қазақ қауымының тоз-тозын шығарған шындықты Абай мен Шәкәрім өз көзімен көріп өсті. Қазақ халқының мінез-құлқы өзгеріске түсіп, қалыптасқан ұлттық менталитеті сыр бере бастады. Ұлттық психологиясы да табиғи қалпынан ауытқып, тұрмысы да тозғындап, жыл өткен сайын жүдеу тұрмыс меңдей түсті. Абай мен Шәкәрім туған елін бұл іспеттес азаптан арылтып, рухани жігерлендіріп жан дүниесін жаңартып, рухани ділін тазартты.



33-сурет. Мекемтас Мырзахметұлының 2020 жылы жарияланған Абайдың «Толық адам» ілімі

М. Әуезов сөзімен түйіндесек: «...ұстаздық, әлеуметтік талабының түп мақсаты жеке адамдарды жаманшылықтан арылтып, сол арқылы заманындағы қауым-қоғамын және бар халқын түзетіп, өзгертпек болады», – деп Абайдың не себепті мораль философиясына яғни толық адам іліміне оралып соға беретін себебін ашып көрсететіні бар.

Адамзаттың рухани әлеміндегі өзгерістердің тән ғылымынан жан ғылымына қарай бет алуы осы ой-пікірдің айғағы болса керекті. Бұл үшін бүгіннен бастап әу бастағы түп төркіні Тұран жерінде туындап жетілген жәуанмәртлік ілімінің ұзақ ғасырлар желісінде жетіліп толысқан түрі — Абай мен Шәкәрім негізін салған толық адам ілімі. Алдымен онда Қазақстан республикасының, болашақта бүкіл түркі халықтарының ортақ моральдық кодексінің рухани және ғылыми іргетасына айналуына ғылыми практикалық та, теориялық та желілері жатыр.

Осы арқылы біз ғылыми ізденістерге сүйене отырып дүниеге келетін жаңа танымдағы түрік халықтарының мораль философиясы

негізінде жасалатын *ортақ түркілік моральдық кодексін жасау* таяу жылдардың мақсатқа айналды. Бұл түгіл Сауд Аравиясы корольдігінің министр кеңесшісі Маджид бен Абгдель Азиз ат Турки тарапынан ұсынылған «Ар-намыс кодексін жасау жөніндегі ұсыныстарын Алладан берілген діндер арасында ортақ бір ереженің керектігімен байланыстырады» деуі көп нәрсені аңғартса керек, яғни ортақ діни Ар-намыс кодексін жасау күн тәртібіне қойыла бастады деген сөз.

Бүгінгі нарықтық заманда рухани құндылықтар сыртқа қағылып, қарын қамын ойлау, нәпсілік жолға түсуден халықтардың мінез-құлқы бұзылып, тән азығы жоғары өрлеп бара жатуы ойшыл ақын Мағжанның айтуынша:

Күн батысты қараңғылық қаптаған,
Жалғыз жан жоқ қараңғыда лақпаған.

Қарын деген сөзді ғана жақтаған, - деп батыс әлемінің жан азығын аяқ асты етуінен тән құмары үстем түсіп отыруына куә болып отырмыз. Бұдан арылудың жолы — рухани тазару жолы Абайдың толық адам ілімі арқылы жастар санасына сіңіру — бүгінгі тәрбие жұмысының мақсатына айналмағы керек.

Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

1. Тұран жерінде ислам дініне дейінгі сенімдер, дүниетаным?
2. VIII–IX ғасырда исламият әлеміне енген түрік халықтарының мінез-құлықтары ой-танымы исламдық жолға салу әрекеті?
3. Хал ілімі туралы түсінігіңіз?
4. Абайдың жәуанмәртлік ілімі?
5. Абай мен Шәкәрімнің әдеби мұрасындағы елеулі түрде бірегей көрініс берген ар түзейтін «толық адам ілімі»?
6. Абай танымындағы «жан азығы»?
7. «Толық адам» сипаты — Абайдың жүрек культі?
8. Абайдағы «иманигүл» (үш сүю) ойы?

9. Түрік халықтарының мораль философиясы негізінде жасалатын «ортақ түркілік моральдық кодексін» жасау туралы түсінік беру?

10. Абайдың «Толық адам» туралы ілімінің өзегі?

Әдебиеттер тізімі:

1. Абай шығармаларының бір томдық толық жинағы. — Алматы : Жазушы, 1961. — 578-б.

2. Абайдың дүниетанымы мен философиясы / жауапты редактор Ә. Нысанбаев. — Алматы : Ғылым, 1995. — 182 бет.

3. *Әлімжан Е.* Толық адам туралы. — Алматы, 2005.

4. *Мырзахметұлы М.* Абайтану. Он том шығармалар жинағы. — Астана, 2020.

6. *Мырзахметұлы М.* Абайды оқы таңырқа. — Астана : Ғылым, 2015.

7. *Мырзахметұлы М.* Абайдың «Толық адам» ілімі. — Алматы, 2020.


ТАҚЫРЫП № 7.

АБАЙДЫҢ ДІНГЕ ҚАТЫСТЫ КӨЗҚАРАСЫ ТУРАЛЫ

1. Қазақ Даласында исламның ерекшелігін тану жолдары. Ахмет Ясауи сопылықтың негізін салушы, Қорқыттың сопылық танымы.
2. Абай танымдағы — Тәңір, Жаратушы Ие, Құдай, Алла.
3. Қазақ Даласында Исламның ерекшелігін тану жолдары.

1. ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДА ИСЛАМНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІН ТАНУ ЖОЛДАРЫ. АХМЕТ ЯСАУИ СОПЫЛЫҚТЫҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ, ҚОРҚЫТТЫҢ СОПЫЛЫҚ ТАНЫМЫ

Ежелгі түркі тілдес халықтардың Тәңіршілдік наным сеніміне байланысты айтылатын мәңгі құдірет иесі, бүкіл жаратылыстың бастауы, жаратушы деп қабылданған. Бұл сенім көп тәңірлік яғни түрлі сенушілікке апаратын Көк Тәңірі, Жер Тәңірі, Су Тәңірі, От Тәңірі атауымен қолдануына қарай, халық ауыз әдебиеті үлгілерінде, әсіресе, батырлар жырындағы ел қорғаған батырлардың қысылтаянда тәңірлерге сыйынып, ел тағдыры үшін аз-кем демеп жіберуін жаратушысы Тәңіріне жалбарынады. *Қазақ халқына ислам діні енбестен алдын, өзіндік сенім тұрғысынан келгенде бір жаратушы бар екенін мойындап оны «Тәңір» деп атаған.*



34, 35-сурет. Тәңірге сиыну, Түркі қағанатының басшысы Тоныкөк

«Алла» сөзін зерттеудің алдынан қолданбас бұрын арабтан келген бұйым екені белгілі. Қазақ халқы арабтар келместен алдын жаратқан иені «Тәңір» атауымен, кейін Орта ғасырларда парсылардың ықпалы басым болып, бұл атау «Құдай» деген сөздің бүгінгі күнде кең қолданыста кең таралды.

Ол қазақ әдебиетінің тарихында XV–XVII ғасырлар арасын «Хандық дәуір» немесе «Жыраулар поэзиясы» деп аталады. Жыраулардың шығармашылығынан Тәңірді ғана аңғаруға болады. Қазақ тілі, тарихы, мәдениеті, өнері, әдебиетінің тарихы, жалпы рухани әлемі VI–VII ғасырлардағы жазба жәдігерлер Орхон және Енисей өзендерінің (қазіргі Монғол жерінде) бастау алар жеріндегі тасқа қашалып жазылған «Күлтегін», «Тоныкөк», «Білге қаған» мұраларынан бастап біз жоғарыда айтқан XV–XVIII ғасыр аралығында «Алла», «Құдай» сөзі тілге алынбай «Тәңір» сөзі ғана пайдаланып келгені байқалады. Ислам діні 751 жылы Атлах шайқасынан кейін Түркі даласына тарады.

*Суфизм — халқымыздың дүниетанымына
айтарлықтай ықпал еткен философиялық жүйе.
(С. Дәуітұлы)*

Сопы — арабтың «жүн» деген сөзінен шыққан. Қыл-жүннен тоқылған ұзын шекпен киген тақуа адамда сопы деп атаған. Адамның өзін-өзі тануына мүмкіндік беретін діни-философиялық ағым. Адамның өзегі жүректі тыңдау болып, соның әмірімен жүріп, жолынан алшақ кетпеу сопылықтың негізі. Дененің патшасы — жүрек иман мен сенімнің тұрағы, Алланы тану орталығының мекені.

Сопылық ілімнің дені адам мен оның Аллаға қатысы болып табылады. Оны қолдаушылар «адам Алладан», «адам Алламен», «адам Алла үшін» адам баласының Аллаға деген сенімге негізделген. Сопылық жолы арқылы ол шынның шыңы болған «Ақихатқа жету» болып табылады. Сопылық ілімнің негізін қалаған Қожа Ахмет Ясауи:

Өтті ғұмырым шарифатқа жете алмадым,
Шарифатсыз тарихатқа өте алмадым.

Хақиқатсыз мағрипатқа бата алмадым, - деп, мойындап отырғандығын Шарифат, Тарифат, Марифат, Ақиқат осы төрт басқышты меңгергеннен соң тасауфта (рухани тазалық) бас қосады.



36-сурет. Шығыс ғалымдары

Шарифат та, Тарифат та, Ақиқат та, Мағрипатсыз (ғылым-білім) ешнәрсеге аспайды екен. Шындыққа апаратын бірден бір жол ғылым болып табылады.

Алғаш шарифаттың барлық талаптарын мұқият орындап, екінші басқыш тарифатқа көтеріліп өздері пір тұтқан ұстазына қол ұстатады. Осы сенімге ие болғандар, үшінші басқыш марифатқа көтеріледі, мұнда сопылық сенім кеңістігін оймен емес жүрекпен сезіну керектігін «сырттан ішке барған әр нәрсенің суреті жүректің айнасына анық рәушан болып түседі» деген Абай ақиқатқа табан тірейді. Ақиқатқа жету сопылық ілімінде пенделіктен өтіп Аллаға жақындау болып табылады.

Қоғамдағы қай көрініс болсын әдебиетте өз бейнесін бермей тұрмайтындығы белгілі. Баба Кухи (-1050), Әбділмажид Санои


(–1150) т.б. Орталық Азияда сопылық әдебиеттің негізін салса, Жүсіп Хамадани мектебінің жалғастырушысы, сопылық ілімді қалыптастырушы Ахмед Яссауи болды. Сопылық әдебиет тек дін мәселесімен шектелмей адам баласының өмір сүру құлқы туралы яғни адам деген атқа ие болу үшін неге мән беру керек немесе қандай жат әдеттен сақтану керек мәселесі бірінші тұрады. Ахмед Ясауи өз хикметінде баса айтылатын ел басқаратын биліктің құлқы туралы, нәпсіні тыйу, ел байлығын көздің қарашығындай сақтау, адал өмір сүру «инсанияттың кәмәлаттығы» (Абай) туралы айтылады.



37-сурет. Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауидің кесенесі

Иасаудің мұратын тікелей жалғастырушы Сүлеймен Бақырғани сопылықтың ірі өкілдерінің бірі болды. Ахмед Иасауидің тарихат ілімін жалғастырушы шәкірті болып танылған. Халық арасында «Хакім Ата» атымен белгілі. Бұл атауды өзінің ұстазы Қожа Ахмед Иасауи берген. Шығармашылығында исламды, шариғат ережелері арқылы адамдарды о дүниенің бар екеніне сенуге, тариқат Алланың кереметін сезінуге және ол толық адамды тәрбиелеуге, мариғат арқылы Алланы тану және оған үнемі тәу етуге шақырды.

Бақырғани қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік, әділетсіздік және ұрпақтар үшін жауапты кісілерді тірідегі іс-әрекеттің есебі о дүниеде екенін Абай: «Махшарға барғанда құдайтағала қажы, молда, сопы, жомарт, шейіт — соларды қатар қойып, сұрар дейді» - деп, 35-қара сөзінде ұмытпауға шақырады.



38-сурет. Сопылық ілімінің таралуы. Қолжазбалар

Сопылық дамыған кезде қаламгерлердің шығармаларында пантеизм (Алла мен табиғатты бірге қарастырушылар) философиялық ілімі байқалады. Әсіресе, Шығыстың біртуар ақындары Аттар мен Руми өлеңдеріндегі, Нақышбанди мен Ансари жазғандарындағы пантеистік көзқарастар Жәми, Науан еңбектерінде де көрініс берген.

Қорқыттан бастау алатын түркі сопылығы, Мұхаммед (п.ғ.с.) қайтыс болғаннан соң исламды таратушы сахабаларына сопылық ағымы таптырмас құралына айналды. Ежелгі түркі тайпаларының «тасаттық» деген сөзі сопылықты айқындайтын «тасауф» ұғымына айналған болса керек. «Тасауф» ұғымы — араб тілінен алынған рухани «тазалық» дейтін, «Сопь» сөзімен қатарлас, мазмұндас қолданылады. «Тасаттық — көпшілік қауым болып жиналып, құрбандық шалып, сауабын аруақтарға бағыштап, құран оқылып, құрғақшылық жылы құдайдан жаңбыр тілеп ниет қылады. ...

жиынның сонын мереке сауыққа айналдырады» дегеніне қарасақ сопылықта мерекелеу, шаттануға тиым салынған. «Тұранның қара шаңырағына ие болған қазақ жерінде ономастикалық атаулардың жеті түрлі қабат жатыр. Ол қабаттарда біздің жерімізді басып өткен отаршылдардың қанды ізі жатыр» дегенін ескерсек «тасаттық» беру исламға дейін қазақтардың мерекелеу дәстүрінде болғандығы өзінен-өзі расталып тұр. Шығыстың «Тасауып» ақындардың бастау алар қазына көзі «Ләйлі-Мәжнүн» болса, қазақтың Абайы:

Сенсің – жан ләззаті,
Сенсің — тән шәрбәті,
Сұлуды сүймектік —

Пайғамбар сүндеті. – деген өлең сарыны Шығыстық екені белгілі болып тұр. «Пайғамбардың сүндетінен» соң суф — таза, сап — таза, сап — алтын, саф — асылданып тазарған жанмен құдайынды, жаратушы иенді танысың «Онымен сезімді тазалыққа кіргендігіңді кәміл ыхыласыңды көрсетіп, ішімнің сафлығының соңында халық көрер сыртымды да пәк етемін һәм көзге көрінбейтін ағзаларымды да пәк етемін, бұл пәктіктің үстінде аллаға дұға айтамын деп әзірленесіз».

Сопылық әдебиеттің мақсаты Алланы әрқашан еске ала отырып, одан тыс қалмау көңілге тоқу арқылы әмірлерін түсіне білу және оны сүйу. «Алла деген сөз жеңіл» өлеңінде түп иені танып білудің бастауы жүректе екенін ұлы ақын шығыстық шайырлардың ұстанған жолы болатын дегенге тоқталған.

Қорқыттың мәңгі тіршілікті іздегенмен жаратушы мен табиғаттың ғана мәңгілігін кеш түсініп түңіле бақилықты соңынан сезінген бабамызды, ортаға бағымбай жерұйықты іздеп, сар өзектей сар даланы кезген Асан Қайғы, пенделіктің мәңгі еместігін Қожа Ахмед Яссауи нақты іліммен дамытты. Абай:

Адамзат — бүгін адам, ертең топырақ,
Бүгінгі өмір жарқылдап алдар бірақ.

Ертең өзің қайдасың, білемісің,
Өлмек үшін туғансың, ойла, шырақ.

Мәңгі өлместей қылық қылған пендесіне ескерту жасап, тәубаға шақырып тұр. Ғұмырлы болғың келсе өзіңнен кейінгілерге ұлағатты ізінді қалдыр дегенді меңзейді.

Сопылық жолға түсу үшін захид ілімін толық меңгерген, ол Алланың ақ жолында тіршіліктегі бар қиындыққа төзуге тәрбиелейтін өмір ләззатынан махрум ететін тақуа адамның сопылық — ілімі. Захид ілімі христианның монахында көрінсе, исламда зікір салу, ораза ұстау тұрғысынан көрінеді.

Тірі тұрғанда күнәдан адам баласы таза емес екенін ескертіп, Яссауише Алланы көзің жұмылып, нәпсің тиылып, жан кетіп тән қалғанда тек арғы дүниеде ғана тани аласың деп меңзеп тұрғанын байқау қиын емес. О дүниеге сенім сопылықтың басты қағидасы екені белгілі. Сопылық ілім сопылық әдебиет арқылы құлқынға ерік бермей, қанағат қарын тойғызар қағидасымен тақуа өмір сүру, о дүниеге сүйіспеншілікпен қарау, өлмей жатып «жер астына кірдім міне» (Яссауи) деп ерекше ескертеді. Тасауф ілімінде зікір арқылы Алланы еске алудың төте жолы деп ұққан. Абайдың «Біраз сөз қазақтардың түбі қайдан шыққандығы туралы» деген сөзінде: «...бұрыннан бақсы-балгерлерге инанып, отқа, шыраққа табынатын әдеттерімен исламға тез кете алмапты», десе де, бар ғұмырын дінге арнаған тақуа жандардың себебімен ислам діні қазақ халқының өмір салтына енді.

Сопылық әдебиет Түркістан елді мекеніне Иран өлкесі арқылы келді. Ең алғаш Бағдат, Куфе, Шам, Герат, Нишапур, Мерв т.б. қалаларда дамыды. Қарахан мемлекеті тұсында (XII) Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік», Қожа Ахмед Ясауидің «Даналық кітабы» еңбектері арқылы сопылық әдебиет дамыды.

Қазақтың төл әдебиетіндегі Сыпыра Жыраудан басталып, кітаби ақындар және Абай мен Шәкәрімге келіп жетіп, Мағжан мен Мәшһүр Жүсіптермен жалғасын тапты.

Алланың, пайғамбардың жолындамыз,

Ынтамызды бұзбастық иманымыз – деген Абай сөзімен аяқтаймыз.

Бейбарыс, Бабыр, Мұхаммед Хайдар Дулати сияқты мемлекет қайраткерлері осы сопылық жолда болған. Ал Мұхасибби, Араби, Ясауи, Руми, Жәми т.б. біз жоғарыда атап өткен мутасауфтар исламның қайнар бастауына сүйене отырып сопылық жолдың әдіс-тәсілдерін қалыптастырған еңбектерді дүниеге алып келді.

«Худо» сөзі парсы тілінен сол қалпында қазақ арасына «Құдай» болып енді. Бұл ұғымы Тәңір ұғымының орнына қолдана бастаған уақыт ертеректе-ақ қалыптасты. Құдай бүкіл әлемді, табиғаттағы тіршілікті сонымен қатар адамды жаратушы құдірет иесі деп қалыптасқан. Құдайды табиғаттан тыс тұрған, бірақ барлығын қамтитын бірден-бір күш, оның бірлігі, даралығы, мәңгілігіне шүбә келтірілмейді. «Әбдірахманның әйелі Мағышқа Абайдың айтқан жұбатуында» өзінің «Патша құдай» Әбдірахманнан айырылса да, асыл жарынан айырылған жас келіні Мағыштың Құдайдан өзіне өлім тілеп өксіген, аса аянышты халін Абай:

Ұмытқаның жарамас

Жаратушы құдайды, - деп басу айтып, әрі қарай ақын:

Кімнің гүлі солмайды?

Артын тіле құдайдан. – деп жұбатады.

Абайдың діні— адамгершіліктің діні.

(М. Әуезов)

2. АБАЙ ТАНЫМДАҒЫ — ТӘҢІР, ҚҰДАЙ,

АЛЛА, ЖАРАТУШЫ ИЕ

«Тәңір», «Алла», «Құдай» үш сөздің шығу төркіні мен мағынасына Абай танымындағы бөлек бағыт. Ұлы Абай Тәңір

сөзін өз шығармашылығында өте көп қолданған және оны жай қолдана салмай құдіретті сөз, қасиетті ұғым деп қараған.


Ұлы Абайдың ұлы Әбдірахманның 27 жасында қайтыс болғанда жазған «Әбдірахман өліміне» атты өлеңінде

Петербурда-ақ кідірмей,
Біліпті дерттiң барлығын.

Тәуекел қып білдірмей,

Күтіпті тәңірі жарлығын. – деген ақын, ұлының табандылығын, бойындағы таудай талап, өнер, білім барлығын өзінің орнын басатын жаңаның жаршысы болатынына бек сенген Абай тәңірі жарлығына бас иуден басқа шарасы жоқ екені аңғарылады.

Ұлы Абайдың «Лай суға май бітпес қой өткенге» өлеңінде 3 рет қайталанатын Тәңіріні тани алмай, мақсатсыз болғандарды шенейді «Күні-түні ойымда бір-ақ тәңірі», деп, келеді де «Өзіне құмар қылған оның әмірі» дейді. «Түп иесін көксемей бола ма екен?» адамзат қай дінде болғанымен түп иесі болуымен жалғасады, данышпан ақын «түп иесі» деп, тәңіріні тануға меңзеп отыр.



39-сурет. Құран кітаптан үзінді

Абайда кездесетін Тәңірі 34-қара сөзінде «Екі ауыз сөздің басын қосарлық не ақылы жоқ, не ғылымы жоқ бола тұра, өзімдікін жөн қыламын деп, құр «ой, тәңір-ай!» деп таласа бергеннің несі сөз? Оның несі адам?» адамның бітім болмысы құр кеудем соқтықпен тұрмайды, айналаңдағы көзі ашықтардың ойымен санас, оның ғылымына жетуге асық сонда ғана сен адамсың дегенді меңзейді.

Орыстың ұлы ақыны А.С. Пушкиннің «Евгений Онегин» романының сегізінші тарауынан «Татьяна сөзін» 1888–1889 жылдары аударма жасаған Абай ұзақ аудармасын «Тәңірі қосқан жар едің сен» деп бастапты.

М.Ю. Лермонтовтың «Демон» поэмасынан 1898 жылы Абай аударған «Шайтан» үзіндісінде «Жалғыздық — бір тәңірінің сыбағасы» деп, жаратушы жалғыз, жаратушыға серік қоспау қағидасын ақын сақтап отыр.

Ойшыл Абай шығармашылығынан тәңірдің бірнеше мәнге ие сөздерін қарастырсақ өте көп түрлі мағанада кездеседі екен, оның барлығын талдап отыру қомақты зерттеуді талап етуі хақ.

Көп тәңірі атқан мақтай ма,
Ол тәңірі атқан болмасы?
Жоқты-барды шатпай ма,
Көптің өзі оңбаса?;
Тәңірге жазу — ісі оңбау;

«Тәңірге жазып, мінбей-түспей, арып, шөмендеп дуаналықпен бір күн болған буралық неге жарайды?» деген сөздермен қоса т.б. еңбектерінде кездесіп отырады. Абайдың алғашқы рухани бұлақ көзін 14 жасына дейін Зере мен Ұлжаннан және Барластан (Дулат Бабатайұлы) қала берді қазақ сахарасының өзі өнер мен салт-дәстүрге өлең мен жырға қанық болатын. Мұны айтып отыруымыздың себеп қазақ даласына ислам толық енбей тұрғанда бір жаратқан деп тәңірге сенгендігін аңғартады.

«Айналайын құдай-ау» деп басталатын 1895 жылы жазылған Әбдірахманның әйелі Мағышқа Абай шығарып берген 124 тармақтан

тұратын жоқтауында Құдай сөзі 12 рет, Алла сөзі 5 рет айтылады. Соның бірі «Өле алмай шыдап отырмын Зор құдайым салған соң» деген, жолдары қамыға берме, Мағашым! Асыл жарыңның баурларын ая, өзінді ая құдайдан ақырын тіле, мен атаң да жетісіп отырған жоқ! Қасіретті көтермей қолымыздан келер шара қайсы. Бізді қамығып қайғырды деп Жаратқан үкімін өзгертпейді, басқа түскені осы екен болаттай болуға келінін шақырып тұр. Орыстың кеменгер ақыны М.Ю. Лермонтовтың «Демон» поэмасынан 1898 жылы Абай аударған «Шайтан» үзіндісінде «Мұңлы шайтан — құдайдың қуған жаны» деп, басталатын аудармасы:

Құдайым шайтансың деп, лағнет етті,
«Лағнетпен» де қор бола қаламын депті.

Алладан қарғыс алған кеудесінен

Сүю мен сол сағатта сенім кетті — бұл аудармасында ұлы ойшыл Абай Лермонтовтың түпкі мұратын қазақтың дүние-танымына сай етіп адам санасынан тыс өмір сүретін мифологиялық кейіпкер шайтан, адамзаттың қас жауы жың, пері сияқты тұрпайы бейнелер үнемі Құдайдың қарғысына ұшырап жүретіндігі Абайдың осы еңбегінде қайталанған.

34-қара сөзінде кездесетін «Тілеуді құдайдан тілемей, пендеден тілеп, өз бетімен еңбегімді жандыр демей, пәленшенікін әпер демек — ол құдайға айтарлық сөз бе? Құдай біреу үшін біреуге жәбір қылуына не лайығы бар?» деген Абай бес күндік ғұмырда бір-біріне қонақсың, жауықпа тілеуді еткен еңбектен тіле деген.

Абай атап өтетін Құдай ұғымын тізіп көрелік: «Жақсылық, жамандықты жаратқан — құдай, бірақ қылдырған құдай емес, ауыруды жаратқан құдай, ауыртқан құдай емес, байлықты, кедейлікті жаратқан — құдай, бай қылған, кедей қылған құдай емес» деген ұлы Абай 28-қара сөзінде. Мұнда жалпы қазаққа қарата айтып отырғандығы байқалады, ақын өз халқының әрекетсіздігіне нали келе «құдайдың маңдайға жазғаны осы да» деп әрекетсіздігін қатты мінейді. Адам баласын қайратсыздыққа жетелейтін қимылдарын баса айтып;

Қуат бітті, күн өтті,

Жарылқа, құдай жатқанды, - деген, осы өлеңінде өз халқының енжарлық мінезінен мезі болған ақынның айтары болмай әбден түңілгенін байқатады. Сонда да қазақтарына жаны аши келе өктемдеп:

Өмірін берген құдайым
Ажалын да беріпті.

Абай ұлы Әбдірахман дүние салғаннан кейін өзін-өзі жұбатуы, ет жақындарының елжірей бермеуін меңзеп; «Аплатон, Сократ, Қаһарман Ғали, Ескендір, Темір, Шыңғыстардың қане қайсысы қалды бұл пәниде» деп өзіне-өзі басу айтады. Қажы атанған әкесі Құнанбай да Меккеден кесене салдырса да о дүниелік болғанын айта келе «Қажыны алған бұл өлім» деп аяқтайды.

Ұрлықпен мал табам деп,
Егессе ауыл шабам деп,
Сүйтіп құдай атады;
Құдай басқа салмасын — құдай көрсетпесін, душар
етпесін.

Құдайға жазу — әуре-сарсаңға түсу;
Демеймін мені мақтасын,
Я жақсын, я жақпасын.
Сүйтсе де мұндай сыншыдан
Құдайым бізді сақтасын;
Құдай тағаланың затына пендесінің ақылы жетпесе, дәл
сондай ғашықпын демек те орынсыз;
Әуелі құдай тағала хайуанның жанынан адамның жанын ірі
жаратқан;
Құдай ұру — ант ұру, оңбау, сорлау;

«Кім де кім үйреніп жетпей жатып, үйренгенін қойса, оны құдай ұрды, ғибадаты ғибадат болмайды» т.б. бірнеше шығармаларында Құдай сөзін жаратушы ие деген қасиетті ұғыммен қарайды.

Қазақ әдебеті тарихы; ежелгі дәуір әдебиеті, жыраулар поэзиясы, ХІХ ғасыр қазақ әдебиеті өкілдерінің шығармаларында сопылық сарынның басым екені белгілі. Абай мен Шәкәрімнің шығармашылығында тұнып тұрған сопылық танымдары деп айтуға болады. Мысалы Абай:

Жүректің көзі ашылса,
Хақтықтың түсер сәулесі,
Іштегі кірді қашырса,
Адамның хикмет кеудесі.

Жүрек, көңіл, көкірек көзі сияқты тіркестер «ызаалы жүрек, долы қол» (Абай) сопылық әдебиетте тұрақты тіркеске айналды. Хақты тану, ғашықтық сезім, «Махабатсыз — дүние бос» (Абай) жарға адалдық, ақиқат шарабын ішу, шын беріліп масаң күйде болу, естен танып Алламен бірігіп кеткенін өзі де байқамау, өлмей тұрып өлу. Шариғатта берілген о дүниеде тіршілік бар ұғымы исламнан алдын зорастрлық таным-сенімінде бар екендігін кейбір теолог ғалымдар жоққа шығармайды. Өйткені исламнан алдыңғы о дүниелік болған зиялы қауымдардың жерленуінде ерекшелік бар екенін археолог ғалымдар анықтап отыр. Мәселен өлген қағанның мінген аты, қызметіндегі құлдары т.б. тіршілікке қажетті заттары қоса көмілген. Абайдың «Лай суға май бітпес қой өткенге» деген өлеңі сүйген ұлы Әбдірахманның өліміне байланысты шығарған «Берген бе тәңірім саған өзге туыс» деп, тұрады да, «Түп иесін көксемей бола ма екен» деген өлең тармақтарында о дүниеден туыс тауып ерте кеткеніне қайғырады. Ұлы ақынның осы өлең жолдарынан сопылық нанымын байқау қиын емес.

Абай Лермонтовтан аударған туындыларында байқалатын «Вадим» романынан үзінді, «Ол монастырь — сопылар тұрар жері. Кешкі қоңырау соғылған көптен бері» және «Босқа әуре боп келдің бе

тағы мұнда» деп басталатын Лермонтовтың «Исповедь» атты поэмасында «Мейлің өзің, монастырь қылған істі, Алла ісі деп көңлінде көрсең күшті.» деп, Лермонтовтың Құдайды тәнге айналдырған христиан дініндегі адамдар арасында Иса болып өмір сүрген ұғымды М. Әуезов айтқандай: «Абайда Батыстан кірген белгіден гөрі Шығыс белгісі басымырақ, нығырақ, Батысқа келгенде ол арқасын Шығысқа, ақылмен қорытып алған мұсылмандыққа иық тіреп алып келеді» деген қазақ ақыны, өз халқының діні исламдағы сопылық ағыммен байланыстыра бере білген.

Арабтың «Иллаһ» сөзінен алынып дыбыстық өзгерістерге түсіп қазақша «Алла» болып айтылады. «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңінде:

Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,

Және хақ жолы осы деп әділетті. – деп адамзаттың бәрін бауырға басып, адамзатты махаббатпен жаратқан Алладан бастау алатыны шындық екендігін меңзеп тұр. Бұл өлеңде Абай Алланы тану мәселесін шындықтың шыңы деп қарайды. Қазақ топырағында Абайға дейін Алланы тану жолдарымен шұғылданған бірнеше зиялылар болды. Абай алланың насихатшысы емес, оны танушы, зерттеуші ойшыл.



40-сурет. Құнанбай қорымының қабырғасынан табылған Құран кітап

Алланың өзі де рас, сөзі де рас.

Рас сөз еш уақытта жалған болмас,- деп, Абай мәселені діни сана ауқымында қарастырып, Алланың растығына айрықша көңіл бөлген. Жалған болмайтын «рас» не дегенде, Абай дүниетанымында Алла — шындық, шындық рас болса, Алла да рас. Шындықты мойындау — Алланы мойындау.

Алла ішімді айтқызбай біледі, ойла,
Бендесіне қастықпен кінә қойма.
Распенен таласпа, мүмин болсаң,
Ойла, айттым, адамдық атын жойма!..

Үшінші жолдағы «Распенен таласпа...» деп отырғаны, ақынның Алла сөзіне күмәнданба дегені. Абай дүниетанымында Алланың орны бір басқа. Ұлы Абайдың бұл ойы 38-қара сөзінде «Алла тағала өлшеусіз біздің ақылымыз өлшеулі, өлшеулілімен өлшеусізді біліп болмайды» деген өсиетнамасы еске түседі. Абай ұғымында түп иен атаулары әртүрлі болғанмен олардың деңгейі бірдей екендігіне күмәнданбайды. Тәңіріні жарлық иесі, Құдайды жаратушы, Алланы ақиқат бесігі деп қарап, ол ақылға сыймас шындық, сондықтан ол Алла мен Адам арасындағы жалғастырушы күш — сенім деген тоқтамға келген.

Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

1. Ежелгі түркі тілдес халықтардың Тәңіршілдік наным сеніміне байланысты түсінік беру?
2. Қазақ әдебиетінің тарихында XV–XVII ғасырлар арасын «Хандық дәуір» немесе «Жыраулар поэзиясы» ерекшелігі?
3. Ислам дініндегі «Сопылық» ілімі?
4. «Тасауф» ұғымы?
5. «Худо» сөзінің мағынасы?
6. Абайдың — «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңі?

Әдебиеттер тізімі:

1. *Мырзахметов М.* Абай және Шығыс. — Алматы : Қазақстан, 1994. — 204 беттік.
2. Абайдың дүниетанымы мен философиясы / жауапты редактор Ә. Нысанбаев. — Алматы : Ғылым, 1995. — 182 беттік.
- 3 *Жәңгірұлы Ш.* Назым Сияр Шариф немесе Пайғамбардың ақ жолы туралы дастан / құрастырып, баспаға әзірлеген О. Құдышұлы. — Алматы : Санат, 1995. — 128 беттік.
4. *Құдайбердиев Ш.* Шығармалары: Өлеңдер, дастандар, қара сөздер / құраст. М. Жармұхамедов, С. Дәуітов, А. Құдайбердиев. — Алматы : Жазушы, 1988. — 560 б.
5. Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т. 2. — Алматы : Жазушы, 1995.
6. *Қоңыратбаев Ә., Қоңыратбаев Т.* Көне мәдениет жазбалары. — Алматы : Изд-во Қазақ университеті, 1991.
7. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. Т. 8. — Алматы, 2006. — 249 бет.
8. *Әуезов М.О.* Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер. — Алматы : Ғылым баспасы, 1967. — 390 беттік.
9. *Мырзахметұлы М.* Тараз ой толғаныстары. — Түркістан : Тұран, 2005.
10. *Жәңгірұлы Ш.* Назым Сияр Шариф немесе Пайғамбардың ақ жолы туралы дастан / құрастырып, баспаға әзірлеген О. Құдышұлы. — Алматы : Санат, 1995. — 128 беттік.

ТАҚЫРЫП № 8.

АБАЙДЫҢ ПАРАҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ – ҰСТАНЫМЫ

1. Парақорлықтың шығу себептері
2. Жемқорлық «ауыруын» емдеуші — Абай
3. «Мықты болсаң, өзіңнің нәпсінді жең»

*«Тас бұлақтың мөлдір, таза суындай сылдыраған
өңкей келісімнің» арасында сәл де болса келісімсіз
кедергілер жүрмеуі, «бөтен сөзбен бұлғанбауы» ләзім.
(О. Асқар)*

1. ПАРАҚОРЛЫҚТЫҢ ШЫҒУ СЕБЕПТЕРІ

«Адалдықты мұра еткен Ұлы Абай» деп анықталды. Дәріс жас ұрпақты әділ, әрі парасатты болуға шақырған ұлы ойшылға арналды. Адамның тұла бойы болмысынан тыс, табиғатына қайшы тосын мінез, қулық-айламен өз құзіреттігін пайдаланып маңдайтерсіз тапқан көлденең табыс туралы түсінік. Бұған қарсы күрес Президент Қ.К. Тоқаев өзінің «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында: «Абайды білу — өзіңді тану. Өзін-өзі тану және адамның тұрақты дамуы, ғылым мен білімнің басымдығы — жетілудің көрінісі. Бүгінде Абайдың сөзі жас ұрпақтың бағдары болуы тиіс», – деп атап өтті.

Парламентпен Үкімет тарапынан жастардың арасында парасаттылық идеологиясын насихаттау және терең білімнің маңыздылығын түсіндіру мақсатында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен қызмет тоқсан сайын «Адалдық сағаты» республикалық акциясы өткізілуде. «Adaldyq alaıny» жобалық кеңселерінің әлеуметтік желілердегі парақшалары арқылы көрсетілді. Қоғамда парасаттылық идеологиясын насихаттау бойынша Агенттікпен жүргізілетін жүйелі жұмыстар өз жалғасынатын болады.



41-сурет. Парақорлыққа қарсы ұғым

Пара — жасырын түрде өз мүддесі үшін заңсыз төленетін ақы, ауыз бастырық.

«Порэ» сөзінің шығу төркіні парсы тілінен аударғанда — ұсақ тиын, теңгенің бір бөлігі, ал, «хур» — парсының «хурдан» «жеу», «жұту» деген етістігінің негізгі түбірі.

Демек, «порэхур» — «ұсақтап жеу» деген мағынаны білдіреді екен. Ұсақтап жеу құла дүзге кетіп, түйені түгімен, вагонды жүгімен жұтатындар бүгінде көз алдымызда таң қалдырмақ емес. Парақорлар бірте-бірте мемлекеттік деңгейге көтеріліп «жемқорлық» («коррупция») — деген атқа ие болып қоғамдық-саяси деңгейге жетіп, ел тұтқасын ұстаған билік пен мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің ақшаға сатылуына алып келіп соғуға мүмкін.

«Жемқордың» әуелгі мағынасы — «жемге үйренген құс», «қомағай мал» сипатында пайдаланған сөз тіркесі, бүгінде, адамның «малына» айтылатын болып жүр.

Бір шоқып екі қарайтын пысықайлар үшеу; пара беруші, пара алушы және арадағы делдал бұлар Абайдың «дүниеге дос» дейтін өз еңбегімен күн көрмейтін, өзгенің еңбегін жеп байитын, бұл фәнидегі серігі адам емес, мал болған атжалмандар. «Оның діні,

құдайы, халқы, білім-ұяты, ары, жақыны, бәрі — мал» (Сегізінші сөз) — деген, ақын айқын қорытынды жасайды.

Лауазымды тақ иесі мемлекеттік адал қызмет ету орнын жеке мүддесіне пайдаланып қоғамның дамуына қауіп туғызатындар:

- біріншіден — қоғамдық мүліктерді талан-таражға салу;
- екіншіден — экономикалық өсу қарқынын тежеу;
- үшіншіден — ұлттық мүддеге немқұрайды қарау.

Осылай өрши келе жоғары лауазымды қызметкерлер жемқорлығын құқық қорғау мекемесі ауыздықтай алмауы «сыбайлас жемқорлық» деп аталады. Оған қарсы біздің елімізде алғаш 1998 жылы арнайы заң қабылдады.

«Адам баласының тәрбиешісі — әдебиет» (Бальзак). Сыбайлас жемқорлық, парақорлық індеттеріне қарсы кітапты әлем кітапханасынан іздемей-ақ Абайдың ақындық кітапханасына неге жүгінбеске.

Сыбайлас жемқорлық — қоғамның дамуына экономикалық әрі рухани кедергі келтіретін іс-әрекет екендігі баршаға аян. Елімізде сыбайлас жемқорлықпен күреске мемлекеттегі лауазымды адамдардың сатылғыштығы — Қылмыстық істер заңын теріс пайдалану (228-бап), қызмет өкілеттілігін теріс пайдалану (307-бап), билікті асыра пайдалану (308-бап), пара алу (311-бап) сияқты сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама баптары қызмет жасайды.

Әкімшілік жауапкершілікті реттейтін арнайы жүйеленген 1995 жылы «Мемлекеттік қызмет туралы», 1998 жылы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» құқықтық қаулылар қабылданды. Сонда да болса бұл қоғамдық кертартпалық әрекеттер толастар емес. Абайдың «кемел адам» ілімін «толық адам» идеясымен жалғастырғанда ғана «камилли инсан» қалыптасатыру бүгінгі күннің кезек күттірмейтін негізгі мәселесі.

2. ЖЕМҚОРЛЫҚ «АУЫРУЫН» ЕМДЕУШІ — АБАЙ

Би болған, болыс болған өнер емес, Еңбектің бұдан өзге бәрі жалған. — деген, Абай сөзіннысынаға алып, Тәуелсіздігіміздің замандастарын билік құмарлыққа емес, ел жандылыққа тәрбиелеу маңызды.

Мемлекеттік қызметшілер үшін Абай еңбектерін насихаттау арқылы қажеттілік туғызса және әрбір азамат жұмысқа қабылданарда өлеңдері мен қара сөздерінен емтихан тапсыру дәстүрге айналса, ұлы ақынды білген қызметкер пенделікке бармай иманды расул етер еді деп ойлаймыз. Абай тағылымынан бейхабар және М. Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясын оқымаған билік басындағыларды «**Иманын түгел деуге аузым бармас**» (Абай) оларда, жан құмарынан гөрі тән құмарын ұран етіп мал табудан бәсекеге түскендер мемлекет мәселесі мен ұлт тағдырын шешіп отырғандығы өкінішті.

Осы орайда, Абайдың өзі жазған 1885 жылы «Қарамола ережесінде адамдардан алдағы уақытта қайталап қылмыс жасамайтыны туралы көпшіліктің алдында Құран ұстатып, ант беруін талап етуді кіргізгенін айта кеткеніміз орынды.

Ұлы Абай көптің айта алмағанын жалғыз өзі айтты. «Парақорлық — кітап айтатын күнәнің үлкені... Парақорлық бұрынғы Кеңгірбай (1735–1825, Абайдың төртінші атасы. О.С.) сияқты атақты бидің де сүйегіне басылған таңба еді. – деп келеді де — Ол, әсіресе, қысылған жандардан, жазықсыз жұрттан түсетін жем» (1–137) — деген кейіпкер параның жан қысылғанда таза маңдай термен табылған табысты оңай ғана шендіге бере салумен шектелетін табыс екен.



42-сурет. Абай орыс заңгерлермен Қазақ Даласының заңын жаңартудағы сәті

«Парақорлық — кітап айтатын күнәнің үлкені», деп қасиетті Құранды нұсқап отыр. Барша қауымды адамдық жолына нұсқады. Адамгершілік ұстанымды қалыптастырды. Ақынның өзі айтқандай «денелеп білмесе адамдықтың орны болмайды».

(Жетінші сөз) деп «елге пайдалы, әділ басшы болсам» деген мақсатта Абай кезектегі болыс сайлауына түсіп, жеңіп шықты. Әкесінің дәуірінде шенді шекпенді киіп масаттанып билік құмарлыққа салынған жоқ, керісінше, ең далаға келіп «Партия құрып, пара алған» орыс мұжықтары мен жергілікті биліктің арамза әрекеттеріне тосқауыл қоя білді.



43-сурет. Абайдың қолжазбалары

Абай өз қолындағы билікті пайдаланып әділдікті ту етіп, ел құрметіне бөленді. Абайды алғаш Құнанбай болыстыққа ұсынған кезде Абай бас тартады.

Оның себептерін өзі былай түсіндіреді: **«Піспеген адамның қолындағы билік, жас баланың қолындағы ұстара пышақ есепті, не өзі арандайды, не өзгені арандайды. Абай өзін аямаса да бұған еріксіз күні түскен халықты аяйды» (2–286).**

Абай дәуірі басқа қазір заман тендер, байқау, оферта, конкурс дейсіз бе осы сияқты бірнеше әдісін білген алып та жығатын, шалып та жығатын тәсілдер көбейіп тұр. Ұлы ақын - көріпкел. Ол - кешенің де, бүгіннің де, ертеңнің де қамын ойлап, қасіретін шекті. Абай өзінің өлең-жырларында ел ішіндегі ұрлық, зорлықты, алтыбақан алауыздықты, күштілікті, жатып ішер жалқаулықты өлтіре сынап, жастарды адал еңбекке, өнер-білімге шақырады.

Бүгінгі күннің бет бейнесін ертеректе-ақ:

Арсыз болмай атақ жоқ,

Алдамшы болмай бақ қайда? – деп, ашып қойған. Бүгіндегі атақ құмарлардың асығы алшысынан түсіп, «қу», «пысықтардың» (Абай) «өзім дегенде өгіз қара күшім бар» белсенді болып алғы шепте жүргендердің тасы өрге домалап тұр. Кәдуілгі жазулы заңы бардай биліктің төменгі басқышынан бастап әр басқыштан секіріп үкіметтің құзырлы орындарынан бір-ақ шығатын жас қызметкерлердің өте көбейіп бара жатқанын, жіті бақылап отырған Ел басшысы оң-солын тани алмаған жастардың жауапты орындарда көбейіп бара жатқанын ескерткен болатын. «Бұлардың жас баланың ақылынан несі артық? Бірақ жас бала қызыл шоқтан қорқушы еді. Бұлар дозақтан да қорқпайды екен. Жас бала ұялса, жерге ене жаздаушы еді. Бұлар неден болса да ұялмайды екен.» - деген еді ұлы Абай.

«...Қазақты я қорқытпай, я параламай, ...ешнәрсеге көндіру мүмкін де емес» деген Абай сыпайылатпай ашық айтты. **«Пайда ойлама, ар ойла»**, - деген ұлы Абай: «Адам деп есеп қылма Ағыбайды» деп басталатын бір шумақ өлеңінде 9 бидің бірі Ағыбай

кұлқынның құлына айналып пара бергендердің сөзін сөйлейтін екіжүзді Ағыбайды қатты түйреп өтеді.

Билік құмарлар арасында белең алу арқылы пара беру, парамен іс бітіру тәсілі басталды. «Ел бұзылса құрады шайтан өрмек» деген Абай сол кезде-ақ «Өздерінді түзелер дей алмаймын» қайта, параларың ұшығып сыбайлас жемқорлыққа ұласып қоғамдық дертке айналатынын біліп қайғырады. **«Бас басына би болған өңкей қиқым» (Абай)** Патшаның төңерегіндегі уезді басқаратын ұлық пен ояздан бастап болыстар мен елубасы, жүзбасыларды айтып отырғанмен, бүгінгі біздің қоғамдағы бейкүнә періште балалардың бақшасынан басталатын пара, мектепті де аралап кәмелетке жетпегендердің бойына сіңіп алғанын көз көріп, құлақ есітіп жүрек сезіп жүр. Алармандар - бай, би болысқа мал беріп, оның күшін сатып алып, «қазақтан кегін» алса, би, болыс та сайлау кезінде **«жетпей тұрған жеріне жеткізетін»** байдан «мал» алады.

Жарлының малы жоқ, жанынан басқа несін берсін, жанын жалдайды, сұмдық-қулық, өсек сатып, ең болмағанда **«сайлауда шар салам»** деп аларман болады.

Терін сатпай, телміріп көзін сатып, Теп-тегіс жұрттың бәрі болды аларман. — деген ұлы Абай **«Алса қоймас араны тағы тоймас»** ебін тауып еселеймін дегендерді осылай түйреп өтетіні бар. Көпті алдап жем ететіндерді ақын шығармаларында әшкерелеп отырғандығын көреміз.

Бойдағы мінді санасам,
Тау тасынан аз емес.
Жүрегімді байқасам,
Инедейін таза емес.- деп, бар шынын ақтарып салады.

Қолдан келгенде қонышынан басып қалатын, табыс көзі деп ұғатын алғыштардың астында тағы, қолында қармары бар дөкейлер мен әкім қараларға бағыттады. **Халықтық бағытты ұстанған, болашаққа көз тіккен ұлы ақын халықтың өнер, білімге**

ұмтылуын, іргелі ел болуын көкседі, сол арқылы заманды да түзетпек болды.

Түзетпек едім заманды,
Өзімді тым-ақ зор тұтып. – деп, зорыққан ақынды көреміз.
Бұл кеңістік әбден бұзылған, дертке шалдыққан.

3. «МЫҚТЫ БОЛСАҢ, ӨЗІҢНІҢ НӘПСІҢДІ ЖЕҢ»

Адал еңбектің орнына тіленшілік, «қисынын тауып» алармандық. Абайдың өмір сүрген уақыты мен кеңістігіндегі нәпсі-шайтан жетегіндегі адам қоғамының хәлі — мақсатсыздық пен имансыздық. 39-қара сөзінде бабалардан келе жатқан «...екі асыл қасиетті қастерлеп, жоғалтпай тұрсақ, біз де ел қатарына енер едік» - деген ұлы Абай: «... бірауыздылық, ел басын силаушылық; екіншісі — намысшылдық» - деп келеді де, «Бұлардан айрылды» - деп өкінеді.

Абай армандаған бұл қасиеттерге ие болу егеменді ел болып, Тәуелсіздігімізге 33 жыл толар шақта, бүгінгі күні Абай сөзі біздің ұстанымымыз болуы тиіс. «Сый дәметпе, берсе алма, еш адамнан» деген хакім Абайдың сөзі мына жүрісімізде «коммунизмде» орындалатын арман шығар. Үмітсіздік шайтан-да деп, өзімізді өзіміз жұбатамыз. Санасы жетпес самарқауларды;

Жалын мен оттан жаралған
Сөзді ұғатын қайсың бар?

Партия жиып, пара алған,

Бейілі кедей байсыңдар. – деп, рухани азғындарды мына сегізінші сөзінде де нысанаға алатын тұсы кездеседі: «Байлар...өзінде жоқты малымен сатып алады, ...мал болса Құдайтағаланы да паралап алам дейді», деген ұлы Абай заманымыздың атжалмандарына осылай сипаттама беріпті.



44-сурет. Абай қарапайым қазақтардың әлеуметтік мәселелерін тыңдау мен оның оң шешеімін табуға тырысқан сәтінен. Миниатюра

Парамен «ауырған» жалмауыздардан құтылудың бірден бір жолы, үндінің зиялыларының бірі айтқандай «адамның денесінен асқазанын алып тастау керек» деген қорытындыға келіпті.

Адам баласының асқазансыз өмір сүре алмайтынын ескерсек, гауһар тастағы жегі құрт, егіс арасындағы арам шөп міндетті түрде болатындай, біз көтеріп отырған қоғамдық індетті шорт кесіп тастай алмайтынымыз өзінен-өзі белгілі болды. Қазақтың аңыз әңгімелерінде ең асыл саналатын гауһар тасты да кеміріп жүрген жегі құртты ақылды-дананың алдын ала болжауы. Бидай арасындағы зиянды шөптерді түгел тазалай алмаса да азайтуға болатыны белгілі. Осы ел арасына тарап кеткен дертке қарсы тұрудың табиғи екі түрлі жолы бар екен; бірі — рухани, яғни іштей, екіншісі — қол күшімен, яғни сырттай әсер ету.

Даньшпан Абай қоғамдағы келеңсіз әрекеттерді оған көзқарас білдірудің бір жолысықак жанрын өткір де қуатты құрал етіп пайдаланды. Олардың ұнамсыздығын, зияндылығын жете көрсету үшін әжуалау, мысқылдау, келемеждеу сияқты көркемдік әсерлеу тәсілдерін ұстанды. Ел өміріндегі теріс көріністерді сынға алып «Болыс болдым мінекей», «Мәз болады болысын»,

«Дүтбайға» атты өлеңдері жеке тұлғалардың әділетсіздік әрекеттерін, халықтық тұрғыдан шенейді. «Болыс болдым мінекей» деп, өз атынан бүгінгі күнгі биліктің суретін бұлжытпай сызады:

Күштілерім сөз айтса,
Бас изеймін шыбындап.
Әлсіздің сөзін салғыртсып,
Шала ұғамын қырындап.

Бастық айтса бітті оны ойға салмай дұрыс па, бұрыс па қарап отырмай өзінен жоғарғы жақ не айтты өз жеке басы үшін көңілжықпастық іс-әрекет ететіндер әсіресе, жағымпаздар мен басшылардың бет құбылысына қарай әрекет ететіндердің қынжылтады. Абай «Тұрлауы жоқтар» ел тағдырына топастардың араласуын терең ашып, қатал сынайды.

Қайнайды қаның,
Ашиды жаның,
Мінездерін көргенде.

Осындай типтік бейнелерді баяндау арқылы бүгінгі күндегі ел тағдыры, халық қамы дегенді ойламайтын билікті елге таныту, халықты солардан жирендіру. Оларды Абай:

Ынсапсызға не керек,
Істің ақ пен қарасы.
Нан таппаймыз демейді,
Бүлінсе елдің арасы. - деген сипатпен халықтың игілігінен жағдайын жақсартып алған пысықтардың көлеңкелі беттерін ашып көрсетеді.

«Адамшылық кәмәлет табудың» басты құралы, ол — имандылық.

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп
Және хақ жолы осы деп әділетті.



45-сурет. Имандылық сөзге берілген анықтама

Шын имандылық жолы осылар — Алланы, адамзатты, әділетті сүйо адамилықтың үш тірегі. Абай көрсеткен осы үш сүйо біздің ұранымыз болуы тиіс.

Қорыта келе **сыбайлас жемқорлықты ауыздықтауға мемлекет тарапынан қанша жұмылса да бұл дерттің емі табылу керек.** Жоғарыда айтқандай бұл келеңсіздікті бүтіндей жоғалта алмаспыз, бірақ, оны азайтудың жолы деп — Абай ілімін барша қауымға білуді ұсындық.

Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

1. «Порэ» сөзінің шығу төркіні?
2. «Жемқордың» әуелгі мағынасы?
3. Абайдың «Пайда ойлама, ар ойла» ұстанымы?
4. «Болыс болдым мінекей» сөзінің негіздері?
5. «Болыс болдым мінекей», «Мәз болады болысың», «Дүтбайға» атты өлеңдерінің мағынасы?

Әдебиеттер тізімі:

1. Әуезов М. Абай жолы. 12 томдық. 4 том. — 1968. — 137 бет.
2. Әуезов М. Абай жолы» 1-кітап. — 1997. — 286 бет.
3. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. 10 том. — 2007. — 387 бет.
4. Сүйіншіәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы : оқулық. — Алматы : Санат, 2006. — 904 бет.
5. Ақ жол. Көп томдық. — Алматы : Оңтүстік Қазақстан облыстық саяси қуғын-сүргін құрбандар мұражайы, 2011.
6. Торғаутова Ш.А. Положение Карамола 1885 г., съезда биев и почетного казаха — Абая (Ибрахим) Құнанбайұлы (1886) с комментариями : хрестоматия. — 2023.

ТАҚЫРЫП № 9.
АБАЙДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ
ТОЛЫСҚАН КЕМЕЛДЕНГЕН УАҚЫТЫ.
АБАЙДЫҢ «ҚАРА СӨЗДЕРІ»


- 1. Абайдың қара сөздерді жазудағы мақсаты.**
- 2. Абай — ғылым-білімнің негізін қалаушы. Ғылымның қоғам дамуына әсері.**

*Қазақстан жағдайындағы өсу кезеңдерін тануда
Абай қара сөздерінің мәні зор.
(Х. Сүйіншіәлиев)*

1. АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРДІ ЖАЗУДАҒЫ МАҚСАТЫ

Абай — өз заманының биік парасат иесі ғана емес, бүгінгі заман қайшылықтарын шешуге де бағыт берген биік тұлға.

Ақынның адамгершілік мұраттары тек өлеңдерінде ғана емес қара сөздерінде де терең философиялық толғаныспен көрініс тапқан. Абай өзінің оқушысы мен тыңдаушыларымен әңгімелеседі. Әңгіме барысында әділет, туралық, шындық, ғылымға құмарлық, еңбек сүйгіштікке бағыттайды. Сонымен қатар адамзаттың жауы болатын жан аярлық, өтірік айту, мақтаншақтық, мансапқорлық, еріншектік сияқты мінездерден аулақ болуға өсиет айтады.



46-сурет. Абай шығармашылығының толықан кемелденген уақыты. Миниатюра

Бірінші сөзі өзге сөздеріне кіріспе ретінде жазылған және оның мақсатын айтады. Осы кара сөзінде ақынның айтпақ ойының өміршендігі мен бүгінгі заман тұрғысынан ел бағу, мал бағу, бала бағу, ғылым бағу бала бағып «қай харекетке қосайын», өз ортасында «ғылым сөзін сөйлесер адам жоқ» «Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен кара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым» - деп, ұлы Абай өзінің ғақлиясына кіріседі.

Екінші сөзінде халықтарды еткен еңбегіне қарай салыстырады. Өз қазағының еңбекке жалқаулығын көрші елдердің өнерінен үлгі алуға үндейді.

Үшінші сөз қазақ бір-біріне қаскүнем болатындығы мансапқорлығынан және жақсы адамдардың үстінен жала жауып арыз берушілерді шенейді.

Төртінші сөзінде орынсыз күлкіні сынай келіп: «оған рахаттанып күлме, ыза болғаныңнан күл» және аз өмірінде «қулық саума» «еңбегінді сау» дейді.

Бесінші, алтыншы және жиырма тоғызыншы сөздері қазақ арасында айтылып жүрген мақалдарды сынай келіп: «Бұл мақалдардан не шықты? ...қазақ тыныштық үшін, ғылым үшін, білім үшін, әделет үшін қам жемейді екен, бермесе оныменен жауласпақ екен, егер малды болса, әкесін жаулауды да ұят көрмейді екен. Әйтеуір ұрлық, қулық-сұмдық, тіленшілік, соған ұқсаған қылықтың қайсысын болса да істеп мал тапса» дей келіп, дүниені күн көрісіне айландырған пасықтарды сынайды.

Жетінші сөзі адамзат бойындағы жан мен тәннің құмарлығы туралы. Жас балаға дұрыс тәрбие болса жан құмары артады, керісінше «хайуан жаны» болады деген Абай, мұны үлкеннің надандығы деп түйеді.

Сегізінші сөзінде «ақылды кім үйренеді, насихатты кім тыңдайды?» деп сұрақ қойған Абай, жауапты өзі іздейді: «Біреуі — болыс, біреуі – би. Олардың ақыл үйренейін, насихат тыңдайын деген

ойы болса, ол орынға сайланып та жүрмес еді» деп өз заманының және бүгінгінің әлеуметтік тетігін дөп басады.

Тоғызыншы сөзі «мен өзім — қазақпын. Қазақты жақсы көрем бе, жек көрем бе?» деп өз халқының болашағына алаңдаулы Абайды көреміз.

Оныншы және отыз екінші сөзі балаға тәрбие берерде артымдағы малға ие болсын деп емес, «Сол малды сарып қылып, ғылым табу керек», немесе артымнан құран оқытсын деп бақсаң «Ғылымсыз оқыған намаз..., ешбір ғибадат орнына бармайды» деп қорытынды жасайды. Ғылым-білім толық мағыналы адам болуды үйренбектің 6 шартын ұсынады.

Он бірінші сөз қай қоғамда болсын ұрлық пен бұзақылық жойылмай келді. Ұрлықты кәсіп еткендер ұлықтармен байланысып алып момынның малын иемденіп, бұзықтар ел арасына іріткі салып қара халықты сол ұлықтарға кіріптар етіп жүргендігіне Абай налиды. «Ұры, бұзақы жоғалса, жұртқа ой да түсер еді. Шаруа да қылар еді» деген қорытындыға келеді.

Он екінші, он үшінші, он алтыншы сөздері иман тақырыбына арналыпты. Ар іліміне айналған иманды ғибадат ету; «әуел не нәрсеге иман келтірсе..., Екінші кітаптан оқу» мұсылман баласының ғибратты парызы екендігін ұқтырады.

Он төртінші сөз жүрек туралы Абай өте көп айтты. «Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды» жаманшылықтан, әділетсіздіктен құтылудың жолы жүректі тыңдау екенін ескертеді.

Он бесінші сөз «Егер де есті кісінің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір өзіннен-өзің есеп ал» деп, бүгін де құндылығын жоймаған өзін-өзі тану инновациялық құрылымы.

Он жетінші сөз «толық адам» бағытында қайрат, ақыл, жүректі өз қасиеттерін тыңдаған оқырманына тыңдаттырған Абай: «үшеуің басыңды қос, бәрін жүрекке билет» деген ғылым төрелік айтады.

Он сегізінші сөз кербездіктің жаман қасиет екенін айта келіп: «адам баласы, адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген

нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрселермен оздым ғой демектің бәрі де ақымақтық» деп түйеді.

Он тоғызыншы сөзі адамның ес туралы жантану пәнінің ерекшелігіне ғылыми талдау жасайды. Адам білімді болу үшін естіген, көргенін бойына сіңіріп «Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі, өзі де есті болады» дейді.

Жиырманшы сөз адам баласында жалығу деген жантану ілімінің бір түрін «Тамақтан да, ойыннан да, күлкіден де, мақтаннан да, кербездіктен де, тойдан да, топтан да, қатыннан да жалығады» дүние бірқалыпты тұрмайды үнемі қозғалыста болғандықтан жалығу да осы заңдылыққа бағынады.

Жиырма бірінші, отызыншы сөздері адам баласында кездесетін мақтанның түрлерін адам болу мақсатымен ұштастырады. «Біреуі жатқа мақтанарлық мақтанды іздейді... Екіншісі ел ішіндегі мақтан... Үшіншісі өз үйіндегі мақтан» Абай мақтанға бүтіндей қарсы емес, алғашқы мақтанды құптайды ол елінің ізгілігі.

Жиырма екінші сөз ақын өзінің жеке ойына жүгініп кімді қадірлеу керек; байды ма, мырзаны ма, болыс пен биді ме, мықтыны ма, естіні ме, кедейді ме, қалғаны қу мен сұмды ма? Әркімге жем болып жүрген момын байды құрметтейін, деп оның себептерін таратып айтып береді.

Жиырма үшінші сөзінде адамда «қуаныш» пен «жұбаныш» көңіл-күйлердің бар екенін ескертеді. «құдай пәленшеден сақтасын, о да адаммын деп жүр ғой» деп қуанады. «жағыз біз бе, елдің бәрі сүйтіп-ақ жүр ғой, көшпен көрген ұлы той» деп өзін жұбатады. Абай қазақтың әрекет кем, немқұрайлығын айтты.

Жиырма төртінші сөз жер бетіндегі адамдардан қазақтың артықша мінезіне тоқталған ақын: «қазақ ортасында да ұрлық, өтірік, өсек, қастық қалып, өнерді, малды түзден, бөтен жақтан түзу жолмен іздеп, өрістетерлік күн болар ма екен» деп армандайды.

Жиырма бесінші сөзі орыс тілі мен мәдениетін оқып үйренуге үндейді. «Хикметте, мал да, өнер де, ғылым да бәрі орыста тұр» деп келеді де «зарарынан қашық болуға» деп ескертеді.

Жиырма алтыншы сөз қазақтың қосқан аты, балуаны, құсы, иті т.б. алда келсе соған есі шығып қуанады. Бірде оның қосқаны алда келуі мүмкін онда қайтесің қуанбас нәрсеге қуанатындарды «надандақ, ақымақтық» дейді Абай.

Жиырма жетінші сөз жаратушының табиғатты жаратқандағы заңдылығын, оның өзгермейтінін Сократ пен Аристотель арасындағы әңгімемен өрбітеді. «хауаси хамса заһири» деп адамның сыртқы бес сезімін: көз, құлақ, мұрын, тандай, тіл олардың адам үшін асыл қызметтері туралы айтылады.

Жиырма сегізінші сөз біреу бай немесе кедей болса, жазылғаны осы деп әрекетсіз болма деген Абай: «ауруды жаратқан құдай, ауыртқан құдай емес, байлықты, кедейлікті жаратқан құдай, бай қылған, кедей қылған құдай емес».

Отыз бірінші сөз жас баладан қарттарға дейінгілерге ауадай қажет «Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар» Олар: «әуелі — көкірегі байлаулы; екінші — ...естігенде я көргенде ғибрәтлану, ынтамен ұғу; үшінші — ...ішінен бірнеше уақыт қайтару; төртінші — ой кеселді нәрселерден қашық болу» керектігін ескертеді.

Отыз үшінші сөз халықты өнерге үгіттейді. «...мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды» деген ұлы Абай қолында өнері бар қазақтың 4 мінін баяндайды

Отыз төртінші және Отыз бесінші сөздерінде адамдардың өзі өмір сүріп отырған өмірге де, о дүниеге де сенімі толық емес оны Абай: «Кімде кім ахиретте де, дүниеде де қор болмаймын десе, білмек керек» деп түйеді.

Отыз алтыншы сөз ұят туралы. «Ұят кімде болса, иман сонда» деген халық сөзінен шығатын шарифатқа теріс, ақылға теріс ұяттар шын ұят екен.

Отыз жетінші сөзде 23 нақыл сөз берген.

Отыз сегізінші сөз адамның өмір сүру ұстанымын Алла танымын Құран сөздерімен және Мұхаммед (с.у.с.) хадистерінен үзінділер келтіру арқылы тұжырымдайды. Пайғамбарлар, әулиелер, хакімдер әрекеттеріне Абай талдау жасай келіп: пайғамбарлар дін

жолын, әулиелер нәпсіге тыйым салып дүние қызығынан өздерін аластатты, хакімдер ғибрат-үлгі айтты.

Отыз тоғызыншы сөз бабалар мінездерімен қазіргі балалардағы ұлттық мінездің ара қашықтығын бағамдай отырып, бүгінгі күннің жаһандану келбетін ашып көрсетеді.

Қыркыншы сөз неге, неге деген сұрақтар төңірегінде адам болмысындағы ерен істердің еленбеуі, жұрт көзіне түскіштік, нәпсісін тыя алмаған алғыштардың еленуі, жағымпаздардың көбею мінездерін сынайды.

Қырық бірінші сөз қазақты түземек болған жанға екі түрлі жолын көрсетеді. «Әуелі — ...жарлық қолында бар кісі; екінші — ...есепсіз бай боларға керек» деген тоқтамға келіпті ақын.

Қырық екінші сөз «Қазақтың жаманшылыққа үйір бола беретұғыны — жұмысының жоқтығы» деп себебін іздейді. Тамақ аңдып қызық қуып қаңғып жүруге өзі құмар екен.

Қырық үшінші сөз ішсем жесем, ұйықтасам «жибилі», ақыл мен ғылым кәсиби деп анықтама берген ақын: «қуаттың ішінде үш артық қуат бар» олар: 1 — «подвижной элемент» керекті кезінде істемей өкініп жүру, 2 — «сила притягательная однородного» білмегенін сұрап білу, 3 — «впечатлительность сердца» жүректі таза ұстау, деп түсіндіреді.

Қырық төртінші сөз талап туралы айтылып «талаптыға нұр жауар» деген халықтың айтуынан келіп шығады.

Қырық бесінші сөз «ғаділет, махаббат сезім кімде көбірек болса, ол кісі — ғалым, сол — ғақил» дегенді айтады.

Қазақ мақалдарын сынай отырып, Абай дүние қоңыздық, ұятсыздық сияқты адамды аздыратын қылықтардан жиренуді мақсат етеді. Жақсы- жаманның арасын айырып, ақиқатын айтады. Немесе басқа сөздерінде оқу, өнер-білім мәселесі төңірегінде келелі ой қозғайды. Ақын өлеңдерінде көтерілген адамгершілік, мәселелер қара сөздерінде терен, дәлелді пікірлермен берілген. Абайдың қара сөздері арқылы адамтануға байланысты айтылған ой пікірлерінің бірі еңбек тақырыбы. Ақын: «жаманшылдыққа бір ілініп кеткен соң, бойын

жынып алып кетерлік қасиет қазақта кем болады» - дейді. Осы ойларды ұлы ғұлама халқының етектен тартып отырған қылықтарын тайға таңба басқандай бетін жақсылыққа, адалдыққа бұрады.



47-сурет. Абайдың «Қара сөздеріне» қысқаша мазмұны

Адам тақырыбы Абайдың барлық шығармаларында кездеседі. Оның жарық дүниеге келіп, адамгершілік, танымдылық көзқарастары қалыптасып, бақилық болғанға дейінгі аралықтағы сан соқпақты жолдары Абай шығармаларына арқау болған. Оның айтуынша: «Адам баласы жылаумен туады, күліп өледі». Бұл сөздің астарында үлкен мән-мағына, ой жатыр. Адам баласы тууы мен өлуі арасында бұл дүниенің рахаты қайда екенін біле алмай дал болып, бірін-бірі андып, жарамсыз қылықпен өмірін бос өткізіп алғанын өзі де аңғармай қалады.

Жоғарыда айтқанымыздай, Абайдың сөзімен айтқанда — өсек, өтірік, мақтаншақтық, елден-ерек шашу-төгу адамды жақсылыққа жеткізе қоймайды. Мұндай жаман әдетке, бейім адамнан жақсы адам шыға қоймайды. Терең ақыл-ой, саналы еңбек, талмас талант, талап қана адамды көрікті қылады. Біреуге қарсы өшпенділік жасаудан

аулақ болуға шақырады Абай. Қайырымды, білімді адам ғана өзіне де халқына да пайда әкелмек. Пайдакүнемдікті мақсат етіп, соның жолында күресу жақсы адамның ісі емес. Өзіне де халқына да әркез адал болуға тырысу керек.

*Сен ғылымға болсаң ынтық,
Бұл сөзімді әбден ұқ:
(Шәкәрім Құдайбердиев)*

2. АБАЙ — ҒЫЛЫМ-БІЛІМНІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

Ұлы Абай — халықты білімге, ғылымға, еңбекке көп үндеген ақын. Абай халық мүддесі үшін күресуге бел байлап, елдегі жастарды адал еңбек етуге, өнер үйренуге, білім-ғылым жолына түсуге шақыруды мақсат етіп, ой-пікірін жалпы жұртқа жария етуге, солардың жүрегіне ұялатуға жарарлық бірден-бір күшті құрал сөз өнері деп санайды. Ойшыл ақын ғылым-білім жолында өнімді еңбек етіп, көп оқып, талмай ізденіп, өлеңмен де, қара сөздерімен де болашақ ұрпаққа өнеге етіп білім таратты. Осылай ғылымға, білімге көп көңіл бөледі. Қайтсем халықтың «көңлін қойып, көзін ашпақ» ниетте күндіз-түні бір дамыл таппай, елін еңбекке, оқу-білімге, ерлікке шақырды.

Абай өзінің 32-қара сөзінде жалпыға бірдей білім беру талабын ұсынады. Ол: «Білім-ғылымды үйренбекке талап қылушыларға әуел білмек керек» — деп, өзінің танымындағы алты түрлі шартын ұсынады: бірінші — «...білім-ғылымның өзіне ғана құмар, ынтық болып, бір ғана білмектіктің өзін дәулет біл...» оны керек болып қалар деген ниетте емес, жан азығына азық болар деген құмарлықпен үйренсең «...білім-ғылымның өзі де мейірленеді» деп түйіндейді. Екінші — ғылым жолына түскендерге Абайдың талабы күшті: «ғылымды үйренгенде, ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек. Бахасқа бола үйренбе...» — деген, ғылымды бәсеке, тартыс немесе біреуді егесте жеңіп шығу үшін емес, шын құмартуды

ұсынады. Үшінші — ғылым ақиқатты сүйетін сала, сондықтан ғылымға адал болуды меңзейді. Төртінші — Абай іргесі қаланған білім-ғылымның мәртебесін асырудың екі түрлі жолын ұсынады: «...бірі — мұлахаза екінші — мұхафаза» дегені, ғылым мен білімді ғалымдардың ой-пікірімен санасу арқылы, оны сақтап дамытудың тиімді тұстарын қарастыруды айтады. Бесінші — Абай осы шартын жаза отырып өзінің 19-қара сөзіне сілтеме жасайды, онда салғырттық туралы сөз қозғалған. Алтыншы — ғылым мен білімді сақтап және оны дамытуда адамның мінезі де ерекше рол ойнайтындығына ақын баса мән берген.

Абайдың қай еңбегін алсаңыз да, тіпті басқадан аударған аудармасының өзі өнер-білім алуға шақырды, өмірде өз орнында тап, пайдалы әрекет жаса «Сен де — бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан» деген сөздер соның айғағы. Қазақ елінде ойын-сауыққа көп әуестеніп, бір үйден бір үйге, бір ауылдан бір ауылға селтендеп, қыдырып жүретін келеңсіз әдеттерін ашына ескертіп, одан аулақ болуға үгіттеді. Сондықтан «ғылым-білімді әуел бастан бала өзі іздеп таппайды» оған жол-жобаны көрсететін алдыңғы толқын ағаларға жүктейді.


Абай он сегізінші қара сөзінде «Тегінде. адам баласы, адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деге нәрселермен озады. Онан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі де ақымақтық» — дейді. Жастарға ғылым-білімнің қасиетін білу, ол үшін ғұлама ғалымдарды үлгі өнеге тұту жолына мән бере келе.

Ғылымды ол әлеуметтік жағдайды жақсартудың құралы ғана емес, мемлекеттің әлеуетін көтеруге апаратын жол деп түсінеді. Ғылымның әлеуметтік орнын адамдардың жақсы қасиеттерімен байланыстыра қарады.

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек.
Жеке-жеке біреуі жарытпайды,
Жол да жоқ жарыместі «жақсы» демек...

Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,

Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек,-деп ақылды тереңдетіп, шалқыта түсетін, адамның жігерін, қайратын өсіріп, жөніне жұмсауға жол көрсететін, оны тасыта түсетін, жүректі де ізгілікке, адалдыққа баулитын, адам бойындағы осы үш қасиеттің басын қосып, оны үлкен әлеуметтік ізгі күшке айналдыратын осы ғылым деген қорытындыға келеді. Абай ғылымның әлеуметтік ролін терең талдап, қайрат, ақыл және жүрек үшеуін айтыстыра келеді де ғылымға жүгінеді. Абайдың он төртінші, он жетінші, отыз сегізінші қара сөздерінде «жүрек» туралы ұғымдар кездеседі. Мысалыға, он жетінші қара сөзінде — қайрат, ақыл, жүректің арасында дау туып, олардың ғылымға қалай жүгінгендері туралы сөз бар: «Мен адамның денесінің патшасымын, қан менен тарайды, жан менде мекен қылады, менсіз тіршілік жоқ» дейді.



48-сурет. Абай «Ғылым тапшай мақтанба». Миниатюра

Абайдың жүрек туралы айтылған өлеңдері де жеткілікті. Мысалы: «Жүрегім менің қырық жамау», «Жүрек нені сезесің», «Жүрегім, ойбай, соқпа енді», «Жүрек — теңіз, қырықтың бәрі асыл тас», «Жүректе қайрат болмаса» — Ғылым жүректің әділеттілік, ұят, рақымшылық, мейірбандық қасиеттерін артықшылығын қолдайды.

Бұдан, Абайдың топшылауынша, әлеуметтік жағдайдың жақсаруы, әділеттің орнауы адамдардың ұятына, рақымшылдығына, мейірбандылығына байланысты. Ғылымды бақталастық үшін емес, ақиқатты білмек үшін үйрену керек екенін баса айтады ұлы Абай.

Абай дүниенің табиғат құбылыстарын өзара бір-бірімен байланыста, үнемі даму үстінде болады, адамды қоршаған ортаның — табиғаттың ішкі-сыртқы сырын білім-ғылым арқылы білуге болады деп қарастырады. Сондықтан да Абай «Талап қыл артық білуге» деп, білімге тереңірек баруға оның ғылыми тетігін табуға үндеді. Адамның ең қымбат шағы — жастық шақты оқуға, ғылымға жұмсауды, ойын-сауыққа салынбай оны кейінге қалдыруды ғылым жолына ертерек түсуді «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде:

Дүние де өзі, мал да өзі,

Ғылымға көңіл бөлсеңіз-дейтініде содан. Сол алған білімді «Я тілмаш, я адвокат болу» («Интернатта оқып жүр») ғана емес, сол білімді өз халқыңның өнері мен мәдениетіне, тарихы мен тіліне жұмса. Қарабасының қамынғана ойлайтындарды «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың» (37-қарасөз) яғни тән қажеттігін өтеуді ғана ойлайтындарға «Интернатта оқып жүр» өлең жолдарымен ескертіп:

Пайда ойлама, аройла

Талап қыл артық білуге.

Артық білім кітапта

Ерінбей оқып көруге, — деп жастарды білім-ғылымды меңгеруге шақырады. Заңғар жазушы М. Әуезов: «Ғылымның артынан еріп, көрсеткен жолмен жүрген жұрт бұл күнде өмірдің төрінде» — деген өсиеті өркениетті 50 елдің қатарында тұру негізін бағдарлап, нақты баға беріп отыр.

Жастарға халық қамын ойлаған ақын-жазушылармен ғалымдарды үлгі-өнеге етіп, «білімдіден шыққан сөз, талаптыға болса кез», — дейді. Тіршіліктің тұтқасы еңбекпен білім деп ұққан Абай

еңбектің сипатымен мазмұнын көрсеткенде Абай 1903 жылы жазған бір шумақ өлеңінде, баянды еңбек-егін салушылық, білім алушылық деген қорытындыға келіп:

Түбінде баянды еңбек егін салған,
Жасынан оқу оқып, білім алған.
Би болған, болыс болған мақсат емес,
Өнердің бұдан өзге бәрі жалған. — деп тұжырымдайды.

Ел болу үшін қаласалып, отырықшылықта болу керек, мектепсалып, оқу оқып, білім алу қажет, тіршіліктің тұтқасы еңбек пен білімде ғана тұр деп жар салды. Еңбекпен келетін ырыс екенін түсіндіре келіп, «алдау қоспай адал еңбегін сауған қол өнері — қазақтың әулиесі сол» деп адал еңбек етіп, қол өнерімен айналысқан кісіні өте жоғары бағалаған.

Өзі өмір сүріп отырған ортасының әлеуметтік мінін қатал сынай отырып, Абай оны жөндеудің жолдарын да жазып отырды.

Абай «Ғылым таппай мақтанба...», «Интернатта оқып жүр...», «Жігіттер ойын арзан, күлкі қымбат», «Бір дәурен кемді күнге бозбалалық...» деген өлеңдері мен 15, 18, 19, 36, 37, 39 т.б. қара сөздерінде әлеуметтік өмірде қандай нәрседен қашық болып, қандай мінез-құлық, адамдық қасиеттерге асық болу қажеттігін ескертеді. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде:

Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеніз
Өсек, өтірік, мақтаншак,
Еріншек, бекер мал шашпақ,
Бес дұшпаның білсеңіз.

Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рахым ойлап қой,
Бес асыл іс көнсеңіз, — деп, адамның адамдық қасиеттерін жинақтап «Адам болу» мақсатына топтастырады. Байлықпен озбай

ақыл, әділеттілік, ғылым, ар, жақсы мінезбен озуға меңзейді. Жоғарыда айтқанымыздай өсек, өтірік, мақтаншақтық, елден-ерек шашу-төгу адамды жақсылыққа жеткізе қоймайды. Мұндай жаман әдетке, бейім адамнан жақсы адам шыға қоймайды. Терең ақыл-ой, саналы еңбек, талмас талант, талап қана адамды көрікті қылады. Біреуге қарсы өшпенділік жасаудан аулақ болуға шақырады Абай. Қайырымды, білімді адам ғана өзіне де халқына да пайда әкелмек. Пайдакүнемдікті мақсат етіп, соның жолында күресу жақсы адамның ісі емес. Өзіне де халқына да әркез адал болуға тырысу керек.

Кемеңгер Абайдың қоғамдық ойлары қазақ халқының әлеуметтік іліміне қосылған үлкен үлес деп қарағанымыз дұрыс. Абайдың ғылым, білім, өнер туралы айтқан ойлары бүгінде қанатты сөзге айналып отыр. «Ғылымды, өнерді білгенге дүние арзанырақ түседі» (25-қара сөзі). «Өнер — өзі де мал, өнерді үйренбек — өзі де ихсан (жақсылық)» (38-қара сөзі). «Егерде — мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды.» (33-қара сөзі) деген Абайдың әрбір сөздері қазақтың бай, қуатты болудың ең бір баянды бағыты деп түсінуіміз керек. «Сүйтіп жүріп-ақ ақыл, мал таптық, байыдық. Сол малды сарып қылып ғылым табу керек... Ғылымсыз ахирет те жоқ, дүние де жоқ» (10-қара сөзі) — деп қазақтың тек байлық ойлап, білім, ғылымға көңіл аудармайтынына өкінішпен қарайды.

«Біз ғылымды сатып, мал іздемек емеспіз.» деп ғылым арқылы баюға болатынын ұлы ойшылдың 38-қара сөзінен табамыз. «...барыңды салсаң да, балаңа ғылым үйрет. Балаң бала болсын десең — оқыт, мал аяма» (25-қара сөзі) мал табу үшін табыс көзінің тиімді тетіктерін тауып ғылымға айналдыру керек.

Абайдың асыл мұралары таусылмас асыл рухани қазынамыз екенін халық әлдеқашан мойындаған. Абай еңбектерінің құндылығы, оған жүгіну, одан өзімізді толғантқан мәселелердің жауабын іздеу үшін Абайды танып-білуіміз керек. «Адал жүріп, адал тұр» — дейді Абай. Адам баласы қашанда артық білуге ұмтылуы керек. Адам өзін-өзі батыр болуға, жұртты сүюге тәрбиелеуі қажет. Сонда ғана

өзімшілдіктен, масаттанушылықтан құтылуға болады. Білім арқылы ғана қазақтың көзі ашылады, халықты, жерді заң бойынша қорғай алады, басқа өркениетті елдермен қарым-қатынас жасауға мүмкіндік туады. Адам бірін-бірі, тұтас халықты жақсы көруі жолында күресе білуі керек. Адам мен адамның арасы бөлінсе, ол бір-біріне дұшпан болады. Өзіне ғана емес, басқаларға да жақсылық, қайырымдылық жасай білу керек, басқаларды да осылай болуға тәрбиелей білген жөн. Өзіңе-өзің сын көзбен қарауды ұмытпа. «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар: сонан қашпақ керек. Әуелі — надандық, екінші — еріншектік, үшінші — залымдық деп білерсің» — дейді Абай. Адам анадан бірден есті, білімді болып туа салмайды ғой. Есейе келе айналаға көз жіберіп, көріп біліп, таңсық нәрсенің сырына көз жеткізгеннен кейін ғана жақсы мен жаманның парқын ажыратып, айыра алатын халге жетеді. Бұл ретте оны қоршаған адамдар қандай, есті ме, есер ме, білімді ме, білімсіз бе? Көп нәрсе соған байланысты. Абай да мұны қалт жібермеген. «Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өз ісіне жарамайды. Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады» (19-қара сөз).

Абай қазақтың өз тұсындағы ауыр әлеуметтік өмірін көп зерттеген, талдаған, жаһандық дәрежеде пайымдар жасаған. Абайдың философиялық ойлары әлемдік дәрежеде зерттеліп жатыр, бірақ әлі Абайды толық зерттеп шығу мүмкін емес.

Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

1. Абайдың «Қара сөздері» адамгершілікке балаған мұраты?
2. Абайдың 17-қара сөзі?
3. Абайдың 25-қара сөзі?
4. Абайдың 32-қара сөзі?
5. Абайдың 38-қара сөзі?
6. Абай қазақтың өз тұсындағы әлеуметтік өмірін зерттеген, талдаған, жаһандық дәрежедегі пайымдар?

Әдебиеттер тізімі:

1. Абай. Қара сөз. Поэмалар. — Алматы : Ел, 1993. — 270 бет.
2. *Мұқанов С.* Жарық жұлдыз. Абай Құнанбаевтің шығармашылығы туралы. — Алматы : Қазақстан, 1995. — 268 бет.
3. *Сүйіншіәлиев Х.Ж.* Абайдың қара сөздері. — Алматы : Қазақтың Мемлекеттік Көркем Әдебиет Баспасы, 1956. — 152 бет.
4. *Мырзахметұлы М.М.* Абайтану. 1-том. — Астана : Деловой Мир, 2010. — 554 бет.
5. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. — Алматы : Жазушы, 2005.
6. *Мырзахметов М.* Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары. — Алматы : Ғылым, 1982. — 296 бет.
7. *Нұрқатов А.* Абайдың ақындық дәстүрі : монография. — Алматы : Жазушы, 1966. — 344 бет.
8. *Құдайбердиев Ш.* Шығармалары: Өлеңдер, дастандар, қара сөздер / құраст. М. Жармұхамедов, С. Дәуітов, А. Құдайбердиев. — Алматы : Жазушы, 1988. — 560 б.
9. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. — Алматы : Жазушы, 2005.

ТАҚЫРЫП № 10.
АБАЙДЫҢ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКА
ҒЫЛЫМ САЛАЛАРЫМЕН БАЙЛАНЫСЫ

- 1. Жаратылыстану ғылымы туралы.**
- 2. Абай танымындағы басқа ғылым салалары.**
- 3. Өзге ғылыммен байланыстырудың өзектілігі.**

*Абайды басқа ғылым салаларымен байланыстыра
оқыту бүгінгі күнгі өзекті мәселе
(С. Оразалиев)*

1. ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМЫ ТУРАЛЫ

Уақыт өткен сайын Абайдың ұлылық тұлғасы асқақтап биікке көтерілуінің бір себебі артында қалдырған мұраның молдығында ғана емес, құндылығы мен құнарлылығында. Ақын мұрасы тұңғыш теңіз сияқты, асылы түбінде жатқан жаһұтты алуда «Математикадағы ойлылық, педагогикадағы тәрбиелілік, логикадағы жүйелілік, психологиядағы сезімталдық, философиядағы пайымдылық қажет» (Ф. Бэкон)осы ғылым салалары арқылы қайта оқысаңыз бұрынғы ұғымыңыз бен әсеріңізге жаңадан мән енеді. Абай еңбектерін бір рет оқып, қайта соқпай кеткен кісі, адам болу тұжырымдамасына атүсті қараумен бірдей ғана әсерде қалады. Ал, ұлылықпен ғұмыр бойы сырлас, аралас болғың келсе, (қай маман иесі болмасын) күнде бір шығармасын оқып, ой елегінен өткізіп отырсаң мұратыңа жетесің.

Математика — ақиқат дүниенің сандық қатынастары мен кеңістіктегі көріністері жайлы ғылым.«Сандар ғылымы басқа ғылымдардың бәріне қатысыды» (Әл-Фараби) олай болса, ежелгі замандардан-ақ математикалық біліктілік ғылымның жоғары дәрежесі ретінде қабылданған. Математиканың туу, даму барысы ұзақ мерзімге созылды. Математика ғылымдардың логикалық негізі, күре тамыры ретінде қарастырылады. Бұл ғылым ең алдымен оқушылардың ойлау мәдениетін қалыптастырып дамытады және

шындай түседі, әлемде болып жатқан құбылыстарды, жаңалықтарды ғылыми негізде түсінуге көмектеседі.

Ұлы Абай өлеңдерінде математикалық терминдер яғни сандар кездеседі. Әрбір математикалық фигуралар да кейіптеп, әсемдеп сөз өнері мен әрі қарай дамытқан. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде:

Бес нәрсеге асық бол
Бес нәрседен қашық бол

Адам болам десеңіз. — деп, адам болудың тезисін санамалап «бес» деген математикалық ұғыммен беріп отыр. Осы ұғымды ондап санамалауға болатын еді. Бірақ, Абай қасиетті Құрандағы мұсылман пендесінің бес парызын негізге алып отыр. Шәкірттің білімін беске дейін бағалау исламның бес парызынан туғандығын біреу білсе біреу білмейді.

Единица жақсысы,
Ерген елі бейне көл
Единица нөлсіз-ақ,
Өз басындық болар сол
Единица кеткенде,
Не болады өңкей нөл?

Ақынның бұл өлеңіне өткір көз, зерделі ой, келелі көңіл, күрделі кеңес керек. Абай математика тілімен сөйлей отырып, ел басқарудың келелі сипатын ашады. Математика ғылымындағы натурал бірлік сан мен рационал нөл сандары кездеседі.

Абайдың ойынша қабілетті оқушылардың математикалық даму дәрежесі есеп шығарудан анық байқалады. Кез-келген есепті шығару оқушыдан үлкен еңбекті, ұшқыр ойлылығын, табандылығын, төзімділігін, сенімділігін талап етеді. Математикалық тілде тілдесу сөйлеу мәдениетін дамытады, яғни нағыз математик ақын жанды болу керек екендігін, Қазақстан ҰҒА акедемигі Асқар Жұмаділдаев: «Мені математик еткен — Абай» деген сөзі дәлелдеп берді.

Болашақ **физика** мамандары Абай танымымен ұшырасқанда:

Бір қайғыны ойласаң,

Жүз қайғыны қозғайды. — деген, физика заңдылығындағы «қозғалыстың» түбірі «қозғау» болса, қозғалыс өзінен-өзі пайда болатын құбылыс емес, басқа бір дененің әсер ету күші. Физикалық заңдылықпен басталатын 20-қара сөзінде. «Дүние бірқалыпты тұрмайды» деген ұлы ақын «біз пендеміз, өзгереміз...» Тағдырдың жасаған өзгерісін ешкім ақылмен жасамайды, ол табиғи құбылыс, оны:

Желсіз түнде жарық ай,

Сәулесі суда дірілдеп,

Ауылдың маңы терең сай,

Тасыған өзен гүрілдеп. — деген бір шумақ өлеңінің өзінде физикалық құбылыстың бар екендігі «ойлы адамдарға» (Абай) түсінікті. «Желсіз түнде» судың беті дірілдегені несі деген сұрақ туындайды. Оны физикадағы интерференция құбылысы арқылы түсіндіруге болады. Интерференция — өте нәзік құбылыс. Ол (жарық немесе дыбыс) бір-бірімен қабаттасқанда бір нүктеде бірінің күшейуі, екінші нүктеде әлсіреу құбылысы. Оны Абай өлеңіндегі соңғы сөздері «дірілдептен» гөрі «гүрілдеп» күшейіп тұрғанын байқау қиын емес, жоғарыдағы бір шумақ өлеңде кездесетін интерференция құбылысы бірінің әлсіреп екіншісінің күшейуімен ерекшеленіп тұр.

2. АБАЙ ТАНЫМЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ БАСҚА ҒЫЛЫМ САЛАЛАРЫ


Енді, Абай мен химия ғылым саласының байланысы, Орта ғасырларда пайда болған Ал-химия ұғымы VIII–IX ғасырларда кен, көн өндіру, шиша мен қағаз шығару химия ғылымының дамуына әсері болды. Алғашқысы ылғал, екіншісі құрғақ бу. Ылғалды будан сынап, құрғақ будан күкірт пайда болады. Олардың қосындысынан алтын, күміс, мыс, темір, қалайы, қорғасын, шыны пайда болатындығын анықталған.

Абайдың «Әзім әңгімесіндегі» Мұстафаға бір шалдың көрік арқылы көмірдің қызуын күшейтіп, мысты талқандап ол еріген кезде ұсақ қара дәріні қосу арқылы алтын жасаайды деген ұғым:

Химия ғылымын білуші ем, үйретер ем,

Мысты алтын жасаушы ем, алдамаймын. — дегені осының айғағы. «Бергі таудың басында сол дәрі бар» деп Қап тауының шыңында ғана болатынын оны игеруде аса қиындықпен қол жеткізетінін, ол жолда адамды құрбан етуден тайынбайтынын ұлы ақын жеткізе суреттейді. Жай металды алтынға айналдыруға болады және ол дәрі адам баласын мәңгі жасартады деген түсінік «философиялық тасты» іздеумен шектеледі.

Абай өзінің өлеңдері мен қара сөздерінде **педагогика** ғылымына көзқарасын білдіреді. Адам мінезіндегі орынсыз мақтан, ойсыздық, салғырттық, күншілдік, көрсеқызарлық сияқты жаман әдеттердің ақыл мен ойды тоздыратынын айта келіп, естігенді есте сақтау, көргеннен үлгі-өнеге алу, жаман әдет-дағдыдан бойын аулақ ұстау, нәпсіні ақылға жеңдіру, ұстамды болу сияқты адамгершілік қасиеттерді насихаттайды. «Егер есті кісінің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмысында бір, ең болмаса айында бір, өмірді қалай өткізгенің жайында өзіңнен өзің есеп ал», — дейді. Яғни, адамның өзін-өзі тәрбиелеу мәселесінің маңызы мен мәніне ерекше тоқталады.



49-сурет. Абай педагогика саласындағы ағартушылық қызметі

Абайдың ұлағатты мұрасын педагогика ғылым салаларында ғана емес басқа мамандықтардан да Абай идеяларын табуға болады. Мәселен: экономика, әлеуметтік-қоғам, саясат, ел басқару, Алланы тану, өзін-өзі тану сияқты барлық техника мен жаратылыс ғылым салаларын ұлы Абай «Заһири ғылым» деп атаған.

Қазіргі бизнес мәдениетіне баулу үшін кәсіпкерлікке дұрыс бағыттап, олардың адал болуы жолында, бизнесі бекем болу үшін Абайға жүгіну керек:

Тәуекелсіз, талапсыз мал табылмас,

Еңбек қылмас еріншек адам болмас.

Есек көтін жусаң да мал тауып кел,

Қолға жұқпас, еш адам кеміте алмас. — деген Абай бизнестің қас жауы «тәуекелсіз» «талапсыз», «еріншек» сияқты бойкүйездіктен қашып, ерінбей адал еңбек етуге шақырады.

Абайдың заңгерлігі өзінің тікелей әрекетімен орындалған; 1885 жылы Абай жазған 93 бабтан тұратын Семей қазақтары үшін қылмысты істерге қарсы заң ережесін бекітті. Бұдан былай билер, осы заң аясында билік айтатын болды.

Заң шеңберінде де Абай азғана қызмет етпегені көрініп отырады. 1876–1878 жылдары Қоңыр-Көкше еліне Абай болыс болады. Ар жолындағы Абай ел ішінде әділдік таразысын тең ұстап, қорғансыздарға пана болуға тырысты. Ұрлық жасағандарды ашықтан-ашық әшкере етті. Бір топ шонжарлардың жолын кескен ақын үстінен «Абай барымта алды, ауыл шауып, әйел қорлады» деген жала расталмай Абай ақталып шықты.

Мәселен; Абай өзі тілге алған Шығыс ғұламаларының бірі Ғұламаһи Дауанидің «Ахлақ-э Жалали» еңбегінің 63-бетінде құқықтық ілім шарттары жөнінде айтылған.



50-сурет. Абай Құнанбайұлының және Абу Наср әл-Фарабидің «Парасатты» — «Толық» адам ілімдері үндестігі

1886 жылғы патшалық империя қазақтардың үш жүзге және руларға бөлінетінін бақылай отырып өз арасына іріткі салу мақсатында білімсіз етіп «жаңа өмірге бейімдейміз» деген болып, «Уақытша ереже» — «Жаңа низам» сияқты заңдарды ойлап тауып елубасы, жүзбасы, болыстық билік қазақтар үшін тиімсіз басқару жолдарын ойлап тапқан отаршылдар, шағын елді мекендерде билер санын көбейту арқылы дау жанжалға ерік берді.

Биология (грекше *bios* — «тіршілік», «өмір» *logos* — «ғылым») — тірі ағзалардың тіршілік ету әрекетін зерттейтін көп салалы ғылым. Биология — тірі табиғатты және тіршіліктен өткен ағзалардың ішкі мәнін, сыртқы құрылысымен қатар, оның ерекшелігін, шығу тегін, дамуын өлі табиғатпен байланыстыра зерттейді.

«Өлсе өлер, табиғат адам өлмес» деген Абай, жанның мәңгілігін өлі табиғатқа қарама-қарсы қойып, олардың араларындағы байланысын, оның тіршілік етуі мен дамуын, құрып бітуін талқыға салу биологияның еншісіне тастаған сияқты. Адамдардың «Тіршілік» қалай пайда болды? «Тіршіліктің» иесі кім, деген сұрақтар адамзатты үнемі мазалап келеді.

Тірі ағзалардың пайда болуы көбінесе екі жолмен: өлі табиғат «Қара тастан басқаның бәрі жадырап» (Абай) судан, тау-тастан, ағаштан басқа

Безендіріп жер жүзін тәңрім шебер,
Мейірбандық, дүниеге нұрын төгер.

Анамыздай жер иіп емізгенде

Бейне әкендей үстіңе аспан төнер. — деген ақын «Жазғытұрым» атты табиғат лирикасында рух қалауымен пайда болуы ретінде түсіндіреді.

Адамдар жоғарғы сатыдағы дамыған сүтқоректілер типіне жатады. Тіршілік атаулыны барлығына тән қасиет — жасуша. Биология ғылымының өзі бірнеше салаларға бөлінеді. Соның ішінде үш негізгі салалары мынадай: Ботаника (өсімдіктер), зоология (жануарлар), анатомия (адам ағзасы).

Абай өз шығармаларында тіршілік бір жаратушыдан деп, 28-қара сөзінде «...ауруды жаратқан — құдай, ауыртқан құдай емес» деп келеді де

Жаз жіберіп, жан берген қара жерге

Рахметіне Алланың көңіл сенер — деген Абай табиғатты

Алланың құдіреттілігімен көркемдік қиялға беріліп суреттейді. Осы «Жазғытұры» өлеңінің тағы бір жерінде:

Тамашалап қарасаң тәңірі ісіне,

Бойың балқып, еридi іште жігер. — деп, жаратушы өзі тәңрі арқылы адам мен табиғаттың бірыңғайлығын көрсетеді.

Медицина ғылымының пайда болуы, тіршіліктің пайда болуы туралы ежелгі грек ғалымдары ертеректе-ақ тіршілік иесі жұмбақ және жылы ұйыма балдырдан тұтаспаған ағза түрінде пайда болып, жеке мүшелері: бас, қол, аяқ, дене бір-бірімен соңынан қосылады деп жорамалдаған. Абай:

Сол досты сая таппай іздейді жан,

Жоқтайды күніреніп қозғалып қан. – деп, қаннан жаратылған жанды (адам) медицина ғылым саласында тірі табиғат, барлық тірі ағзаларға тән белгілі қасиеттер бар, оларды тірі жүйелер деп атайды.

3. ӨЗГЕ ҒЫЛЫММЕН БАЙЛАНЫСТЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Абайдың 32-қара сөзінде. **Білім-ғылым үйренбекке талап қылушыларға әуелі білмек керек. Талаптың өзінің біраз шарттары бар. Оларды білмек керек, білмей іздегенмен табылмас.**

Әуелі, Бірінші — **білім-ғылым табылса, ондай-мұндай іске жаратар едім деп, дүниенің бір қызықты нәрсесіне керек болар еді деп іздемекке керек.** Оның үшін білім-ғылымның өзіне ғана құмар, ынтық болып, бір ғана білмектіктің өзін дәулет білсең және әр білмегенінді білген уақытта көңілде бір рахат хұзур хасил болады. Сол рахат білгенінді берік ұстап, білмегенінді тағы да сондай білсем екен деп үміттенген құмар, махаббат пайда болады. Сонда әрбір естігенінді, көргенінді көңілің жақсы ұғып, анық өз суретімен ішке жайғастырып алады.

Егер дін көңілің өзге нәрседе болса, білім-ғылымды бір-ақ соған себеп қана қылмақ үшін үйренсең, ондай білімге көңіліңнің мейірімі асырап алған шешеннің мейірімі секілді болады. Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түседі. Шала мейір шала байқайды.

Екінші — **ғылымды үйренгенде, ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек.** Бахасқа (бақ таласқа) бола үйренбе, азырақ бахас көңілінді пысықтандырмақ үшін залал да емес, көбірек бахас адамды түземек түгіл, бұзады. Оның себебі әрбір бахасшыл адам хақты шығармақ үшін ғана бахас қылмайды, жеңбек үшін бахас қылады. Ондай бахас хусідшілікті зорайтады, адамшылықты зорайтпайды, бәлкім, азайтады. Және мақсаты ғылымдағы мақсат болмайды, адам баласын шатастырып, жалған сөзге жеңдірмекші болады. Мұндай қиял өзі де бұзықтарда болады. Жүз тура

жолдағыларды шатастырушы кісі бір қисық жолдағы кісіні түзеткен кісіден садаға кетсін! Бахас - өзі де ғылымның бір жолы, бірақ оған хирслану жарамайды. Егер хирсланса, өз сөзімшіл ғурурлық, мақтаншақтық, хусідшілік бойын жеңсе, ондай адам бойына қорлық келтіретұғын өтіріктен де, өсектен де, ұрсып-төбелесуден де қашық болмайды.

Үшінші — әрбір хақиқатқа тырысып ижтиһатыңмен көзін жетсе, соны тұт, өлсең айрылма! Егерде ондай білгендігің өзінді жеңе алмаса, кімге пұл болады? Өзің құрметтемеген нәрсеге бөтеннен қайтіп құрмет күтесің?

Төртінші — білім-ғылымды көбейтуге екі қару бар адамның ішінде: бірі — мұлахаза қылу, екіншісі — берік мұхафаза қылу. Бұл екі қуатты зорайту жаһатінде болу керек. Бұлар зораймай, ғылым зораймайды.

Бесінші — осы сөздің он тоғызыншы бабында жазылған ақыл кеселі деген төрт нәрсе бар. Содан қашық болу керек. Соның ішінде уайымсыз салғырттық деген бір нәрсе бар, зинһар, жаным, соған бек сақ бол, әсіресе, әуелі — құданың, екінші — халықтың, үшінші — дәулеттің, төртінші — ғибраттың, бесінші — ақылдың, ардың — бәрінің дұшпаны. Ол бар жерде бұлар болмайды.

Алтыншы — ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты болады. Сол мінез бұзылмасын! Көрсеқызарлықпен, жеңілдікпен, я біреудің орынсыз сөзіне, я бір кез келген қызыққа шайқалып қала берсең, мінездің беріктігі бұзылады. Онан соң оқып үйреніп те пайда жоқ. Қоярға орны жоқ болған соң, оларды қайда сақтайсың? Қылам дегенін қыларлық, тұрам дегенінде тұрарлық мінезде азғырылмайтын ақылды, арды сақтарлық беріктігі, қайраты бар болсын! Бұл беріктік бір ақыл, ар үшін болсын!

Абайдың 43-қара сөзінде: «Адам ұғымы екі нәрседен: бірі-тән, бірі — жан. Ол екеуінің орталарында болған нәрселердің қайсысы жибили, қайсысы — кәсибі оны білмек керек. Жан қуатымен адам хасыл қылған өнерлері де күнде тексерсең, күнде асады. Жан қуаты дейтұғын қуат-көп нәрсе, бәрін мұнда жазарға уақыт сыйғызбайды» — деп жазған.

Абайдың 27-қара сөзінде медицина саласы бойынша сезім мүшелері: көз, мұрын, құлақ, ауыз, туралы ұғымдар кездеседі. Мысалы: «көзді, мұрынды ауызға жақын жаратыпты, ішіп-жеген асымыздың тазалығын көріп, иісін біліп, ішіп-жесін деп. Құлақ болмаса, не қоңғыр, не дүңгір, дауыс жақсы үн, күй, ән ешбірінен ләззаттанып хабар ала алмас едік»-деп жазған екен Абай.

Абайды жастар арасында игертудің жедел түрлерінің бірі өз мамандықтарына байланысты Абаймен ұштастыра қарастыру тиімді тәсілі деп ойлаймыз.

Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

1. Абай өлеңдерінде математикалық терминдер?
2. Физикадағы интерференция құбылысы «Желсіз түнде жарық ай» өлеңінде көрінісі?
3. Орта ғасырларда пайда болған Ал-химия ұғымы VIII–IX ғасырларда кен, көн өндіру, шиша мен қағаз шығару химия ғылымының дамуына әсері
4. Абай өзінің өлеңдері мен қара сөздерінде педагогика ғылымына көзқарасы?
5. 1876–1878 жылдары Қоңыр-Көкше еліне Абай болыс болғанның пайдасы?
6. Абайдың 32-қара сөзінде Білім-ғылым үйренбекке талаптары?

Әдебиеттер тізімі:

1. Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 1–2 т. — Алматы : Жазушы, 1995. — 335 беттік.
2. Әуезов М. Абайды білмек парыз ойлы жасқа. — Алматы : Санат, 1997. — 416 бет.
3. Ахметов З., Әуезова Л.М., Ерзакович Б.Г. т.б. Абай энциклопедиясы. — Алматы : Атамұра, 1995. — 720 беттік.
4. Оразалиев С., Оразалиева З. Сібір түркі халықтарының әдебиеті тарихы. Көмекші оқу құралы. — Шымкент : Нұрлы Бейне, 2007. — 152 беттік.

ТАҚЫРЫП № 11.

АБАЙ (ИБРАХИМ) ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ «ҚАРАМОЛА ЕРЕЖЕСІ» 1885 ЖЫЛҒЫ «ҚАРАПАЙЫМ ҚАЗАҚТАРҒА АРНАЛҒАН КОДЕКС» ӘЗІРЛЕУІ

1. «Қарамола ережесі» тарихнамалық талдау.
2. Абайдың Қарамола ережесі ХІХ ғасырдың соңындағы Қазақ Даласының заңнамасына қосқан үлесі

1. «ҚАРАМОЛА ЕРЕЖЕСІ» ТАРИХНАМАЛЫҚ ТАЛДАУ

2019 жылдың жазында Ресей Федерациясының Татарстандағы Қазан қаласындағы Н.И. Лобачевский атындағы Қазан мемлекеттік университетінің кітапханасында Ғылыми іссапарда болған Семей қаласының «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік қорығының ғалымдар тобы 1886 жылы 14 ақпанда араб графикасында жазылған Қазан Императорлық университетінің баспаханасында Циклин Семей облысының әскери генерал-губернаторының № 1546 бұйрығымен аудармашы Асанов, басылған, өте сирек кездесетін «Ереже» — 1885 жылғы заңдар жинағын тауып бірегей тарихи құжатты құрастырылғаны туралы мәлімдеді.

«Ереже» Семей облысынан шамамен 70 шақырым жерде орналасқан Қарамола өзенінде 100-ге жуық би, болыстық билеушілер, ауылдық старшиналар мен қарапайым азаматтардың кең съезінде қабылданды, сондықтан құжатқа «Қарамола Ережесі» деген атау берілді, негізінен қойманы жасау кезінде Қарқаралы уезі, Өскемен уезі, Зайсан уезі, Семей уезі, Павлодар уезінің солтүстік және Шығыс Қазақстан тұрғындары қатысқаны байқалады. Н. Коншин 1927 жылы «Семей Географиялық қоғамының 1927 жылғы ХVІ шығарылымында шыққан өлкетану үшін Семей мұрағаты не бере алады» атты мақаласында атап кетті.



51, 52-сурет. Абайдың 1885 жылы шыққан «Қарамола ережесі» Шолпан Торғаутованың 2023 жылы жариялаған Хрестоматиясы 74 бап қазақ және орыс тіліне аудармасы мен талдамасы

Жалғыз данасы 1886 жылы 25 қарашада Қазақстанның орталық мемлекеттік мұрағатына белгілі қазақ жазушысы Ғабит Мүсіреповтің шағын брошюрасында берілген. Ол құжатпен бірге Сапар Байжановқа хат жолдап, онда былай деп жазады: «Сапар, мен 1885 жылы бес округтің парсы Мемлекеттік кеңесінің отырысында (бес дуанның) қабылданған қаулысын жіберемін», бір данасы бір-бірімен тығыз байланысты шағын брошюра түрінде. Келесі: «ескі әдіспен білетін адам жаңа алфавитпен көшіріледі (көшірмесін мұқият қарау керек шығар). Ереже бастапқыда орыс тілінде басылған, бірақ түпнұсқаны Қазан университетінің мұрағатынан алған жөн. Бұл өте маңызды нәрсе, егер ол екі тілде де басылса, көп жұмыс болар еді. (Басқа көрші бауырларда мұндай заң қабылданбайды). Абайдың алғысын алды. Рахмет. Ғабит Мүсірепов. Р.С. Татарскийді көшіру кезінде мәтіннің өзі қазақша жақсы болар еді». Абай музейінің

қорында 1959 жылы ҚазКСР Ғылым академиясының қызметкері Кантарбайұлы кириллицада машинкамен басылған көшірмесін жасады.

Осы құжат туралы көп жылдар ішінде алғаш рет 1992 жылы Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін, оның қазақ тіліндегі нұсқасын алғаш рет Қазақстан мұрағатының қызметкерлері Б. Байғалиева мен Ж. Ахмадиева, Қазақ тарихшысы, этнографы, филолог Зейнолла Сәнік 1992 жылы қайта жанданған № 3 «Абай» журналында кириллицада жариялаған кезде белгілі болды. Басылымды алғаш рет 1918 жылы Ж. Аймауытов пен М. Әуезов басып шығарды, 70 жылдан кейін 1992 жылдан бастап қайта басыла бастады. Журнал Абайдың әдеби мұрасын, ұлттық мәдениетін насихаттайды, Қазақ әдебиеті тарихындағы «ақ дақтарды», тарих пен өнер мәселелерін зерттейді.

1993 жылы Алаш — «Мирас баспаханасы (Халық мұрасы) — құжаттар жинағы» қазақ тілінде «Ереже» мәтінін шығарды. «Қазақстан Республикасының және тарихи-мұрағат қоғамының Министрлер Кабинеті жанындағы Архивтер мен құжаттардың Бас басқармасының басылымы» құжатында. Құжат алғаш рет ғылыми шеңбердің кең ауқымына тек қазақ тілінде ұсынылды. Мәтіннің қазақша нұсқасын Бүркіт Нұрасыл 2020 жылғы 11 сәуірдегі «Qazaqstan tarihi» ғылыми журналының электрондық порталында қайта жариялады.

2020 жылы А. Құнанбайұлының 175 жылдығын мерекелеу нәтижесінде және «Түркі әлемі: А. Құнанбайұлының ХХІ ғасырдағы көзқарастары» халықаралық конференциясын өткізгеннен кейін Шымкент қаласының Әуезов университетіндегі «Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар» ҒЗИ «Тарих және этнология» және «Абайтану» ғылыми орталығы «Абайтану» арнайы курсы енгізілді. «Абайтану» сабақтарында гуманитарлық және техникалық бағыттағы факультеттер мен жоғары мектептердің студенттері Абай (Ибрахим) Құнанбайұлының шығармашылығымен толығырақ және жоспарлы түрде танысады.

Айта кету керек, «Абайтану» курсы 2023 жылға дейін тек филологтар ғана оқыған, ал көп бағыт Абайдың қазақ әдебиетіне қосқан үлесін және көптеген жылдар бойы профессор Мекемтас Мырзахметұлы зерттеген «тұтас адам» идеясын зерттеумен байланысты болды. Осы күндері «Қазақтану», Қазақ тарихы мен этнографиясы, Мұрағат ісі, музейлендіру бағытын дамытып келе жатқан мақаланың авторы алғаш рет оқушыларға курсты бастап, Ұлы Абайдың есімі аталған «ережеге» назар аударды.

— Тарихнамалық талдау, осы тарихи дереккөзді зерттеу деңгейі мен дәрежесі, тарихшылдық қағидаттарын ескере отырып, осы тарихи маңызды құжатты XIX ғасырдың аяғы — 1885 жылдар кезеңінде ұлттық қазақ дәстүрлі қоғамының әдеттегі құқық нормаларының тізбегі бойынша, Қазақстан мен Ресейдің жаңа қоғамдық және дипломатиялық қатынастарының тоғысуымен, тұрмыстық, әлеуметтік-экономикалық салаларда да объективті талдауға әрекет жасалды. Жер, ұлттық қатынастар, зерттелетін заңдар жинағында ислам құқығының «шариғатының» әсерін талдау.

— Осы тарихи дереккөздің 74 абзацын орыс тіліне аудару, болашақта әлемдік қоғамға танымал ету.

— Деректанулық талдау, яғни дереккөздің пайда болуын талдау әрекеті, мақалаларға түсініктеме беру әрекеті, себеп-салдарлық байланыстарды жүргізу және Қазақ тарихы, халық және тұтастай мемлекеттілік үшін тарихи-мәдени, этнографиялық және құқықтық маңыздылығын бағалауды анықтау әрекеті. Нақты сот ісін жүргізу процестеріндегі дереккөз мәтіндеріне түсініктеме беру, жасалған қылмыстар мен жазалар кезіндегі міндеттер мен құқықтарға байланысты әлеуметтік-мүліктік қатынастарды реттеудің нақты түрлерін, жасына және қолдану түріне байланысты шаруашылық өміріндегі жануарлар түрлерінің өзіндік атауларын, билікке қатысты туыстар арасындағы қатынастарды және съездерде даулы мәселелерді шешуді зерттеу, айыппұлдар, жасалған қылмыстардың бағасы және т.б.; қазақ даласында үстемдік ететін Ресей императорлығы тарапынан тікелей ықпалға ие болған шенеуніктердің атауындағы ерекшеліктер,

халық арасындағы әлеуметтік-тұрмыстық, мүліктік дауларды, жаза түрлерін реттеуші орган ретінде мұсылман дінбасыларының рөлі мен маңызын бағалау, сондай-ақ орыс бөлімшесінің факультеттерінде «Абайтану» арнайы курсына дәріптеу және оқытуға енгізу.

— Қазақстанның тарихи дереккөздер жүйесінде құжаттың тарихи көзін және тарихи маңыздылығын одан әрі енгізу және зерделеу.



53-сурет. Қазақ қоғамындағы әйелдердің билер қауымына кеңес беру сәтінен

Автор дайындаған аударма мен талдау, сөзсіз, көптеген тарихшы ғалымдарды, этнографтарды, лингвистерді, мәдениеттанушыларды, заңгерлерді, саясаттанушыларды, мұсылман дінбасыларын қызықтырады, олар өте маңызды, өйткені ол зерттелетін кезеңнің құқықтық құрылымы туралы өте сирек деректерді, ХІХ ғасырдың соңындағы қазақ қоғамының экономикалық, мәдени құрылымын зерттеуге, қоғамдық — саяси, әлеуметтік-саяси, әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-экономикалық бейнесінің тарихи-этнографиялық дерек қажет.

2. АБАЙДЫҢ «ҚАРАМОЛА ЕРЕЖЕСІ» ХІХ ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНЫҢ ЗАҢНАМАСЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Ибрагим Құнанбайұлының қоғамдық-саяси қызметі туралы қоғам үшін жаңа және мүлдем бейтаныс бірегей фактілерді Қазақстан ғалымдары мен жалпы әлемдік ғылыми қоғам назардан тыс қалдыра алмайды, олар біріншіден орыс тіліне аудару әрекетімен, екіншіден, тарихшылдық қағидаттарын ескере отырып, осы тарихи маңызды құжатқа объективті талдау жүргізуі тиіс. тізбек бойынша ХІХ ғасырдың аяғындағы ұлттық қазақ дәстүрлі қоғамының әдеттегі құқығының нормалары — 1885 ж., Қазақстан мен Ресейдің жаңа қоғамдық және дипломатиялық қатынастарының тоғысуы, тұрмыстық, әлеуметтік-экономикалық, жер, ұлттық қатынастарда, ислам құқығы «шариғатының» зерттелетін заңдар жиынтығындағы әсерін талдау, үшіншіден, университеттің жоғары мектептері мен факультеттерінің бакалавриат, магистратура, докторантура және орыс топтарының одан әрі енгізуі мен оқуы және Қазақстанның тарихи дереккөздер жүйесіндегі құжаттың тарихи маңыздылығы туралы аңыздар.

Мәтін авторы дайындаған бұл орыс аудармасы, сөзсіз, көптеген ғалымдар, тарихшылар, лингвистер, мәдениеттанушылар, заңгерлер, жас ғалымдар үшін қызығушылық тудырады, өйткені ол зерттелетін кезеңнің құқықтық құрылымы туралы өте сирек деректерді, экономикалық өмірдегі жануарлардың атаулары мен түрлерін зерттеуге арналған тарихи-этнографиялық деректерді ұсынады. Туыстар арасындағы қатынастар. билікке деген көзқарас және съездердегі даулы мәселелерді шешу, айыппұлдар, жасалған қылмыстар үшін баға және т.б.

Абайдың ХІХ ғасырдың екінші жартысы — ХХ ғасырдың басындағы Қазақстанның білім беру, ағарту және ғылыми бағытына қосқан үлесі баға жетпес және бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтпайды. Абай Ұлы Даланың ілгерілеуі мен демократиясын жақтаушылардың алғашқы және жарқын өкілдерінің бірі болды. Абай бір кездері ХХ ғасырдағы жаңа қазақ қоғамының көз алдында

көрнекті педагог, дана жаңашыл, көреген дипломат, Шығыстың Ислам гуманизмі, Ресейдің революциялық және демократиялық идеялары арасындағы «алтын көпір» байланыстырушы, Батыстың қоғамдық ілгерілеуі мен өнеркәсіптік инновацияларын дәстүрлі қазақ көшпелі қоғамының санасына енгізген. Абайдың барлық ойлары бір мақсатқа бағытталды — яғни — ұлттық кодты, жерді сақтау, патша отаршылдығынан тәуелсіздік алу, жастардың білімін тереңдету және ғылымды игеру, елдің табиғи ресурстарын зерттеу, өнеркәсіптік кәсіпорындар құру, ұлттық өндірістің еңбекқорлығы мен өсуі, ішкі ұсақ мүліктік жанжалдарсыз халықтың барлық топтарын бейбіт дамыту, елдің байлығы, игіліктер мен тауарлардың барлық түрлерін ұтымды пайдалану.



54-сурет. XIX ғасырдағы қазақтың бай отбасы

Кейіннен бұл идеялар Алашордашылардың — Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Ш. Құдайбердінің, М. Дулатовтың, М. Әуезовтің және т.б. идеялық бағдарламалық құжаттарында, XX ғасырдың басында ұлттық зиялы қауым өкілдерінің идеялық бағдарламалық құжаттарында көрініс тапты және қоғам қайраткері, шығыстанушы және публицист Барлыбек Сыртановтың келесі «Қазақ елі» құқықтық құжатында көрініс табады. 1911 жылы құрылтайшы және «Алаш» көшбасшыларының бірі Ә. Бөкейхановтың тапсырмасы бойынша құрастырылған.

«Ереже» — ереже, 1885 жылғы заңдар жинағы, араб графикасында құрастырылған және жазылған, Асанов аудармашысы, 1886 жылғы 14 ақпандағы № 1546 Циклин Семей облысының әскери генерал-губернаторының бұйрығымен Қазан Императорлық университетінің баспаханасында басылған.

Заңдар жинағы Қарамола жерінде, Семей облысының Шар өзенінде билердің, болыс билеушілерінің, ауыл старшиналарының және қарапайым азаматтардың кең Съезінде талқыланған және қабылданған құқықтық құжат болды, сондықтан құжатқа «Қарамола Ережесі» атауы берілді, негізінен құжатта билерді құрастырушылардың, «құрметті азаматтардың» қатысуы атап өтіліп, «уездер мен болыстар», негізінен Солтүстік және Шығыс Қазақстан халқынан тұрды. «Ереже» құқықтық құжаты — осы құжаттың сипаттамасы, 73 бап және қорытынды, заңдар жинағын әзірлеушілер мен дайындаушылар ретінде Семей уезінің «құрметті қазақтарының» бірі — Ибрахим Құнанбайұлының тегі, аты-жөні, лауазымдары жазылды. Б. Байғалиев өзінің «Абай өмірбаяны архив деректе» еңбегінде атап өткендей, Ресей генерал-губернаторлығы тарапынан «құрметті қазақ» атағының құрметіне халық арасындағы мемлекеттік және әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерді шешуде жауапты жұмысы үшін осы атаққа лайық өте сауатты және дұрыс адам ие болды. «Заңды құра отырып, ақын демократ ретінде сөйлеп, қарапайым адамдардың өмірін жеңілдетуге арналған көптеген жаңалықтарды ұсынды. Бұл баға жетпес олжа сол жылдардағы қазақстандық демократияның қалыптасуының кейбір аспектілеріне жарық түсіреді, сондай — ақ Ұлы Абайдың әлемі мен шығармашылығына басқаша қарауға мүмкіндік береді», — деп атап өтті зерттеушілер. Кейіннен «Қарамола ережесі» атауы халыққа «билер ережесі» ретінде көшті — билердің жағдайы, билер арасында таралды, әдетте басшылыққа алынды.



55-сурет. Қазақ халқының қыз ұзату сәтінен

«Ереже» қазақтардың әлеуметтік-мүліктік қатынастарының көптеген тараптарын қамтыды, қылмыстық істер бойынша даулы мәселелердің шешімі, яғни кісі өлтіру, ұрлау, жалғандық, өзендер мен құдықтардың ластануы, жасалған қылмыстар үшін айыппұл мен баға, «айыппұл» — айыппұлдар мен «құн» төлемдерін белгілеу — келтірілген залал үшін баға, ізгілендірілген және ерекше көрсетілген әйел өкілдерінің, жетімдердің, жесірлердің күзетші және реттелетін құқықтары. Көптеген төлемдер ақша бірлігімен емес, табиғи түрімен — малмен (түйе, ірі қара және ұсақ мал) ұсынылады. Айыппұл төлемдерінің мөлшері қылмыстың ауырлығына байланысты болды, аз қамтылғандарды жазалау түрлері негізінен бір айлық жұмыс немесе тіпті 40 соққыға жығылды. «Әділет» қазақ этикалық құқығында «Береке» институты-барлық келісімдердің, шарттардың негізі, «Салауат» — кешірім, дауласушы екі тараптың бір-біріне талап қоюдан бас тартуы, әдетте, ру, ауыл ақсақалдарының жанынан өтті.

Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

1. 1885 жылғы — «Ереже» заңдар жинағының ерекшелігі?
2. Қазақстан мен Ресейдің жаңа қоғамдық және дипломатиялық қатынастарының тоғысуы, тұрмыстық қатынастарда «Ереженің» маңыздылығы?

3. «Ереженің» жерге қатысты баптары және әлеуметтік-экономикалық қолданысы?

4. Ислам құқығы «шариғатының» заңдарға әсерін талдау?

5. Барлыбек Сыртановтың 1911 жылы келесі «Қазақ елі» шыққан құқықтық құжатына «Ереженің» әсері?

**АБАЙ (ИБРАХИМ) ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ «ҚАРАМОЛА ЕРЕЖЕСІ»
1885 ЖЫЛҒЫ «ҚАРАПАЙЫМ ҚАЗАҚТАРҒА АРНАЛҒАН КОДЕКС»
ӘЗІРЛЕУГЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ — ХРЕСТОМАТИЯДА ЖАРИЯЛАНҒАН
74 БАП БОЙЫНША ЖҰМЫС ЖАСАУ**

Торгаутова Ш.А. «Хрестоматия: Положение Карамола 1885 г., съезда биев и почетного казаха — Абая (Ибрахим) Құнанбайұлы (1886). Шымкент, 2023. 61 стр.

1. «Қарамола ережесі» тарихнамалық талдау.

2. «Қарамола ережесі» деректанулық талдау.

3. Ғалымдардың «Қарамола ережесі» туралы ғылыми зерттеулері, пікірлері.

4. Қазақ тарихы, халық және тұтастай мемлекеттілік үшін тарихи-мәдени, этнографиялық және құқықтық маңыздылығын анықтау.

5. Нақты сот ісін жүргізу процестеріндегі дереккөз мәтіндеріне түсініктеме беру.

6. Жасалған қылмыстар мен жазалар кезіндегі міндеттер мен құқықтарға байланысты әлеуметтік-мүліктік қатынастарды реттеудің нақты түрлері.

7. Жасына және қолдану түріне байланысты шаруашылық өміріндегі жануарлар түрлерінің өзіндік атаулары.

8. Билікке қатысты туыстар арасындағы қатынастарды және съездерде даулы мәселелерді шешуді зерттеу.

9. Айыпшұлдар, жасалған қылмыстардың бағасы және т.б.

10. Қазақ даласында үстемдік ететін Ресей императорлығы тарапынан тікелей ықпалға ие болған шенеуніктердің атауындағы ерекшеліктер.

11. Халық арасындағы әлеуметтік-тұрмыстық, мүліктік дауларды, жаза түрлерін реттеуші орган ретінде мұсылман дінбасыларының рөлі мен маңызын бағалау.

12. Зерттелетін кезеңнің құқықтық құрылымы туралы өте сирек деректерді, қоғамдық — саяси, әлеуметтік-саяси, әлеуметтік-саяси және әлеуметтік-экономикалық зерттеулерге арналған тарихи-этнографиялық дерек ретінде баға беру.

13. XIX ғасырдың соңындағы Қазақ қоғамының экономикалық, мәдени құрылымы.

14. Абайдың «Қарамола ережесі» XIX ғасырдың соңындағы Қазақ Даласының заңнамасына қосқан үлесі.

15. XIX ғасырдың аяғындағы ұлттық қазақ дәстүрлі қоғамының әдеттегі құқығының нормалары — 1885 ж., Қазақстан мен Ресейдің жаңа қоғамдық және дипломатиялық қатынастарының тоғысуы.

16. Тұрмыстық, әлеуметтік-экономикалық, жер, ұлттық қатынастарда, ислам құқығының «шариғатының» зерттелетін заңдар жиынтығындағы әсерін талдау.

17. Туыстар арасындағы қатынастар. билікке деген көзқарас және съездердегі даулы мәселелерді шешу, айыппұлдар, жасалған қылмыстар үшін баға және т.б.

18. Абайдың ұлтшыл идеялардың алашордашылардың — Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Ш. Құдайбердінің, М. Дулатовтың, М. Әуезовтің және т.б. идеялық бағдарламалық құжаттарында, XX ғасырдың басында ұлттық зиялы қауым өкілдерінің идеялық бағдарламалық құжаттарында көрініс тапты және қоғам қайраткері, шығыстанушы және публицист Барлыбек Сыртановтың келесі құқықтық құжатында көрінісі.

19. «Ереже» қазақтардың әлеуметтік-мүліктік қатынастарының көптеген тараптарын қамтыды, қылмыстық істер бойынша даулы

мәселелердің шешімі: кісі өлтіру, ұрлау мәселерін реттеудегі рөлі мен маңыздылығы.

20. Сот барысындағы жалғандық.

21. Өзендер мен құдықтардың ластануы.

22. Жасалған қылмыстар үшін айыппұл мен баға, «айыппұл» — айыппұлдар мен «құн» төлемдерін белгілеу — келтірілген залал үшін баға.

23. Ізгілендірілген және ерекше көрсетілген әйел өкілдерінің, жетімдердің, жесірлердің күзетші және реттелетін құқықтары.

24. Жазалау түрлері негізінен бір айлық жұмыс немесе тіпті 40 соққыға жығылды.

25. «Әділет» қазақ этикалық құқығында «Береке» институты-барлық келісімдердің, шарттардың негізі, «Салауат» — кешірім, дауласушы екі тараптың бір-біріне талап қоюдан бас тартуы, әдетте, ру, ауыл ақсақалдарының жанынан өтуі.

Әдебиеттер тізімі:

1. *Торғаутова Ш.А.* «Хрестоматия: Положение Карамола 1885 г., съезда биев и почетного казаха — Абая (Ибрахим) Құнанбайұлы (1886). — Шымкент, 2023. — 61 стр.

2. Издание Главного управления архивами и документами при Кабинете Министров Республики Казахстан и историко-архивного общества. Алаш — Мирас (Народное наследие) : сборник документов. — Алаш Мирас. Алматы, 1993. — 160 с.

3. *Коншин Н.Я.* Труды по казахской этнографии. Что могут дать Семипалатнические архивы для краеведения. Вып. XVI. Записки Семипалатинского подотдела Западносибирского отдела русского географического общества за 1927 год. — 193 с.

4. *Хазиахметов Э.Ш.* Н.Я. Коншин — исследователь истории Степного края // Степной край: зона взаимодействия русского и казахского народов (XVIII–XX вв.): II Международная научная конференция : тезисы докладов и сообщений. — Омск, 2001.

5. *Артыкбаев Ж.* Казахское шежере. Исторические события XIX–XX века. — Алматы, 2015. — С. 205.

6. *Кашляк В.Н.* Семипалатинск: от бургомиста до акима. — Семей, 2007.

7. *Касымова Г.Т., Силина Э.Н., Тусунбаева Т.У.* Торговые связи Семипалатинского Прииртышья (XVIII — начало XX вв.) : сборник документов / Управление архивами ВКО, Центр документации Новейшей истории ВКО. — Семипалатинск, 2004. — 350 с.

8. *Ләмбекұлы С.* Абай айнасы. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Қарағанды облысы, Қарқаралы қ. Egeмен Qazaqstan. 07 Тамыз, 2010

9. Құмырзақұлы Алтынбек «Абай ережесі» немесе Қарамола съезіне 130 жыл. Qazaqstan tarihy.<https://www.google.com/url?sa=t&rct=j&q=&esrc=s&source=web&cd=&cad=rja&uact=8&ved=2ahUKEwj4u4>. 26.08.2015

10. *Нұрасыл Б.* Qazaqstan tarihy. Қарамолаережесі. — URL: <https://e-history.kz/kz/news/show/23908>. 11.04.2020.

11. *Байғалиев Б.* Абай өмірбаяны архив деректе. Алматы. Арыс. 2001. https://engime.org/pars_docs/refs/57/56911/56911.pdf.

12. *Мұхаметқалиқызы А.* Астана қаласы, Зияткерлік Технологиялар академиясы, «Абайтану» ғылыми-зерттеу орталығы 2022 ж. Абай: Қарамолада жазылған ереже.

13. *Шакеев Н., Байжанов С.А.* Бокейханов Абай (Ибрагим) Қунанбаев (Қазанама) // Абай и архив / Главное управление архивов и документации при Кабинете Министров Республики Казахстан. — Алматы : Ғылым, 1995. — С. 139.

14. Абай и архив. Скрытый. Начальник Семипалатинского уезда 1903 г. 25 августа № 48. г. Семипалатинск г-ну военному губернатору Семипалатинской области. Рапорт уездного управляющего Навроцкого. Подписано Генерал-майором Галкиным. — Алматы : Ғылым, 1995. — С. 133

15. *Жұртпай Т.* Әлихан Бөкейхан. Абай (Ибрагим) Қунанбайұлы // ҚАЗҰУ, Абай институты. — 12.01.2012.

16. *Токаев К.К.* Президент Республики Казахстан. Абай и Казахстан в XXI веке. 09.09.2020. Егемен Қазақстан. <https://www.google.com/url?sa=t&rct=j&q=&esrc=s&source=web&cd=&>

cad=rja&uact=8&ved=2ahUKEwjA4sD_mtH9AhVqx4sKHUSrDv0QFnoECC0QAQ&url

17. *Биекенов Н.* Ұлы Абай — биәрі дала заңгері. ҚР ИМ Ш. Қабылбаеват. Қостанай академиясы, 29.06.2020 — URL: <https://www.google.com/url?sa=t&rct=j&q=&esrc=s&source=web&cd=&cad=rja&uact=8&ved=2ahUKEwik95POhNH9AhURp4sKHQg4Ac84ChAWegQIFRAB&url=http%3A%2F%2F>

18. *Массанов Э.А.* Очерки истории этнографического изучения казахского народа в СССР. Т. 36. — 2-е изд., доп. — Астана, 2007. — 551 с.

19. *Фетисов М.И.* Зарождение казахской публицистики. — Алма-Ата, 1961. — С. 235–242

20. Памятная книжка Семипалатинской области на 1901 г. Семипалатинск, 1901. С. 4 // Русский антропологический журнал. — Москва, 1900. — № 2. — С. 108.

21. *Ударцев С.Ф.* Абай: открывающий новые горизонты. Человек и закон // Республиканская газета. — 14.08 2020. — С. 2.

22. *Айтбайұлы Ө.* Основы казахской терминологии. — Алматы, 2014. — 382 с.

23. *Валиханов Ч.Ч.* Этнографическое наследие казахов. Записка о судебной реформе. Т. 1. — Палодар, 2005. — 292 с.

24. *Жетписбаева А., Каренов Р.* Какие законы Великой степи стали предтечей современной Конституции Казахстана. Индустриальная Караганда: https://inkaraganda.kz/main_news/kakie-zakony-velikoj-stepi-stali-predtechej-sovremennoj-konstitucii-kazahstana/ 30.08.2022.

25. *Әметов Б.* Батыс Қазақстан облыстық сотының төрағасы. Салық Зимановтың қазақ даласының құқығы туралы. Келісім басы — кешірім. Egemen Qazaqstan. 24 Тамыз, 2016.

26. *Имашева Н. Тұнықбаева Т.* Медиация мәміле алаңы. 5.06.2019 // «Анатілі» газеті. — 30.08.2022.

ТАҚЫРЫП № 12.

АБАЙДЫҢ ТАРИХ ТУРАЛЫ ОЙЛАРЫ


- 1. Абайдың түркі-моңғол өркениеті туралы тарихи көзқарастары**
- 2. Абайдың араб-парсы мәдениетінің басы және түркі-парсы-түркі өркениетінің өрлеу кезеңі туралы ой-пікірлері**
- 3. Абайдың түркі-парсы-түркі өркениетінің тоқырау және құлдырау кезеңіне (XVII-XIX ғғ.) қатысты ой-пікірлері**

«Сөздің ең ұлысы, сыпаттысы — тарих» болғанда (Ахмет Байтұрсынұлы), қандай ұлы ақын, ойшыл болса да, тарихтан танымдық та, шығармашылық та нәр алған. Тарихсыз бойындағы қабілетін де, айтар ойын да жеткізе алмаған. «Ғылымды іздеп, дүниені көздеп екі жаққа үнілген» ұлы Абай қызығушылығы мен ізденіс саласының бірі тарих болатын. Жаскезінде ел ішіндегі білгірлер мен алыс-жақын жерден келген билер, оқымыстылар мен шежірешілер әңгімелеріндегі өткен замандарға қатысты құнарлы сөз болса, жадынат оқыды. Танымы жаңаша жетіле туған халқы мен Шығыс, Батыс елдердегі рухани дүниені, қатпарлы тарих сырларын меңгеріп, кемел Абай әлем өркениетінің биігіне көтерілген.

1. АБАЙДЫҢ ТҮРКІ-МОҢҒОЛ ӨРКЕНИЕТІ ТУРАЛЫ ТАРИХИ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Қазіргі қазақ даласындағы түркі-моңғол өркениеті Түркі дәуірін толықтай (V–XIII ғ. басы) және «Моңғолдан кейінгі» кезеңнің ислам діні орныға қоймаған, дала халқы ескі дін-салтын көбірек ұстанған заманға (XIII–XIV ғасырдың алғашқы ширегі) тиесілі. Ресей империясында ғұнтанудың негізін салған түркі халықтарынан шыққан, ұлты чуваш әйгілі ғалым Н. Бичуриннің Санкт-Петербургте 1851 жылы шыққан «Көне замандарда Орта Азияны мекендеген

халықтар туралы мәліметтер жинағын» («Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена») Абайдың алдындағы жас Шоқан әлемде алғаш зерделеген ғалымның бірі еді. Абай көне және орта ғасырлардағы Қытай деректерін мол көлемде игеруге бармаса да, «қырғызды қытайлар «бурут» деп атайды, өз тауарихларында оның себебін, неліктен «бурут» дегенін еш білдім дегенді көрмедім» деп Қытай тарихнамасымен және оның негізінде зерттеулер жазған Н. Бичуриннің еңбектерімен таныстығын аңғартады.



56-сурет. Н. Бичурин. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена

Бала Абай сыйынған ұлы есімнің бірі Әбілқасым Фердауси исламға дейінгі дәуірлерді эпикалық ғажап шығармасымен дәріптеп, парсылар мен түркілердің отансүйгіштік рухын көтеріп, қаһармандықтарын кейінгі буындарға үлгі етіп қалдырған. Әлемге тарихты эпикалық аңызбен кестелеген «Шаһнама» поэмасы Шығыс елдерінің бәріне, қазақ арасына да тараған. Иран мен Тұранның исламға дейінгі қаһармандық аңызды тарихы баян етілген бұл ұлы шығарма иірімдері жас Абайды толғандырған. Мұнда ежелгі Парфия, Кушан патшалығы, Сасанидтік Иран, Бұхара мен Самарқанд Соғды,

Іл Афрасияб (ғылымдағы Қарахан мемлекеті), Қытай мемлекеті сияқты Еуразия кеңістігіндегі елдердің, байырғы түркі тарихына қатысты мол мағлұмат пен тарихи таным жатыр.




57-сурет. Әбілқасым Фердауси «Шаһнама» поэмасына суреттер

Қарахан заманында Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуда ислам діні қуаттанған заманнан соң шығыстан «дінсіз түркілер» «исламның тірегі» сұлтан Санжарды жеңіліске ұшыратқан Қатауан шайқасы (1141 ж.) белгілеп берген, «қарақытай қаптаса ақыр заман болады» деген мұсылмандарды үрей билеген Қарақытай заманы келеді. Абай түркі-моңғол өркениетінен қазаққа үзілмей жеткен өшпес тіл, қара сөз, поэзия, музыка мұрасын жоғары бағалайды. Қазақтың түркі заманынан келе жатқан тұрмыстық салты (шілдехана, қынаменде, беташар) өнермен, әнмен қатар өрілгенін, қаза салты да жоқтаумен, зармен қазаққа көнеден келе жатқанын ескертеді.

«Бұрынғы жақсылардан өрнек қалған, Биде тақпақ, мақал бар, байқап қара», — дейді. Абай ескі заманның берекелі тұрмыс-

тіршілігін, ата-бабалардан қалған турашыл, адал, кісілік мінезді адамдардың қулығы көп өз заманынан артық көрген. Бұл туралы қара сөздерінде бірнеше сюжет бар.



58-сурет. Шығыс ғалымдары

«Ескілік киімі» өлеңінде және басқа да шығармаларында қазақта ескі замандардан жеткен ондаған этнографиялық дәйек келтіреді. Түркі-моңғол, хандық замандардан қалған мұраның көбі этнографиялық, танымдық екенін айтып, замандастарына үлгі көрсетеді. Қазақтардың бірі мұны ұғып, көпшілігі ұқпаған, заман өте жойылып кететінін аңғармаған. Абай болса ел ішінде кездесетін, халық шеберлері жасаған, ғасырлар қойнауынан жеткен дәстүрлі туындыларды Семейде құрылған облыстық өлкетану музейіне тапсыру ісімен де шұғылданды. Ұлт мұрасын түсінбейтін көпке Абай жақсы ескі затқа қызыққыш, оны алғыш.

Тарихта түркі заманының бейбіт-берекесінен айрылуды жаугершіліктің күшейуімен байланыстырады. Майқы би бастаған он екі би Шыңғыс ханға барып, билігін мойындап, Шыңғыстауда «ақ киізге Шыңғысты отырғызып хан көтерген» деп, ел аңызын келтіреді. Қазақта да, башқұртта да бар бұл аңыздың тарихи негізі — Шыңғыс

хан әскері келгенде Арқадағы дала халқының көбі соғыспай мойынсұнғанын ұрпақтары есте сақтаған. Әкесі Құнанбай 1846 жылы А.Янушкевичке ел аңыздары негізінде Шыңғыс ханның батысқа ұлы жорыққа аттанған жері Шыңғыстау және тарихтағы бұл ұлы тұлғаның шыққан тегі «қалмақ», яғни, моңғол тілді жұрт ортасынан деп айтқаны белгілі. Шыңғыс ханның жауынгерлері алдында зат салыстырар сынында моңғолдардың жасап шығарған заттарынан моңғолдарға бағынышты болған ислам жұртының жасап шығарған қолөнер туындыларының жақсы екенін бәрі мойындайды. Қаған оларға, мұсылман жұртын жеңдік деп астамсымай, олардан үйреніндер деп ескерткен. Абай да шығыстан, Моңғолиядан келген жұртшылықтың білімі мен материалдық құндылықтарынан оңтүстіктен келген жұрттың білімін жоғары қояды.

Абай «Кітаб тасдиқ» шығармасын жазып жатқан 90-жылдардың басында да, оның алдында, жазылған мезгілі 70–80-жылдар болуы мүмкін, «Біраз сөз қазақтың қайдан шыққаны туралы» ғылыми ескертпесінде де әлемге көне түркі жазуы әлі ашылмаған уақыт болатын. Соған байланысты да сыншыл Абай «Манғұл жағынан», яғни, Моңғолия, шығыстан ығысып келген халық «заманның көбін ғылымсыздықпен өткізіп, тауарихларын терең білмей, түбі ескерусіз қалып, ата-бабаларын ақсақалдардың айтуымен, ауыз хабарынан білгеніне қанағат қылып жүріскен» деп, қазақ ішінде тараған рутайпа шежірелерінің халық қалыптасқанға дейінгі арғы тарихты баяндауындағы кемшілігін дәп көрсетеді. Абай қазақ халқының арғы тегі мәселесіне қатысты өз көзқарасын білдіреді. Қазақ ішінде дін иелерінің қатысуымен жазылған кей шежіре әңгімелерге сүйеніп, ел ішіндегі қазақ арабтан шықты деген түсініктің қате екенін ескертіп, оның себебі «бұрынғы ата-бабаларды ұмыттырып, діндестерді жақын көрсеткендіктен» деп ғылыми тұжырым жасайды. Сонымен бірге, Абай «қазақ» атауына келгенде этнонимді арабтың өздеріндегі көшпелі «хұзағи» деген халыққа «ұқсатып айтқан екен» деп, қазіргі ғылым растамайтын жорамалын да айтады.

Абай ұғымында қазақ халқы түркі заманында да бар. Алатау бөктерінде «біраз момындықпен тұрған кезінде» қазақтар «егін салмақ секілді, сауда қылмақ секілді шаруаларға да көршілерінен көріп айналған екен» деп, сол заманда жүзеге асқан мәдени синтезді қара халыққа ұғынықты тілмен жеткізеді.

Абай түркі заманындағы әдет-ғұрып, исламға дейінгі наным-сенімдердің қазақ ішінде ұзаққа сақталып жеткендігінің мысалдарын келтіреді. Ескілік наным-сенімнің жойылып келе жатқанын оң құбылыс деп санайды. Бірақ халықтың өздігін көрсететін мәдениеттің діннің ықпалымен өзгеріске ұшырап кеткенін де атайды. Ескі замандарда көктемгі Наурыз мерекесін халық «ұлыстың ұлы күні» деп қызықтаса, «бұл күнде бұл сөз құрбан айтына айтылады» деп, қынжылыс білдіргендей болады.



59-сурет. Орынбор. Қазақтың бай отбасысы

«.. Шәһарлардың да, жер-сулардың да, халықтың да бұрынғы аттарын бұзыпты» деген сөздер ислам діні енгеннен кейінгі заманға да, аңғара қалсақ, империялық саясаттың да жағымсыз істерін көріп отырған өз заманына да қатысты Абайдың ойлары дейміз. Сынағандай болып отырып, түркі

заманының еркіндігін еске салғанынан «Біраз сөз...» шығармасын мақала ретінде даярладыма екен деген ой да туады.

Түркі заманындағы қоғамның, «жай жатқан момын қазақтың» ұйысуының «бұзылған кезі Шыңғыстан соң болса керек» деп, шапқыншылық заманында бейбіт өмірдің келмеске кетіп, адамның жыртқыштық сезімі бой көрсеткенін айтады. Абай, сонымен, түркі заманының, исламға дейінгі және моңғолға дейінгі заманның бірқатар берекелі істерін атап өткен.


Абай реформатор, сыншыл. Ескі замандардан қандай мұра қалса да, оны толықтыруды, жаңғыртуды талап етеді. Түркі дәуірінің соңғы кезеңдерінде және Моңғолдан кейінгі кезеңнің басында дала халқы араб-парсы мәдениетіне біртіндеп кіріге бастайды да, ортақ өркениет құруға беттейді. Оның үлкен табысы — Абай жоғары бағалаған жазу, кітап мәдениеті, білім мен ғылымның орнығуы.

2. АБАЙДЫҢ АРАБ-ПАРСЫ МӘДЕНИЕТІНІҢ БАСЫ ЖӘНЕ ТҮРКІ-ПАРСЫ-ТҮРКІ ӨРКЕНИЕТІНІҢ ӨРЛЕУ КЕЗЕҢІ ТУРАЛЫ ОЙ-ПІКІРЛЕРІ

Абайдың зерделеген келесі тарих замандары — түркі халықтарының түркі заманында біртіндеп ислам дінін қабылдау арқылы араб-парсы мәдениетіне жуықтаған (VIII–XIII ғғ.) және, әсіресе, араб-парсы-түркі өркениетінің өрлеу (XIV–XVI ғғ.) кезеңдері. Бұл өркениеттің тоқырау және құлдырау кезеңі XVII–XIX ғғ. болғанда, сол өркениеттің соңғы ұлы тұлғасының бірі болған Абай түркілер мен олардың жалғасы қазақтардың тарихына үнілуге көңіл бөлген, өз көзқарастарын білдірген.

Семей медреселеріндегі дін иелерінен ислам тарихын санасына сіңірді, шығыстың әлемге әйгілі ғалымдары мен ұлы ақындары оның тарихи танымына ерекше әсер етті. Бала кезінде Шығыстың ұлы шайырларына сыйыну өлең жолдарынан сөз өнеріне де, араб-парсы әдебиетіне де, түркі халықтарының тарихына да қызығушылығы байқалды. «Мешіттің құтпа оқыған ғұламалары» ішінде тарих

ғылымына кемел, Құрбанғали Халидке ұстаз болған тарих білгірі имам Ахмед-Уәли әс-Семей-Пулати бар.



60, 61-сурет. Құрбанғали Халид. Тауарих хамса еңбегі


Медреседегі қолжазбалар мен кітаптардан орта ғасырлар тарихын, ислам діні, халифтер мен хандардың тарихын білді. Абай ислам ойшылдарының тарихты танудағы ілімдерімен танысып, адамның таным қабілетін мойындайтын, дәлелді сынға негізделген ислами танымның рационалдық және ақиқатты ақылмен де, сезіммен (жүрекпен), интуициямен де сезу мүмкіндіктерін белгілейтін бағытын ұстанды. Бұл ретте Абайдың дүниені тану көзқарасы ислам әлемінің орта ғасырлардағы ұлы ойшылдары Йақуб әл-Кинди, Әбу Насыр әл-Фараби, Әбу Әли ибн Сина, Әбу Хамид әл-Газали, Қожа Ахмет Йасауи, Шихабуддин Сухраварди, Мухиддин ибн Араби, Мәулана Желаледдин Руми, Әбдірахман ибн Халдун, Жалаладдин Дауани (Дуани) көзқарастарымен және тарихи танымдарымен сабақтас.

Адам шаруашылығы мен мәдениетінің, ой-өрісінің сатылап даму кезеңдерін көріп, оған ғылым мен оқу ісінің жетілуі шешуші қызмет атқарды деп есептеді. Ислами мәдениеттегі сынды, адамгершілік сезімді, әділетті, ақылмен жеткен білімді құптап, ойсыз мүлгуді ұнатпады. Тарихтағы мейірімді, әділетті істерді үлгі етті. Діни фанатизмді надандыққа балап, жек көрді.

Абай «Үндістан тарапынан», яғни, оңтүстіктен келген жұрт білімді, «ертерек ғылымға үйір болып, қайдан шыққандарын білгендер» деп аз сөзбен ислам мәдениетінің тарихты білудегі жетістіктерін меңзейді.

Ислам әлеміндегі ұлы тарихшылар ат-Табари, ибн әл-Әсир арабша жазған шығармаларынан деректер тауып, Семейге келіп, айлап, апталап жатып жүргенде парсы, шағатай тілдеріндегі бай рухани мұраны меңгерумен болды.

Мұхаммед ибн Жарир ат-Табаридің X ғ. басында жазылған «Та'рих ар-расул уа-л-мулук» ұлы шығармасы XIX ғасырда Голландияның Лейден қаласында 1879–1890 жылдары үш топтама, он үш том көлемінде шығып, Ресейде үзінділерімен ғана белгілі бола бастаған заманда, Абай, кейін Абай ізімен Шәкәрім де бұл шығарманың қолжазбалық үлгілерімен танысып шыққан. Шәкәрім шежіреге қатысты оқыған кітаптарының тізімін осы Табариден бастайды. Қазақ оқымыстыларының қолына 1874 жылы Парижде шыққан парсы тіліндегі басылым түсті-түспегені белгісіз.




62, 63-сурет. Ибн ал-Асир. Ал-Кмил фи-т-тарих.
Труды Ат-Табари. Перевод А.М. Ахунова


Ұлытарихшы Ибн ал-Асирдің XIII ғасырдың 30-жж. аяқтаған «Та`рих ал-Камил» шығармасы да толықкөлемде он төрттомдықбасылымболып Швеция мен Голландияда 1851–1876 жж. жарияланғанболатын. Семейге бұл жеткізілмегенмен, h.1301 /1883–1884 жж. Мысырда (Қаһира бөлігі Бұлақта) арабша шыққан әл-Асир басылымы Абайға жетуі мүмкін. Осман империясында — Ислампұл мен Мысырда — шығып тұрған кітаптар Абайдың да, Шәкәрімнің де назарында тұрған.

Шыңғыс хан заманынан бергі тарих әдебиеті патшалық Ресейде жақсы жариялануда және зерттелуде болды. Олардың көбі Семейге де жетіп, Абай зерделеуге мүмкіндік алады. Абай заманы Атамелік Жувейнидің Та`рих-и Жаһан гуша-и» тарихының (XIII ғ. 70–80-жж. басы) әлі баспадан жарық көрмеген, әлемге тарамаған, шағын үзінділері арқылы ғана зерттеушілерге белгілі бола бастаған заман-тын. Ал, заманынан озған ұлы тарихшы Рашид ад-Диннің XIV ғ. басында жазған «Жами` ат-тауарих» шығармасы XIX ғасырда парсы тілінде де, аудармада да жарияланып, таралған болатын. Шоқан да, Абай, осы «Жылнамалар жинағымен» 1861 жылы Қазанда шығыстанушы И. Березин шығарған парсы мәтінімен танысу мүмкіндігінде болды.

Абайдың оқыған, зерделеген кітаптары туралы өз қолымен жазғандарынан көшіп-қонып жүрген қазақ өмірінің тұрмыс-тіршілігіне және XX ғасыр басындағы Абай ауылына төнген қиыншылықтарға, соңы кең даладағы халықтың қоғам дүрбелеңі мен ашаршылыққа ұшырауына байланысты жұрнағы ғана сақталды. Рашид ад-Дин «Жылнамалар жинағының» парсы мәтінімен Абай 1868, 1888 жылы Ресей Археологиялық қоғамы шығыс бөлімінің еңбектері басылымы арқылы таныс болса керек.



64-сурет. Рашид ад-Дин



65-сурет. Захириддин Мұхаммед Бабыр Шарифат түсініктері

Абай тарихи танымдығы мол шығыстық ғылыми мұраның ішінен поэзияны, әсіресе, таңғажайып мемуарлық шығармасымен шағатай тіліндегі прозаны дамытып, тарихты әсерлі баян еткен Захиретдин Бабыр кітаптарын зерделейді. Бабырдың «Бабырнамасын» ғана атап, басқа мұсылман авторларын тізбектемесе де, шығыстық қатпарлы тарих жазбалары арқылы өткен замандарды

зерделегені Абай шығармаларынан көрініп тұрады. «Бабырнаманы» шағатай тілінде оқығанын сілтеме жасап, Абай өзі көрсеткен. Абай да, кейін Абай ізімен Шәкәрім де 1856 жылы Н. Ильминский Қазанда басып шығарған шағатай тіліндегі «Бабырнаманы» зерделегендері айқын. Шағатай тілінде шыққан бұл кітап қана емес, Семейдегі медреселер мен дін иелерінде жинақталған қолжазбаларды есептемегенде, түпнұсқа тілінде жарияланған шығыс халықтарының мәтіндері жеткілікті болды.

Ресей патшалығында шыққан сондай кітаптың бірі татар ғалымы Хұсайын Файызхановтың (Хәсәен Фәезханов) «зор текстологиялық және археографикалық қызметінің» арқасында В.В. Вельяминов-Зернов шығарған «Қырым хандығы тарихынан материалдар» құжаттар жинағы күні бүгінге дейін Семейдің тарихи-өлкетану музейі қорында сақталуда. XIX ғасырдан сақталып келген бұл кітаппен де Абайдың таныстығы күмән туғызбайды. Абай Қазанда арабша, парсыша, ескі татар тілдерінде шыққан көптеген діни-философиялық, тарихи-танымдық кітаптарды кең көлемде меңгерген. Абай қараған кітаптардың ішінде Ресейдің ірі шығыстанушы ғалымы, тегі әзербайжандық Қазымбек аударып, 1832 ж. шығарған Сейід-Мұхаммед Риза Қырымидің «Ассеб ус-сейяр» тарих кітабын атаймыз. Әрине, татар халқының шығармашылығы жалпытүркілік мағынаға ие ұлы тұлғасы Шиһабетдин Маржанидің 1885 ж. басылып шыққан «Мөстәфад әл-ахбар фи әхуали Казан уә Булғар» зерттеуі де, түркі халықтарының, әсіресе, османлы түрік әдебиетшілері мен тарихшыларының, оның ішінде Мұстафа Нури-паша, Ахмет Вефик-паша, Ахмет Жевдет-паша кітаптары да назарынан тыс қалмайды.

Ресей империясындағы шығыс-танушыларға кең тараған және олардың орта ғасырлар тарихын танудағы көзқарастарына қатты әсер еткен шығарма, әрине, XVII ғасырдағы Әбілғазы Баһадүр ханның «Шежіре-и түркие» кітабы. Ол патша заманында бірнеше рет жарияланды, орта ғасырлар тарихын зерттеушілерге сол заманның өзінде кітапханаларда. Далалық түркі тіліндегі, бұл күнде «сыйлыққа арналған» деп айтуымызға лайық, азғана таралыммен Қазанда 1825 жылы шығарылған тамаша басылым Мәскеуде Ресей

Мемлекеттік кітапханасының (бұрынғы «Ленинка») Кітап музейі бөлімінде су жаңа шыққан күйінде сақталып тұр.

Әбілғазы хан кітабының Абай, кейін Шәкәрім танысқан басылымы түпнұсқа тілінде және шығыстанушы П. Демезонның француз тіліне аудармасымен екі том болып 1871–1874 жылдары шыққан.

Мұсылман авторларының орта ғасырларды тану шығармалары Абайдың рухани әлемінде өмір бойы қызмет етті. Абай сол шығармалар арқылы, атап айтқанда, түркі этногенезінің тамыры тереңде екеніне көз жеткізеді, жаңа замандағы түркі халықтарының туыстығы туралы деректерге сүйенген тарихи көзқарасы қалыптасты. Кейін «өлеңі бар, өнерлі інісі» Шаһкәрімге де тарихты, шежірені зерттеуді тапсырғанда шығыс тарихшыларының еңбектерімен жете танысуға Абайдың кеңес бергені жақсы белгілі. Шығыс халықтарының тарихынан дара ел билеушілер ретінде Ескендір, Шыңғыс хан мен Әмір Темірді атайды, бірақ олардың қырғын істерін, «араны ашылып», жер жүзін жаулап алу істерін тойымсыздыққа балап, құптамайды.

3. АБАЙДЫҢ ТҮРКІ-ПАРСЫ-ТҮРКІ ӨРКЕНИЕТІНІҢ ТОҚЫРАУ ЖӘНЕ ҚҰЛДЫРАУ КЕЗЕҢІНЕ (XVII–XIX ғғ.) ҚАТЫСТЫ ОЙ-ПІКІРЛЕРІ

Араб-парсы-түркі өркениетінің тоқырауы құлдырауға ұласқанын шығыс ойшылдары бірден байқаған жоқ. Оның халықаралық қатынастағы, саяси, әскери тартыстағы нақты көріністері әрі қарай тоқталмайтын заңдылыққа ұласқаннан соң, XVIII ғасырдың соңынан бас-тап қана әуелі мемлекетті, әскерді басқару ісіне жаңалықтарды енгізе бастады. Рухани әлемінің дайындығы тағы бір ғасырға жақын уақытты алды. Абайдың кемелдену жылдарында түркі халықтарының ұзақ тербелістен кейін «ояну» кезеңі де келіп жетті. Таңғажайып тарихи құбылыс: түркі халықтары кең географиялық аймақта біз мезетте оянды. Ресей империясында 1881 жылы Исмаил Ғаспыралы «Орыс мұсылмандығы» қағидаларын жариялап, 1883 жылы

Қырымдағы Бақшасарайда бір бетін түркі, бір бетін орыс тілінде түркілердің алғашқы тәуелсіз басылымы «Тәржіман» газетін шығара бастаса, Еуразия даласының шығысында, Семей жерінде ұлы Абайдың түркі халықтарында теңдесі жоқ көркем де тұнұқ, жаңа сипаттағы реалистік, дүниетанымдық поэзиясы өмірге де сол 1881–1883 жылдары жаралды. Яғни, батыстағы Балкан түбегінен Оңтүстік және Шығыс Сібірге, Моңғолия мен Қытайға дейін созылып жатқан Еуразия кеңістігінде жаңа тұрпатты, әлемдік маңызы бар мәдени бетбұрысты бастаушылар шығыста Абай Құнанбайұлы, батыста Исмаил Гаспыралы маңдайларына бұйырды.



66-сурет. Исмаил Гаспыралы. «Тәржіман» газеті

Абай заманы қазақтың түркі-моңғол өркениетінен алыстап кеткен, араб-парсы-түркі өркениетінен әлі шықпаған, шығыс славян-түркі өркениетіне әлі кірмеген заман-тын. Абай сол себепті соңғы екі өркениетті ұштастыра білді. Өзі «мен ескінің арты едім» деп айтқандай, күдігі мен қаупі көп жаңа өркениетке заман талабын сезіне реформаторлық жолмен айқара есік ашқан еді. Абай еуропалық ойшылдар мен ғылым иелерінің шығармаларымен, Батыс елдерінің көптеген жауһар рухани қазынасымен көбінесе ХІХ ғасырдың 80-жылдардың ортасында, өз жасы қырыққа жеткенде танысты.

«Жасымда ғылым бар деп ескермедім, Пайдасын көре тұра тексермедім. Ер жеткен соң түспеді уысыма, Қолымды мезгілінен

кеш сермедім», — деп оның алдындағы жылдарға өкініш білдіргені де осыдан. Объективті себебі — Семейде қоғамдық кітапхана мен музейдің ашылғаны да 1883 жыл еді. Абай кітапханаға негізінен 70–80-жылдарда жиыстырыла бастаған басылымдар арқылы танысты. Аракідік Абай қай басылымдарды оқыған деген сұрақтар қойылып жатады, бірақ абайтанушылардың бұл мәселені зерделеуі кешігуде. Атап айтқанда, Абайдың қолына француз философы Огюст Конттың 1851–1854 жж. француз тілінде шыққан «Позитивті саясат жүйесі» төрт томдығы түспесе де, ол философиялық жүйеге орыс тілінде талдау жасалынып, 1867, 1873, 1877 жж. жарыққа шыққан кітаптар Семейге де жеткен. Абайдың философиялық, тарихи ой-пікірлерінің қалыптасуына эволюционисттердің еңбектері әсер етті. Жер бетіндегі тірліктің кең панорамалы дамуын көрсеткен Чарльз Дарвиннің ілімі, оның «қабаған иті» атанған Томас Гекслидің жазғандарымен де таныс болған. Философияда өз бағытын ұстанған ағылшын Джордж Льюистің шығармасын да қараған. Америкалық Джон Дрейпердің 1866 ж. орысшаға аударылып шыққан «Еуропа ойы дамуының тарихы» қостомдығының 1873–1874 жж. және 1880, 1885 жж. қайта жариялануы бұл кітаптармен Абайдың жете танысуына жағдай туғызды. Ағылшын Генри Бокльдің «Англиядағы өркениет тарихы» қостомдығы да орысша бірнеше мәрте — 1862–1864, 1866, 1874–1875 жж. жарияланып, Семейдегі қоғамдық кітапхананың рухани игілігіне айналған. Ағылшын Герберт Спенсердің «Әлеуметтік статика: адамзат бақытын қамтамасыз ететін әлеуметтік заңдарды баяндау» шығармасы 1872 ж. жарияланды. Семей кітапханасында француз Ипполит Тэннің 1866, 1872 және 1876 жж. орысшаға аударылып жарыққа шыққан бірнеше кітаптары болған. Солар арқылы Абай бұл философ пен эстеттің өнер туралы ілімімен және ағылшын әдебиетінің тарихымен таныса алған. Бұл шығармалардың нақты қай жылғы басылымдарын Абай оқығанын зерделей түсуге ізденістер әлі жасалына бермек. Абай «он тоғызыншы ғасырдың ағылшын тілді ең ықпалды философы» атанған Джон Милльдің зерттеулеріне үнілді. Тарихи танымын тереңдете түскен Абай жеке зерттеулермен қатар Ресей империясында шығып


тұрған мерзімді баспасөз, журналдардағы тарих деректеріне ден қояды. Семей кітапханасының тұрақты оқырманы болған Абай «Вестник Европы» журналында 1873–1874 жж. жарияланған О. Россельдің «Джон Стюарт Милль и его школа» мақалалар топтамасын да зерделеді деуге деректік негіз бар. Бұл жерде біз «Абай кітапханасы қандай кітаптардан тұрды» деген сұраққа жауап бере отырып, Абай шығармаларын зерделеді деген бірнеше ғалымдарды атаған 1885 ж. деректерді тағы да ескере, Семей кітапханасындағы нақты басылымдарды көрсеткен жайымыз бар. Батыс өркениетінің жетістіктеріне үңілген Абай қоғамдық ой мен тарихи көзқарастарын қалыптастыруда әсіресе позитивизмдегі Огюст Конт, саяси экономияда Джон Милль белгілі бір ықпал етті. Милльдің қоғамдағы әлеуметтік үйлесімге жету, мемлекеттің соған байланысты табысы аз, әлсіз әлеуметтік топтарды мейлінше қолдау миссиясы болуы тиіс деген идеясын Абай әлеуметтік теңсіздікті ымырасыз күрес арқылы шешуді ұсынған теориядан артық көрді. Марксизм үстемдік етіп тұрған кеңестік заманда Абайдың тап күресі идеологиясын құптамаған бұл көзқарасы дәріптелмегені түсінікті жағдай. Абай революцияшыл идеологтардың шығармаларына санасын жеткізе алмады деген жорамалдарымен шектеліп бақты. Ал, Абай оның бәрін білген, бірақ таптық идеология қоғамды күйзелтіп, рухани сабақтастықты үзіп, әлемді жаңғыртуға тиімсіз жол деп есептеген, келер қауіпті де сезген. Бұл орайда Абайдың жылдар бойы қасында жүрген Көкбай ақынның: Абайдан құлағыма бұрын тиген Дүние болады деп бір тайталас, — деп, кезінде көпшілік мән бермеген Абай сөзін еске алғанын атаймыз. Аталған зерттеулердің көбі дүниетаным мен тарихқа арналған, сол арқылы Абай жана замандағы тарихтың сан алуан құбылыстарын байқап, туған халқының даму жолына түсуін аңсайды, оған жетер жолды көріп, ол үшін ел ішінде ғылым мен білімге деген сұраныс болуы қажет деп есептейді. Абай трагедиясының үлкені де осында — отарлық езгіге түсіп кеткен, «өз басына би болған өңкей қиқым сиқын алған», берекесін кетірген халық әлемдік өркениет биігіне көтерілуге ол заманда дайын емес. «Өздеріңді түзелер дей алмаймын, Өз қолыңнан

кеткен соң енді өз ырқын», — деп кейіс білдіруі сондықтан. Абай ертедегі қазақ жырауларының шығармаларындағы тарих та толық жетпегеніне, қазақ ақындарының дәстүрлі поэзия өрнектерін ғана ұстанып, әлемдік өркениеттегі құбылыстар оларды толғандыра алмауына, өзінің алдындағы Дулат ақын мен Шортанбай ақынның патша отаршылығын сынаған кітаптарын шығарушылар сөздеріне өз сөздерін қосып, баспадан «бірі жамау, бірі құрау» болып шыққанына кейіс білдірген. Абайдың әлемдегі озық ойлы туындыгерлер зерттеулерімен танысуына Қазақстанда алғаш ашылған Семей қоғамдық кітапханасының тұрақты оқырманы болуы, оның кітап қорының бай болуы әсер етті. Еуропа тілдерінен аударылып, Абай оқып, зерделеген шығармалардың барлығы дерлік империя астанасында — Санкт-Петербургте шыққан. Абай араласып, пікірлес болған, Ресейдегі саяси қозғалыстар мен ұйымдарға қатысып, сол себепті Сібір мен Қазақстанға қудаланған, әртектілік әлеуметтік ортадан шыққан орыс, еврей, поляк, неміс интеллигенция өкілдерінің құлшынысымен жинақталған сан-алуан ғылыми әдебиет Семей статистикалық комитетінен, кітапханасынан және музейінен алып оқылды. Тарихи танымды қалыптастырған әдебиеттің бір тобы Ресейдегі императорлық қоғамдар, әсіресе Ресей географиялық қоғамы шығарған кітаптардан, этнографиялық және Сібір басылымдарынан келіп жатты. Сол басылымдар арқылы Сібірдегі түркі халықтарының да тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы, қазаққа туыстығы Абайға жақсы таныс болды. Бұл ретте Абай Василий Радловтың, Григорий Потаниннің, Николай Ядринцевтің, ж.б. зерттеулермен таныстығы байқалады. Енисей губерниясы Минусинск үйезіндегі «ясашный татарды», немесе Бийск пен Кузнецктегі түркілер мен қалмақтардан мысал келтіруі бұл жөнінде жақсы дәлел. Абай ой-өрісінің әлемдік деңгейге шығуына жәрдемдескен оның достары ішінде ерекше әсер еткен деп абайтанушылар, әрине, жаратылыстанушы ғалым Евгений Михаэлисті атайды. Михаэлистің тегі — заманында Балтияға қоныс тепкен орыстанған неміс отбасынан. 1869 жылдан бастап облыстық басқармада іс жүргізуші көмекшісі қызметіне алынған, одан кейін жеке тапсырмаларды

орындайтын кіші шенді қызметті атқарған Е. Михаэлис Семейде өлкенің мәдени дамуында терең із қалдырды. Абаймен достығы оның 1871 жылы Күшік-Тобықты, 1872 жылы Қоңыр-Көкше Тобықты болыстарында болған жылдары басталса керек. Абай орыс тілін жетік меңгергенше империя тарихы мен оның ішкі жағдайы туралы көп мағлұмат Семейге келген Абайға Михаэлистен жетіп отырды. Е. Михаэлис 1882 ж Өскеменге қоныс аударғаннан кейін ол өзінің бойындағы дарынды, ғылыми мүмкіндіктерін бірнеше сала бойынша өлкені зерттеуге жұмсады. Абай мен Михаэлистің достығы Өскеменде де жалғасқан. Империяның ішкі және сыртқы саясатына Абайдың сын көзбен қарауына, отаршылықты халықты еркінен айыру деп түсінуіне оқымысты достары да өздерінің өмір тәжірибелерінен ой қосып отырды. Бұл ретте 80-жылдары жастары кіші поляк С. Гросс, орыс А. Леонтьев қазақтың дәстүрлі құқығы туралы деректер жинауда Абайдан мол мағлұмат алып отырған. Бұлардан да жастау балтиялық еврей А. Блек 1883–1884 және 1887–1888 жж. Абай қасынан табылып, пікірлесіп отырды. Абайдың ұстаздығы, сонымен, өз еліндегі шәкірттермен шектелмейді. Ол еуропалық достарын қазақ тарихы мен тұрмысы туралы деректермен байытты.



67-сурет. Археолог, этнограф Өлікей Марғұлан XX ғасырдың 70-шы жылдары Ленинград архивтерінің бірінде Омбыдағы кітап және фотошеберлік дүкенінің қожайыны фотограф Исаак Кеслердің түсірген 1868 ж., 23 жастағы Абайдың «Сын Кунанбая Абай» жазумен табылған суреті



68-сурет. РФ Татарстандағы Қазан қаласындағы Қазан мемлекеттік университетінде Н.И. Лобачевский атындағы кітапханада табылған Ереженің фотосуреті

Абайдың дүниетанымға, тарихқа, мәдениетке, өнерге құлшынысын оның сырлас достарығана байқап қалған жоқ. Семей облысын басқарған кейбір лауазымды адамдар да ізденістеріне оң қабақ танытқан деп айтааламыз. Семей облысының 60–80-жылдардағы әскери губернаторларынан Семейдегі қызметі аз уақытты қамтыған инфантериядан генерал Г.А. Колпаковский (1865–1867 жж.) сол кезде және одан кейін жаратылыстану, антропология, этнография қоғамдарының, генерал-лейтенант И.Ф. Бабков (1867–1868) география қоғамының мүшесі болған, олардан кейін қалада он жыл тұрақтаған генерал-лейтенант В.А. Полторацкий (1868–1878) өлкедегі бірнеше географиялық экспедицияларға қатысты. Семейдегі, сол кездегі Қазақстандағы ең бай кітапхана қорының қалыптасуына олар өз үлестерін қосты. Абайдың ғылыми ізденіс жүргізген жылдары әскери губернаторлар болған генералдар А.П. Троценко (1878–1883), В.С. Циклинский (1883–1887), А.Ф. Карпов (1891–1901) те Семейді кітапшен байытуда ықпалды деп есептеуге негіз бар.

Туған халқының отарлық езгіден шығу жолдарын қарастырғанда Абай алғышарттар ретінде оқу-білім, ғылым арқылы рухани жетілу қажеттігін мейлінше сезінді және осыны өз шығармашылығында

дәріштеді. Өзі кітап мәдениетіне жасынан бой ұрған Көкбай ақынның Абайдың реформаторлығы туралы айтқаны бар ғой: «Абай марқұм ескіге ермеуші еді, Ескіні онша жақсы көрмеуші еді. Мысырдан төте жолмен оқу шықты, Сол қашан келеді деп шөлдеуші еді». Түсінігімізде, бұл Қырымда Ғаспыралы бастаған жаңа, дыбыстық оқу жүйесін де құп көріп, онымен бірге Истамбұл мен Мысырдан келетін танымдық әдебиетті де аңсауы.

Шығыс елдеріндегі оң құбылыс, жаңару жолдарын іздестірген тұлғалар болса, олардың игі істерін үлгі қылып көрсетуге тырысты. Міне, осы тұрғыда, Абай өз замандасы, Иранның шаһы Нәсіреддиннің реформаторлық қайраткерлігін тарихпен, тегімен байланыстыра сөйлейді. XVIII ғасырда атағы шыққан Нәдір шаһ афшар, Нәсіреддин шаһ қажар тайпасынан шыққан, аталары қазақтың аталары сияқты «Маңғұлдан» [Моңғолиядан] келген. Ғылымда арғы тегі белгісіз, аталары Хулагудың XIII ғасыр ортасындағы Иранды жаулап алған жорығы кезінде келген деген жорамал бар. Абай да сол себепті: «Біздің қазақтың Маңғұлдан шықпақтығы бізге ұят емес, бірақ біздің білімсіз, ғылымсыз қалмақтығымыз ұят», «Кім жетсе — табады, өнерімен жетеді. Оларға атаң қалмақ деп кім бөгет болады?»- деп тарих дерегіне сүйенген ойын түйеді.

Шартарап әлемнің шолған, адамзат құндылықтарын бойына сіңірген Абай тарихты зерделегенде әр топырақта жаралған тарих түсініктері оның тарихи көзқарастарын қалыптастырды.



69-сурет. Абайдың Китәбу тасдиқ растау кітабы. А. Қалшабек



70-сурет. Шәкәрім Құдайбердіұлы.
Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі

Абай Шығыс әлемінен де, Батысәлемінен де сергекақылғасүйенген, рационалды, позитивті, адамзатты дамуына игі ықпал етер танымды іздеді. Ежелгі және ортағасырлық Қытайдың әулеттік тарихнамаларынан бірін-бірі ауыстырған замандар дөңгелекті өзгерісті — жаралу, өрлеу, жетілу, тоқырау, құлдырау, қайта жандану — қайта айналып келеді деген тарихшыларының түсініктерін көрді. Араб, парсы, түркі тарихнамаларынан елді басқарғанда дара, дана тұлғаның алға сүйреп, халықтарға игілік сыйлайтынын, жауыз билеуші елдің берекесін кетіріп, тоздырып, бөлшектеп, аздыратынын көрді. Еуропа тарихшыларының еңбектерінен қоғамның технологиялық дамуы, әскер күшінің реттілігі, көпшіліктің мәдени жетілуі, ағартушылық пен ғылымның жетістіктері империяларға қызмет етіп, дамыған елдерді алдыға шығарып, бағынышты қылғандарды қараңғылықта ұстап дамытпай, тарихы жоқ елдер қатарына қосқан түсініктердің таралғанын көрді. Қазақтың дәстүрлі тарихи түсінігінде адамның өз қауымымен бейбіт өмір мен шапқыншылықтан өзге өзгермейтін, тұрақты тарих сахнасында өзгермей жүретін, тек «алдыңғы толқын ағалар, кейінгі толқын інілер, кезекпенен өлінер, баяғыдай көрінер» өз халқы тұрды.



71-сурет. Мәшқұр Жүсіп Көпейұлы. Қазақ шежіресі



72-сурет. Қазақ мемлекеттілігі Жошыханнан басталады

Тарихтың тәжірибесі арқылы Абай халқының алдыда тұрған неше түрлі зұлматтан сескенді, халықты аман алып шығудың экономикалық, саяси, мәдени жетілу жолына үндеді. Абайдың тарихи көзқарастары ұлы ақын және ойшылдың поэзиясын да, қара сөздерін мейлінше ұғуға да жол ашады. Абай тарих деректері мен ғылыми әдебиетті, әсіресе, әкесі Құнанбай ел билігін балаларына қалдырған 1871–1873 жж. бастап терең зерделей бастаған. 70-жылдардағы ғылымға құштар ізденістерін 1883 ж. Семейде қоғамдық кітапхана ашылғанда тереңдете түседі. 70–80-жылдары Абай көп жылдар бойы сусындаған Шығыс ғылымын Батыс ғылымымен ұштастырады.

1881–1883 жылдардың өзінде жаңашыл шығармашылығымен, реформа-торлық көзқарасымен түркі әлемі мәдениетінің заманға сай жаңғыруының көшбасшы тұлғасының біріне айналды.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1. Абайдың түркі-моңғол өркениеті туралы көзқарасы қандай?
2. Көне замандарда Орта Азияны мекендеген халықтар туралы мәліметтер жинағы қай жылы шықты?
3. Абайдың араб-парсы мәдениетінің басы және түркі-парсы-түркі өркениетінің өрлеу кезеңі туралы ой-пікірлері қандай?
4. Ұлы тарихшы Ибн ал-Асирдің XIII ғасырдың 30-жж. аяқтаған «Та'рих ал-Камил» шығармасы да толық көлемде он төрт томдық басылым болып қай қалаларда жарияланған болатын?
5. Абайдың түркі-парсы-түркі өркениетінің тоқырау және құлдырау кезеңіне (XVII–XIX ғғ.) қатысты ой-пікірлері қандай?

Әдебиеттер тізімі:

1. Бичурин Н.Я. Иакинф Описание Чжунгарии и Восточного Туркестана в древнем и нынешнем состоянии. — Санкт-Петербург, 1829; Сонікі. История первых четырёх ханов из дома Чингисова. — Санкт-Петербург, 1829; Сонікі. Историческое обозрение ойратов или калмыков с XV столетия до настоящего времени. — Санкт-Петербург, 1834; Сонікі. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. — Санкт-Петербург, 1851.
2. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. II-т. — Алматы : Ғылым, 1977.
3. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. I-т. — Алматы : Ғылым, 1977.
4. Рашид ад-Дин. Сборник летописей. Персидский текст // Труды Восточного отдела Русского Археологического общества. — Санкт-Петербург, 1861. — Ч. VII.
5. Baber-nameh: / Diagatai ce ad fidem codice petropolitani / edidid N. Piminski. — Casani, 1856.

6. Хөсәен Фәезханов. Тарихи-документальжиентык. — Казан, 2006. — 23-б.

7. Материалы для истории Крымского ханства, извлечённые по распоряжению императорской Академии наук из Московского главного архива Министерства иностранных дел / издал: В.В. Вельяминов-Зернов. — Санкт-Петербург, 1864.

8. Ассерб ас-сейяр, или Семь планет, содержащий историю крымских ханов, сочинённая на турецком языке Сейид Ризою / изд.: А. Казем-Бек. — Казань, 1832.

9. Шиһабетдин Маржани. Мөстәфад әл-ахбар фи әхуали Казан уә Булғар. — Қазан, 1885.

10. Абай мен Шәкәрім оқыған османлы тарихшылары туралы қараңыз: Исин А. Шәкәрім оқыған османлы түрік шығармалары // Абай. — 2012. — № 4–6. — 50–54–66.

11. Abul Ghasi, Bahadur Chani. Historia Mon-golorum et Tatarorum nunc primum ta-tarice edita. — Nicolai de Romanzoff. Casani, MDCCCXXV [1825].

12. Histoire de Mogolset des Tatars par Aboul-Ghazi Behadour Khan. Publiee, traduiteetannotee par Le Baron Desmaisons. T. I. Texte. T. II. Traduction. — St.-Pbg., 1871–1874.

13. *Полетика И.* Критика философской системы Конта. — Санкт-Петербург, 1873; *Лесевич В.* Опыт критического исследования основоначал позитивистской философии. — Санкт-Петербург, 1877.

14. *Дарвин Ч.* Происхождение видов в царстве животном и растительном... — Санкт-Петербург, 1864; 1865; 1868; 1873.

15. *Гэксли Т.* О причинах явлений в органической природе. — Санкт-Петербург, 1866.

16. *Льюис Дж.* Вопросы о жизни и духе. Т. 1–2. — Санкт-Петербург, 1875–1876.

17. *Дрэнпер [Дрейнер] Дж.* История умственного развития Европы. — Санкт-Петербург, 1866; 1873; 1874; 1880; 1885.

18. *Бокль Г.* История цивилизации в Англии. — Санкт-Петербург, 1862–1864; 1866; 1874–1875.

19. *Спенсер Г.* Социальная статика: Изложение социальных законов, обуславливающих счастье человечества. — Санкт-Петербург, 1872.

20. *Тэн И.* Философия искусства. — Санкт-Петербург, 1866; Сонікі. Очерки современной Англии. — Санкт-Петербург, 1872; Сонікі. История английской литературы. — Санкт-Петербург, 1876.

21. *Россель О.* Джон Стюарт Милль и его школа // Вестник Европы. — 1873. — Кн. V–X; 1874. — Кн. XII.

22. *Кеннан, Джордж.* Сибирь и ссылка / пер. с англ. — Санкт-Петербург, 1906. — С. 131–148.

23. *Бабатайұлы Д.* Өсиетнама. — Қазан, 1880; *Қанайұлы Ш.* Қисса-и Шортанбай. Шортанбайдың бала зары. — Қазан, 1890.

24. *Радлов В.* Этнографический обзор тюркских племён Южной Сибири и Джунгарии. — Томск, 1867; *Потанин Г.Н.* Очерки Северо-Западной Монголии. Вып. I–IV. — Санкт-Петербург, 1881–1883; *Ядринцев Н.М.* Сибирь как колония. — Санкт-Петербург, 1882; *Вербицкий В.И.* Алтайские инородцы. — Москва, 1893.

ТАҚЫРЫП № 13.
АБАЙ ЖӘНЕ ШЫҒЫС.
АБАЙДЫҢ ШЫҒЫС ҮЛГІСІНДЕ ЖАЗЫЛҒАН ЕҢБЕКТЕРІ

1. Абай нәр алған Шығыс шайырлары. Абайдың «нәзира» үлгісін пайдалану шеберлігі.
2. Шығыс үлгісінде жазған шығармалары. Абайдың поэмалары.

*Шын хакім, сөзің асыл — баға жетпес,
Бір сөзің мың жыл жүрсе дәмі кетпес.
(М. Жұмабаев)*

1. АБАЙ НӘР АЛҒАН ШЫҒЫС ШАЙЫРЛАРЫ.
АБАЙДЫҢ «НӘЗИРА» ҮЛГІСІН ПАЙДАЛАНУ ШЕБЕРЛІГІ

Абайдың ұлылығының негізін қалаған үш жақты рухани күш болды, олар; туған халқының ауыз әдебиеті үлгілері, Шығыстың ойшыл-жұлдыздары, Батыстың классик-ақындары. Абайдың балаң кезден көзін ашқан халықтық мұра ерекше әсері болғанында талас жоқ. Әйтсе де, халқымыздың түп тамыры түркі жұртының шығыспен терең байланысында жатқандығы бесенеден белгілі. Шығыс шайырларының мұралары, ойшылдарының пікірлері Абайдың самғаушы негізгі қанаты болды. «Абайда Батыстан кірген белгіден гөрі Шығыс белгісі басымырақ» (М. Әуезов) екендігі белгілі.

Шығыстағы назымдық туындысында (поэзиясында) бұқараға арасына сіңіп кеткен жырларды бірнеше ақын оқиға желісімен өзара жарысып, шеберлік сынасып жырлай беретін болған. Оны «назира» дәстүрі дейді. Бұл аға буын жырлап өткен тақырыпты кейінгі толқын інілері қайта жырлап, көркем әдебиетке тың туындылар әкелетін дәстүр болған. Шығыста осылайша ақындар бір-біріне өз шеберлігін танытатындай туындылар жазу арқылы жауап беру арабша «нәзират»

деп аталады. Мұндай шығарма аударма да еліктеу де емес ұқсастыра жырлау.

Осы тақырыпты қозғағанда алғаш қазақ әдебиетінде ұлы Абай есімі аталары сөзсіз. Бұл жөнінде алғаш сөз қозғаған абайтанушы М.Әуезов Абайға Шығыс классиктерінен енген белгінің бір саласы ретінде нәзирегөйлік дәстүрді сөз еткенде, ақынның үш поэмасын тілге алады. «Абай өз поэмалары мен аудармаларында нәзирегөйлік дәстүрді қолданып өзі ұстанған мораль философиясы негізінде творчестволық шеберлікпен жырлаған ақындық тәсілді М. Әуезов ерте сезініп, бұл туралы Абайтану саласында алғаш рет пікір білдірді» (М. Мырзахметұлы).

Абай шығыстық дәстүрде жазылған қай шығармасында болсын, оқиганы шындыққа негіздеп жырлауға бейім Абай әсіресе, шығарманың тәлім-тәрбиелік жағына ерекше көңіл бөлген, үлгі-өнеге аларлық маңызын күшейткен. Абай Шығыс шайырларының жырларын жоғары бағалап, ұлы сөз зергерлерін өзіне ұстаз тұтты және оларға сыйынды.

Физули, Шәмси, Сайхали,
Науаи, Сағди, Фердауси,
Қожа Хафез-бу хаммаси
Мәдәт бер шағири фарияд.

Шығыс ақындары жаңа ғана өнер жолына түскен жас Абайға даналық пікірлерімен, терең ойларымен, нәзік сырларымен қатты әсер еткен еді. Шәкірт Абай кезінде Рудаки, Омар Хаям, Хафиз, Сағди ғазалдарын ынтыға оқыды. Бұлар бала Абайдың ойын оятып оны адалдық пен парасаттылыққа, адамгершілік пен жақсылыққа, сұлулық пен нәзіктікке талпынуға баулыды.



74-сурет. Абай нәр алған Шығыс шайырлары

Абай ақын ретінде әбден қалыптасып, биік деңгейге көтерілген шағында да шығыс поэзиясынан қол үзген жоқ. Мысалы: «Көзімнің қарасы», «Қор болды жаным» сияқты өлеңдерінен шығыс поэзиясына тән жанға жағымды, көңілге қонымды майда леп есіп тұрғанын аңғару қиын емес.

Шығыс әдебиетінің үлгілерін Абай ой елегінен өткізіп барып, оны шеберлікпен игереді. Абайдың махаббат лирикасындағы шығыстық сарындарды сөз етсек кезінде Абай оқыған мектеп-медреселерде сопылық сарынындағы Қожа Ахмет Иасауи, Сүлеймен Бақырғани, Сопы Аллаяр сияқты ақындарды оқыту басымырақ болғаны белгілі. Негізінде Абай суфизм бағытындағы ақындардан гөрі Низами, Науаи, Физули, Сағди, Хафиз секілді ұлы шайырлардың жырларына көбірек үніліп, солардан үйреніп және оны қазақтың ұғымына сай етіп жырлап отырды. Оны Шығыста назирашылдық деп атайды.

Шығыс әдебиетінде дәстүрге айналған «нәзире» үлгісі қазақ әдебиетіне ықпалы тимей қалған жоқ. Абайдың «Әлефби», «Юзи — рәушан...», «Көзімнің қарасы», «Қор болды жаным» сияқты

өлеңдерінен аңғаруға болады. Абайдан алдын Қазақ әдебиетінің бастаулары Шығыс әдебиетімен тығыз байланыста екендігі осы нәзире дәстүрінен көруге болады.

Ақынның алғаш шығыс ақындарына еліктеп, үлгі тұтып, жазған өлеңдерінің бірі: «Юузи — рәушан, көзі — гауһарға» назар салсақ, Хожа Хафиздің «рувоғи» (төрттік) үлгісімен:

Иузи рәушан, көзі — гауһар,

Лағилдек бет үші әхмәр.

Тамағи қардан һәм биһтар,

Қашың құдірет, қолы шигә, - деп жалғасатын Абай бұл өлеңінде Шығыс ақындарынша араб, парсы, шағатай тілдерін өз икеміне қарай пайдалана білген. Мұнда біз шеттен кірген сөздерге назар аударсақ: «рәушан» — (жарық), «гәуһар» — (асыл тас), «аһмар» — (қызыл) араб сөздеріне болса, «биһтар» парсының «beh» — (жақсы) сөзі мен «тар» — сын есімнің салыстырмалы шырай тудыратын жұрнағы тіркесіп келіп отыр. Сонда «биһтар» (жақсырақ) деген ұғым береді. Абайдың өлеңінен шығыс үлгілеріне деген ынтасын жасыра алмай, еліктеу, қызықтау үстіндегі жас ақын бейнесін көреміз. Яғни, шығыс поэзиясының алыптарынан медет тілеп сыйынған балаң шабыт елес береді. Медреседе оқып жүріп, Шығыс шайырларының үлгісінде араб-парсы, шағатай тілдерін араластыра өлең жазуы шәкірт ақынның шығыс ақындық дәстүрін жақсы меңгеріп, шеберлік сырларын игеруге деген құлшынысын танытады.

Біз оқып отырған өлеңдеріндегі араб-парсы сөздері таза айтылса, қазақ қауымына түсініксіз болмақ. Сондықтан араб, парсы тіліндегі сөздері қазақи ұғымға келтіріліп, оқушының қабылдауына ойластырылып отырады. Біз жоғарыда талдап өлеңінің жалғасында: «Қашың құдірет қоли шигә», дегендегі «Шигә» парсының «Шики» — әдемі деген сөзінен шығады. Абай оны шағатай тіліне бейімдеп икемдейді.

Бұл өлең жолдарында қазақтың сөздік қорынан алынған сөздер жоқтың қасы деуге болады. Ақын, араб, парсы, шағатай, түркі сөздерін шебер пайдалану арқылы-ақ айтар ойын оқушысына жеңіл жеткізеді.

Ақынның «Әлиф би» өлеңі сол кездегі Шығыс ақындарының өлең әуезіне сай екендігі айқын байқалады. Әлишер Науаи:

Шаһзада айтты ол: ғылым сүй деп,

Ғылымның негізі сол «Әлиф би» деп, -десе Абай сол «Әлиф бидегі» 28 араб әрпін рет-ретімен тізе келіп:

Әлифдек ай йузіңе Ғибрат еттім,

Би, бөләй дертіңе нисбат еттім.

Ти, шілімнен шығарып түрлі әбиат

Си, сәнаи мәдхиңе хұрмәт еттім, - деп махаббаттың нәзік сырларын, белгісіз сұлудың түр-тұлғасын мың бұралған араб әріптерінің иірімдеріне теңей суреттейді. Мысалы: «мәт-қасың, тәшмит — кірпік, сөкін — көзің», деп, сөз өрнегін шығыс классиктерінше құрайды. Ақынның айтып отырған бірінші белгісі «Мад» «А» әрпінің үстіне қойылатын, «А» дыбысын жуан дауысты етіп бейнелейтін белгі. Араб жазуында мынадай екінші белгісі — «тәштид» деп аталып, бұл — «бірдей дауыссыздардың қатар келгендігін аңғартады. Жазуда біреуі жазылып, үстіне мынадай: белгі қойылады да, екіншісі жазылмай қалып қояды; үшіншісі — «суқун», бұл — екі дауыссыз дыбыс (әр түрлі) қатар келгенде, алғашқы дауыссыз дыбыстың жоғарғы жағына қойылатын белгі. Бұл белгі ұшырасқан кезде кішкене кідіріс жасалып, (ызың әуені) арқылы оқылады.

Шығыс ақындарының ішінде, Абай сияқты араб әріптерін ретімен түгел тізілдіріп, ғашықтық хатты асқан шеберлікпен өлеңге кестелеген ақындар некен-саяқ болса керек. Классик дәрежесіне көтерілген Абай, ақындық өнері толысқан шақта да шығыстық өрнектерден қол үзбеген. Шығыс классиктеріне әр кезеңде әр түрлі

жолмен үнемі айналып соғып отырған. Бұл оның ақын ретінде кемелденген кезі 1886–1896 жылдар аралығында жазған өлеңдерінде де белгі беріп отырады. Науаи, Физули лирикасының ықпалымен жазылған «Көзімнің қарасы» өлеңінде:

Сенсің — жан ләззаты,
Сенсің — тән шәрбәті?
Сұлудың сүймектік —

Пайғамбар сүндеті, — дейді. Бұл өлеңінде ақын шын табиғи сұлулықты Алланың жіберген рахметі, тәңір сыйы, «жан ләззаты», «тән шәрбәті» деп, шығыс ақындарынша шабыттана жырлаған.

Абайдың шығармаларында араб, парсы, түрік, шағатай тілдерінен ауысқан сөздер ой-түйіндері аз емесін айттық. Бірақ бұл қазақшаға айтуға ақынның тілі жетпеген емес, өз заманының, ортаның дәстүрлі әсерінен туындап жатқан құбылыс деп білген жөн.

Абайдың шығыстық рухани қазына көздері мен байланысын айқындай түсетін 1886 жылдан 1902 жылға дейін шығармаларында түрлі шығыстық тақырыптар мен философиялық танымдар тұрақты түрде көрініс беріп отырады.

1886 жылғы «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінің соңғы шумағында:

Сөзіне қарай кісіні ал,
Кісіге қарап сөз алма.
Мұны жазған білген құл,...
Ғұламаһи Дауани...
Сөзін оқы және ойла,

Тез үйреніп, тез жойма,... — деп, XV ғасырда өмір сүрген Шығыс ғұламасы Ғұламаһи Дауани туралы айтып өтетіні бар.

1898 жылы жазылған кейбір өлеңдерінде Шығыс пен Батысқа қатар үніліп, адамгершілік философиясы, сопылық ағым бағытында күрделі ойлар қозғайды. 1891 жылы жазылған «Әсемпаз болма әр

неге» өлеңінде көрінген жәуәнмәртлік сынды аса күрделі мораль философиясы турасындағы танымында суфизммен аттасып, сабақтасып жатқан қабаттары байқалады. Ал Абайдың философиялық сарындағы өлеңдерінде мұсылмандық танымдар араласып өріліп отыратын ерекшелік бар.

Абай мұрасының Шығысқа қатысының соңғы қарқыны болып, 1902 жылы жазылған «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деген атақты өлеңінде және 38-қара сөзінде Абайдың исламиятқа қарым-қатынас негізіне, оның гуманистік ойының өзегі ұштасып жатуымен ерекшеленеді. Осы сарын, осы өзгешелік Абайдың, әсіресе қара сөздерінде тайға таңба басқандай айқын байқалады.

Бұл жүйелі түрде тексеріп отырған Абай ой-танымының желісі, шола қарағанның өзінде, Шығысқа қатысты көптеген деректер төркінін танытумен бірге, ақын ойының даму өрісін, күрделеніп тұтасу тұрғысын анық аңғартады. Туған халқының, ұлтының талғам парасатына орай поэмаларын да қысқа оқиға желісіне, адамгершілік негізге құрып отырады. Жалпы Абай шығармашылығында осы ерекшеліктің, Шығыстың біртуар шайырларының туындыларымен сабақтасып, ұштасып жатқан байланыстардың қай дәрежеде болғанын айғақтай түсетін белгілер көрер көзге айқын тұр.

Сондай айғақты белгілердің бірі болып табылатын Абайдың өз шығармасындағы аты-жөні анық аталатын Шығыс жұлдыздары туралы сөз қозғау — Абайдың дүниетанымы мен шығармашылығының бізге әлі де болса, белгісіз болып келеді.

2. ШЫҒЫС ҮЛГІСІНДЕ ЖАЗҒАН ШЫҒАРМАЛАРЫ.

АБАЙДЫҢ ПОЭМАЛАРЫ

Қазақ халқының ұлы ақыны, лирик, аудармашы Абай шығармашылығының ішкі рухы мен көрініс көркі, сипаты мен сыны бұрын мұндай дәрежеде көрінбеген жарасымды жаңалықты танытады. Бүкіл өмірінің, әсіресе өмір шындығы терең бейнеленуі-

әдебиеттегі ұлттық көркемдік ойлау ерекшелігінің, өмір құбылыстарын мүсіндеу шеберлігінің жарқырап көрінуі.

Абайдан қалған үш поэма бар. Олар: «Масғұт», «Ескендір», «Әзімнің әңгімесі». Соңғысы аяқталмаған.

Бұлардың барлығы да ақынның бұрынғы шығармаларындай қазақ өмірі шындығын суреттеуге құрылмаған, Шығыс халықтарының аңыз, ертегілері сюжетіне дастан үлгісінде жазылған. Уақиғалары шағын, көлемдері аз келеді. Аңыздарды ақын, көбінесе қажет ұстаздық, тәрбиелік ой-мақсаттарға бейімдеп, көпке үлгі етуді ойлаған.

Басты кейіпкер аты-Масғұт. Оның тіршілік еткен шахары-Бағдат. Заманы-Һарон-Рашид халифтың тұсы. Кейін Масғұтқа кездесетін қария мұсылмандардың дін аңыздарында жүретін Қызыр, қазақша Қыдыр аталады. Жалғыз-ақ Абай аңызды өзінің адамгершілік үгітіне мысал етіп, өзіндік ойларын тарату үшін жөнінде үлкен кәдеге жаратады.

Поэмада Абай арабтың тарихын, тірлік шындығын көрсетпек емес. Ақынды қызықтыратыны-Масғұттың ғана жайы. Масғұтты бірнеше ерекше халдерге ұшыратып үлкен сапалы адамгершіліктің қасиеттерін бітірмек. Бұл жағынан қарағанда, Масғұт қай заманның адамына болса да, Абайдың ұғымынша, үлгі боларлық адам деп түсіндіреді. Ақылы мен парасаты мол адамның адамгершілігін көпке үлгі етеді.

Абай кейіпкерінің және бір ерекшелігі-ол өзгеше көрнекті күші ортадан шыққан адам емес. Орташа көптің бірі. Әдейі дәулет, әмір, құдірет ақыл-өнермен асырып шығарған адам емес. Өзі үгіттеп жүрген жақсы жастардың өз заманындағы мінез-құлқына, арманды адамгершілігіне Масғұтты үлгі етеді.

Қызыл шар ұсынатын үш жеміс сол аңыздық бояу десек, ол Масғұттай өнегелі жастың ішінен сырын, қасиетін ашуға арналған оңай ғана сылтау десек, срынның ар жағында көрінетін Масғұт қандай боп танылады. Ол ақылдықтан қашады, байлықтан қашады. Соның екеуін де сынап, талғап отырып жиреніп шығады. Сол Масғұттың

ақылдан қашуы-Абайдың өз ортасындағы күйге аса жақын келеді. Кейін Масғұт қызыл жемісті алғанда, нәсіпқұмар көп жастың жолынан жырақ шығады. Ол әйелді, ең алдымен, адамзаттың қақ жарымы деп түсінеді. Әйел достығын ереше тұтады.

Үлкен гуманист ақын сол өзі тартпақ болған мораль философиясын жаңа түрде шартты мазмұнға байланыстырып ұсынып отыр. Масғұттың қызыл жемісті жегеннен кейінгі іс-әрекеттері баян етілгенін көрсек керек еді. Оның үстіне поэманың соңғы бөлімінде «жынды су» мотив және одан туатын «жұрттың жынды болса, ақылды болма, қоса жынды бол!» дейтін қорытындылар бұл поэманың логикалық жағынан сәйкес емес сияқты.

Масғұт ақылды, байлықты да таңдамайды: көп наданның арасындағы жалғыз ақылды адамның күйіне де байлық пен малқұмарлық аздырған байдың жайына да талғампаздықпен қарайды. Ер мен әйел теңдігін жақтайды. Поэма ақынның осы идеясына әкелетін уақиғаны баяндауға құралады. Оның жаңа үлгіде түрінде емс, шығыс дастандары түрінде жазылғанын байқатады.

Абай екінші поэмасы. Біздің ең алдымен бұл поэманың негізінде жатқан тақырыптың төркін-тегі туралы біраз деректер айтып өтелік. Абай пайдаланып отырған сюжет Низами жазған «Ескендірнама»-дан алған. Бірақ Абай өзінше өзгертіп, өсіріп алған. Ол аңызды өзінше, көп жағынан өмір шындығына жақындатып, реалистік стильге бұрады. Ескендірдің әкесі Абайда Филипп болып аталады. Оның тәрбиешісі болған философ Аристотель кіреді. Аңыздан бұрынан тек кішкентай тас және сыры ғана сақталды. Низами тарауында Ескендірді даналық дәрежесіне жеткізеді. Мұсылманшылық аңызы бойынша уахи келеді. Ол бар жиһанды кезіп, адамзатқа езгіліктің жолын танытпақ керек деген әмір болады.

Адамгершілік, ақтық, шындық, мінезділік жөнінде езі ұсынған жолдарын белгілі бір аңыз арқылы тағы да көңілге қонымды етіп, таныта түсуге талап етеді. Жалпы композициялық құрылысын алғанда, Ескендір Абайдың ең жақсы поэмасы.

Поэмасының ең соңындағы бірнеше шумақтарда Абай дидактикалық, ойшыл-өсиеткшілік қорытындыны Ескендірден бөлек бір жай етіп айтады. Бұнысы поэманың жоғарыда біз айтқан идеясына байланысты. Абай бұнда да, Масғұт турасындағы аңызға барғандай, ескілік материалына текке бармайды. Өзіндік өсиеттерін шартты түрдегі аңыз-аспанға белей отыра, қызықтыра ұсынбақ болады. Сол тиымсыз, тойымсыз әміршінің өз өмірінді жалғыз рет тылсым қуаты бар, жасырын сыры бар және жол бермес тас қақпаға кездесуі Абайша үлкен мол мағынамен келтіреді.

Адамгершілік, ақтық, шындық, мінезділік жөнінде езі ұсынған жолдарын белгілі бір аңыз арқылы тағы да көңілге қонымды етіп, таныта түсуге талап етеді. Жалпы композициялық құрылысын алғанда, Ескендір Абайдың ең жақсы поэмасы.

Поэмасының ең соңындағы бірнеше шумақтарда Абай дидактикалық, ойшыл-өсиеткшілік қорытындыны Ескендірден бөлек бір жай етіп айтады. Бұнысы поэманың жоғарыда біз айтқан идеясына байланысты. Абай бұнда да, Масғұт турасындағы аңызға барғандай, ескілік материалына текке бармайды. Өзіндік өсиеттерін шартты түрдегі аңыз-аспанға белей отыра, қызықтыра ұсынбақ болады. Сол тиымсыз, тойымсыз әміршінің өз өмірінді жалғыз рет тылсым қуаты бар, жасырын сыры бар және жол бермес тас қақпаға кездесуі Абайша үлкен мол мағынамен келтіреді.

Ескендір Абай поэмасында дәріптелмей, сыналады.

Сондықтан поэманың әңгімелі, оқиғалы желісін жетер өрісіне жеткізіп болған соң, жырдың аяғын жаңағы айтқандай, моральдық, адамгершілік байлау мен толғауға, сентенцияға әкеліп тіреуі заңды болып көрінеді. Поэманың шумағы, өлең жолдары, буын өлшеуі, қолданатын ақындық сөздігі-бәрі де шешендік, нақтылық жағынан қарағанда, Абайдың ақындық өнеріне сай келген. Бұлар поэманың тұтас бітімді шығарма болуына нық жәрдем етеді.

Абай поэмаларының ішіндегі елеулісі де, ақынның гуманисттік ой-пікірін тереңірек танытатын да- **«Ескендір»** поэмасы. Бұл поэма әділдік пен жауыздықтың тартысына құралады. Жауыздыққа

жетелейтін қызғаншақтық пен тойымсыздық екенін көрсетіп, соған қарсы ұсынады.

Абайдың 1933 жылғы жинағында алғаш рет басылған бір поэмасы. Бұл поэманың тақырыбы «Мың бір түн» ертегісінен алынған. Қазақ ортасында ауызша көп айтылып жүретін «Мың бір түн»-нің бір атауы — «Әлидің-Әзімі» деген ұзақ ертегі болатын.

Сол ертегінің ішінен жас бала Әзімнің жетімдік шағы, жігіттік кездегі басынан кешетін бейнет соры, кейін барып өзінік туралы, жазықсыздығы арқылы арманына жететін оқиғалары Абайдың поэмасына желі, арқау болатын тәрізді. Бұл поэманың ішінде Абайды қызықтырған тағы бір адам аяр шал болады. Ол шалдың кәсібі өзгеше. Қара тасты алтын ететін амалы бар.

Осындай әрекет соңына түскен адамның жайы Шығыста ертегі ғана емес, химия ғылымы деп аталып жүретін алхимия жайынан туған нешеалуан жасырын сырлы әңгімелер барды.

Сөйтіп, соңғы бөлімдері жоғалып қалады. Сондықтан қолда қалған поэмасы бітпеген поэма болып басылып жүр.

Бірақ халықтың сыншыл ойы кейін ол әрекеттер арасында болып жүретін нешеалуан арамшылық, аярлықтарды танытады. Көпті алдап жем ететіндерді ез әңгіме, аңыздармен әшкерелейтін болады.

Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

1. Шығыс шайырларының мұралары, ойшылдарының пікірлері?
2. Абайдың «Әлефби», «Юзи — рәушан...», «Көзімнің қарасы», «Қор болды жаным» өлеңдердің ойы?
3. Шығыс пен Батысқа қатар үңіліп, адамгершілік философиясы, сопылық ағым бағытында күрделі ойлар?
4. «Масғұт», «Ескендір», «Әзімнің әңгімесі» поэмалардың мазмұнымен танысу?
5. «Масғұт», «Ескендір», «Әзімнің әңгімесі» поэмалардың салыстырмалы түрде ерекшеліктері мен айырмашылығы?
6. Поэманың шумағы, өлең жолдары, буын өлшеуі, қолданатын ақындық сөздігі туралы пікіріңіз?

Әдебиеттер тізімі:

1. Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары (IX–XIX ғасырлар) / Құрастырған Б. Исақов. — Алматы : Қазмембаспа, 1964. — 302 беттік.
2. *Оразалиев С.* Абай және Дауани. — Түркістан : Мұра, 1997. — 104 беттік.
3. *Оразалиев С.* Шығыс елдер әдебиетінің тарихы (Парсы әдебиеті) : оқу құралы. — Шымкент : М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, 2008. — 140 беттік.
4. Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. — Алматы : Қазақстан, 1992. — 177 беттік.
5. *Мырзахметұлы М.* Абай және Шығыс. — Алматы : Қазақстан, 1994. — 208 беттік.
6. *Ахметов З.* Абайдың ақындық әлемі. — Алматы : Ана тілі, 1995.
7. *Әуезов М.* Абай Құнанбаев : монография. Мақалалар, зерттеулер. — Алматы : Ғылым, 1967.
8. *Байтұрсынов А.* Қазақтың бас ақыны. Шығармалары. — Алматы : Жазушы, 1989.
9. *Дулатов М.* Абай. Шығармалар. — Алматы : Жазушы, 1991.
10. *Құнанбаев А* Шығармаларының екі томдық жинағы. — 1954.
11. *Мырзахметов М.* Абайтану. — Алматы : Ғылым, 1988.
12. *Мырзахметов М.* Абайтану тарихы. — Алматы : Ана тілі, 1994.
13. *Мырзахметов М.* Восхождение Мухтара Ауезова к Абаю. — Алматы : Санат, 1994.
14. *Жансүгіров І.* Бес томдық шығармалар жинағы. 5-том. — Алматы : Жазушы, 1989.
15. *Жұмалиев Х.* Қазақ әдебиеті туралы екі томдық зерттеулер.
16. *Жұбанов Қ.* Шығармалар мен естеліктер. — Алматы, 1999.
17. *Мұқанов С.* Таңдамалы шығармалар 16-том.
18. *Мұқамадханов Х.* Абай мұрагерлері. — Алматы : Ата мұра, 1995.

ТАҚЫРЫП № 14.

АБАЙ — АУДАРМА ӨНЕРІНІҢ БАСТАУШЫСЫ

1. Абай — аударма өнерінің бастаушысы.
2. Аудармадағы ұлттық танымның көріністері.
3. Аударма өнеріндегі мысалдарды аударуы. Абайдың жаңалығы.

*Аудармадағы Абай деңгейі күні бүгінге дейін
қол жеткісіз шырқау шың тәрізді.
(С. Сейітов)*

1. АБАЙ — АУДАРМА ӨНЕРІНІҢ БАСТАУШЫСЫ

Абайдан басталған ұлттық аударманың алғашқы қарлығаштары болған Абайдың аударма туындылары тұтас бір шығармашылық бірлік аясында қарастырылды. Аударма жанрының қалыптасып, дамуын Абайдың аударма мектебінің қазақ әдебиетіндегі орнын белгілеу мақсатымыз. Абай айналасындағы аударма үлгісінің қарапайым, еркін, нәзиралық түрінен бастап әлемдік деңгейге дейін өскен даму жолдарымен танысамыз.

Абай жас шағында Семей қаласындағы медреседе оқып жүріп, орыс мектебі «Приходская школаға» да барады. Өзінің ерекше қабілеттілігімен зейін қойып, зор ықыласпен үйренуі арқасында Абай аз уақыттың ішінде орыс тілін игеріп алады. 1870 жылдарда Петербургтен айдалып келген революционер Михаэлиспен танысып, дос болады. Михаэлис Петербург университетінің студенті, Чернышевскийдің жолын қушы, демократ-революционер еді. Михаэлис арқылы Абай аудармалындағы орыс демократтар - доктор Долгополовпен, табиғат зерттеушісі, тарихшы Леонтьевпен танысады. Солар арқылы ол орыстың белгілі ақын-жазушылары: Пушкин, Лермонтов, Толстой, Салтыков-Шедрин, Некрасов;

сыншыл, ойшыл-демократтары Белинский, Герцен, Чернышевский, Добролюбов; Батыс Еуропа ақындарымен: Гёте, Байрон, философ ойшылдарынан: Спенсор, Спиноза, Дарвин, т.б. еңбектерімен танысып, тәлім-тәрбие алады.

Абайдың қазақ әдебиетіне қосқан кезекті бір жаңалығы — кәсіби деңгейдегі аударма жанрын әкелуі десек, ол — аударма саласын қалыптастырып қана қоймай, бірден биікке шырқатқан шебер аудармашы. Төл әдебиеттің ерекшеліктерін ескере отырып, орыстың ең таңдаулы туындыларын кереметтей шеберлікпен қазақша сөйлеткен.

Абайдың аудармалары жайлы сөз қозғағанда, ең алдымен ақын таңдауы түскен өлеңді дәл аударуды мақсат еткенде орысша айтылған ойды қазақша жеткізудегі асқан шеберлігімен таң қалдырады. Өйткені, аударма деп саналып жүрген бірталай өлеңдері, әрине осы сөздің бүгінгі қалыптасқан, қолданылып жүрген тура мағынасындағы аударма емес. Абайдың орыс классиктерінің өлеңін қызықтап жазып, өзінің ой-сезімін, өз көңілін толғап, еркін кететіні, сөйтіп, қазақ тілінде тың төл шығарма тудыратыны оның ақындық шабытының қуаттылығының бір көрінісі деп қараған жөн.

Орыс әдебиетінен оқығаны қаншалықты көп болса да Абай поэзиялық шығармаларды аударуға келгенде, үлкен талғампаздықпен таңдап, кейбір өлеңдерді іріктеп қана алған. Пушкин, Лермонтов, Крыловтан басқа ақынның шығармасын аударуы сирек. Полонскийден «Жүректе көп қазына бар, бәрі жақсы», Буниннен «Қорқытпа мені дауылдан» деген өлеңдерді аударған.

Абай тек түпнұсқаны бар қалпында жеткізуді мақсат етпеген. Мәселен, «Татьяна сөзі» атты аударма өлеңінде:

Қаймақ еді көңілімде

Бізге қаспақ болды жем — дегенде Абай Пушкинді сөзбе-сөз аударударғаннан гөрі мазмұндай аударған қазақтың ұғымына жеңіл тиіп тұр.

Қай шығарманы болсын өз көңіл-күйіне үйлестіре қазақы ұғымға сай етіп еркін аударады. Сонда да кейбір аударма өлеңдері түпнұсқамен өте жақын келіп, мейлінше үндес шығып жатса, ол — оның ақындық шеберлігінің бір қырынан көрінуі. Бірі қызықтап, бірі қазақшалап отырған түпнұсқаның сарыны мен өз ой-сезімінің арасындағы үйлестіктің нәтижесі. Сондықтан болар Абай жинақтары баспадан шықпай-ақ қолжазба күйінде ел арасына тарқап кетті.




75-сурет. Александр Пушкин.
Евгений Онегин және Татьяна. Миниатюра

Абайдың «Евгений Онегин» сарынымен шығарған өлеңдері, бара-бар, түгелдей алғанда бір желіге түсірілген, біртұтас топтама шығарма деуге лайық. Пушкин ұлылығын сол заманда сол ортада отырып тани, бағалай білгендігі — Абай ұлылығының бір жарқын көрінісі. Абайдың Пушкинмен үндестігі, оны жақын тартуы тегін емес еді. Ол қазақ әдебиетінде өз дәуірінде бір кезде Пушкин орыс әдебиетінде атқарған қызметті атқаруды және сондай жүкті көтеруді мақсат етті. Ол А.С. Пушкин мен М.Ю. Лермонтовты үлгі тұтты, олардың өлеңдерін, И.А. Крыловтың мысалдарын қазақ тіліне аударып, «Татьянаның хатын», «Онегиннің хатын», «Қараңғы түнде тау қалқыпты» аударып қана қойған жоқ, оған ән де шығарды.

Ұлы ақын тілдерден екінші тілге аударудағы мақсаты, шығармалардың түпкі маңызын жоймай, өз елінің талғам таразысын ескерген халде халықтық ұғымға сай етіп аудару. Пушкиннің «Евгений Онегин» қазақ сахарасының төл туындысы, Татьяна қазақтың қара домалақ қызындай әсер қалдыратыны, Татьянаның хаты қазақ жастары арасында ән болып шалқығанынан байқуға болады.

Крыловтың «Бұлбұл мен есек», «Жарлы мен бай», «Шегіртке мен құмырсқа» т.б. көптеген мыслдарды өз тілінде Абайдан естіді. Лермонтовтың «Теректің сыйы», «Желкен», «Қайтсе жеңіл болады жұрт билемек», «Күлімсіреп аспан тұр» мұндай тізімді тізе беруге болар еді. Абайдың сүйікті ақыны Лермонтовтан көп аударған, жоғарыда айтқанымыздай Еуропаның классик ақындарының өлеңдерінің басым көпшілігін осы Лермонтов арқылы қазақшалады. Абайдың аудармашылық шеберлігін жан-жақты зерттеген академик ғалым, З. Ахметов «Абай және Лермонтов» атты монографиясында түбегейлі талданған.




76-сурет. Иван Крылов. Мысалдардың толық жинағы

Орыстың көрнекті жазушысы, ақын (тегі литван) И.А. Бунин (1870–1953) бірнеше прозалық шығармаларымен таныс Абай 1893 жылдары «Не пугай меня грозой» атты өлеңін «Қорқытпа мені

дауылдан» деген атпен мазмұндай еркін аударма жасаған. Абайдан кейін ақын Ғ. Қайырбеков Буниннің көптеген өлеңдерін қазақ тіліне аударды. Бунин большевиктер билігін мойындамай 1920 жылы Ресейден Францияға қоныс аударып сонда дүние салғандығы тарихтан белгілі.

Абайдың 37-қара сөзінде елі үшін қандай қиындықтан болса да бас тартпаған ержүрек Француз қызы Жанна Д, Аркті (1412–1431) «Оны отқа жаққан кім?» — деп сұрақ қойып, ұлы ақынның өзі «Ол — көп, ендеше көпте ақыл жоқ» деп жауап береді. Ағылшын басқыншылығымен 100 жылдық азаттық күресін басқарған Жанна Д, Аркті жау 19 жасында өртеп жібергенін білеміз.



77-сурет. Михаил Лермонтов. Печориннің бейнесі

Ұлы ақын өзінің шығармашылық кемеліне шыққан кезде орыс әдебиеті арқылы батыс әдебиетімен сусындап, оны қазақ жұртшылығына таныстыруда басқа аудармашылардан ерекше дараланып тұратын тұстарына тоқталдық. Кеңес дәуірінде түбегейлі зерттелген Абайдың Еуропамен ара қатнасы туралы біршама айттық. Абай қазақ даласына жаңа өркениеттің келе жатқанын ақындық сезімталдықпен ерте болжам жасағанына, тағы да бір көз жеткізу

мақсатымыз болатын және сахарада жүрген Абай аударма мәдениетінің ең жоғарғы үлгісін ұсынғанын айтқымыз келді.

2. АУДАРМАДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМНЫҢ КӨРІНІСТЕРІ

Абайдың Лермонтов поэзиясына деген ықыласы ерекше болды. Ол орыс ақынын айрықша жақсы көрді, сырлас, мұңдасын тапқандай болды. Орыс поэзиясына бейімделе ден қойған Абайдың ең көп үндестік тапқан ақыны, Лермонтов еді десек артық бола қоймас. Абай ұлы ақынның тіпті сол кездегі орыс қауымының тілек-талабын, мұңын ұға алатын дәрежеде еді. Ол мұңын ұққан халықтың жырын да ұқты. Лермонтовтың ыза-кегі, наразылығын орыс халқының езілген қауымның кегін оның қайғы-мұңына налуынан ел мұңы көрінетінін сезінді. «Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өскен» «Мыңмен жалғыз алысқан» жырларына нәр еткен еді. Абайдың «Қаны қара бір жанмын, жаны жара» деп ашулы мұң шерткені де белгілі.

1840 жылы М.Ю. Лермонтов Гетенің «Жолаушының түнгі әні» деген өлеңін «Горные вершины спят во тьме ночной» деген атпен аударған болатын. Гетенің бұл өлеңі көптеген ақындарға, сазгерлерге әсер етті. Ол Абайдың да жүрегіне ұялады. «Қараңғы түнде тау қалғып, ұйқыға кетер маужырап» деп аударды.

Абай қазақ әдебиетіне, лирикалық шығармалардың бұрын орын теппеген, таралмаған жаңа түрлерін енгізді десек, соның ішінен адамның жан дүниесін суреттейтін өлең-жырлар, ақындық өнерді, оның қоғамдық мәнін айқындайтын өлеңдер, табиғатты суреттейтін өлеңдер тобын еске алуымызға болар еді.

Кім біледі, кез болса, арттағылар,
Ойға салып оқыр да, сөзін сынар.
Көзін салып, ойланып кейбір сөзін

«Рас-ау», — деп, мағынасын ол да ұғар, — осы Лермонтовтан аударған «Альбомға» атты өлеңінде Абай кімнің қажетіне жарайды деген мәселені қозғайды. Осы орайда 1-қара

сөзіндегі бас жағында келетін мына жолдар ойға оралады: «Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, «керегі жоқ» десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ».

Енді Абай Лермонтовтың өзіне үндес шығармасын аударып, мынаны айтып отыр:

Қол жазуды еңбек ет жатпа бекер,
Бұл көңілсіз дүниеден көп жыл өтер.
Өзі қысқа, өзі асау тентек өмір,

Арттағыға бір белгі қойса не етер? — деген аудармашы Абай, Лермонтов шығармасын аударып отырып, өз пікірін де анық білдірген. Лермонтовтың өлеңі «Альбомға» деп аталғаны тегін болмаса керек. Ақын жазған сөздерін кейінгілерге өнеге етуге құштарлық ниет білдірсе де, айналасындағы адамдарға сырын ақтарудан тартылған.

3. АУДАРМА ӨНЕРІНДЕГІ МЫСАЛДАРДЫ АУДАРУЫ.

АБАЙДЫҢ ЖАҢАЛЫҒЫ

Крылов мысал өлеңдерді орыс поэзиясында дербес әдеби жанр ретінде қалыптастырып, жаңа дәуірдің тілек-талаптарымен ұштастыра, биік белестерге көтере алады. Ол мысал өлеңдерді орыс өмірінің шындығымен тығыз байланыстырып, оларға шынайы халықтық ұлттық сипат дарытты. Сондықтан да оның мысалдары дүние жүзі халықтарының көптеген тілдеріне аударылып кеңінен тарады. Мысал өлеңдерінде Крылов қоғамдық өмір қайшылықтарын, әртүрлі топтардың мінез-құлқын ашып көрсетіп күнделікті тұрмысқа қатысты сан түрлі жайттарды, орынды қозғап, баяндап бере алған. Бір алуан мысалдардан үстем тап өкілдері мен қарапайым халық өкілдері арасындағы қайшылықты, еңбекқор қарапайым шаруа адамының

жағымды қасиеттерін көреміз, ол «Қасқыр мен қоян», «Жапырақтар мен тамырлар», «Шегіртке мен құмырсақ» сияқты тағы басқа аударма мысал-өлеңдерінде кездеседі. Орыс халқының сол дәуірдегі өмірін асқан шыншылдықпен суреттеуінен, әртүрлі таптар мен топтардың өкілдерінің мінезін, іс-әрекетін дәл көрсете білуінен, бейнелілік нақышын шебер пайдалана білуінен осының бәрінен Крыловтың үздік көркемдік шеберлігі толық танылады.

Мысалдардан еңбекқор қарапайым шаруа адамының жағымды қасиеттерін «Жапырақтар мен тамырлар», «Шегіртке мен құмырсақ» көреміз.

Абайдың мысал өлеңдері Крылов шығармаларынан аударма деп саналып жүр. Алайда осы өлеңдерді талдап, бағалағанда бір жайды толық ескеру қажет. Олар толық мағынасында аударма емес, көбінесе белгілі бір сюжетті алғанымен қазақ қоғамы, қазақ тіршілік-өмірінде кездесетін түйткілді мәселелер еркін баяндалады.

Абайдың мысал өлеңдерінің ішінде кейбір аудармаларға жатқызуға болатын да кездессе, дені еркін тәржімелегендіктен белгілі сюжеттің сарыны мен жазылған деуге лайық болып келеді. Айталық, «Жарлы бай» атты мысал өлеңінде Абай оқиға желісін еркін баяндап, соңында:

Алтын қайда, сөз қайда?

Қу нәпсіден не пайда,-дегенді өз жанынан қосады. Сондай-ақ «Шегіртке мен құмырсақ» атты өлеңдегі:

Мен өзіндей шаруашыл

Жұмсақ илеу үйлі ме? — деген сөздер, шегірткенің құмырсаққа барған қалпын:

Селкілдеп келіп жығылды,

Аяғына бас ұра, — деген суреттеме орысша нұсқада жоқ. Абай құмырсақның еңбекқорлығын, шегірткенің қамсыздығын көзге

айқын елестетерліктей белгілермен үстемелей түскен. Осы өлеңдегі құмырсқаның атынан айтылатын:

Қайтсін, қолы тимепті,

Өлеңші, әнші есіл ер! — дегенді Абайдың өзі қосарлап келтірген сөздері де нағыз қазақша сөйлеу қалпындағы әдемі кескіннің үлгісі деп санауға лайық. Әдейі аяныш сезімін, жаны ашығанды білдіргендей етіп, керісінше айтылған нағыз ирония, келемеждеудің келісті өткір түрі.

Абай мысалдары оның ақындық шеберлігін танып-білу жағынан бағалы екенін атап айтуымыз керек. Көп ретте ақынның шеберлігін, өнерпаздық өнегесін сөз еткенде аударма деп саналған өлеңдер есепке алынбайды, оларға пәлендей мән берілмейді. Ал шынына келгенде ақынның өнер жарысына түсетін, сыналатын бір тұсы-осы басқа ақындардың шығармасына үніліп соны өзінше қалай айтып жеткізетіні десек, артық емес. Дәл аударма болсын, тек жалпы сарынын сақтай отырып еркін тәржімаланған шығарма болсын, түпнұсқасымен салыстыра тексерілсе, ақынның көркемдік талғамы, тақырып таңдауы өзінше айта білетін, тапқырлығы, шеберлігі жайында нақтылы ой түйіндер жасауға мүмкіндік береді.

Түгелдей алғанда Абай аудармалары қазақ поэзиясының өркендеп өсу жолындағы баға жетпес зор табысы болды. Олардың өткен ғасырда қазақ сөз өнеріне мол жаңалық әкелген тарихи мәнін былай қойғанда, қайталанбас көркемдік сипаты да ешқашан кемімейтін айрықша құндылығын таныта алады.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1. Абай аудармалындағы орыс демократтар?
2. Абайдың «Евгений Онегин» сарынымен шығарған өлеңдері?
3. Абайдың өнеріндегі Крыловтың мысалдарының орны, пайдалану және аудармадағы стилі?
4. Абайдың сүйікті ақыны Лермонтов?
5. Аударма өнеріндегі Абайдың жаңалығы?

Әдебиеттер тізімі:

1. Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 1–2 т. — Алматы : Жазушы, 1995. — 335 беттік.
2. 58. Әуезов М. Абайды білмек парыз ойлы жасқа. — Алматы : Санат, 1997. — 416 беттік.
3. Ахметов З, Әуезова Л.М., Ерзакович Б.Г. Абай энциклопедиясы. — Алматы : Атамұра, 1995. — 720 бет.
4. Мырзахметов М. Абайтану. — Алматы : Ғылым, 1988.
5. Мырзахметов М. Абайтану тарихы. — Алматы : Ана тілі, 1994.

ТАҚЫРЫП № 15.

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫ — АҚЫН ЗАМАНЫНЫҢ ШЕЖІРЕСІ.

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚАУЫМЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙНЕСІ

1. Абайдың поэзиясы. Абайдың поэзиясындағы XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қауымының бейнесі.
2. «Қалың елім, қазағым...» «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек». «Қартайдық, қайрат қайтты, ұлғайды арман» атты өлеңдерінің бағдарламалық мәні.
3. Абай шығармаларындағы жанрлық ерекшелігі.
4. Абай шығармашылығындағы адамгершілік тақырыбы.
5. Абайдың ағартушылық қызметі.

1. АБАЙДЫҢ ПОЭЗИЯСЫ. АБАЙДЫҢ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚАУЫМЫНЫҢ БЕЙНЕСІ

Абайдың әлеуметтік көзқарасын зерттеушілер ұзақ уақыттар бойы кемеңгер ақынның алуан салалы ойларының онтологиялық (бүтін дүниенің мәнін, материя мен сананың арақатынасын түсіну), гнесеологиялық (нанымның мәнін түсіну) мәселелеріне ерекше мән беріп, біреулері Абайды онтологиялық жағынан «идеалист», екіншілері «материалист» деп таныса, гнесеологиялық тұрғыдан біреулері «сенсуалист» десе, екіншілері «рационалист» деп, жартылай идеалист, жартылай материалист немесе жартылай сенсуалист, жартылай рационалист немесе дүниені, қоғамды таным теориясы тұрғысынан біреулері «метафизик», біреулері «диалектик» деп түсіндіріп келді. Уақыт етеді, заман өзгереді. Белгілі бір құбылысқа әр уақыттың адамы өз түсінігімен, өз пайымдауынша баға береді. Өйткені, құбылысты әркім -өз кезінің тұрғысынан бағалайды, мөлшерлейді. «Материалист болу дұрыс екен, қайтсек материалист

атанамыз» дейтіндер «нан болса, ән өзінен-өзі айтыла береді» дейтіндердің жалған, жасанды, тұрпайы қағидасы мақтардың аянышты зардабын аз көрмедік.



78-сурет. Абай Шығыстың жеті ғұламаларадың нәр алған бейнесі

Осындай тұрпайы, дөрекі социолгиялық көзқарас Абай шығармаларын бағалауға да зардабын тигізді. Бұл көзқарастағылар өмірдің өзінде қайшылықтар қандай көп болса, Абайдың табиғат, қоғам, таным жайлы түсініктерінде сол қайшылықтар, қарама-қарсылықтар өте терең бейнеленгенін ескере қоймаған. Егер ақиқатқа, әділетке жүгінсек, Абай жалаң философиялық категориямен, мысалы, «материя», «сана», «уақыт», «кеңістік», «қозғалыс», «даму», «қажеттілік пен кездейсоқтық» сияқты т. б. толып жатқан «таза философиямен» шұғылданбайды. Ойшыл ақынның негізгі ойы — материя мен сананың, кеңістік пен уақыттың арақатынасы емес, «қайран елі, қазағының» келешегі, қайткен күнде қазақты өскен, өркендеген елдердің қатарына жеткізу. Осындай ұлы мақсат, игі ниет үшін ойшыл-ақын «қыранша қарап қырымға, Мұң мен зарды қолға алады». Абайдың дүниеге, әлеуметтік өмірге деген

көзқарасының, бүкіл шығармашылығының өзегі, қайнар көзі, рухани күші, осы екі ұғыммен тікелей байланысты. Абайдың этикасы — гуманистік этика. Дүние мен Жалған, Адам мен Пенде мәселелерін қамтиды. Абай өзінің Жиырма жетінші сөзінде дін және дін мәселесі жөнінде пікір алысып, ой жарыстыратын моралист-философ Сократтың «Адам ең әуелі өзінді-өзі таны» деген этикалық принципі Абайдың да адам, адамгершілік туралы ойлары адам тарихындағы ұлы ойшыл даналардың пікірлерімен ұштасып жатады. Абайдың арманы да «адамды (пендені) адамға айналдыру», адамды кісі ету, азамат ету.

Абайдың этикалық түсінігінде «дүние» және «жалған», «адам» және «пенде» деген бір-біріне қарама-қарсы ұғымдар бар. Дүние — мәңгі құбылыс, жалған — өткінші құбылыс, Адам -дүниенің, мәңгіліктің туындысы, пенде — жалғанның, күнделікті тіршіліктің туындысы. Адамның өмірі ақиқат, адалдық, әділеттілік, әдемілік деген ұғымдармен ұштасып жатса, пенденің өмірі күнделікті тұрмыстың, тек тіршіліктің, күнкөрістің қамымен байланысып жатады. Пенденің бір белгісі ол өзінің қиялында да кішкентай, өз қиялында да шарықтай алмайды, тауық сияқты қораның шарбағынан жоғары ұша алмайды. Қыранның қиялы биік шыңда болса, қораздың қиялы қи түбінде. Пенде әрқашанда бағынғыш, құптағыш, күндегіш, затшыл, өзімшіл келеді, мырзаларының алдында құрдай жорғалайды. Адам, оның керісінше, өзін - өзі, айналасын сыйлайды, өзінің азаматтығын, адамгершілігін бағалай біледі, затқа бағынбайды, аттарды өзіне бағындырады. Пенделер заттың «кұлы болса — Адам заттарды өзіне ҚҰЛ етеді, осы тұрғыдан келіп, Абай адам деген ұғымды үлкен даналық санайды («Адам деген даңқым бар»). Тұрған мекеніне келгенде — адамның жүрген жері гулстан да, пенденің жүрген жері — мыстан болып келеді. Абайдың арман ететіні — ақылды, жігерлі, білімді, адал, әділ адам. Ондай адам ханның тағына да, байдың бағынада қызықпайды, ойы сергек, өз қамымен халық қамын ұштастыра, жалғастыра білетін мейірімді жан.

Абайдың өзіне тікелей сөз берсек — пенде өз басында еркі жоқ, айналасына тәуелді — «байғұс». «Ақылыбар, ықтиярлы, Пенде теппесөз жарын. Ерік неде, пенде зарлы, Не білер не боларын?» немесе «Зар қылып тілеймін рахметін Алланың. Елжіреп жылаймын, Көңілін аш пенденің». Тіршілікте жан сақтау да, ар сақтау да бар. Абай ар сақтауды жан сақтаудан жоғары қояды. Абайша айтқанда, пенде жан сақтаудың қамы үшін өмір суреді, оның арманы мен қиялы, тамақ пен киімі — мансап пен атақ. Пенде: «Шіркін, ананың киген киімі — ай, мынаның ішкен асы — ай, көршінің мінген аты — ай, тұрған үйі — ай»т. б. деп, өзгенің тіршілігіне тамсанумен өтеді. Пенде жеке басының қамы үшін, жан сақтау үшін арын құрбан ете береді. Осындай пендешіліктен арыла алмаған «қуыс кеуделерге» налыған Абай: «Құдай тағаланың кешпес кунәсы жоқ» деген жалған мақалды қуат көрген мұндай пенденің жузі құрысын» — дейді.

**2. «ҚАЛЫҢ ЕЛІМ, ҚАЗАҒЫМ...» «ҚАРТАЙДЫҚ,
ҚАЙҒЫ ОЙЛАДЫҚ, ҰЙҚЫ СЕРГЕК», «ҚАРТАЙДЫҚ,
ҚАЙРАТ ҚАЙТТЫ, ҰЛҒАЙДЫ АРМАН»
АТТЫ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ МӘНІ**

Ел, Отан, Халық, ұлт деген ұғымдар пендеге жат сөздер. қарнын ойлаған пенде — халқын қайтсін! Абайдың даналық түсінігінде Адамның адамдығы, ең игі қасиеті жан сақтау емес — арын сақтау. Абай этикасында Ар, Намыс, Ұят — ең негізгі ұғымдар. Бұл ұғымдардың мәні, мазмұны, ішкі сыры тек адамның өзімен — өзі кеңескенде, өзінің ішкі жан дүниесіне үңілгенде ғана мағынасы ашылатын, айқындалатын ұғымдар. Осындай мәнді моральдық, адамгершіліктің категорияларын — өз шығармашылығының өзегі, түйіні, тамыры етеді.

«Қу өмір жолдас болмас, әлі-ақ өтер, Өз күлкіңе өзің қарық болма бекер! Ұятың мен арыңды малға сатып, Ұятсызда иманжоқ, түпке жетер» деп, ар мен ұятты негіз етіп, өмірдің түбін ойлауға

шақырады. Адамгершіліктің мәні жөнінде терең толғанған ақын өз ойын әлем кеңістігіне жүгіртіп, Ар, Ұят, Намыс деген ұғымдар адам өзінің ары алдында жүтінген кезде түйсігімен түсінетін киелі ұғымдар екенін, әр адам өзінене-өзі жауапты екенін аңғарта айқындай, түсіндіре келіп: «Абай — қазақтың тарихына ой жүгірте отырып: «Аты аталып, аруақ шақырылған жерде ағайынға өкпе, араздыққа қарамайды екен .. «өзіне ар тұтқан жаттан зар тұтады», — деп ой түйеді. Абай түсінігінде әр адамның еңүлкенкүнәсі, міні, өзініңөзарыалдындажасаған рухани қылмысы — арын сату, арыздыққа салыну, ұяттан безу. Мұндайларға Абай төмендегідей теріс бата береді: «Ант ішіп күнде берген жаны құрсын, Арын сатып тіленген малы құрсын, қысқа күнде қырық жерге қойма қойып, Қу тілмен қулық сауған заңы құрсын».



79-сурет. Қазақ Даласы

Адам болудың бір шарты — Ұят деген ұғымды бойға сіндіру. Ұят дегеніміз — адам бойындағы адамгершілікке жат, жаман қылықты, істі өз мойнына алып, өзінді-өзің сөгү, өзіне-өзің ұрсу, өзінді-өзің дұрыс, әділ, адал жолға салу «Жалығу бар, шалқу бар, іш пысу бар. Жаңа сүйгіш адамзат, көрсе қызар. Ар мен ұят ойланбай, тәнін асырап, Ертеңі жоқ, бүгінге болған құмар» Абай ұяттыларға

мейірленсе, ұятсыздардан жиіркенеді де: «Қайнайды қаның, Ашиды жаның, Мінездерін көргенде», «Жігерлен сілкін, қайраттан, беркін!» деп насихат бергенде; «Ұятсыз, арсыз салтынан қалғып кетер артынан» деп, ұятсыздарды сөгіп, «осы күнде менің көрген кісілерім ұялмақ түгіл, қызармайды да, «ол істен», «мен ұятты болдым дедім ғой, енді нең бар?», — дейді. Я болмаса, «жә, жә, оған менақ ұятты болайын, сен өзің де сүйтіп пе едің?» — дейді. Ар, Ұятпен қатар саналы қазақтың табиғатына сіңген бір ұғым — Намыс. Ақын бұл ұғымға да ерекше мән береді. «Бұрынғы алған бабаларымыздың бұл замандағыларымыз данартық екі мінезі бар: соның екіншісі — намысқор келеді екен. Ар, ұяттан айырылған, намыс дегенді білмейтін, білгісі де келмейтін болыстарды Абай мысқылдай кекетіп, өткір сатиралық тілімен түйреп отырды.

3. АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Абай шығармаларындағы ашық қойылатын әлеуметтік, этикалық проблемалар: қазақ әйелдері, жастар, достық, махаббат, еркіндік жайлы мәселелер. Бұл мәселелерді көтеруде де Абай өзін жаңашыл, бұқарашыл ойшыл ретінде танытты. Қазақ қыздары өзінің теңіне, жүрегі қалаған адамына қосыла алмай, не малы көп кәріге, не мүгедек бай ұлына байланып маталып берілді. Олардың жеке басының билігі өздерінде емес, «ел ағасы» — би, құлақтардың қолында, не әке қолында болды. Абай бұл жағдайға наразылық білдіріп, бас бостандығы үшін күрескен жастар жағында болады. Ол өзінің «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» деген өлеңінде, осы салт бойынша жас өмірін қор еткен қазақ қызының трагедиясын жыр етеді, Зорлыққа, қара күшіке бас имей; ханның кигізген алтын — күміс қамқасына алданбай, өз арым жоғары ұстаған қыздың жүрек күшін сүйсіне жырлап, оның наразылығын жақтайды.

Етімді шал сипаған құрт жесін деп,

Жар тастан қыз құлапты терең суға- дейді, Осылайша Абай достық пен махаббатқа бөленгенгең, тату-тәттіерлі — зайыпты өмірді керек етіп, оны малмен сатыпалуға болмайды, жүрек көпке көнбейді, күніөткенкәрі мен өмірі алда жас бірігіп өмір сүре алмайды, — дейді. Абайша «Махаббатсыз — дүние бос», еріксіз қосылу, зорлықпен өмір сүру қайуандық болады, «хайуанаға оны қосындар» дейді. Абай өзінің шығармаларында әйелді қоғамның тең мүшесі? оны қорлауға болмайды? Адам баласының тең жартысы әйел, ол біреуге ана? Біреуге қарындас, не қыз біреудің қорғаны, ақылшысы, жанашыр қымбатты сүйген жары деп дұрыстүсіндіреді.

Қара сөздерінде этика бірқатар моральдық категорияларға терең талдау жасап, философиялық ой алмасуға шақырады. Ұят, арнамыс, достық, махаббат, талап, мінез, қуаныш, қайғы, адалдық, шыншылдық т.с.с. этикалық ұғымдардың мән-мағынасын ашуға көп әрекет жасайды. Оларды өмірден, заманнан тыс емес, сол дәуірдің алға қойған әлеуметтік-саяси, ағарту мәселелерімен тығыз байланыста қарастырады. Абай өз заманының рухани бейнесін, өмір салтын, моральдық принциптерін философиялық тұжырымдау деңгейіне дейін жете алған тұңғыш қазақ ойшылы болды. Замандастарының мәдени, ғылыми рухани жағынан да прогрессивті бағытта дамуы үшін қызмет етті. Абайдың көзқарастарындағы материалистік тенденция оның эстетика мәселелерін, әсіресе, «искусствоның» қоғамдық өмір деп маңызы мен ролін қарастыруында және оның реалистік позицияны берік ұстауында анығырақ байқалады. Абайдың пікірінше, поэтикалық творчествоның көзі өмір, өзінің сезімдері мен ойларын қоса алғандағы адам болып табылады. Абай өзінің поэзияларында табиғаттың, мал-жануарлардың әсемдік көрінісін, жылдың төрт мезгілін көркем суреттеуде эстетикалық шеберліктің жоғарғы үлгісін көрсете біледі.

Сонымен қатар оқымыс өнердің, эстетиканың әлеуметтік қызметі адамдардың азаматтық санасын оята білетін көркемдік құрал

бола алуы еді, көпшілікті қоғамдық прогреске, әрекеттілікке шақыра рухани күш-қуат бола алуында деп білді.

Абай, өмір қайшылығын жанымен, жүрегімен сезінген, санасына жеткізген, ал бірақ осы қиыншылықтардан шығудың жолына жеткенде, оның өнерге, білімге, адамгершілікке шақырған «үндеулеріне» қарап, оны ағартушы — демократ деп жүрміз.

Абай ағартушыдан гөрі сыншыл демократқа жақын. Мәселен, Ескендір барлық шығыс ақындарында жатымды кейіпкер, құранда пайғамбардың бірі халық санасында әділетті патша, ал Абай болса осы түсініктерге қарсы шығып, оның қалыптағы қанышер патша екенін, пайғамбар түгіл, адам сүйер қылығы жоқ, «мақтан сүйгіш, қызғаншак адам екен» деп суреттейді. Бұл идея құранның жазылуына қарсы, өзі пір тұтқан Фирдауси, Науаидің жасаған Ескендір бейнесіне — қарсы жазылған «Ескендір» — поэмасы халық санасына бет бұрыс әкелді. Жауызды жауыз деп айту ақын реализміне тән. Абай халық санасындағы жалған түсініктерді жою мақсатын көздеген.

Ұлы ойшылақын, демократ-ағартушы Абай Құнанбаевтың атымен қазақтың ұлттық мәдениетінің қоғамдық ойшыл-дарының ең бір жемісті дәуіріне байланысты болды. Абай өмірінің мақсаты еңбекші бұқараға, қалың қазаққа қажызмет етуінде еді. Ғылым мен ағартуды тарату арқылы оған шындықты таңуға көмектесу, жұртшылыққа әлеуметтікке селдер мен күресудің қажеттілігін, қазақ елінің экономикалық және мәдени дамуына ықпалын тигізу еді.

Ағартушының өлеңдері мен қара сөздері (уақиялары) революцияға дейінгі қазақтың тұманды өмірін ақиқат бейнелей отырып, қалың бұқараның сол кездегі үстем етіп тұрған қоғамдық тәртіптеріне наразылығын күшейте түсті, кедейлердің таптық санасының өсе түсуіне әсерін тигізді, революциялық толқындардың болашағына идеялық-саяси алғышарттар жасады. Терең философиялық қойлар мен прогрессивті идеяларға толы Абайдың творчествосы қазақ жеріндегі ХХ ғасырдың басындағы демократиялық ойлардың және азаттық қозғалыстың одан әрі

дамуына зор әсерін тигізді. Абайдың шығармашылығы ХІХ ғ-дың ІІ-жартысындағы қазақ даласының қоғамдық өмірінде болған үлкен әлеуметтік-экономикалық өзгерістермен тікелей байланысты. «Оның шығармаларында сол кездегі қазақ өмірінің шындығы әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан кең әрі жан-жақты суреттелген ісоншалықты, онда тұтас бір дәуірдің көрінісі айқын берілген, — деп жазды М. Әуезов, — оның өлеңдерін, поэмаларын, қара сөздерін өз қоғамының энциклопедиясы деп батыл айтуға болады ...» (Әуезов М. О. Әр жылдар ойлары. — А., 1961, 267–268-б.). Ойшыл ақын өлеңдері мен қағидаларында сол кездегі қазақ қоғамында үстемдік құрған патриархалдық-рулық құрылысқа, сондай-ақ басқа да әртүрлі әлеуметтік топтарға өзінің көзқарасын айқын білдірген. Ақын өзі шонжар ортадан шыққанына қарамастан, феодалдық — рулық билеп төстеушілердің зорлық-зомбылықтарына қарсы бітіспес көзқараста болды. Еңбекші бұқараның мұқтаждық пен жоқшылықта өмір сүруін әкім, би, бай, болыс, атқамінерлер сияқты рулық билеп — төстеушілердің озбырлығы мен надандығынан деп түсініп, олардың рухани би-шаралығын бір қатар өлеңдерінде келтіре сынады.

«БІнсапсызға не керек, істің ақ пен қарасы, Нан таппаймыз демейді, Бүлінсе елдің арасы...». Үшінші сөзінде ақын надан, ел тағдыры, халық қамы дегенді ойламайтын үстем таптың өміртіршілігін аяусыз әшкерелейді: «Ол мал көбейсе малшыларға бақтырмақ, өздеріетке, қымызға тойып, сұлуды жайлап, жүйрікті байлап отырмақ». Байлық байға өз билігін заңсыз жүргізуге жол береді: «Олардың көңілдері көкте, көздері аспанда, адалдық, арамдық, ақыл, ғылым, білім — еш нәрсе малдан қымбат демейді ... Оныңдіні, құдайы, халқы, жұрты, білім ұяты, ары, жақыны, бәрі — мал».

Абай қарапайым халықтың ауыр да, қараңғы өміріне нем құрайлы қарай алмады. Жоқшылық пен аш жалаңаштыққа душар болған ауыл кедейлері тұрмыс-тіршілігінің соншалықты ауыр екенін «қараша желтоқсанмен сол бірекі ай...» өлеңінде күйініш сезімімен бейнеледі: «Кедейдің өзі жүрер малды бағып, Отыруға отын жоқ

үзбей жағып, Тоңған үйін жылытып, тонынилеп, Шекпен тігер қатыны бүрсең қағып».

Ақын бай-шонжарларды қатардағы қарапайым кедейлер мен күйзелген жарлы-жақыбайларға қамқор болуға шақырады:

«Алса да аяншақтаукедейсорлы,
Еңбекбілмес, байдың да жоққойорны,
Жас бала, кемпір-шалын тентіретпей,
Бір қыс сақта, тас болма сен де о құрлы».

Абай ел әміршілері мен кедей-шаруалардың үнемі бітімсіз, ымыраға келмейтін қарсылықта екенін анықтап түсіндіреді. «Жалшы үйіне жаны ашып ас бермес бай, Артық қайыр — артықша қызметке орай.

Байда мейір, жалшыда бейіл де жоқ, Аңдастырған екеуін, құдайымай ... » - деп, байлардың кедейді күнбе-күн езіп отырғандығын, олардың араларындағы экономикалық теңсіздікті және бұл екеуінің өмір бойы аңдысумен келе жатқанын, бір-біріне мүдделері қайшы екенін ашық айтты.

Ақын ақсүйек феодалдардың өз басының пайдасы үшін әдейі тұтандырып, ушықтырып отыратын рулық тартыс пен әр түрлі топтардың күресін, алауыздықтарын қатты сынады: «Болды да партия, Ел іші жарылды. Әуремін мен, Дауың мен шарыңды...». Абай қоғам өміріндегі құбылыстарды түсіндіруде идеалистік бағыт ұстанғандықтан ру тартыстарының себептерін дұрыс түсіндіре алмады, өйткені ол оның негізін адамдар арасындағы экономикалық қарым-қатынастан емес, ескі кертартпа әдет-ғұрыптар мен үстем тап өкілдерінің жікшілдік, жаулық әрекеттерінен деп ұқты. Ойшыл ақынның демократиялық көзқарастары оның әкімшілік, тергеу, сот орындарының қызметі жөніндегі пікірлерінен анық байқалады. XIX ғ-дың 60 жылдары патша үкіметінің қазақ даласына енгізген сайлау жүйесі — жергілікті үстем тап өкілдерінің патша әкімдерінің алдында жарамсақтанып, өз қара басының пайдасын көздейтінін, екі

жүзділігін керсетті. Абай болыс болған жылдарында патша әкімшілігі отарлау саясатының мақсаты мен мәнін түсініп, бұл биліктен бас тартады. Бірқатар өлеңдерінде әкімшілік сайлауда еш әділеттің жоқтығын, бәрі халықты алдау екенін ашық айтады:

«Шашты малын, Берді барын Боларында жұртына ...»

Ақын патша ұлықтарына пара беріп сайланған болыстық әкімдер мен старшындарды сынайды:

«Болыс болса, түсінің Түксігін еселер тырсыйып.
Сенен аяр түгі жоқ, Бүгін сыйлас көрініп,
Бүгін жалын, ертең шок Сөзі мен өзі бөлініп ... »

Ауыл әкімдері — старшын, би, болыстардың билікке қолы жеткеннен кейін, қарапайым халықты қорғаудың орнына патшаның ұлықтарымен ауыз жаласып, елді қанауын, рақымсыз жәбірлеуін батыл айыптайды: «...болыс болғандар өзі қулық, арамдықпенен болыстыққа жеткен соң, момынды қадірлемейді, өзіндей арам, қуларды қадірлейді...» Абай бай-шонжарлардың заңсыз іс-әрекеттерін, мансапқор, пәлекор мінездерін әшкерелеп:

«Мәз болады болысың, Арқаға ұлық қаққанға.

Шелтірейтіп орысын, Шенді шекпен жапқанға ... » — деп надан болыстардың ұлықтар шенді шекпен жауып, арқасына қаққанына мәз болатынын қатты сөгеді.

Абайдың этикалық, моральдық, адамгершілік идеалы, мұраты, принципі — қысқаша ғана «Адам бол!» деген формула, тұжырым. Адам болу кісілікті кісі, шын мәнісінде азамат болу, қара бастың қамы емес, елінің қамын, халқының қамыш, тіпті, бүкіл адамзаттың қамын ойлайтын, «өзін-өзі зор тұтып», «надандарды менсінбейтін», дүниеге әлем тұрғысынан қарайтын Азамат Адам болу. Осы ойларын поэзия тілмен: «Адал бол — бай тап, Адам бол — мал тап, Қуансаң қуан сол кезде...» — деп, байды да, кедейді де адамдыққа шақырады; «Адам болам десеңіз, Оған қайғы жесеңіз... Бес нәрсе ден қашық бол» («Бес дұшпан» — Өсек, Өтірік, Мақтаншақ, Еріншек, Бекер мал

шашпақ), «Бес нәрсеге асық бол» («Бес асыл іс» — Талап, Еңбек, Терең ой, қанағат, Рахым). Абайдың пікірінше екі аяқпен тік жүріп, екі қолын әр түрлі іске пайдалана, жұмсай білгеннің, ойлай, сөйлей (ойлаудың да, сөйлеудің де мағынасы өте көп) білетіндердің бәрі толық, шын, ақиқат, адамгершілік мәніндегі адам емес, тік, адамға ұқсас әлеуметтік жануарлардың түр, кейпі, көрінісі.

4. АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ АДАМГЕРШІЛІК ТАҚЫРЫБЫ

Ұрпағына үлгі боларлықтай іс істе, «адам бол», деген түйіндерді ұлы Абайдың еңбектерінен көптеп байқаймыз. Адам мінезін түзеуге және жастарды ізгілікке, имандылыққа, адал еңбекке тәрбиелейтін шығармалар жазып, тәрбие мәселесіне ерекше көңіл бөлген ұлы Абай: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден бөлек» десе 45-қара сөзінде, «Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, замандасының бәрі виноват» деп, заман мен адамның арасындағы байланысты ашып көрсетеді

«Мен егер закон қуаты, қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім» деп тәрбиенің қоғамдық ортамен тығыз байланыстылығына ерекше мән береді. Адамның жақсы я жаман болуы оның айналасындағы жора-жолдастарына, замандастарына байланысты дегенді айтады. «Қазақтың жаманшылыққа үйір бола беретұғынының бір себебі — жұмысының жоқтығы. Егер зейін салса, я саудаға салынса, бұл ауылға біреуден бір жылқының майын сұрап мініп, тамақ аңдып, қулық, сұмдықпен адам аздырмақ үшін, яки азғырушылардың кеңесіне кірмек үшін, пайдасыз, жұмыссыз қаңғырып жүруге құмар. Дүниелік керек болса, адал еңбекке салынып алған кісі ондай жүрісті иттей қорлық көрмей ме?», — деп Абай жаман әдетке, жалқаулыққа, өсекшілдікке үйір болудың, әдеттенудің бір ұшығы жұмыссыздық, пайдасыз қаңғып жүрушілік екенін сынай отырып, адал еңбекке үйренген адамның ондай жат қылыққа бармайтындығын дәлелдейді.

Абай жастардың белгілі бір мамандықты игеруін және адам бойындағы жаман әдеттердің бірі-еріншектік, жалқаулық, салғырттық екендігін өзінің отыз үшінші қара сөзінде айта отырып, жастарды сондай әдеттерден бойын аулақ ұстауға үгіттейді. «Егерде мал керек болса, көп өнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды. Алдау қоспай адал еңбегін сатқан қолөнері — қазақтың әулиесі сол»-деп, адал еңбекпен өмір сүрген адамды әулиеге теңеп, өнердің ешқашан жұтамайтынын ұрпағына уағыз етеді. «Екінші, ерінбей істей беру керек қой. Бір-екі қара тапса, малға бөге қалған кісімсіп, «маған мал жоқ па?» дегендей қылып, еріншектікке, жалқаулыққа, салғырттыққа, кербездікке салынады. Үшінші — «дархансыз ғой, өнерлісің ғой шырағым», немесе «яғни, нең кетеді, осыны ғана істеп берші», дегенде «маған да біреу жалынарлыққа жеткен екенмін» деп мақтанып кетіп, пайдасыз алдауға түсіп, қу тілге алданып өзінің уақытын өткізеді», — деп ұлы ойшыл қазақи психологияға сай қарапайым өмір күйбеңінен пайда болатын адам бойындағы кісімсу, көлгірсу, мақтану сияқты келеңсіз іс-әрекетті мінеп, аз ғана қолы жеткен табысқа тоқмейілсіп жалқаулық пен еріншектікке салынғандарды сынайды.

Абайдың адами жетілуі, толық адам туралы тағлымы Сократтан бастау алған. Платондағы сүюді сүйеніш, тірек еткен адам қытайлардың «дао» іліміндегі әбден жетілген адам (современно мудрый человек), шығыс ойшылдары мен суфизимдегі камили Инсани мен пенделіктің кәмәлаттығына ұмтылған адам жуанмәрттілікпен сабақтасып, туыстасып жатыр. Абайдың адамгершілікті жырлаудағы ең басты жаңалығы мен жетістігі де осы. Олардағы халықтық педагогика мен психология мәселесі құбылыс ретінде әбден жетілген толық адам арқылы көрініп, ең түпкі мәні махаббат пен әділет, ізгілікке дейін дамып ұштала түседі. Әбден жетілген, толық адам мен оның негізі — сүю, әділет, ізгілік аралығында адамгершілік асыл қасиеттің қыр-сыры жан-жақты ашыла береді. Ұлы Абайдың «Адам» ұғымына байланысты айтылған бұл пікірлерінің негізі адамгершілі мол, сүйе білетін және сүйікті

бола алатын, толық адамның яғни, бізше тұлғаның бойындағы әділеттілік, ізгілік, адамгершілік қасиеттері қазіргі заман талабына лайықты. Ұлы Абай бұл игі қасиеттерді одан әрі жалғастырып, адам мен қоғам арасындағы байланысты еңбекпен, біліммен, ақыл-ой санамен байланыстырады. Ол халық болмысын адамның кісілігімен, қабілет-қасиетімен түсінуге әрекет жасайды. Абай адам табиғатын этикалық тұрғыда қарай отырып, оны тұтас алғанда кісілік қалпын, ұжданын «Сегіз қырлы, бір сырлы» сырбаз адамның яғни кемеліне жеткен толық адамның кейпін алға тартады. «Адам деген атым бар, қайтіп надан болайын», -дейді Абай. Сол арқылы неден қашық болуды, неге жақын болуды, жақсылық пен жамандықты ажырата отырып, бойында имансыздық пен надандық қасиеттері бар адамдарды сынайды. Ол: «Тілеуді құдайдан тілемей, пендеден тілеп, өз бетімен еңбегімді жандыр демей, пәленшенікін әпер демек құдайға айтарлық сөз бе? Құдайдың біреу үшін біреуге жәбір қылуына лайығы бар ма? Екі сөздің басын қосарлық не ақылы, не ғылымы жоқ бола тұра, өзімдікін жөн қыламын деп, құр өй, тәңірі-ай, деп таласа бергеннің несі сөз? Оның несі адам? Оларды «мұсылман» деп, қалайша иманы бар ғой дейміз. Надандарға бой берме, Шын сөзбенен өлсеңіз!»-деп, адами қасиеттерді талдап көрсетеді.

Ұлы Абай: Әділет пен ақылға, Сынатып көрген білгенін, -деп, дүниеде «ақымақ көп, ақылды аз», өмірдің тірегі ақылда, ғылымда, ақылдыларда, «ақыл сенбей сенбеңіз, бір іске кез келсеңіз», деп шындық үшін, ақиқат үшін қажымай-талмай соқпақ іздеудің қажеттілігін айқын аңғартады. Сонымен қатар қазақ қоғамының сол кездегі болмысына қатты күйзеледі, өмір тіршілігінің мүшкіл жайларын аяусыз сынайды. Абайдың күйігі — қайғының, үмітсіздіктің күйігі емес, халқын, елін сүюдің, оның келешегіне жол іздестірудің күйігі. Алайда Абайдың күйігі өмірден түңілген пессимистік түңілу емес. «Жамандықты кім көрмейді? Үмітін үзбек қайратсыздық... қары қалың қатты қыстың артынан көгі қалың, ағы мол, жадыраған жаз келмеуші ме еді?», -деп Абай жақсылықтың болатынына кәміл сенеді.

Ұлы Абай шындықты ту ететін, ақылын өміріне серік қылатын, жамандықты көре білетін, халқының ертеңін ойлайтын, елін сүйетін азаматын бағалайды. Қандай «қары қалың қатты қыс болса да, ертең оны ерітетін көгі мол көктемнің келетініне», сенімі мол болған. «Қары қалың қатты қыс» деп, Абай, жүрегі суық, пейілі тар, пиғылы жаман, ақылсыз, адам баласына зиянды топ өкілін айтып отырса, «көгі мол көктем» деп, шуақты күндей жайдары, еліміздің ертеңін ойлайтын, жаны жайсаң, өсіп келе жатқан жас ұрпағын айтады. Мұндай тұлғасының бойында ақылы мен адамгершілік қасиетінің және білімінің сабақтасып жатуын қалайды, ұрпағын сол игі қасиеттерге уғыздайды.

Ақыл-ойдың даму дәрежесі талаппен байланысты болады. Алайда, кейбіреулер белгілі бір талап кімде болса, сол ғана ақыл таба алады, ал кімде талап аз болса, сол ақыл таба алмайды дейді. Бұл бекер деп үйретеді Абай. Өйткені талап әр балада да бар, бірақ ондағы «жан» қуаты басында кішкене болады, ескермесе жоғалып та кетеді, тек ескерсе ғана, күтіп аяласа ғана зораяды дегенді айтады қырық үшінші қара сөзінде.

«Адам баласының ең жаманы — талапсыздық». Ақылды адамда айрықша үштүрлі сапа болу керек: Оның біріншісі, «орысша подвижной элемент» деп аталады. Ол — не көрдің, не естіп білдің, оны тездікпен ұғынып, оныменғана шектелмей, «арты қайдан шығады, алды қайда барады» — соған байланыстырылып отыратындығы... Енді екіншісі — орысша «сила притягательная однородного» деп аталады. Барлық естігендерің мен көргендерің яғни барлық қабылдағандарың соған ұқсас басқа заттармен, құбылыстармен салыстырылып, олардың ұқсастық жақтары айқындалып отырылуы керектігін айтады. Абай жаңа қабылдаулардың ұқсастық жақтарына қосып қоймайды, оған ақыл-ойдың, қоршаған дүниенің үздіксізтануға бағытталғандығын, білмекке құмарлығы мен құштарлығын да қосады.

Үшінші сапа деп, Абай жүрек сезімін көрсетеді. Абайдың айтуы бойынша, жүрегіңді мақтаншақтық, пайдакүнемдік, жеңілтектік, салғырттық сияқты төрт түрлі пайдасыз нәрселермен кірлетпей

сақтасаң, онда сырттан ішке барған әрнәрсенің суреті жүректің айнасына анық болып түседі. Осы төрт нәрсемен жүректі кірлетіп алсаң, онда жүректің айнасы бұзылатындығын, ия қисық, ия күңгірт көрсететіндігін де нақтылап көрсетеді.

«Мансап сүйгіштік, мақтаншақтық, ашуланшақтық, өтірікшілік осыған ұқсаған әрбір күңгірттік маскүнемдікке тартып, құмарқылып, ақылданшығарыпжіберетіннәрселер осы екуіненболады»-дейді.

Абай атамыз әр-бір істелінген істің дұрыс немесе бұрыстығын анықтап, істеген ісіңе жауап бере алатын бол; істелінген істің жақсы немесе жаман екендігін әр уақытта салыстырып, терең зерттеп оның адамға пайда келтіретін жағын анықта; мақтаншақтық, пайдакүнемдік, жеңілдік пен салғырттықтан бойынды аулақ ұста, сонда ғана адамдық, адалдық қасиетті бойыңа дарытасың, деген пікірлерін ұрпағына өсиет етеді. Ұрпағының жаман әдеттерден аулақ болуы, жаманшылықтардан арылу үшін ақылды және қайратты болуы керектігін баса көрсетеді. Сонымен қатар адам үнемі әрекетте болуы керек, білімін, кәсібін үнемі дамытып отырған жағдайда ғана өмір талабына, уақыт сұранысына ілесе аласың, деп жастарды еңбек сүйгіштікке, адалдыққа, болашақты болжай білуге тәрбиелейді.

5. АБАЙДЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Абай өз заманындағы жас ұрпаққа, «көкірегі сезімді, көңілі ойлы» адамдарға үміт артып, олардың жүрегін оятып, оларды өзінің озат мақсат мұраттарына тартуға ұмтылды. Жастарды өнімді еңбек етіп, ғылым мен білімге ұмтылуы, алға қойған мақсатқа табандылық көрсетуі, міне, осындай асыл қасиеттерді уағыздау Абайдың бүкіл өмірінің идеялық желісіне айналады. Абайдың ойшылдыққа, даналыққа жетелейтін принципі, этикалық ұстанымы «Адам бол» деген ұғымды білдіреді. Ұлы Абайдың қай шығармасын алсақ та адамға, оның өмірінің дұрыс қалыптасуына, еңбекті сүюіне, кісі ақысын жемей адал болуына арналған. Абай шығармаларының негізінде жас ұрпақтың бойына ұлтымыздың ұлттық қасиетін сіңіріп тәрбиелеу, жауапкершілік қасиеті мол іс демекпіз.

Адамның тұлға ретінде қалыптасу процесінде өскен ортаның тәрбиенің рөліне үлкен мән бере отырып, ұлы ақын әркімнің өзін-өзі жүйелі түрде тәрбиелеп отыру керектігіне айрықша көңіл бөледі. Өзінің «он бесінші қара сөзінде» ол: «Егер есті кісілердің қатарында болғың келсе, күніне бір мәртөбе, болмаса жұмасына бір рет өзіңнен өзің есеп ал. Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірінді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің? Жоқ болмаса, не қылып өткізгенінді өзің де білмей қалыппысың?»-дейді.

Ұлы Абай мұнда: «Өз өміріңе өзің сын көзбен қарай біл, қажетсіз іс-әрекеттен тыйылып, пайдалы іс істеуге дағдылан, сонда ғана «есті адам» бола аласың», - деп адам өміріне үлкен мән береді. Күнделікті күйбең тіршілікте көзді ашып-жұмғанша өтіп жатқан «уақыт» атты алыптың шырмауында қалмай қажетті тұрмыс-тіршілігімен айналысып, бос уақытыңды дұрыс мөлшерлей біл, білім алуды бойыңа қалыптастыр дегенді айтады. Абай мұрасын жүйелей келіп, адамның жетілу жолын үш сатыға бөлуге болады. Оның жетілмеген төменгісін ол «жарым адам» деп атаса, материалдық жетілуді «адам» деп, ал ең жоғарғы, рухани жетілуді «толық адам» деп атайды.



80-сурет. Абай ұлдарымен бірге. Ақылбай (сол жақта)
және Тұрағұл (оң жақта)

Егер ақыл болмаса, адамның хайуаннан өзгешелігі болмас еді, дейді ұлы Абай. Адамның ақылы оның барлық әрекетін, соның ішінде оның еркін де басқарып билеп отыруы тиіс. Егер адамның еркі жоқ болса, онда ақылдың өзі де мақсатсыз өзімен-өзі болып кетер еді.

Жүректе ақыл болмаса
Ұйықтаған ойды кім түртпек.
Ақылға сәуле қонбаса,
Хайуанша жүріп күнелтпек.
Аспаса ақыл қайраттан,

Тереңге бармас үстірттер,-деп Абай сана арқылы ғана (Абай сананы көп ретте оймен және ақылмен бір деп қарайды) адам объективтік шындықты таниды, ғылымды меңгереді, қас пен досты, ізгілік пен залымдықты ажыратады, санасыз немесе ақылсыз ешнәрсе танылмайды, білінбейді. Ақыл бұл дүниенің де, ол дүниенің де мәнін ашып береді,-дегенді айтады.

Адам бойындағы **бірінші** жерде ақылдылық пен саналылық қасиетін ұлы Абай жоғарыдағы берілген өлең жолдарымен ашып көрсетіп отыр. Ақылы мен санасы арқылы өмірдегі шындықты таниды, жаны тереңге бойлайды, бұл дүниенің жақсылығын танып біледі тіпті ол дүниені де шарлайды. Ол өзінің «отыз тоғызыншы қара сөзінде» былай дейді: «Рас, бұрынғы біздің ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан» білімі, күтімі, сыпайы тілі, тазалығы төмен болған. Бірақ бұл замандағылардан артық екі мінезі бар еді. Сол екі ғана тәуір мінездерін жоғалтпай тұрсақ, біз де ел қатарына кірер едік. Енді сол екі мінез жоқ болған соң, әлігі үйренген өнеріміздің бәрі де, адамшылыққа ұқсамайды, сайтандыққа тартып барады; жұрттықтан кетіп бара жатқанымыздың бір себебі сол. Ол екі мінез қайсы десек: Әуелі сол заманда ел бастайтын, топ бастайтын кісілер болды... «Қой асығын қолыңа ал, қолыңа жақса саққа ғой» — «Бас-басыңа би болсаң, Манар тауға симассың. Бас алқаңыз бар болса, жанған отқа күймессің», деп тілеу қылып, екі тізгін бір шылбырды соған бердік. Оны зор тұтып, әулие тұтып, онан соң, жақсылары да көп озбайды

екен... Бәрі өз бауыры, өз малы болған соң, шыныменен жетесінде жоқ болмаса, олардың қамын жемей қайтеді?», - дейді.

Екіншісі: «Намысқор келеді екен. Аты аталып, аруақ шақырылған жерде, ағайынға өкпе, араздыққа қарамайды екен. Жанын салысады екен. «Өзіне ар тұтқан, жатты зор тұтады екен» - деп, «аз араздықты қуған көп пайдасын кетіреді», деп «ағайынның азары болса да безері болмайды» - деп; «алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді», десіп, «жол қуған қазынаға жолығар, дау қуған пәлеге жолығар» деседі». «Кәнеки осы екі мінез қайда? Бұлар да арлылық, намыстылық, табандылықтан келеді. Бұлардан айрылды. Ендігілердің достығы бейіл емес, алдау. Дұшпандығы кейіс емес, не күндестік, не тыныш отыра алмағандық» - деп, Абай өзі өмір сүрген заманын осылайша сынайды, жақсысын саралап көрсетуге тырысады. Кейінгі ұрпағына ол заман жайында ой толғап, керегін тандап ал деп уағыз айтады.

Халқымыздың «қойшы көп болса, қой арам өледі», «көп қосшыға, бір басшы», деген нақыл сөздерімен ұлы ақынның ойы тоғысып жатыр. Ол басшының өз жұртының қамын ойлап, намысын қолдап, ақылмен ел билеуін меңзейді. Заманына қарай адамы, деп қай заман болмасын ел басшыларының арлылық пен табандылықты ту етіп, күндестіктен арылғанда ғана әділ басшы бола алатындығына тоқталады.

Абай адам бойындағы өзгеше бір қасиеттерді ғылым-біліммен байланыстырады. «Білім-ғылым үйренбекке талап қылушыларға әуелі білмек керек...» талаптың өзіндік шарттары бар. Абай шарттарының қысқаша мазмұны мынандай:

Бірінші шарт: Білім ғылымды ізденуге күнделікті ұсақ іске жарата қою үшін, немесе біреуден артылу үшін, ерекшеленіп мақтану үшін іздену болмау керек. Ғылымға алдымен берік ынта-ынттықтық, білмегенді біле беруге құмарлық, махаббат керек. Білмегенінді білген сайын сол құмарлық арта бермек. «Адамның көңілі шын мейірленсе, білім ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түседі. Шала мейір шала байқалады», - дейді.

Абай бұл жерде адам бойындағы білімге деген сезімнің тазалықпен, адалдықпен, адамдық қасиетпен ұштасып жатуын айтып отыр. Өміріңнің ізгіленуі-ол ғылым іздеу. Білім мен ғылымның тереңіне бойлап, білмегенінді білу, ғылым алдында ар ожданымды жоғалтпау, ол жолда аянбай еңбек ету керектігін Абай да өз еңбектерінде терең талдаған. Біздің сөз қозғап отырған тақырыбымызда ұлттық тұлға бойындағы қасиеттің бірі-білімділік, ғылым меңгеру десек, шын ғылымды сүйетін адам ғана оның бақытына кенеле алады. Ол жолда көз майын таусып еткен еңбектің ғана жемісін көреді деп, ойымызды Абай ойымен толықтыра түскіміз келеді.

Абайдың пайымдауынша, білім-ғылымның **екінші шарты**: Ғылымнан ақиқат табу мақсатын қою. Таластан пікір ашылады, шындық ашылады, көңіл бекиді. Бірақ, таласта өзімдікі ғана дұрыс деп қатып қалу жарамайды. Ондай өз пікірін ғана іске асыруды мақсат етіп қоюдың түбінен менмендік, өзімшілдік пайда болады. Оның ақырынан адамдыққа да, ғылымға да зиян келеді дегенді айтады.

Үшінші шарт: Әрнәрсенің шындығына өз көзің толық жеткенде ғана, сенімің берік болғанда ғана, соны ғылым тұт. Сенімің берік болмаса ол ғылым емес. Ақиқатына көзің жетсе, онан ешуақытта айрылма.

Төртінші шарт: Ғылымды үздіксіз зорайтып, молайтып, көріктеп отыратын нәрсе керек, ол — ақыл-ойдың ісі: Ақыл-ой арқылы көркейіп отырмаса ғылым дамымайды, өспейді дейді.

Бесінші шарт: Ғылымды игеруде салғырттықтан, еріншектіктен сақ болу керек. Оны іске асыруда белгілі болған жақсыларын әрі қарай дамыта беру керек, жарамсыздарын тастау керек.

Алтыншы шарт: Ғылым білімді еске сақтарлық ұстамдылық қажет, ақыл-ойдың, мінездің беріктігі керек, ол үшін қайрат керек. Ғылымды да, ақылды да сақтайтын сауыт сол ұстамдылық, табандылық мінез, деп ғылымның ерекшелігін, оның жолындағы адал еңбекті, қажетті шарттарды даралап көрсетеді.

«Сол мінез бұзылмасын, көрсе қызарлық пен жеңілдік я біреудің орынсыз сөзіне, бір кез-келген қызыққа шайқалып қала берсең мінездің беріктігі бұзылады. Онан соң оқып үйреніп те пайда жоқ, қоярға орны жоқ болған соң оларды қайда сақтайсың? Қылам дегенін қыларлық, тұрам дегенінде тұрарлық, мінезде азғырылмайтын ақылды, арды сақтарлық беріктігі, қайраты бар болсын. Ол бір ақыл үшін, ар үшін болсын», - деген ұлы Абай.

Жалпы адамды көріктендіретін оның — мінезі. Оны ұлы Абай өзінің еңбектерінің өн бойында үнемі баса айтып отырған. Абайдың пайымдауынша адамның ақылы мен ұстамдылығы, табандылығы сол мінезі арқылы көрініс табады. Алдына қойған мақсатқа жету үшін және оны іс жүзіне асыру үшін де оның мінезі шешуші рөл атқарады. Мінезді «туа біткен», «қанға сіңген» мінездері деп жіктеп жатамыз, жалпы бұл сөздің де негізсіз емес екені анық. Ұлттық тұлға бойында болуға тиісті тағы да бір ерекше қасиеті ұлттық мінезге тән қасиет-ол ұлт қайраткерлерінің бойына тән сабырлы, ақжарқын, кең пейілді, шыншыл, ойлы, парасатты болуымен қоса ұлтымызға тән игі қасиеттерді яғни көпшілдік, қонақжайлылық, туысқаншылдық қасиеттерді бойына сіңіруі. Абайша айтқанда «Ақыл, қайрат, мінезді» бірдей ұстайтын ұстамды, қайратты мінезінің болуы.

Адам туралы ерте заманнан айтылып келе жатқанңыз да, ақиқат та көп. Мың сан ғұлама ғалымдар адам болмысы хақында не айтпады дейсіз? Әлемде адамнан өткен құпия жоқ. Табиғатта адам арқылы түсіндірілмек. Адам құпиясы нақ тармақ болып пайғамбарлар неше түрлі ой-пікірлер айтты. Әртүрлі діни көзқарастар ойлап тапты. Адамды дін арқылы, яғни оны өзге құдірет арқылы түсіндіруге жасалынған талпыныс адамзат санасында өз жемісін де берді.

Өмір болмысын, адам болмысын барша жұрттың бірдей түсінуі мүмкін емес. Оны ұлы Абай да түсінбеген. Ол-құпия. Абай: «Мені» мен «Менікінің» айрылғанын «Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес» - дейді. Абайдың «мен» деп отырғаны — адамның тәні, табиғаты. «Мен» деген ұғым тек адамға қатысты қолданылады. Ол сөз жануарларға, хайуанаттарға қатысты қолданылмайды. Олардың

«Мені» жоқ. «Абай менінде» үш мән бар: тән, жан, рух. Тән жалғандық, ол биологиялық заңдылықтарға бағынышты. Ислам діні адамның тән тазалығына қатты көңіл бөлген. Тәні таза адамныңжаны да таза, тәнісаудың, жаны да сау. Рух тәнтазалығынқажететеді. Осы тәнтазалығынаәркімніңменіе. Адам өзболмысынажауапты, бұлжауаптылықоның «мені» арқылайқындалмақ.

Абай ұғымында адамды «өлді» деп, ат қою білместік. Адамды кеудесінен жаны шыққан соң, «өлді» деп ұмыту, оны санаттан шығарып тастау, адамшылық қағидасына кереғар түсінік-ұғымдар қалыптастырады. Ол адамды құрметтемеуге бастайтын жол. Ал, құрмет — адамға ғана лайық лауазым. Бүкіл әлемде адам ғана құрметті. Бұл ұғым адамнан өзгеге қолданылмайды. Осы құрмет «мен» мен «менікі» айрылғанда да жоғалмауы керек. Адам мәңгілік өлмейді, оның жаны тәнінен бөлініп, болымысы рухқа айналады. Осы қағиданы Абай бір-ақ ауыз өлеңмен тап-тұйнақтай етіп өрнектеп берген.

Өлсе өлер табиғат адам өлмес,
Ол бірақ қайта келіп, ойнап-күлмес.
«Мені» мен «Менікінің» айрылғаның,
«Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес.

Адам болмысының құпиясына өзінің философиялық тұжырымын Абай осылайша айтып кеткен. Қазақ философы Ә. Нысанбаев «Абай дүниетанымы мен философиясы» атты еңбегінің «Адам мен Алла» деген бөлімінде Абайдың діни дүниетанымын біршама талдап, құнды пікірлер айтқан. Адамға, адам болмысына, тұлға мәселелеріне Абай көзқарастарымен ғылыми пікірлеріне тоқтала отырып, Абайдың діни көзқарасты, оның ішінде мұсылман дінін тіптен жоққа шығармағандығына тоқталады. Ол жайында Абай:

Руза, намаз, зекет, хаж-талассыз іс,
Жақсы болсақ, жақсы тұт бәрін тегіс.

Бастапқы үшін бекітпегі соңғы төрті,
Қылғанменен тартымды бермес жеміс - дейді.

Абай намаз оқу, ораза тұту, жетім-жесір, кем-бағалдарға зекет беру, мүмкіншілік болса хажыға бару, міне осының барлығын қолдаған. Не нәрсе болса да ақылға салып, қажеттілігін алуды уағыздаған. Бодандыққа түсіп, «дін апиын» деген заманда да адам баласы өз-өзінен безген жоқ. Зұлымдықтың барлығы да дінсіздіктен басталатынын жақсы білеміз. Жаның мен тәніңнің тазалығы да дінмен байланысты, мұсылманшылдықпен сабақтас. Бес уақыт намаз оқыған адамның бойында тазалық пен адалдық болатыны анық, олардың адамдықтан азғындамай, әдептілікті жоғары ұстайтыны да ақиқат. Жаны мен тәні таза адамның рухы, сенімі, мінезіндегі беріктігі де дұрыс сқалыптасады. Қазақ халқының бойындағы игі қасиеттерінің бірі — аруақты сыйлау, оған ізет көрсету, рухына құран бағыштап, сол арқылы ұрпағын имандылыққа тәрбиелеу. Жас ұрпағымыздың бойында ұлы Абай уағыздаған имандылық қасиеті болса, ол ұлттық ерекшелігімізді дұрыс түсініп, мейрімсіздіктен, дінсіздіктен аулақ болар еді. Қазіргі заманда әртүрлі діни көзқарастар мен бағыттардан ұрпағымызды сақтандырудың да тағлымдық мәні зор. Бүгінде түрлі діни ағымдар арқылы жастардың ойларын бұзып, тіптен олардың санасына біздің еліміздің саясатына қарсы көзқарастарды енгізу белең алып тұрғандығы да шындық. Ұлттық болмысымыздағы діни көзқарасымызды ұрпақ бойына дұрыс бағытта қалыптастыру қажеттілігін Абай дер кезінде түсінген.

Білмекке құмарлық — жан құмарлығы. Талаптылық әр түрлі өнер, жақсы мінез, жақсы қылық — жан тәрбиесінің ісі. Абайдың көздегені — адамды адаммен жарастыру, шеберлілікке, саналылыққа баулу. «Сүйікті ер білген сырын сыртқа жаймас, Артынан бір ауыз сөз айтып күлмес» — деген мінезді қолдау. Абай ұраны: «Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде. Сонан тапқан — шын асылды тастай көрме», - деуі. Жігерлілер жан тәрбиесі жетілгендер, олардың меже-мерейі адамдық. Адамдықтың керегі-талаптылық пен табандылық, үлкен ісі — жолдастық, сыйластық, кәсіптікке берілу. Абай татулық пен

өнерден басқа артық жолдас таппады. Оның сүйенгені де, сенгені де осы қасиеттер болды. Абайға сұхбаттасудың үйреткені — «сыртын танып іс бітпес, сырын көрмей», орынсызды айыптау, түзу жолдан қайтпау, жақсылық қылар орында аянып бойын тартпау. Бұл бағдарлар сыйласуға да, сұхбаттасуға да ортақ талаптар.

Қазақстанның нақты материалдық және рухани жай-күйі тәуелсіз мемлекеттің қаз-қаз тұрып келе жатқанын (экономикалық, саяси және хұқылық) көрсетеді, ал рухани жағынан алсақ, терең тоқырауды бастан кешіріп отырмыз. Оның түп-тамыры бұрынғы «Социалистік» отаршылдық жүйеде жатыр. Қазақтардың қоғамдық мұраттары өзінің мәні жағынан өмірлік деуге болады. Біріншіден, ол тарих сынының тегеурініне төтеп береді, екіншіден, халық көптеген қиыншылықтарды жеңе отырып, сол қоғамдық мұраттарды қажетті құндылық ретінде кейінгі ұрпаққа бере білді, үшіншіден, тарихтың өзі қазіргі ұрпақты осынау рухани байлықты сақтап, байыта білуге шақырып отыр.

Бәрінен бұрын ең алдымен жаңа қоғамдық қатынастарды, жаңа сана-сезімді қалыптастырудың күрделі процесінде сол мұраттарды іс жүзінде пайдалана білген жөн. Мұның ұлттық сана-сезімді, ұлттық идеологияны, халықтық салт-дәстүрлерді қалыптастыруға, ана тілді дамытуға, патриоттық сезім мен ұлттық мақсатты өсіруге, жастарды ата-анаға, үлкенге, халыққа және тарихқа құрметпен қарауға тәрбиелеуде ықпалы айрықша.

Адам баласына адам баласының бәрі дос. Қысқа өмірде адам өмірге қалай келсе, бұл өмірден солай өтеді. Сондықтан көрсе қызарлықтан, күндестіктен аулақ бол, құдайдан жақсылық тілеп, адал еңбек қыл деп, өзінің отыз төртінші қарасөзінде адамдарды бір-бірімен достық қарым-қатынаста болуға шақырады. Бұл дүниеде еш нәрсе де мәңгі еместігін айтады. Адам болып келген соң, адам болып кету керектігін дәлелдейді. Сонымен қатар ұлыақын: «Адамзат жарастықты өмір сүріп, тыныштық пен тұрақтылықта адамдық құндылығын жоғалтпаса, тыныштық қуаты жүректе, ал келісім қуаты-қайратты, ерікті, иманды кісінде»- дейді. Адамның адамдығы-оның ақылы мен өнерінде, надандығы-жікшілдікте, өзара

көреалмаушылық пен көрсе қызарлықта, ол мінез адамдарды бірбірімен жауластырып қоятындығын айта отырып, ұрпағын ондай келең сіздіктен аулақ болуға үндейді. Ұлттық тұлға бойындағы ұлы қасиеттердің бірін Абай — имандылық қасиеті деп білді. Имандылық қасиеті бар адамның жүрегі жылылықты, тыныштықты қалайды; өзара көреалмаушылық пен көрсе қызарлықтан аулақ болып, қайраттылықты, ерікті бойына жақын ұстайды деп түсіндірді.

Ақындық өнерді өзіне өмірлік мақсат етіп, өз өлеңдерін қағаз бетіне түсіруге Абай тек 80-жылдардың ортасында жұмыла кірісті. Ақынның «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек», «Сегіз аяқ», «Ғылым таппай мақтанба», «Болыс болдым мінеки» секілді таңдаулы көркемдік туындыларының қай-қайсысын алсақ та оларға идеялық арқау болатын келелі мәселелер — білімге, адал еңбекке, әділеттілікке шақыру, надандықты артта қалу кесапатын айыптау, алауыздық пен керіс-тартысты, өкімет билігін теріс пайдалануды әшкерелеу екені бірден байқалады. Халықтың ауыр тағдырын, өмір-тұрмысын ерекше шеберлікпен, нанымды көрсете отырып, Абай халықты қоғамдық асыл мұраттарға жетуге ынталандырады. 19 ғасырда өмір сүрген данышпан, ойшыл Абай Құнанбайұлы шығармаларынан дүниеге көзқарас, болмыс, табиғат құбылыстарының сыры, оның үнемі өзгерісте болатынын, мұның өзі дамудың табиғи заңдылықтары екендігін оқып, үйренуге болады.

Ұлы ақынның өмірінің соңында жазылған 45 қарасөзі мен өлеңдерінің біршамасында қоғамдық ой-пікірлері ашық та айқын жазылған.

Абайдың адам мен қоғам жайындағы концепциясы — қазақ топырағындағы жаңа концепция. Абай адамды белгілі қоғамдық өмірдің жемісі, нәтижесі ретінде қарады, оның қимыл-әрекетін, психологиясын, моральдық келбетін өмірге, әлеуметтік тұрмысқа байланысты көріп, бағалап бейнеледі. Мысалы, Абай өлеңдерінде неше түрлі болыс-байлардың әлеуметтік тұлға дәрежесіне көтерілген, жинақталған бейнесін бүкіл іші-сыртымен көз алдымызға келтіреміз. Абай адам бейнесін қоғамдық орнына, мүддесіне, сол мүддеге жету

жолындағы ішкі сезімі мен айла-тәсіліне байланысты жасады. Ол өз заманындағы сан түрлі әлеуметтік топтардың барлығын да осы тұрғыдан терең зерттеп көре де, бейнелей де білді.

Ақынды қайғыға салған өз басының қамы емес, айналадағы өмірдің ащы шындығы, кем-кетігі, қайшылықтары екендігі еш талассыз. Тағы бір назар аударарлық нәрсе - өмірдің тұрлаусыз екендігі, баянсыздығы жайлы тұжырым мен ақылды адамның мінез-әрекетін, надан, ақылсыз кісінің әдетін айту, немесе ел билеудің қиындығы жайлы тұжырым мен ақылды адамның мінез-әрекетін, надан, ақылсыз кісінің әдетін айту, немесе ел билеудің қиындығы жайлы пікір — осыларды өз алдына бөлек алып қарағанда, өз ара байланысы аз болып көрінуі де ықтимал сияқты.

Ақынның қоғам туралы ой-пікірлері бүгінгі өмірмен де тікелей байланысты.«Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңінде: Керек іс бозбалаға — талаптылық, Әр түрлі өнер, мінез, жақсы қылық. Кейбір жігіт жүреді мақтан сөйлеп, Сыртқа пысық келеді, көзге сынық. Кемді күн қызық дәурен тату өткіз, Жетпесе біріңдікін бірің жеткіз Күншіліксіз тату бол шын көңілмен,

Қиянатшыл болмақты естен кеткіз, — деген ақынның философиялық ой-толғамы бүгінмен ұштасып жатыр. Ақынның өзі өмір сүрген ортаны, тағдырдың талқысына түсіп, шырқы бұзылған халықтың, ел-жұрттың бейнесін асқан көркемдік шеберлікпен суреттейтінін «қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңнен айқын көреміз. Қажет деген жерінде ақын сөз тигізетін адамдар тобын саралап, бөліп айтады. Мысалы, «ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді» дегені өңкей қырт, мылжың адамдарға қатысты болса, «бас-басына би болған өңкей қиқым» дегені елдің сиқын бұзып жүрген, қолындағы күші азайған, ұлыққа, мансабы жоғары шенеунікке бағынышты болыстарға қатысты.

Абай халық туралы сөйлегенде, ел жайын қозғағанда кейде «қазақ», «халық», «ел», «жұрт» деген сөздерді қолданады. Бірақ есте тұратын нәрсе — осы сөздердің нақтылы мағынасы ылғи бірдей болмай, айтылатын ойдың орайына қарай әр түрлі келеді. Елдің елдігін танытатын үлкен ұғым ретінде «халық», «қазақ» дегенді

көбірек айтса, «ел», әсіресе «жұрт» деген сөзді телісі бар, тентегі, аласы бар, құласы бар дегендей көпшілік деген мағынада жиі қолданады. Сөйтіп, «ел», «жұрт» деген ұғымдар арқылы сыншы ақын қоғам өміріндегі әр түрлі қарама-қайшылықтарды ашып көрсетуге ұмтылады.



82-сурет. Абайдың ұлы Тұрағұл Алаш белсенділерімен

Абайдың ақындық өмірінде әлеуметтік мәселелерге арнап көбірек өлең-жыр жазған кездері: 1885–1890 жылдар арасы, оның ішінде, әсіресе 1886, 1889 жылдары ол аса күрделі еңбек жасады. Осы екі жыл ішінде жазған 40 шақты өлең-жырларының бірен-сараны болмаса, басым көпшілігі жұртшылық жайынан, әлеуметтік саяси хал-жағдайлар жайларынан жазылған.

Ақынның қоғам туралы ой-пікірі білім-ғылыммен ұштасып жатады. Білімге арнаған өлеңдерімен қатар 32-ші карасөзінде білім-ғылымның талаппен табылатынын, ал талаптың 6 шарты бар екенін айтады.

1. Адам көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де мейірленеді
2. Ғылымды үйренгенде ақиқат мақсатпен білмек үшін үйрену
3. Ақиқатқа көзің жетсе, өлсе айырылмау
4. Білім, ғылымды көбейту үшін мұлахаза (ойлау, пікірлесу)

5. Салғырттық құдайдың, халықтың, дәулеттің, ғибраттың, ақыл, ардың дұшпаны

6. Ғылымды, ақылды сақтайтуғын мінез деген сауат бар. Сол мінездің бұзылмауын айтады.

Ақын өз кезеңіндегі әлеуметтік қайшылықтар, теңсіздіктерді көре білді. Сонымен қатар, өмірдегі барлық өзгерістер адам өміріне тығыз байланысты екенін айтады әрі адам мен қоғам іштей сабақтастықта болып, бірінсіз-бірі күн көре алмайтынын дәлелдейді.

Ақынның өз заманымен, қоғам өмірімен қатынас-байланысы, жалпы дүние-болмыстан алатын әсерлері сан алуан, оны бірнеше нақтылы жай-жағдайлармен шектеуге, бір жақты тар көлемде түсінуге болмайды. Басты мәселе Абай халықтың түбегейлі мүддесін, арман-тілектерін қаншалықты терең ұғынып-түсініп, қандай ойшылдық деңгейде, қандай көркемдік қуаттылықпен айтып жеткізе алатын алғандығында. Ақын үлкен творчестволық тұлға болып қалыптасып, жетіліп, кемеліне келуі үшін тиісті қоғамдық жағдай, аса зор дарын мен даналық, үздіксіз еңбек, ізденіс — міне осылардың түйісіп келуі шарт.



83-сурет. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан жастары

Бүгін біз Абайдың қазақ болмысын терең бойлай түсінуіне жол ашқан осы ел басқару ісіндегі болыстық және билік қызметі болғандығы жөнінде сенімді айта аламыз. Абай отаршыл билік жүйесі мен халықтың ара қатынасын сырттай бақылау арқылы емес, басқарушы билікке тікелей араласа жүріп көзімен көрді, сыншыл ой елегінен өткізіп таныды. Сондықтан да Абай сияқты ұлы талант иесінің мемлекеттік басқару ісіне араласуы ұлттық қоғамдық ойдың жаңа сапаға көтерілуіне негіз болғандығын мойындауымыз қажет.

Абай сол тарихи мезгілдегі патшалық сайлау жүйесінің қазақ қоғамы үшін аса зиянды індетке айналғандығын, қазақ халқын «бұзықшылыққа тартып, жылдан жылға төмендеп бара жатқанын» көріп, одан құтылмай ел ісінің оңбайтындығын терең ұғынды.

Басқаша айтқанда Абай отаршыл биліктің бұрыннан келе жатқан ұлттық мінез, болмыстағы кемшіліктерді тереңдетіп жібергенін көзімен көріп, бұл процесті жанымен сезінген ойлы тұлға. Ақынның қара сөздерінде бұл дағдарыстық құбылыстың нақты көрінісі берілген.

Ұлы ақын оны жеке тұлғаға, әлеуметтік топтарға байланысты береді.

Он төртінші сөзінде ол: «тірі адамның жүректен аяулы жері бола ма? Біздің қазақтың жүректі кісі дегені — батыр кісі дегені. Онан басқа жүректің қасиеттерін анықтап біле алмайды. Рақымдылық, мейірбандылық, әр түрлі істе адам баласын өз бауырым деп, өзіне ойлағандай оларға да болса игі еді демек, бұлар жүрек ісі ... Жұрттың көбінің айтып жүрген мықты жігіт, ер жігіт, пысық жігіт деп ат қойып жүрген кісілерінің бәрі — бәлеге, жаманшылыққа, мақтанға салынып, өз бойын өзі бір тексермей кеткен кісі, тәуір жігіт түгіл, әуелі адам ба өзі?» -деген негізді тұжырымға келеді.

Абай талдауынан өтпеген, Абай сынына ілінбеген, қазақ қоғамында әлеуметтік топ жоқ десе де болады. Жиырма екінші сөзінде ол: «Дәл осы күнде қазақтың ішінде кімді жақсы көріп, кімді қадірлейді деп ойладым. Байды қадірлейін десең бай жоқ. Бай болса да, өз басының, өз малының еркі өзінде болмас па еді? Ешбір байдың

өз малының еркі өзінде жоқ... Мырзаларды қадірлейді десең, осы күнде анық мырза елде жоқ, мал бергіш мырза иттен көп. Біреуі бір пайдама келтірем деп мырза болып жүр. Болыс пен биді құрметтейін десең, құдай берген болыстық пен билік елде жоқ. Сатып алған, жалынып бас ұрып алған болыстық пенен биліктің ешбір қасиеті жоқ.

Қазақ қоғамының әлеуметтік дертін байқап-тануда және оларды сынға алуда 20 ғасыр басындағы қазақ саясаткерлері, ойшылдары мен жазушылары Абайдан үлгі алды, өздерін ұлы ақынның шәкірті санады.

Бас-басына би болған өңкей қиқым, Мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқын?

Өздерінді түзелер дей алмаймын, Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың — деген Абайдың сын мектебі Әлихан, Ахмет, Міржақыптарға қазақ қоғамын терең түсіну үшін ғана емес, ең алдымен оны түбегейлі өзгерту үшін керек болатын.

Архив құжаттарының көрсетуіне қарағанда Абай саналы өмірінің «18 жылын ел басқару ісіне арнап, оның 12 жылында болыс, 6 жылында би болып, ғұмырын әр қилы айтыс-тартысқа толы оқиғалармен өткізді.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1. Абайдың поэзиясындағы XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қауымының бейнесі?
2. «Адам бол!» деген формула, тұжырым — Абайдың этикалық, моральдық, адамгершілік идеалы, мураты, принципі туралы түсінік?
3. Абайдың 32-ші қарасөзіндегі «Білім-ғылым үйренбекке талап қылушыларға әуелі білмек керек...» талаптың өзіндік шарттары?
4. Елдің елдігін танытатын үлкен ұғым «ел», әсіресе «жұрт» деген сөзге пікір?
5. Ақынның қоғам туралы ой-пікірлері бүгінгі өмірмен де тікелей байланысты.«Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат»?

Әдебиеттер тізімі:

1. *Исин А.* Абай мен Шәкәрім оқыған османлы тарихшылары туралы қараңыз: Шәкәрім оқыған османлы түрік шығармалары // Абай. — 2012. — № 4–6. — С. 50–54.
2. Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары (IX–XIX ғасырлар) / Құрастырған Б. Исқақов. — Алматы : Қазмембаспа, 1964. — 302 беттік.
3. *Мырзахметұлы М.* Абай және Шығыс. — Алматы : Қазақстан, 1994. — 208 беттік.
4. *Байтұрсынов А.* Қазақтың бас ақыны. Шығармалары. — Алматы : Жазушы, 1989.
5. *Бичурин Н.Я.* Иакинф Описание Чжунгарии и Восточного Туркестана в древнем и нынешнем состоянии. — Санкт-Петербург, 1829; Сонікі. История первых четырёх ханов из дома Чингисова. — Санкт-Петербург, 1829; Сонікі. Историческое обозрение ойратов или калмыков с XV столетия до настоящего времени. — Санкт-Петербург, 1834; Сонікі. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. — Санкт-Петербург, 1851.
6. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. II-т. — Алматы, 1977. — С. 89.
7. *Березин И.* Рашид ад-Дин. Сборник летописей. Персидский текст // Труды Восточного отдела Русского Археологического общества. — Санкт-Петербург, 1861. — Ч. VII.
8. Baber-nameh: / Diagatai se ad fidem codice petropolitani / edidid N. Płinski. — Casani, 1856.
9. *Вельяминов-Зернов В.В.* Материалы для истории Крымского ханства, извлечённые по распоряжению императорской Академии наук из Московского главного архива Министерства иностранных дел. — Санкт-Петербург, 1864.
10. Фәезханов Хәсәен. Тарихи-документальжиентык. — Казань, 2006. — С. 23.

11. *Казем-Бек А.* Ассеб ас-сейяр, или Семь планет, содержащий историю крымских ханов, сочинённая на турецком языке Сейид Ризою. — Казань, 1832.

12. Шиһабетдин Маржани. Мөстәфад әл-ахбар фи әхуали Казан уә Булғар. — Қазан, 1885.

13. Abul Ghasi, Bahadur Chani. Historia Mon-golorum et Tatarorum nunc primum ta-tarice edita. — Nicolai de Romanzoff. Casani, MDCCCXXV [1825].

14. Histoire de Mogolset des Tatars par Aboul-Ghazi Behadour Khan. Publiee, traduite et annotee par Le Baron Desmaisons. T. I. Texte. T. II. Traduction. — St.-Pbg., 1871–1874.

15. *Полетика И.* Критика философской системы Конта. — Санкт-Петербург, 1873; *Лесевич В.* Опыт критического исследования основ начал позитивистской философии. — Санкт-Петербург, 1877.

16. *Дарвин Ч.* Происхождение видов в царстве животном и растительном... — Санкт-Петербург, 1864; 1865; 1868; 1873.

17. *Гэксли Т.* О причинах явлений в органической природе. — Санкт-Петербург, 1866.

18. *Льюис Дж.* Вопросы о жизни и духе. Т. 1–2. — Санкт-Петербург, 1875–1876.

19. *Дрэпер [Дрейнер] Дж.* История умственного развития Европы. — Санкт-Петербург, 1866; 1873; 1874; 1880; 1885.

20. *Бокль Г.* История цивилизации в Англии. — Санкт-Петербург, 1862–1864; 1866; 1874–1875.

21. *Спенсер Г.* Социальная статика: Изложение социальных законов, обуславливающих счастье человечества. — Санкт-Петербург, 1872.

22. *Тэн И.* Философия искусства. — Санкт-Петербург, 1866; Сонікі. Очерки современной Англии. — Санкт-Петербург, 1872; Сонікі. История английской литературы. — Санкт-Петербург, 1876.

23. *Россель О.* Джон Стюарт Милль и его школа // Вестник Европы. — 1873. — Кн. V–X; 1874. — Кн. XII.

24. *Кеннан, Дж.* Сибирь и ссылка / пер. с англ. — Санкт-Петербург, 1906. — С. 131–148.

25. *Бабатайұлы Д.* Өсиетнама. — Қазан, 1880; *Қанайұлы Ш.* Қисса-и Шортанбай. Шортанбайдың бала зары. — Қазан, 1890.

26. *Радлов В.* Этнографический обзор тюркских племён Южной Сибири и Джунгарии. — Томск, 1867; *Потанин Г.Н.* Очерки Северо-Западной Монголии. Вып. I–IV. — Санкт-Петербург, 1881–1883; *Ядринцев Н.М.* Сибирь как колония. — Санкт-Петербург, 1882; *Вербицкий В.И.* Алтайские инородцы. — Москва, 1893.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТАРЫ

1–3 ТАҚЫРЫПТАР БОЙЫНША

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы. 2020 жылғы 08 қаңтар.

2. Ә.Н. Бөкейханов (1870–1937) Абай туралы ой-пікірлері.

3. М. Бікеұлының (1860–1917) жинап жүрген қолжазбалары арқылы Абайды тану.

4. К. Ысқақұлы Құнанбаев (1868–1915) Абайдың баласы Тұрағұлдың Ибрагимұлының (1876–1934) Абайдың мұрасын жинақтау туралы еңбектері.

5. М. Дулатов (1885–1935) ұлы Абайдың қайтыс болғанына 10 жыл толғанына орай 1914 жылы «Қазақ» газетінде жарияланған «Абай» атты мақаласы.

6. Е.П. Михаэлис (1841–1913) Абай танымына, батыс әдебиетін қалыптасуына себепші «Восточный сборник» атты кітапта Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы мәліметтер.

7. Иванов Д.Л. (1846–1924) жазушы, ғалым. «По киргизской степи» атты кітабында қазақ халқы туралы ойлары.

8. Н.С. Құлжанованың (1887–1934) — қазақ қыздарынан алғашқы журналист, педагог, әдебиетші жазушы, аудармашы. Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» мен «Жазғытұры» атты өлеңдерін алғаш орыс тіліне аударуы.

9. М. Жұмабаев (1893–1938) 1912 жылы Қазан қаласында (Татарстан) шыққан «Шолпан» атты жинағына «Алтын хакім Абайға» атты өлеңі.

10. Жүсіпбек Аймауытов (1889–1931) М. Әуезовпен бірлесіп «Абай» журналын ашқаны және қызметі туралы.

11. Шәкәрім Құдайбердіұлы (1858–1931) Абайдың інісі әрі замандасы, ақындық дәстүрін жалғастырушы шәкірті.

12. Абайтану» пәні — II кезеңі 1934 — 1961 жж. М. Әуезовтың Абайды әлемге танытуы.

13. 1965 жылы М. Мырзахметұлы тарапынан «Абай Құнанбаевтың әдеби мұрасының зерттелу жайы».

14. Абайдың замандастары ақындары Дулат, Шортанбай, Шөже, Балта, Тәттімбет, Қазақбай, Жанак, Түбек, Біржан, т.б. ақындардың алдын көріп, Сабырбай ақынмен сыр шертіп сырласуы Абайдың әдеби ортасының алғашқы бастау көздері.

15. Абайдың шәкірттері Ақылбай, Мағауия, Көкбай, Шәкәрім, Әріп, Әсет т.б. ақындар шығармалары арқылы реалистік, романтикалық сюжетті поэмалардың пайда болды.

4–5 ТАҚЫРЫПТАР БОЙЫНША

1. Абайдың Түркі халықтары ақындарына ықпалы.

2. М. Әуезов Абайдың ақын шығармаларының ішкі қалпын жаңғырту жолында.

3. М. Әуезов «Абай жолы» эпопеясының жазылуы, бұқара халық тынысы мен әлем әдебиетіндегі орны.

4. «Абай жолы» роман-эпопеяда кездесетін Шұбар бейнесінің өмірдегі сом тұлғасы данышпан ақын Шәкәрім.

5. Эпопеядағы типтік бейнелер Құнанбай мен Абай екі дәуірдің кейіпкерлері арасындағы қарама-қайшылықтар.

6. Абайдың жәуанмәртлік ілімі.

7. Абайдағы «Толық адам» туралы ойы.

8. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңіндегі адам болу шарттары, өмірге пайдалы ақыл-кеңестер.

9. Абайдағы иманигүл (үш сүю) — толық адам ілімінің темірқазығы.

10. «Базарға қарап тұрсам, әркім барар» өлеңінің мән-мазмұны, ақын айтпақ болған түпкі ой.

11. «Әуелде бір суық мұз — ақыл зерек» өлеңіндегі толық адам сипаты.

12. «Сегіз аяқ» өлеңі.
13. «Бөтен елде бар болса» өлеңі.
14. «Сабырсыз, арсыз, еріншек» өлеңі.
15. «Әбдірахман өліміне» атты өлеңі.
16. «Лай суға май бітпес қой өткенге» өлеңі.
17. «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңі.
18. «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңінің толық адамға қатысы, жүрек культі, әртүрлі ақыл-кеңестер.
19. «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» өлеңіндегі адам болмысы, тірліктегі әрекеті, дүние жайы мен иман, ақырет қамы.
20. «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа» өлеңіндегі дүние дос, нас байдың бейнесі және түйінді сөзімен адамдық қасиеттің жайын танытуы.
21. «Адам бір — боқ көтерген боқтың қабы» өлеңінің мәнмазмұны, ақын айтқан іргелі ақиқаттар.

7–9 ТАҚЫРЫПТАР БОЙЫНША

1. Абайдың 1–45 «Қара сөздері» дейін жалпы сипаттама беру,
2. «Қара сөздерде» өз тақырыбына сай талқылау — халықтарды еткен еңбегіне қарай салыстару және түпкі идеясын түсіну.
3. «Қара сөздерде» мансапқорлық, орынсыз күлкіні сыны, адамзат бойындағы жан мен тәннің құмарлығы, ұрлық пен бұзақылық, иман мен жүрек туралы, өзін-өзі тану,
4. «Толық адам» бағытында қайрат, ақыл, жүрек қасиеті, тілі мен мәдениетін оқып үйрену, әрекетсіз болмау, халықты өнерге үгіттеу
5. Құран сөздерімен және Мұхаммед (с.у.с.) хадистерінен үзінділер келтіру, жағымпаздылық пен талап туралы ойлар
6. Ғаділет, махаббат сезім кімде көбірек болса, ол кісі — ғалым, сол — ғақил туралы
7. Абайдың жаратылыстану және педагогика ғылым салаларымен байланысы. Абай өзінің 32-қара сөзінде жалпыға бірдей білім беру талабы

8. Абайдың жүрек туралы айтылған өлеңдері «Жүрегім менің қырық жамау», «Жүрек нені сезесің», «Жүрегім, ойбай, соқпа енді», «Жүрек — теңіз, қырықтың бәрі асыл тас», «Жүректе қайрат болмаса» талқылау

9. Абайдың «Интернатта оқып жүр» өлеңін талқылау

10. «Жігіттер ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңін талқылау

11. «Бір дәурен кемді күнге бозбалалық...» өлеңін талқылау

12. «Жүректе қайрат болмаса» өлеңіндегі адам болмысының сыры, тіршілік сәні, адам болудың артықшылығы.

13. «Өлсем орным — қара жер сыз болмай ма» өлеңіндегі ақын сыры, ащы шері, өзге де өнеге алар ойлар.

10–14 ТАҚЫРЫПТАР БОЙЫНША

1. Ғалымдардың «Қарамола ережесі» туралы ғылыми зерттеулері, пікірлері.

2. «Қарамола ережесі» қазақ тарихы, халық және тұтастай мемлекеттілік үшін тарихи-мәдени, этнографиялық және құқықтық маңыздылығын анықтау.

3. «Қарамола ережесі» айыппұлдар, жасалған қылмыстардың бағасы және т.б.

4. «Қарамола ережесі» халық арасындағы әлеуметтік-тұрмыстық, мүліктік дауларды, жаза түрлерін реттеуші орган ретінде мұсылман дінбасыларының рөлі мен маңызын бағалау.

5. «Қарамола ережесі» тұрмыстық, әлеуметтік-экономикалық, жер, ұлттық қатынастарда, ислам құқығының «шариғатының» зерттелетін заңдар жиынтығындағы әсерін талдау.

6. «Қарамола ережесі» әйел өкілдерінің, жетімдердің, жесірлердің күзетші және реттелетін құқықтары.

7. Абайдың түркі-моңғол өркениеті туралы тарихи көзқарастары.

8. Абайдың араб-парсы мәдениетінің басы және түркі-парсы-түркі өркениетінің өрлеу кезеңі туралы ой-пікірлері.

13–14 ТАҚЫРЫПТАР БОЙЫНША

1. Абайдың «Әлефби», «Юзи — рәушан...», «Көзімнің қарасы», «Қор болды жаным» шығыс стиліндегі өлеңдері.
2. Абайдың «Масғұт» поэмасына талдау жасау.
3. Абайдың «Ескендір» поэмасына талдау жасау.
4. Абайдың «Өзімнің әңгімесі» поэмасына талдау жасау.
5. Абай А.С. Пушкиннің «Евгений Онегин», «Татьянаның хаты» өлеңдерін аудармалары.
6. Абай М.Ю. Лермонтовтың «Қаңжар», «Қараңғы түнде тау қалғып» т.б. өлеңдерін аудармалары.
7. Абайдың И.А. Крыловтың «Қасқыр мен қоян», «Жапырақтар мен тамырлар», «Шегіртке мен құмырсқа» т.б. мысалдары.
8. Абайдың этикалық, моральдық, адамгершілік идеалы, мураты, принципі — қысқаша ғана «Адам бол!» деген формула, тұжырым.

«АБАЙТАНУ» ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚТЫҢ ЖӘНЕ ЕМТИХАН СҰРАҚТАРЫ

1. 2020 ж., 8 қаңтардағы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласының мазмұны, мәні.
2. Абайдың балалық, жастық шағындағы өлеңдері және олардың ерекшелігі.
3. Абай өмір сүрген заманның тарихи-әлеуметтік сипаты.
4. Абайтану тарихының зерттелуі.
5. Алғашқы Абайтанушылар
6. Абайтану тарихының зерттеген қазақ ғалымдары.
7. Абай туралы алғаш мақала жазып абайтану ғылымын бастаушы қаламгерлер туралы.
8. Ә. Бөкейхановпен К. Ысқақовтың Абай туралы мақалалары.
9. Абайдың әже, анасымен нағашы жұрты туралы мәліметтер.
10. Ж. Аймауытовпен М. Әуезовтің «Абайдың өнері һәм қызметі» атты мақаласы.
11. А. Байтұрсыновтың «Қазақтың басақыны» атты мақаласының мән-мазмұны.
12. М. Дулатовтың «Абай» атты мақаласы.
13. Абайдың ел ісіне араласу барысында тапқан, ұстанған жолы.
14. «Иузи рәушан», «Көзімнің қарасы» және «Жігіт сөзі», «Қыз сөзі», «Қызарып, сұрланып» өлеңдерінің мән-мазмұны мен ерекшеліктері.
15. М. Әуезов-абайтанушы. «Абай жолы» роман-эпопеясының жазылуы, бұқара халық тынысы мен әлем әдебиетіндегі орны.
16. М. Әуезов-абайтанушы. «Абай жолы» роман-эпопеясында Құнанбай бейнесі.
17. М. Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясында Ұлы ағартушы өз айналасын қоршаған әділетсіздік қазақ халқын аздырып бара жатқанын жас ұрпақты тәрбиелеуге теріс ықпалы туралы ойлар.

18. М. Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясында өнер адамдары, ақын-жыршылары.
19. М. Әуезовтің Абай өлеңдерін (лирикасын) қарастырып, талдаудағы ерекшелігі.
20. М. Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясындағы әйел тағдыры.
21. Кемел адам туралы ілімнің шығу, даму тарихы. Абайдың «Толық адам» туралы ілімі.
22. Абайдағы жүрек культі — толық адамның елеулі сипаты. Абай шығармасындағы «Толық адам» идеясының эволюциялық-хронологиялық даму жолы.
23. Абай шығармаларындағы үшсүю (иманигүл) туралы.
24. Абай шығармаларындағы жәуәнмәртлік ілімі.
25. Әл-Фараби ұстанған моральдық-этикалық ілімінде парасатты адам (инани фазыл) туралы Абайға ықпалы.
26. Қ.А. Ясауидің «Хал» ілімі мен «Қал» білімінің Абайға ықпалы.
27. Қ.А. Яссауи сопылық ілімі туралы Абайдың көзқарастары, шығармаларында берілуі.
28. Абайдың «Толық адам» жайындағы өлеңдері.
29. Абайдың 1882–1885 жылдары жазған өлеңдері.
30. Абайдағы адамгершілік ілімінің мазмұны.
31. Ғалымдардың 1885 ж. «Қарамола ережесі» туралы ғылыми зерттеулері, пікірлері.
32. 1885 ж. «Қарамола ережесі» қазақ тарихы, халық және тұтастай мемлекеттілік үшін тарихи-мәдени, этнографиялық және құқықтық маңыздылығын анықтау.
33. 1885 ж. «Қарамола ережесі» бойынша жасалған қылмыстар мен жазалар кезіндегі міндеттер мен құқықтарға байланысты әлеуметтік-мүліктік қатынастарды реттеудің нақты түрлері, айыппұлдар, жасалған қылмыстардың ерекшелігіне қарай құны.
34. 1885 ж. «Қарамола ережесі» бойынша халық арасындағы әлеуметтік-тұрмыстық, мүліктік дауларды, жаза түрлерін реттеуші орган ретінде мұсылман дінбасыларының рөлі мен маңызын бағалау.

35. Абайдың «Қарамола ережесі» ХІХ ғасырдың соңындағы Қазақ Даласының заңнамасына қосқан үлесі.

36. Абайдың ұлтшыл идеялардың Алашордашылардың — А. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Ш. Құдайбердінің, М. Дулатовтың, М. Әуезовтің және т.б. идеялық бағдарламалық құжаттарында, ХХ ғасырдың басында ұлттық зиялы қауым өкілдерінің идеялық бағдарламалық құжаттарында көрініс тапты және қоғам қайраткері, шығыстанушы және публицист Барлыбек Сыртановтың келесі құқықтық құжатында көрінісі.

37. 1885 ж. «Қарамола ережесі» бойынша қазақтардың әлеуметтік-мүліктік қатынастарының көптеген тараптарын қамтыды, қылмыстық істер бойынша даулы мәселелердің шешімі: кісі өлтіру, ұрлау мәселерін реттеудегі рөлі мен маңыздылығы

38. 1885 ж. «Қарамола ережесі» бойынша тұрмыстық, әлеуметтік-экономикалық, жер, ұлттық қатынастарда, ислам құқығының «шариғатының» зерттелетін заңдар жиынтығындағы әсерін талдау

39. 1885 ж. «Қарамола ережесі» бойынша ізгілендірілген және ерекше көрсетілген әйел өкілдерінің, жетімдердің, жесірлердің күзетші және реттелетін құқықтары.

40. Қазақ этикалық құқығында «Береке» институты мен «Салауат» ұғымын аанықтама беру.

41. Қазақ даласында үстемдік ететін Ресей императорлығы тарапынан тікелей ықпалға ие болған шенеуніктердің атауындағы ерекшеліктер, Қазақстан мен Ресейдің жаңа қоғамдық және дипломатиялық қатынастарының тоғысуы.

42. 1885 ж. «Қарамола ережесі» бойынша Сот барысындағы билердің маңыздылығы, атқарған рөлі, жалғандық туралы фактілер

43. Абайдың 1889 жылы жазған өлеңдері және оларда көтерілген тақырыптар.

44. «Абайтану тарихы» кітабының авторы М. Мырзахметұлы туралы.

45. Абай қазақ әдебитілінің негізін салушы.

46. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінің түпкі ойы.

47. Абайдың ақындық ерекшелігі.
48. «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» өлеңін талдау.
49. Абайдың Қара сөздерін зерттеуші ғалымдар. Қара сөздеріндегі негізгі тақырыптары.
50. 7-қара сөзіндегі айтылған жайтқа байланысты өз көзқарасың.
51. Абайдың 24 қара сөзі игілікпен адамгершілік жөніндегі ой, танымдары.
52. Абайдың 32-қара сөзіндегі ғылым жайындағы 6 қағиданы ұстану.
53. Абайдың 38-қара сөзіндегі Алла сипатымен болмысы және адамгершілік жайы.
54. Абайдың ақыл, білім жайлы жүйелі танымы.
55. Абайдың әлеуметтік тақырыптағы жазған өлеңдері және оларда көтерілген мәселелер.
56. Абайдың дінге қатысы туралы ойлары.
57. Абайдың 31-қара сөзіндегі көтерілген мәселелер.
58. Қара сөздердегі білім-ғылым тақырыбын қозғауы.
59. Жастар тәрбиесіне Абай қара сөзінің әсері.
60. Қара сөздеріндегі әлеуметтік мәселелер.
61. Абай қара сөздеріндегі педагогикалық көзқарасы. балалықшағы, білім алуы.
62. 14 қара сөздегі адам болмысымен елмінезі, жан мен тән жайлы ойлар.
63. Абай қара сөздеріндегі дін, иман жайлы ойлар.
64. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңіндегі адам болу шарттары, өмірге пайдалы ақыл-кеңестер.
65. Абайдың 7 қара сөзі және оның Толық адам танымына қатысы.
66. 43-қара сөздегі жан мен тән, таным жайлы олар.
67. Абай қара сөздеріндегі дін мәселесі.
68. 17 қара сөзінде не жайлы айтылады.
69. Қара сөздерінде адамның жау болатын бес түрлі әрекеттер

70. Абайдың алғашқы өлеңдеріндегі шығыстық сарын көріністері мен реализм белгілерінің пайда бола бастауы.

71. Абайдың «Сегізаяқ» өлеңі.

72. Еуропа мәдениетінің Абайға әсері.

73. Абайдың Түркі халықтары ақындарына ықпалы

74. «Абайды оқы, таңырқа» кітабы және ондағы мақалалардағы абайтану жайы.

75. Абайдың 1886 жылы жазылған қоғамдық кемшіліктерді сынаған өлеңдері.

76. Абайдың 1886 жылы жастарға арнап шығарған өлеңдері.

77. Абай өлеңдеріндегі реализм көрінісі.

78. Абай заманындағы ел мінезі мен жағдайы.

79. Абайдың інісі Шәкәрім Құдайбердіұлы әрі замандасы, ақындық дәстүрін жалғастырушы шәкірті.

80. М. Мырзахметұлының Абайтану жайлы еңбектері.

81. «Абай жолы» романының жазылу тарихынан.

82. «Абайжолы» романындағы қазақ әйелінің бейнесі.

83. М. Әуезовтың «Абайжолы» роман-эпопеясы жариялануы.

84. М. Әуезовтың «Абайжолы» роман-эпопеясы өзгетілдерге аударылуы.

85. «Абай жолы» романындағы Құнанбай бейнесі.

86. «Ескендір» поэмасының мазмұны.

87. «Ескендір» поэмасындағы Аристотель жайлы мәлімет.

88. «Мың бір түннен» алып жырлаған оқиғалар.

89. «Масғұт» поэмасының тәрбиелік мәні.

90. «Әзім әңгімесіндегі» хикаялар сабақтастығы.

91. «Алланың өзі де рас, сөзінде рас» өлеңін жатқа оқу.

92. «Ескендір» поэмасындағы Ескендір бейнесі.

93. «Ескендір» поэмасындағы тарихи шындық.

94. Әлеуметтік философиялық лирикасына жазылған өлеңдері.

95. Абай шығармаларындағы Алла тақырыбы.

96. «Сұм дүние тонап жатыр, ісің бар ма» өлеңіндегі уақыт, өмірдің өтпелілігі, өлімсыры, ақиқат, адамгершілік жайы.

97. Абай түйіндеген қанатты, нақыл сөздердің мән-мазмұны.

98. «Адамның кейбір кездері» өлеңіндегі ақындықпен ақын мұраты жайлы.

99. «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңіндегі іргелі ақиқаттар, адамгершілік шыңы — үш сүю — иманигүл танымы, ғибадат, иман сыры жайлы ақын ойлары (5–10, 12–13-шумақтары).

100. Адам жаратылысы, жан ментән, жан қуаттары жайлы ақын толғанысы.

101. «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңінің толық адамға қатысы, ондағы жүрек культімен әртүрлі ақыл-кеңестер.

102. «Өлсе өлер табиғат, адам өмес» өлеңіндегі адам болмысы, тірліктегі әрекеті, дүние, иман, ақирет қамыжайлы.

103. «Малға достың мұны жоқ малдан басқа» өлеңіндегі нас, дүние дос байдың бейнесі, адамдық қасиет жайы.

104. Абайдың бірінші қара сөзіндегі ой толғанысы.

105. «Базарға қарап тұрсам, әркім барар» өлеңінің мән-мазмұны, ақын айтпақ болғантүпкіой.

106. «Адам бір — боқ қөтерген боқтың қабы» өлеңінің мән-мазмұны, ақын айтқан іргеліақиқаттар.

107. «Лай суға май бітпес қой өткенге» өлеңінің мән-мазмұны, ондағы Алланы тануменадамгершілікжайы.

108. «Алла деген сөз жеңіл» өлеңінің мән-мазмұны, ондағы Алланы тану жайы менөлеңнінтолық адамға қатысы.

109. Ж. Баласағұнның «Құтты білік» дастанындағы жәуанмәрттік ілімі.

110.«Тотықұс түсті көбелек» өлеңінің мән-мазмұны, ақын айтқан іргелі ақиқаттар.

111. Естіген нәрсені ұмытпай, қабылдап алуамалдары жайлы ақын ойы.

112. «Өлсем орным — қара жер сыз болмай ма» өлеңіндегі ақынның сыры мен шері, өнегеаларойлары.

113. «Сағаттың шықылдағы емес ермек» өлеңіндегі уақыт, өмірдің өтпелілігі мен өлімақиқаты, адамгершілік жайы.

114. «Көк тұман — алдындағы келер заман» өлеңіндегі жаратылыс сыры, адам болмысы, адамгершілік, ақиқат жайы.

115. Крыловтан аударған мысалдарына талдау жасау
116. Абайдың аударма өнеріндегі А. Пушкиннен аударған аудармалары.
117. Абайдың Шығыс шайрларымен танысуы.
118. Абайдың алғашқы әдеби ортасының Абайдың рухани қалыптасуына әсері
119. Абайдың шығармашылығында орыс ақындарының орны.
120. Абайдың паракорлыққа қарсы ұстынымы туралы талдама жасау.
121. Абай танымдағы — Тәңір, Жаратушы Ие, Құдай, Алла
122. Абай — ғылым-білімнің негізін қалаушы. Ғылымның қоғам дамуына әсері.
123. Абайдың түркі-моңғол өркениеті туралы тарихи көзқарастары
124. Абайдың араб-парсы мәдениетінің басы және түркі-парсы-түркі өркениетінің өрлеу кезеңі туралы ой-пікірлері
125. Абайдың Аударма өнеріндегі мысалдарды аударуы. Абайдың жаңалығы
126. Абайдың поэзиясы. Абайдың поэзиясындағы XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қауымының бейнесі
127. «Қалың елім, қазағым...» «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек», «Қартайдық, қайрат қайтты, ұлғайды арман» атты өлеңдерінің бағдарламалық мәні.
128. Абай шығармаларындағы жанрлық ерекшелігі.
129. Абай шығармашылығындағы адамгершілік тақырыбы.
130. Абайдың ағартушылық қызметі.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Негізгі әдебиеттер:

1. *Мырзахметов М.* Мұхтар Әуезов және Абайтану проблемалары. — Алматы : Ғылым, 1982.
2. *Әуезов М.* Жиырма томдық шығармалар жинағы. 20-том. Монография, мақалалар. — Алматы : Жазушы, 1985.
3. Абай. Шығармалар жинағы. 1-том. — Алматы : Жазушы, 1986.
4. Абай. Шығармалар жинағы. 2-том. — Алматы : Жазушы, 1986.
5. Абайды оқы, таңырқа... . — Алматы : Ана тілі, 1993.
6. Абай. Энциклопедия. — Алматы : Атамұра, 1995.
7. *Ахметов З.* Абайдың ақындық әлемі. — Алматы : Ғылым, 1995.
8. *Ысмағұлов Ж.* Абай: ақындық тағылымы. — Алматы : Ғылым, 1995.
9. *Әуезов М.* Абайды білмек парыз ойлы жасқа. — Алматы : Санат, 1997.
10. *Мырзахметұлы М.* Абайтану. — Алматы, 2010.
11. *Мырзахметұлы М.* Абайтану. 1, 2-том. — Астана, 2010.
12. *Мырзахметұлы М.* Абай лұғаты. — Алматы : Өнер, 2014.
12. Абай. Шығармалар жинағы. 1-том. — Алматы : Жазушы, 2016.
13. Абай. Шығармалар жинағы. 2-том. — Алматы : Жазушы, 2016.
14. Хакім Абай мұрасын танып бәрін білудің 125 (1889–2014) жылдық тарихынан. — Астана : Ғылым, 2015.
15. *Оразалиев С.* Абай айтқан. — Шымкент, 2015.
16. *Мырзахметұлы М.* Мұхтар Әуезов абайтанушы ғұлама. — Астана : Ғылым, 2015.
17. *Мырзахметұлы М.* Абайды оқы таңырқа. — Астана : Ғылым, 2015.

18. *Әліпхан М.* Адамгершілік ілімі және Хакім Абай. — Алматы : Қазақ кітабы, 2020.
19. *Мырзахметұлы М.* Абайтану. Он том шығармалар жинағы. — Астана, 2020.
20. *Мырзахметұлы М.* Абайдың Толық адам ілімі. — Алматы, 2020.
21. *Торғаутова Ш.А.* Положение Карамола 1885 г., съезда биев и почетного казаха — Абая (Ибрахим) Құнанбайұлы (1886) с комментариями : хрестоматия. — 2023. — 61 бет.
22. *Торғаутова Ш.А.* Из истории потомков Абая (Ибрахим) Кунанбаева: конфискации имущества Ибрагимова Турагула (Кунанбаев) и выселении из семипалатинского округа в Чимкентский уезд. // QAZAQTANÝ. — 2023. — № 3 (19).
23. *Торғаутова Ш.А.* Взгляды Абая о влиянии тюркско-монгольского периода и арабо-персидской цивилизации на историческое формирование и развитие казахского этноса // QAZAQTANÝ. — 2023. — № 4 (20).
24. *Бибулова М.А.* Жас ұрпақты рухани адамгершілікке тәрбиелеуде Абайдың «Толық адам» ілімі // QAZAQTANÝ. — 2023. — № 4 (20).
25. *Торғаутова Ш.А., Журкабаева А., Артикбаева М.* Абай Құнанбайұлының 1890–1898 жж., жазылған «қара сөздерінің» ғылымға және қолөнерге ықпалы // Труды XXVI-ой республиканской студенческой научной конференции на тему «Создание нового Казахстана — в руках молодежи» посвященная 80-летию ЮКУ им. М. Ауэзова по естественным, техническим, социально-гуманитарным и экономическим наукам. — 2023. — Т. 6. — С. 199–200.
26. *Торғаутова Ш.А., Рахматулла Ә., Шалдыбаева А.* XIX ғасырдағы орыс зерттеушілерінің Абай Құнанбайұлының тануы // Труды XXVI-ой республиканской студенческой научной конференции на тему «Создание нового Казахстана — в руках молодежи» посвященная 80-летию ЮКУ им. М. Ауэзова по

естественным, техническим, социально-гуманитарным и экономическим наукам. — 2023. — Т. 6. — С. 261–262.

27. *Торгаутова Ш.А., Нишанбаева У., Жақсылық Ж.* Абай Құнанбайұлының жастар арасында білім мен ғылымды саласын дамытуға қозғаған ойы // Труды XXVI-ой республиканской студенческой научной конференции на тему «Создание нового Казахстана — в руках молодежи» посвященная 80-летию ЮКУ им. М. Ауэзова по естественным, техническим, социально-гуманитарным и экономическим наукам. — 2023. — Т. 6. — С. 245–246.

28. *Торгаутова Ш.А., Талас А., Сартаева Ж.* XIX ғасырдағы орыс ғалымдарының қазақ экономикасына тигізген ықпалы: Қазақстанның кен орындарының зерттелуі. Абай Құнанбайұлының жастарды ғылымға баулуы // Труды XXVI-ой республиканской студенческой научной конференции на тему «Создание нового Казахстана — в руках молодежи» посвященная 80-летию ЮКУ им. М. Ауэзова по естественным, техническим, социально-гуманитарным и экономическим наукам. — 2023. — Т. 6. — С. 277–278.

29. *Торгаутова Ш.А., Бердірахман А., Абилай А.* Абай Құнанбайұлының мұрасында идеялық үш қайнар көзі — дәстүр, демократия, прогресс // Труды XXVI-ой республиканской студенческой научной конференции на тему «Создание нового Казахстана — в руках молодежи» посвященная 80-летию ЮКУ им. М. Ауэзова по естественным, техническим, социально-гуманитарным и экономическим наукам. — 2023. — Т. 6. — С. 312–313.

30. *Торгаутова Ш.А., Абдималик А.* Қазақстандағы XIX ғасырдың соңында медиация саласын дамуы // XVII Международная конференция «Наука и образование — 2023» по направлению «Этнополитический порядок в меняющемся мире: институты и технологии». ЕНУ им. Л. Гумилева. Астана, Казахстан. Сборник конференции. Секция 5. Международные отношения. Подсекция 5.1. Цифровая дипломатия, международная безопасность и внешняя политика Республики Казахстан. С. 2364–2367. По итогам

экспертного жюри среди 17 студентов данного направления ВУЗов республиканского уровня Абдималик Асемай заняла III место.

31. *Торгаутова Ш.А., Өтебай А.* Абай Құнанбайұлы — в области развития науки, образования и права казахского общества // XVII Международная конференция «Наука и образование — 2023» по направлению «Этнополитический порядок в меняющемся мире: институты и технологии». ЕНУ им. Л. Гумилева. Астана, Казахстан. Сборник конференции. Секция 5. Международные отношения. Подсекция 5.1. Цифровая дипломатия, международная безопасность и внешняя политика Республики Казахстан. С. 2408–2411.

32. *Торгаутова Ш.А.* Развитие геологии, истории, этнографии, археологии Казахстана Канышем Имантаевичем Сатпаевым и влияние советской идеологии на казахскую науку в области «Абаеведения» в Академии наук КазССР // QAZAQTANÝ. — 2024. — № 1 (21).

33. *Торгаутова Ш.А.* Подготовка учебной литературы — «Основы национального самосознания». Узбекско-финляндские проблемы образования и воспитания гармоничного поколения // Материалы международной научно-практической конференции. — Самарканд : Самдчти, 2024. — С. 593–596.

34. *Торгаутова Ш.А.* Роль Великого Улуса Золотой орды в формировании государств, Роль Алаш хана на формирование национального духа в истории казахов // QAZAQTANÝ. — 2023. — № 2 (22).

35. *Торгаутова Ш.А., Файзиева К.* 32-е Слово Абая: основные условия усвоения науки // Труды XXVII-ой Республиканской студенческой научной конференции на тему «Векторы развития молодежной науки» по естественным, техническим, социально-гуманитарным и экономическим наукам. — 2020. — Т. 6. — С. 306–307.

Қосымша әдебиеттер

1. Әуезов М. Абайтану дәрістерінің дерек көздері. — Алматы : Санат, 1997.
2. Мырзахметұлы М. Қазақ әдебиетіндегі сопылық таным. — Алматы : ГИС-print, 2012.
3. Мырзахметұлы М. Абайтану. I–II книга. — Астана : Деловой Мир, 2014. — 554 с.
4. Мырзахметұлы М. Абайдың адамгершілік мұраттары. — Алматы : Рауан, 1993.
5. Мырзахметұлы М. Абай және Шығыс. — Алматы : Қазақстан, 1994.
6. Мырзахметұлы М. Әуезов және Абай. — Алматы : Қазақстан.
7. Ысмағұлов Ж. Абай: даналық дәрістері. — Алматы : Өнер, 2007.
8. Мырзахметұлы М., Шойынбет Ж., Әліпхан М. Абай мұрасының өзекті мәселелері. — Алматы : ҚазҰПУ : Ұлағат баспасы, 2010.
9. Әлімжан Е. Толық адам туралы. — Алматы. 2005.
10. Әліпханұлы М. Құттың кілті — кісілік. — Түркістан : ХҚТУ баспасы, 1997.
11. Жасымда ғылым бар деп ескермедім. — Алматы : Рауан, 1995
12. Джонстон Д. Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дерридаға дейін. 2018.
13. Барнард А. Антропология тарихы мен теориясы. — 2018; Хесс Р. Философияның таңдаулы 25 кітабы. — 2018.